


HP LaserJet M2727 mfp

Пайдаланушы нұсқаулығы



HP LaserJet M2727 көп функциялы принтері Пайдаланушы нұсқаулығы



Авторлық құқық және лицензия

© 2007 Copyright Hewlett-Packard Development Company, L.P.

Авторлық құқық жөніндегі заңдарға сәйкес жағдайлардан басқа кезде, алдын ала жазбаша түрде алынған рұқсатсыз, көшіруге, бейімдендіруге немесе аударуға рұқсат етілмейді.

Edition 1, 12/2007

Бөлік нөмірі: CB532-90966

Мұнда берілген ақпарат ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

HP өнімдері мен қызметтеріне берілетін кепілдіктер осындай өнімдер мен қызметтерге берілетін тікелей кепілдік жөніндегі мәлімдемелерде ғана көрсетілген. Бұл құжаттағы мәлімдемелер қосымша кепілдік ретінде қабылданбауы тиіс. HP бұл құжаттағы техникалық немесе редакторлық қателер немесе кемшіліктер үшін жауап бермейді.

Тауар белгілері тізімі

Adobe®, Acrobat® және PostScript® - Adobe Systems Корпорациясының тауар белгілері.

Microsoft®, Windows® және Windows NT® - Microsoft Корпорациясының АҚШ-та тіркелген тауар белгілері.

UNIX® - Ашық Топтың тіркелген тауар белгісі.

Мазмұны

1 Өнімнің негізгі сипаттамалары

Өнімді салыстыру	2
Өнім ерекшеліктері	3
Өнімнің жалпы көрінісі	5
Алдыңғы жағынан көрінісі	5
Артқы көрінісі	5
Интерфейстік порттар	6
Сериялық нөмір мен модель нөмірінің орны	6
Қолдау көрсетілетін операциялық жүйелер	7
Өнімнің қолдау көрсетілетін бағдарламалық құралы	8
Өнім құрамына кіретін бағдарламалық құрал	8
Қолдау көрсетілетін принтер драйверлері	9

2 Басқару панелі

Басқару панелінің жалпы көрінісі	12
Басқару панелінің мәзірлері	13
Басқару панелінің мәзірлерін пайдаланыңыз	13
Басқару панелінің негізгі мәзірлері	13

3 Windows арналған бағдарламалық құрал

Windows арналған қолдау көрсетілетін операциялық жүйелер	26
Windows жүйесіне арналған қолдаулы принтер драйверлері	27
Windows жүйесіне арналған дұрыс принтер драйверін таңдаңыз	28
Баспа параметрлерінің басымдықтары	29
Windows жүйесіне арналған принтер драйверлерінің баптауларын өзгерту	30
Windows арналған бағдарламалық құралдарды орнату түрлері	31
Windows бағдарламалық құралын жою	32
Windows арналған қолдау көрсетілетін утилиталар	33
HP ToolboxFX	33
Енгізілген Веб сервер	33
HP Web Jetadmin	33
Өзге Windows құрам бөліктері мен утилиталар	34
Басқа операциялық жүйелерге арналған бағдарламалық құрал	35

4 Өнімді Macintosh жүйесімен пайдаланыңыз

Macintosh арналған бағдарламалық құралдар	38
Macintosh арналған қолдаулы операциялық жүйелер	38
Macintosh жүйесіне арналған қолдаулы принтер драйверлері	38
Macintosh жүйесіне арналған баспа баптауларының басымдылығы	38
Macintosh үшін принтер драйверінің параметрлерін өзгертіңіз	39
Macintosh арналған бағдарламалық құралды орнату түрлері	39
Бағдарламалық құралды Macintosh операциялық жүйесінен жою	40
Macintosh арналған қолдау көрсетілетін утилиталар	40
Macintosh принтер драйверінің ерекшеліктерін пайдалану	42
Баспа	42
Өнімнен және HP Басқарушыдан (Macintosh) сканерлеңіз	46
Сканерлеу тапсырмалары	46
Құжатты факспен Macintosh компьютерінен жіберіңіз.	47

5 Байланыс мүмкіндігі

Өнімді USB арқылы тікелей компьютерге қосыңыз	50
Принтерді бірлесіп пайдалануға байланысты жауапкершіліктен бас тарту	51
Қолдау көрсетілетін желілік операциялық жүйелер	52
Қолдау көрсетілетін желілік протоколдар	53
Өнімді желіде орнатыңыз	54
Желілік өнімді конфигурациялаңыз	55
Параметрлерді қарап шығыңыз	55
Параметрлерді өзгертіңіз	55
IP адресі	56
Байланыс жылдамдығының параметрі	57

6 Қағаз және баспа құралдары

Басып шығаруға арналған қағаз бен арқауларды пайдалану туралы	60
Қолдау көрсетілетін қағаз және баспа құралдарының өлшемдері	61
Арнайы қағазды немесе басып шығаруға арналған арқауларды пайдалану бойынша ұсынымдар	63
Қағаз және баспа құралдарын салыңыз	65
1-науа	65
2 немесе 3-науа	65
Науаларды конфигурациялаңыз	67
Науа таңдауды өзгерту	68

7 Баспа тапсырмалары

Баспа құралының түрі мен өлшеміне сәйкестендіру үшін басып шығару драйверін өзгерту	70
Қолдау көрсетілетін қағаз түрлері және науа сыйымдылығы	70
Кез келген баспа опциясы үшін анықтама алу	72

Басып шығару тапсырмасын тоқтату	73
Буклеттер жасау	74
Баспа сапасы параметрлерін өзгерту	75
Басып шығару тығыздығын өзгерту	76
Арнайы баспа құралдарында басып шығарыңыз	77
Түрлі қағаз бен басу мұқабаларын пайдалану	78
Бірінші бетті таза шығару	79
Құжаттар өлшемдерін өзгерту	80
Қағаз өлшемін таңдау	81
Қағаз көзін таңдау	82
Қағаз түрін таңдау	83
Баспа бағытын орнату	84
Су таңбаларын пайдаланыңыз	85
Тонерді үнемдеу	86
Windows жүйесінде басып шығару сілтемелерін жасаңыз және пайдаланыңыз	87
Қағаздың екі жағына басып шығару (дуплекстік басып шығару)	88
Автоматты дуплексті басып шығаруды пайдалану	88
Қолмен екі жағына басып шығару	88
Windows жүйесінде қағаздың бір парағында бірнеше беттерді басып шығару	90
Үнемдеу параметрлері	91
EcoMode (Үнемдеу режимі)	91
Архивтік баспа	91
Қаріптер	92
Қаріптерді таңдау	92
Пайдалануға болатын қаріптердің тізімдерін басып шығару	92

8 Көшіру

Түпнұсқаларды салу	94
Көшірмені пайдаланыңыз	96
Бір рет басу арқылы көшіру	96
Бірнеше көшірме	96
Көшіру тапсырмасынан бас тарту	96
Көшірмелерді үлкейту немесе кішірейту	97
Көшірмелерді жинақтау параметрін өзгерту	98
Көшіру параметрлері	100
Көшіру сапасы	100
Таңдамалы көшірме параметрлерін анықтау	102
Баспа құралдарының әр түрлі түрлері мен өлшемдеріне көшіру	102
Көшіру параметрлерінің стандартты мәндерін қайтару	104
Кітапты көшіру	105
Фотосуреттерді көшіру	106
Түрлі өлшемді түпнұсқаларды көшіру	107
Дуплексті (екі жақты) көшіру тапсырмалары	108

Екі жақты құжаттарды автоматты көшіру	108
Екі жақты құжаттарды қолмен көшіру	109

9 Сканерлеу

Түпнұсқаларды сканерлеу үшін салу	112
Сканерлеуді пайдалану	114
Сканерлеу әдістері	114
Scan To (Сканерлеу) ерекшелігін пайдалану	116
Сканерлеу тапсырмасын тоқтату	118
Сканерлеу параметрлері	119
Сканерлеу файл форматы	119
Сканер ажыратымдылығы мен түстері	119
Сканерлеу сапасы	120
Кітапты сканерлеу	122
Фотосуреттерді сканерлеу	123

10 Факс

Факстің функционалдық мүмкіндіктері	126
Орнату	127
Аппараттық құралдарды орнатыңыз және қосыңыз	127
Факс параметрлерін конфигурациялаңыз	129
Телефон кітабын басқарыңыз	131
Факске сұрақ жіберуді орнату	136
Қауіпсіздік	136
Факс параметрлерін өзгертіңіз	138
Дыбыс деңгейінің параметрлерін орнатыңыз	138
Факс параметрлерін жіберіңіз	138
Факс қабылдау параметрлері	144
Факсті пайдаланыңыз	152
Факстің бағдарламалық құралдары	152
Факсті тоқтату	152
Факстерді жадтан өшіріңіз	153
Факсті DSL, PBX, ISDN немесе VoIP жүйесінде пайдаланыңыз	153
Факсті жіберіңіз	154
Факсті алыңыз	164
Факс мәселелерін шешіңіз	167
Факс қатесі туралы хабарлар	167
Қуат көзі ажыратылғанда факс жады сақталып қалады	171
Факстің тіркеу журналдары мен есеп берулері	171
Қате түзетуді және факс жылдамдығын өзгертіңіз	175
Факс жіберудегі мәселелер	176
Факс қабылдаудағы мәселелер	178
Тапсырманы орындау мәселелері	181

11 Өнімді басқару және күту

Ақпараттық беттер	184
HP ToolboxFX	186
HP ToolboxFX Қараңыз	186
Мәртебе	186
Сигналдық хабарлары	187
Факс	187
Анықтама	190
Жүйе Параметрлері	190
Баспа параметрлері	193
Желі параметрлері	193
Енгізілген веб-сервер	194
Ерекшеліктер	194
HP Web Jetadmin бағдарламалық құралын пайдалану	195
Қауіпсіздік ерекшеліктері	196
Енгізілген веб-серверді қауіпсіздендіру	196
Басқару панелінің мәзірін блоктау	196
Құпия қабылдау	196
Электрлі степлерді пайдаланыңыз (HP LaserJet M2727nfs көп функциялы құрылғысында ғана)	197
Құжаттарды қапсырмалау	197
Қапсырмаларды салу	198
Жабдықтарды бақылау	199
Жабдықтарды тексеру және тапсырыс беру	199
Жабдықтарды ауыстыру	201
Өнімді тазалаңыз	204
Енгізілген бағдарламаны жаңарту	207

12 Мәселелерді шешу

Мәселелерді шешу тізімі	210
Зауыттық баптаулы мәндерді қалпына келтіріңіз.	212
Басқару панелінің хабарлары	213
Сигналдық және ескерту хабарлары	213
Төтенше қателер туралы хабарлар	217
Басқару панелінің дисплейіндегі мәселелер	220
Кептелулерден тазалаңыз	221
Кептелу себептері	221
Кептелуді қайдан іздеу керек	221
ADF құрылғысын кептелуден тазалаңыз.	221
Кіріс науасының аймақтарын кептелуден тазалаңыз.	224
Дуплексерді кептелуден тазалаңыз.	227
Шығыс қалтасы аймақтарын кептелуден тазалаңыз	229
Баспа картриджінің аймағын кептелуден тазалаңыз	231

Электрлі қапсырмалаушты (HP LaserJet M2727nfs көп функциялы принтері ғана) кептелуден тазалаңыз	232
Қағаздардың қайталап кептелуіне жол бермеңіз	233
Бейне сапасына қатысты мәселелерді шешу	234
Баспаға қатысты мәселелер	234
Көшірмеге қатысты мәселелер	243
Сканерлеуге қатысты мәселелер	247
Факсқа қатысты мәселелер	250
Бейненің сапасын оңтайландырыңыз және жақсартыңыз	250
Электрлі степлерге қатысты мәселелерді шешіңіз.	253
Жалғауға қатысты мәселелер	254
Тікелей жалғауға қатысты мәселелерді шешіңіз.	254
Желіге қатысты мәселелер	254
Бағдарламалық құралға қатысты мәселелерді шешіңіз.	257
Жалпы кездесетін Windows жүйесіндегі мәселелер	257
Macintosh жүйесінде жиі кездесетін мәселелерді шешіңіз.	257
PostScript (PS) қателерін шешіңіз.	259

Қосымша А Керек-жарақтар және тапсырыс беру туралы ақпарат

Жабдықтар	262
Жад	263
Кабель және интерфейстік керек-жарақтар	264
Қағазды беру және дұрыстау керек-жарақтары	265
Пайдаланушы алмастыратын бөлшектер	266

Қосымша В Қызмет көрсету және қолдау

Hewlett-Packard компаниясының шектеулі кепілдік туралы мәлімдемесі	267
Тұтынушылардың өзі жөндеуіне кепілдік беру қызметі	269
Баспа картриджі шектеулі кепілдік мәлімдемесі	270
HP Тұтынушыларды қолдау қызметі	271
Онлайн режиміндегі қызметтер	271
Телефон арқылы қолдау көрсету	271
Бағдарламалық құрал утилиталары, драйверлер және электрондық ақпарат	271
Керек-жарақтар немесе жабдықтарды HP тікелей тапсырыс беру	271
HP қызметі жөніндегі ақпарат	271
HP қызмет көрсету жөніндегі келісімдер	271
HP ToolboxFX	272
Macintosh компьютерлеріне арналған HP компаниясының қолдауы және ақпараты	272
HP техникалық қызмет көрсету келісімдері	273
Жүйе ішілік қызмет көрсету келісімдері	273
Құрылғыны қайтадан қорабына салу	273
Кеңейтілген кепілдік	274

Қосымша С Техникалық сипаттама

Физикалық ерекшеліктері	276
Электрлік ерекшеліктер	277
Тұтынылатын қуат	278
Қоршаған орта ерекшеліктері	279
Акустикалық қуаты	280

Қосымша D Реттеуші ақпарат

FCC талаптарына сәйкестік	282
Қоршаған ортада өнімдерді басқару бағдарламасы	284
Қоршаған ортаны қорғау	284
Озон өндіру	284
Тұтынылатын қуат	284
Тонерді пайдалану	284
Қағаз пайдалану	284
Пластмасса	284
HP LaserJet баспаға арналған қамсыздандыру құралдары	284
Қайтару және қайта пайдалану туралы ақпарат	285
Қағаз	286
Материалдық шектеулер	286
Еуропа Одағы аумағындағы жеке үйлерде тұратын пайдаланушылардың жабдық қалдықтарын тастауы	287
Материалдардың қауіпсіздігі туралы мәліметтер парағы (MSDS)	287
Қосымша ақпарат алу үшін	287
Телефон тұтынушыларын қорғау туралы заң (Америка Құрама Штаттары)	288
IC CS-03 талаптары	289
Алыс байланыс операциясына арналған ЕО мәлімдемесі	290
Жаңа Зеландияның алыс байланыс туралы мәлімдемелері	291
Сәйкестік декларациясы	292
Қауіпсіздік жөніндегі мәлімдемелер	293
Лазерлік қауіпсіздік	293
Канада Сауда Министрлігінің ережелері	293
Электромагниттік кедергілер жөніндегі мәлімдеме (Корея)	293
Финляндия үшін лазерлік қауіпсіздік жөніндегі мәлімдеме	293
Материалдар кестесі (Қытай)	294

Глоссарий	295
-----------------	-----


Индекс	299
--------------	-----

1 Өнімнің негізгі сипаттамалары

- Өнімді салыстыру
- Өнім ерекшеліктері
- Өнімнің жалпы көрінісі
- Қолдау көрсетілетін операциялық жүйелер
- Өнімнің қолдау көрсетілетін бағдарламалық құралы

Өнімді салыстыру

Өнім мынадай конфигурациялармен қамтамасыз етілген.



HP LaserJet M2727nf көп функциялы принтері

- Хат пішіміндегі беттерді минутына 27 бетке (бет/мин) дейінгі жылдамдықпен, ал А4 пішіміндегі беттерді минутына 26 бетке дейінгі жылдамдықпен басып шығарады.
- PCL 5 және PCL 6 принтер драйверлері және HP 3-деңгей PostScript эмуляциясы.
- 1-науада баспа құралдарының 50 парағына дейін немесе 5 конвертке дейін орналастыруға болады.
- 2-науада баспа құралдарының 250 парағына дейін орналастыруға болады.
- 250 парақтық қосымша кіріс науасы (3-науа) бар.
- Автоматты екі жақты (дуплексті) баспа, факс қабылдау және көшіру.
- ISO/IEC 19752 стандартына сәйкес стандартты қара түсті баспа картриджінің орташа өнімділігі 3 000 бет. Нақты өнімділік нақты пайдалануға байланысты болады.
- ISO/IEC 19752 стандартына сәйкес өнімділігі жоғары баспа картриджінің орташа өнімділігі 7 000 бет. Нақты өнімділік нақты пайдалануға байланысты болады.
- Жоғары жылдамдықты USB 2.0 порты және 10/100 Base-T желілік порты.
- V.34 факс-модем және факс сақтауға арналған 8-мегабайттық (МБ) флэш-жад.
- Екі RJ-11 факс телефон желісінің порттары
- 64-МБ оперативті жад (RAM).
- Планшетті сканер және сыйымдылығы 50 бет болатын құжаттарды автоматты беру құрылғысы (ADF).
- Жадты үлкейтуге арналған (320 МБ-қа дейін) бір DIMM слоты.

HP LaserJet M2727nfs көп функциялы принтері

HP LaserJet M2727nf көп функциялы принтері және:

- 250 парақтық қосымша кіріс науасы (3-науа) қосылған.
 - Элетрлі степлер.
-

Өнім ерекшеліктері

Жұмыстық параметрлері	<ul style="list-style-type: none">• Ең көбі 27 бет/мин. (хат пішімінде) немесе 26 бет/мин. (А4 пішімінде) басып шығарады.
Баспа сапасы	<ul style="list-style-type: none">• Бейне ажыратымдылығы жақсартылған технологиясы (REt) бар 1,200 нүкте/дюйм (н/д) 2 400 мәтін және графикасы.• Баспа сапасын жақсартатын реттемелі параметрлер.• HP UltraPrecise баспа картриджінің тонер құрамы ұсағырақ болады және ол мәтін мен сызбаны айқындайды.
Факс	<ul style="list-style-type: none">• V.34 факспен толық функциялы факс мүмкіндіктері; телефон кітабын, факс/телефон және кідірістегі факс мүмкіндіктерін қамтиды.
Көшіру	<ul style="list-style-type: none">• Көп бетті құжаттарды көшіру тапсырмаларын жылдамырақ және тиімдірек орындауға мүмкіндік беретін құжаттарды автоматты түрде беру құрылғысын қамтиды.
Сканерлеу	<ul style="list-style-type: none">• Өнім хат/А4 өлшеміндегі сканер шынысынан ажыратымдылығы 1,200 пиксел/дюйм (п/д), 24-биттік толық түсті сканерлеуді қамтамасыз етеді.• Өнім құжаттарды автоматты беру құрылғысынан (ADF) ажыратымдылығы 300 п/д, 24-биттік толық түсті сканерлеуді қамтамасыз етеді.• Көп бетті құжаттарды сканерлеу тапсырмаларын жылдамырақ және тиімдірек орындауға мүмкіндік беретін құжаттарды автоматты беру құрылғысын қамтиды.
Қапсырма	<ul style="list-style-type: none">• HP LaserJet M2727nfs құрамында өнімдегі салмағы 80 г/м² не 20 фунт баспа құралдарының 20 парағын жылдам және қолайлы қапсырмалауға арналған электрлі степлер бар.• Сыйымдылығы үлкен ауыстырылатын қапсырма кассетасында 1 500 қапсырма болады.
Желіге қосылу	<ul style="list-style-type: none">• TCP/IP<ul style="list-style-type: none">◦ IPv4◦ IPv6
Принтер драйверінің ерекшеліктері	<ul style="list-style-type: none">• Жылдам басып шығару, енгізілген Intellifont және TrueType масштабтау технологиялары және жетілдірілген кескіндеу мүмкіндіктері PCL 6 принтер тілінің артықшылықтары болып табылады.
Интерфейс жалғаулары	<ul style="list-style-type: none">• Жоғары жылдамдықты USB 2.0 порты.• 10/100 Base-T ethernet желісінің порты (RJ-45).• RJ-11 факс/телефон кабелінің порттары.
Үнемді баспа	<ul style="list-style-type: none">• N-нен басып шығару (бір параққа бірнеше бетті басып шығару).• Автоматты дуплексердің көмегімен парақтың екі жағына басып шығару.• EconoMode (Үнемдеу режимі) параметрі.

Жабдықтар


- Баспа картриджінің қалған пайдалану мерзімін көрсететін жабдықтар күйі беті.
- HP баспа картриждерінің шынайылығын тексеру.
- Жабдықтарға тапсырыс беру мүмкіндігі қосылған.

Қол жетімділік

- Мәтіндік экранды оқу бағдарламаларымен үйлесетін онлайн режиміндегі пайдаланушыға арналған нұсқаулық.
 - Баспа картриждерін бір қолмен орнатуға немесе шешуге болады.
 - Барлық есіктер мен жабындарды бір қолмен ашуға болады.
-


Өнімнің жалпы көрінісі

Алдыңғы жағынан көрінісі



1	2-науа
2	1-науа
3	Баспа картриджінің есік ілгіші
4	Жоғарғы (беті төмен қараған) шығыс қалтасы
5	Басқару панелі
6	Құжаттарды автоматты беру құрылғысының (ADF) кіріс науасы
7	Құжаттарды автоматты беру құрылғысының (ADF) шығыс қалтасы
8	Электрлі степлер (тек қана HP LaserJet M2727nfs көп функциялы принтері)
9	Ажыратқыш
10	Қосымша 3-науа (HP LaserJet M2727nfs көп функциялы принтеріндегі стандартты)


Артқы көрінісі



11	Қуат көзіне қосқыш
12	Артқы шығыс есігі (тура шығыс жолы үшін беті жоғары қараған шығыс қалтасы)
13	DIMM жад модулінің есігі
14	Интерфейстік порттар

Интерфейстік порттар


Өнімде 10/100 Base-T (RJ-45) желілік порты, жоғары жылдамдықты USB 2.0 порты және факс порттары бар.



- | | |
|---|----------------------------------|
| 1 | Жоғары жылдамдықты USB 2.0 порты |
| 2 | Желілік порт |
| 3 | Факс порттары |

Сериялық нөмір мен модель нөмірінің орны

Сериялық нөмірі мен өнім моделі нөмірі бар жапсырма өнімнің артындағы артқы шығыс қалтасының есігінде орналасқан.



Қолдау көрсетілетін операциялық жүйелер

Өнім мынадай операциялық жүйелерді қолдайды:

Толық бағдарламалық құралды орнату


- Windows XP (32-бит және 64-бит)
- Windows Vista (32-бит және 64-бит)
- Mac OS X v10.3, v10.4 және кейінгі нұсқалары

Баспа және сканерлеу драйвері

- Windows 2000
- Windows 2003 Сервер (32-бит және 64-бит)

Тек принтер драйвері

- Linux (тек желі)
- UNIX модель сценарийлері (тек қан желі)

 **ЕСКЕРІМ:** Mac OS X v10.4 және кейінгі нұсқалары үшін PPC және Intel Core Processor Macintosh компьютерлеріне қолдау көрсетіледі.

Өнімнің қолдау көрсетілетін бағдарламалық құралы

Өнім құрамына кіретін бағдарламалық құрал

Ұсынылған орнатуды іске асыруға арналған бірнеше нұсқалар бар. Оңай орнату стандартты параметрлері бар орнатуды іске асырады. Жетілдірілген орнату таңдамалы параметрлерді және орнатылатын компоненттерді таңдауға мүмкіндік береді.

Windows үшін ұсынылған орнату

- HP драйверлері
 - PCL 6 принтер драйвері
 - Сканерлеу драйвері
- HP көп функциялы принтерінің бағдарламалық құралы
 - HP ToolboxFX
 - HP LaserJet сканерлеу бағдарламасы
 - HP факс жіберу бағдарламасы және драйвері
 - HP факс орнату шебері
 - Бағдарламаны жою
- HP жаңарту бағдарламасы
- HP тұтынушаларының қатысу бағдарламасы
- HP жабдықтар бағдарламасына арналған дүкен
- Басқа бағдарламалар
 - Readiris OCR (басқа бағдарламалық құралмен орнатылмайды; жеке орнату қажет етіледі)

Жылдам орнату (USB немесе желі)

Мына бағдарламалық құрал Жылдам орнатуға кіреді:

- PCL 6 принтер драйвері
- HP LaserJet сканерлеу бағдарламасы және драйвері

 **ЕСКЕРІМ:** Жылдам орнату басқару панелінің көмегімен факс жіберуді қолдайды.

ЕСКЕРІМ: Microsoft принтер қосу шеберінің көмегімен PCL 5 және HP 3-деңгей PostScript эмуляция драйверлерін орнатуға болады.

Macintosh бағдарламалық құралы

- HP өнімді орнату көмекшісі
- HP құрылғы конфигурациясы

- HP бағдарлама жоюшысы
- HP LaserJet бағдарламалық құралы
 - HP сканерлеу
 - HP басқарушы
 - Факс бағдарламасы
 - Электрондық пошта бағдарламасына сканерлеу
 - HP Photosmart

Қолдау көрсетілетін принтер драйверлері

Операциялық жүйе	PCL 5	PCL 6	HP postscript 3-деңгейлі эмуляциясы
Windows	✓ ¹	✓	✓ ¹
Mac OS X v10.3, v10.4 және кейінгі нұсқалары			✓
Linux ²			✓

¹ Драйверді Microsoft принтер қосу шеберінің көмегімен де орнатуға болады.


² Linux үшін HP postscript 3-деңгейлі эмуляция драйверін www.hp.com/go/linuxprinting сайтынан жүктеңіз.

Принтер драйверлерінде онлайн режиміндегі Анықтама бар. Бұл анықтамада жалпы баспа тапсырмаларына арналған нұсқаулар берілген және онда принтер драйверіндегі батырмалар, құсбелгі көздері және ашылмалы тізімдер сипатталады.

2 Басқару панелі

- [Басқару панелінің жалпы көрінісі](#)
- [Басқару панелінің мәзірлері](#)

Басқару панелінің жалпы көрінісі



- 1 Факсті басқару элементтері.** Жалпы пайдаланылатын факс параметрлерін өзгерту үшін факсті басқару элементтерін пайдаланыңыз.
- 2 Өріптік-сандық батырмалар.** Өріптік-сандық батырмаларды мәліметтерді өнімнің басқару панелінің дисплейіне енгізу үшін және факс жібергенде телефон нөмірлерін теру үшін пайдаланыңыз.
- 3 Басқару элементтерін қондыру және тоқтату.** Мәзір параметрлерін таңдау, өнім күйін анықтау және ағымдағы тапсырмадан бас тарту үшін осы басқару элементтерін пайдаланыңыз.
- 4 Көшіруді басқару элементтері.** Бұл басқару элементтерін әдетте пайдаланылатын стандартты параметрлерді өзгерту үшін және көшіруді бастау үшін пайдаланыңыз.
- 5 Сканерлеуді басқару элементтері.** Бұл басқару элементтерін электрондық поштаға немесе қалтаға сканерлеу үшін пайдаланыңыз.

Басқару панелінің мәзірлері

Басқару панелінің мәзірлерін пайдаланыңыз


Басқару панелінің мәзірлеріне кіру үшін мына қадамдарды пайдаланыңыз.

1. **Setup (Орнату)** басыңыз.
 2. Тізімдерде жылжу үшін бағыт көрсеткіш батырмаларды пайдаланыңыз.
- Сәйкес параметрді таңдау үшін **OK** батырмасын басыңыз.
 - Әрекеттен бас тарту үшін немесе Дайын күйіне оралу үшін **Cancel (Тоқтату)** батырмасын басыңыз.

Басқару панелінің негізгі мәзірлері

Бұл мәзірлерді басқару панелінің негізгі мәзірінен пайдалануға болады:

- Жіберуді күтіп тұрған немесе қабылданған, бірақ басып шығаруды күтіп тұрған, жіберілген немесе компьютерге жүктелген барлық факстардың тізімін көрсету үшін **Fax Job (Факс тапсырмасының жағдайы)** мәзірін пайдаланыңыз.
- **Fax (Факс) функциялары** кейінге қалдырылған факсты жіберуді жоспарлау, **Receive to PC** (Компьютерге қабылдау) режимінен бас тарту, бұрын басып шығарылған факстарды қайта басып шығару немесе жадта сақталған факстарды басып шығару сияқты факс функцияларын конфигурациялау үшін мәзірін пайдаланыңыз.
- Қарама-қарсылық, тексеру немесе басып шығарылатын көшірмелер саны сияқты көшірудің негізгі стандартты параметрлерін конфигурациялау үшін **Copy setup (Көшірме орнату)** мәзірін пайдаланыңыз.
- **Reports (Есеп берулер)** мәзірін өнім туралы мәліметтер беретін есептерді басып шығару үшін пайдаланыңыз.
- Факс телефон кітабын, жіберілген және келген факс опцияларын және барлық факстардың негізгі параметрлерін конфигурациялау үшін **Fax (Факс)** мәзірін пайдаланыңыз.
- Тіл, баспа сапасы немесе дыбыс деңгейі сияқты өнімнің негізгі параметрлерін орнату үшін **System setup (Жүйені орнату)** мәзірін пайдаланыңыз.
- TCP/IP конфигурациясы сияқты желі параметрлерін конфигурациялау үшін **Network config (Желі конфигурациясы)** мәзірін пайдаланыңыз.
- Стандартты параметрлерді қалпына келтіру үшін, өнімді тазалау үшін және басып шығаруға әсер ететін арнаулы режимдерді қосу үшін **Service (Қызмет)** мәзірін пайдаланыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Тұтас басқару панелі мәзірінің және оның құрылымының толық тізімін басып шығару үшін мәзір картасын басып шығарыңыз. [Ақпараттық беттер 184-бетте](#) қараңыз.

Кесте 2-1 Fax Job (Факс тапсырмасының жағдайы) мәзірі

Мәзір тармағы	Сипаттама
Fax Job (Факс тапсырмасының жағдайы)	Орындалмаған факс тапсырмаларын көрсетеді және орындалмаған факс тапсырмаларынан бас тартуға мүмкіндік береді.

Кесте 2-2 Факс (Факс) функциялары мәзірі

Мәзір тармағы	Сипаттама
Send fax later (Факсті кейінірек жіберу)	Факсті кейінірек белгілі бір уақытта және мерзімде жіберуге мүмкіндік береді.
Stop Recv to PC (Компьютерге қабылдауды тоқтату)	Компьютерге басып шығарылмаған барлық ағымдағы факстарды және алдағы уақытта өнім тарапынан қабылданатын барлық факстарды жүктеуге мүмкіндік беретін Receive to PC (Компьютерге қабылдау) параметрін ажыратады.
Reprint last (Соңғысын қайта басып шығару)	Өнім жадында сақталған факстарды қайта басып шығарады.
Polling receive (Сұрау алу)	Сұрау жіберу функциясы қосылған басқа факсты шақыру мүмкіндігін береді.
Clear saved faxes (Сақталған факстарды жою)	Өнім жадындағы барлық факстарды жояды.

Кесте 2-3 Copy setup (Көшірме орнату) мәзірі

Мәзір тармағы	Қосымша мәзір тармағы	Сипаттама
Default Quality (Стандартты сапа)	Mixed (Аралас)	Стандартты көшіру сапасын орнатады.
	Picture (Сурет)	
	Film photo (Үлдір фотосурет)	
	Text (Мәтін)	
Стандартты ашық/қою		Стандартты контраст параметрін орнатады.
Стандартты салыстыру	On (Қосу)	Стандартты салыстыру параметрін орнатады.
	Off (Ажырату)	
Стандартты Көшірмелер саны	(Ауқым: 1-99)	Көшірмелердің стандартты санын орнатады.
Def. Reduce/Enlrg (Стандартты Кішірейту/Үлкейту)	Original=100% (Бастапқы=100%)	Көшірілетін құжатты кішірейту немесе үлкейту үшін стандартты пайыз көрсеткішін орнатады.
	Lgl->Ltr=78% (Стандарт->Хат=78%)	
	Lgl->A4=83% (Стандарт->A4=83%)	
	A4->Ltr=94% (A4->Хат=94%)	
	Ltr->A4=97% (Хат->A4=97%)	
	Full Page=91% (Толық бет=91%)	
	Fit to page (Бетке сәйкестендіру)	
	2 pages/sheet (2 бет/парақ)	
	4 pages/sheet (4 бет/парақ)	
	Custom:25-400% (Арнаулы: 25-400%)	

Кесте 2-3 Copy setup (Көшірме орнату) мәзірі (жалғасы)

Мәзір тармағы	Қосымша мәзір тармағы	Сипаттама
Стандартты Науа таңдау	Автоматты түрде таңдау 1-науа 2-науа Tray 3 (3-науа) (бұл науа орнатылған болса)	Стандартты қағаз салатын кіріс науасын орнатады.
Стандартты 2 жағында	1-ден 1 жағында 1-ден 2 жағында 2-ден 2 жағында 2-ден 1 жағында	Сканерлеудің стандартты кіру пішімін және стандартты шығу пішімін орнатады. Парақтың екі жағында басып шығаруды тек қана құжаттарды автоматты түрде беру құрылғысы қолдайды.
Стандартты Көшірме жобасы	On (Қосу) Off (Ажырату)	Стандартты жобалық режим параметрін орнатады.
Стандартты Көп бетті	On (Қосу) Off (Ажырату)	Стандартты көп бетті планшетті көшірме параметрін орнатады.
Стандартты параметрлерді қалпына келтіру		Көшірудің барлық арнаулы параметрлерін зауыттық стандартты мәндерге өзгертеді.

Кесте 2-4 Reports (Есеп берулер) мәзірі

Мәзір тармағы	Қосымша мәзір тармағы	Қосымша мәзір тармағы	Сипаттама
Таныстыру беті			Басып шығару сапасын көрсететін бетті басып шығарады.

Кесте 2-4 Reports (Есеп берулер) мәзірі (жалғасы)

Мәзір тармағы	Қосымша мәзір тармағы	Қосымша мәзір тармағы	Сипаттама
Fax Reports (Факс есеп берулері)	Факсты растау	Ешқашан Әрбір факс Тек қана факс жіберу Факс қабылдау	Сәтті орындалған жіберу немесе қабылдау тапсырмасынан соң өнімнің растау есебін басып шығаруын немесе басып шығармауын анықтайды.
	1-бетті қамтиды	On (Қосу) Off (Ажырату)	Факстың бірінші бетінің кішірейтілген кескінінің есепке енгізілуін анықтайды.
	Факс қатесі туралы есеп	Әрбір қате Жіберу қатесі Қабылдау қатесі Ешқашан	Сәтсіз орындалған жіберу немесе қабылдау тапсырмасынан соң өнімнің есеп басып шығаруын немесе басып шығармауын анықтайды.
	Соңғы шақыру туралы есеп		Факс жіберу немесе қабылдау бойынша соңғы орындалған операция туралы толық есепті басып шығарады.
	Факс жұмыстарын тіркеу журналы	Тіркеу журналын қазір басып шығару Тіркеу журналын автоматты түрде басып шығару	Print log now (Тіркеу журналын қазір басып шығару): Өнімнен жіберілген немесе онда қабылданған факстар тізімін басып шығарады. Auto Log Print (Тіркеу журналын автоматты түрде басып шығару): Әрбір факс тапсырмасынан кейін автоматты түрде есеп басып шығару үшін On (Қосу) таңдаңыз. Автоматты түрде басып шығару мүмкіндігін ажырату үшін Off (Ажырату) таңдаңыз.
	Телефон кітабының есебі		Осы өнім үшін орнатылған тез терілетін нөмірлер тізімін басып шығарады.
	Факсты блоктау тізімі		Осы өнімге факс жіберу мүмкіндігінен айырылған телефон нөмірлерінің тізімін басып шығарады.
	Қызмет үшін ақы төлеу есебі		Жіберілген факстар үшін пайдаланылған төлем кодтардың тізімін басып шығарады. Бұл есеп қанша жіберілген факстар үшін ақы төлеу шоттары берілгенін әрбір код бойынша көрсетеді. Бұл мәзір тармағы төлем кодтар функциясы қосылған жағдайда ғана көрінеді.
	Барлық факс есептері		Факспен байланысты барлық есептерін басып шығарады.
	Мәзір құрылымы		Басқару панелі мәзірінің орналасу картасын басып шығарады. Әрбір мәзірдің қосылған параметрлерінің тізімі беріледі.
Конфигурациялық есеп		Өнімнің барлық параметрлерінің тізімін басып шығарады. Өнім желіге қосылғанда желілік мәліметтерді қамтиды.	

Кесте 2-4 Reports (Есеп берулер) мәзірі (жалғасы)

Мәзір тармағы	Қосымша мәзір тармағы	Қосымша мәзір тармағы	Сипаттама
Жабдықтар күйі			<p>Баспа картриджінің мәртебесі туралы мәліметтерді басып шығарады. Келесідей мәліметтерді қамтиды:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Мөлшерлі қалған беттер саны • Сериялық нөмірі • Басып шығарылған беттер саны
Желілік есеп			<p>Мыналардың мәртебесін көрсетеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Желідегі аппараттық құралдардың конфигурациясы • Қосылған ерекшеліктер • TCP/IP және SNMP мәліметтері • Желі статистикасы
Бетті пайдалану			<p>Өнімде басып шығарылған, факспен жіберілген, көшірілген және сканерленген беттердің санын көрсетеді.</p>
PCL қаріптер тізімі			<p>Орнатылған барлық PCL 5 қаріптер тізімін басып шығарады.</p>
PS қаріптер тізімі			<p>Орнатылған барлық PS қаріптер тізімін басып шығарады.</p>
PCL 6 қаріптер тізімі			<p>Орнатылған барлық PCL 6 қаріптер тізімін басып шығарады.</p>
Қызмет беті			<p>Қолдау көрсетілетін қағаз түрлерін, көшіру параметрлерін және өнімнің әр түрлі параметрлерін көрсетеді.</p>

Кесте 2-5 Fax мәзірі

Мәзір тармағы	Қосымша мәзір тармағы	Қосымша мәзір тармағы	Сипаттама
Факс тақырыбы	Your fax number		<p>Қабылдаушы құрылғыға жіберілетін идентификациялық мәліметтерді орнатады.</p>
	Company name		
Телефон кітабы	Жеке орнату	Қосу/Өзгерту	<p>Факстің телефон кітабындағы тез терілетін нөмірлер және терілетін нөмірлер тобы жөніндегі жазбаларды өзгертеді. Өнімнің телефон кітабында ең көбі 120 жазба болады, олар жеке немесе топтық жазбалар болуы мүмкін.</p>
	Топтық орнату	Жою	
		Қосу/Топты өзгерту	
		Топты жою	
		Топтағы № жою	
	Барлығын жою		

Кесте 2-5 Факс мәзірі

Мәзір тармағы	Қосымша мәзір тармағы	Қосымша мәзір тармағы	Сипаттама	
Fax Send	Стандартты Ажыратымдылық	Жоғары	Жіберілетін құжаттар үшін ажыратымдылықты орнатады. Ажыратымдылығы жоғарылау кескіндерде нүкте/дюйм көбірек болады, сондықтан олар анығырақ болады. Ажыратымдылығы төмендеу кескіндерде нүкте/дюйм азырақ болады және кескін анықтығы төмендеу болады, бірақ мұнда файл мөлшері кішілеу болады.	
		Өте жоғары		
		Фото		
		Стандартты		
	Def. light/dark		Жіберілетін факстардың қоюлық деңгейін орнатады.	
	Def. glass size	Хат	A4	Планшетті сканерден сканерленетін құжаттар үшін стандартты қағаз өлшемін орнатады.
	Dialing Mode	Тоналдық	Импульстік	Өнімнің тоналдық немесе импульстік теруді пайдалануын анықтайды.
	Бос емес болғанда нөмірді қайта теру	On	Off	Желі бос емес болған жағдайда нөмірді қайта теру қажеттілігін анықтайды.
Жауап болмағанда нөмірді қайта теру	On	Off	Қабылдаушы факс нөмірі жауап бермеген жағдайда нөмірді қайта теру қажеттілігін анықтайды.	
Байланыс қатесі болғанда нөмірді қайта теру	On	Off	Байланыс қатесі болған жағдайда қабылдаушы факс нөмірін қайта теру қажеттілігін анықтайды.	
Код префиксі	On	Off	Өнімнен факстарды жібергенде терілуі қажет префикстік санды анықтайды.	
Байланысқа дайын болу сигналын табу	On	Off	Факс жіберуден алдын байланысқа дайын болу сигналын тексеру қажеттілігін анықтайды.	
Төлем кодтары	On	Off	On орнатылса, төлем кодтарды пайдалану функциясын қосады. Жіберілетін факс үшін төлем кодты енгізуді сұрайтын хабар шығады.	

Кесте 2-5 Факс мәзірі

Мәзір тармағы	Қосымша мәзір тармағы	Қосымша мәзір тармағы	Сипаттама
Факс Recv. орнату	Жауап беру режимі	Automatic TAM Факс/Телефон Manual	<p>Жауап беру режимінің түрін анықтайды. Мынадай таңдау опциялары бар:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Automatic: Қоңыраулардың белгілі бір берілген санынан кейін өнім кіруші қоңырауға автоматты түрде жауап береді. • TAM: Телефонның автоматты жауап беру құрылғысы өнімнің Қосымша телефон портына қосылған. Өнім ешқандай кіруші қоңырауға жауап бермейді, автоматты жауап беру құрылғысы қоңырауға жауап бергеннен кейін ол тек қана факс сигналдарын күтеді. • Fax/Tel: Өнім қоңырауға автоматты түрде жауап беруі тиіс және ол қоңыраудың дауыстық немесе факс қоңырауы екендігін анықтауы тиіс. Егер қоңырау факс қоңырауы болса, өнім қоңырауға байланысты әдеттегідей әрекет етеді. Егер қоңырау дауыстық қоңырау болса, пайдаланушыға келген дауыстық қоңырау туралы білдіру үшін естілетін синтезделген қоңырау беріледі. • Manual: Өнімнің кіруші қоңырауға жауап беруін қамтамасыз ету үшін пайдаланушы Start Fax батырмасын басыуы тиіс немесе қосымша телефонды пайдалануы тиіс.
	Rings to answer	(Ауқымы 1-9)	Факс-модем жауап беруден алдын берілетін қоңыраулар санын анықтайды.
	Answer Ring Type	Барлық қоңыраулар Бір Екі Үш Екі&Үш	<p>Пайдаланушыға бір желіде екі немесе үш телефон нөмірін пайдалануға мүмкіндік береді және олардың әрқайсысында өзіндік қоңырау үлгісі болады.</p> <ul style="list-style-type: none"> • All Rings: Өнім телефон желісі арқылы келетін кез келген қоңырауға жауап береді. • Single: Өнім бір қоңырау үлгісіндегі кез келген қоңырауға жауап береді. • Double: Өнім екі қоңырау үлгісіндегі кез келген қоңырауға жауап береді. • Triple: Өнім үш қоңырау үлгісіндегі кез келген қоңырауға жауап береді. • Double&Triple: Өнім екі қоңырау немесе үш қоңырау үлгісіндегі кез келген қоңырауға жауап береді.
	Extension Phone	On Off	Бұл ерекшелік қосылған жағдайда, өнім кіруші факс қоңырауына жауап беру үшін пайдаланушы қосымша телефондағы 1-2-3 батырмаларын баса алады.
	Факс қоңырауын табу	On Off	Факс берілімі кезінде пайдаланылатын бастапқы факс сигналдарын шығармайтын ескі үлгідегі факс аппараттарынан факс алу мүмкіндігін анықтайды.
	Бетке сәйкестендіру	On Off	Хат немесе А4 өлшемінен үлкенірек факстарды Хат немесе А4 өлшеміндегі бетке сыятындай етіп кішірейтеді. Егер бұл функция Off параметріне қойылған болса, Хат немесе А4 өлшемінен үлкенірек факстар бірнеше беттерде басылып шығады.
	Факстарға штамп басу	On Off	Осы өнімге келетін факстардың әр бетіне мерзімді, уақытты, жіберушінің телефон нөмірін және бет нөмірін қосатын режимге қояды.
	Факсты жіберу	On Off	Барлық қабылданған факстарды басқа факс нөміріне жіберетін режимге қояды.

Кесте 2-5 Фак мәзірі

Мәзір тармағы	Қосымша мәзір тармағы	Қосымша мәзір тармағы	Сипаттама
	Факстарды блоктау	Жазбаны қосу Жазбаны жою Барлығын жою	Блокталған факстардың тізімін өзгертеді. Блокталған факстардың тізімінде ең көбінде 30 нөмір болуы мүмкін. Блокталған факс нөмірлерінің бірінен қоңырау соғылғанда өнім кіруші факсты жояды. Сонымен қатар ол блокталған факсты және тапсырманы тіркеу мәліметтерін жұмыстарды тіркеу журналына жазады.
	Құпия түрде қабылдау	On Off	Private receive функциясы On күйіне қойылса, өнім қауіпсіздігі функциясында пайдаланушы кілтсөз орнатуы қажет. Кілтсөз орнатылғаннан кейін келесідей параметрлер орнатылады: <ul style="list-style-type: none"> • Private receive функциясы қосылады. • Барлық ескі факстар жадтан жойылады. • Fax forwarding немесе Receive to PC функциялары On күйіне қойылады және өзгертілмейді. • Барлық кіруші факстар жадта сақталады.
		Факстарды басып шығару	Құпия қабылдау функциясы қосылғанда сақталған факстерді басып шығарады. Бұл мәзір тармағы құпия түрде қабылдау функциясы қосылғанда ғана көрінеді.
	Факстарды қайта басып шығару	On Off	Бос жадта сақталған барлық қабылданған факстарды қайта басып шығару мүмкіндігін анықтайды.
	Ф/Т қоңырау уақыты	20 30 40 70	Пайдаланушыға келген дауыстық қоңырау туралы хабар беру үшін өнімнің қашан Fax/Tel естілетін қоңырауын беруді тоқтату керектігін анықтайды.
	Print duplex	On Off	Барлық қабылданған факстарды қағаздың екі жағына басып шығару мүмкіндігін анықтайды.
All faxes	Error correction	On Off	Факс берілімі кезінде қате пайда болғанда, өнімнің қате бөлікті қайтадан жіберу немесе қабылдау мүмкіндігін анықтайды.
	Fax Speed	Fast(V.34) Medium(V.17) Slow(V.29)	Рұқсат етілген факс байланысының жылдамдығын арттырады немесе кемітеді.

Кесте 2-6 System setup (Жүйені орнату) мәзірі

Мәзір тармағы	Қосымша мәзір тармағы	Қосымша мәзір тармағы	Сипаттама
Language (Тіл)	(Басқару панелі дисплейіндегі бар тілдердің тізімі.)		Басқару панелі хабарлар мен өнім есептерін көрсететін тілді орнатады.

Кесте 2-6 System setup (Жүйені орнату) мәзірі (жалғасы)

Мәзір тармағы	Қосымша мәзір тармағы	Қосымша мәзір тармағы	Сипаттама
Paper setup (Қағаз орнату)	Def. paper size (Стандартты қағаз өлшемі)	Letter (Хат) A4 Legal	Ішкі есеп хаттарды басып шығару үшін немесе өлшемі көрсетілмейтін кез келген баспа тапсырмасы үшін қағаз өлшемін анықтайды.
	Def. paper type (Стандартты қағаз түрі)	Бар баспа құралдарының тізімін береді.	Ішкі есептерді басып шығару үшін немесе өлшемі көрсетілмейтін кез келген баспа тапсырмасы үшін қағаз түрін анықтайды.
	Tray 1 (1-науа)	Paper type (Қағаз түрі)	1-науа үшін қағаздың стандартты өлшемі мен түрін анықтайды.
	Tray 2 (2-науа)	Paper size (Қағаз өлшемі)	2-науа үшін қағаздың стандартты өлшемі мен түрін анықтайды.
	Tray 3 (3-науа)		Қосымша 3-науа үшін қағаздың стандартты өлшемі мен түрін анықтайды. Бұл мәзір тармағы 3-науа орнатылғанда ғана көрінеді.
Paper out action (Қағаз жоқ кездегі әрекет)	Wait forever (Мәңгілік күту) Cancel (Бас тарту) Override (Орнын басу)	<p>Баспа тапсырмасы бойынша қажет болған баспа құралының өлшемі мен түрі жоқ болғанда немесе сәйкес науа бос болғанда өнімнің қалай әрекет ететінін анықтайды.</p> <ul style="list-style-type: none"> Өнімнің науаға дұрыс баспа құралы салынғанша күтуін қаласаңыз, Wait forever (Мәңгілік күту) параметрін таңдаңыз. Көрсетілген кідірістен кейін басқа өлшемдегі қағазда басып шығару үшін Override (Орнын басу) параметрін таңдаңыз. Көрсетілген кідірістен кейін басып шығару тапсырмасын автоматты түрде тоқтату үшін Cancel (Тоқтату) параметрін таңдаңыз. Override (Орнын басу) немесе Cancel (Бас тарту) параметрі таңдалса, басқару панелі қанша секунд кідіру қажеттігін сұрайды. Уақытты қысқарту үшін немесе оны 3 600 секундқа дейін ұзарту үшін бағыт көрсеткіш батырмаларды пайдаланыңыз. 	
Print quality (Баспа сапасы)	Cartridge low (Картридждің сыясы аз)	(Ауқымы 1-20)	Басқару панелі тонер деңгейінің төмендеуін хабарлайтын пайызды орнатады.
Replace supplies (Жабдықтарды ауыстырыңыз)	Stop at Out (Тонер біткенде тоқтату) Override out (Тонер біткенде ауысу)		Баспа картриджіндегі тонер біткенде өнім қалай әрекет ететіндігін анықтайды.
Print Density (Баспа тығыздығы)	(Ауқымы 1-5)		Сызықтар мен жиектерді қоюландыру үшін өнім қанша мөлшерде тонер пайдаланатынын анықтайды.

Кесте 2-6 System setup (Жүйені орнату) мәзірі (жалғасы)

Мәзір тармағы	Қосымша мәзір тармағы	Қосымша мәзір тармағы	Сипаттама
Volume settings (Дыбыс деңгейінің параметрлері)	Alarm volume (Ескерту сигналының дыбыс деңгейі)	Soft (Жұмсақ) Medium (Орташа) Loud (Қатты)	Өнім үшін дыбыс деңгейлерін анықтайды.
	Ring volume (Қоңыраудың дыбыс деңгейі)	Off (Ажырату)	
	Key-press volume (Перне басылғанда шығатын дыбыс деңгейі)		
	Phoneline volume (Телефон желісіндегі дыбыс деңгейі)		
Time/Date (Уақыт/ Мерзім)	(Уақыт өлшемі, ағымдағы уақыт, мерзім форматы және ағымды мерзім параметрлері.)		Өнім үшін уақыт пен мерзім параметрін орнатады.
Product security (Өнім қауіпсіздігі)	On (Қосу) Off (Ажырату)		Өнім қауіпсіздігі функциясын орнатады. Егер параметр On (Қосу) күйіне қойылса, сіз жеке идентификациялық нөмір (PIN) орнатуыңыз тиіс.
Courier font (Курьер қаріпі)	Regular (Қалыпты) Dark (Қою)		Курьер қаріпінің мәндерін орнатады.

Кесте 2-7 Service (Қызмет) мәзірі

Мәзір тармағы	Қосымша мәзір тармағы	Сипаттама
Print T.30 trace (Т.30 ізсалуды басып шығару)	Never (Еш уақытта)	Факс берілімімен байланысты ақауларды табу және жою үшін пайдаланылатын есепті басып шығарады немесе жоспарлайды.
	If error (Егер қате болса)	
	At end of call (Қоңырау соңында) Now (Қазір)	
Cleaning mode (Тазалау режимі)		Басып шығарылған қағазда дақтар немесе басқа белгілер болғанда өнімді тазалайды. Тазалау процесінде қағаз өтетін жол шаңнан және артық тонерден тазаланады. Таңдалған болса, өнім Хат немесе А4 өлшеміндегі қарапайым қағазды 1-науаға салуды сұрайды. Тазалау процесін бастау

Кесте 2-7 Service (Қызмет) мәзірі (жалғасы)

Мәзір тармағы	Қосымша мәзір тармағы	Сипаттама
		үшін OK батырмасын басыңыз. Процесс аяқталғанша күтіңіз. Басып шығарылатын бетті тастаңыз.
USB speed (USB жылдамдығы)	High (Жоғары) Full (Ең жоғары)	USB жылдамдығын орнатады.
Less paper curl (Қағаз бұралуын азайту)	On (Қосу) Off (Ажырату)	Басып шығарылатын беттер үнемі бұралып қалатын болса, осы параметр өнімді қағаздың бұралуын азайтатын режимге қояды. Стандартты параметр Off (Ажырату) .
Архивтік баспа	On (Қосу) Off (Ажырату)	Ұзақ уақыт сақталатын беттерді басып шығарғанда осы параметр өнімді тонердің жайылуын және шаңның пайда болуын азайтатын режимге қояды. Стандартты параметр Off (Ажырату) .
Restore defaults (Стандартты параметрлерді қалпына келтіру)		Барлық арнаулы параметрлерді зауыттық стандартты мәндерге өзгертеді.

Кесте 2-8 Network config (Желі конфигурациясы) мәзірі

Мәзір тармағы	Қосымша мәзір тармағы	Сипаттама
TCP/IP config (TCP/IP конфигурациясы)	Automatic (Автоматты) Manual (Қолмен орындалатын)	Automatic (Автоматты) автоматты түрде барлық TCP/IP параметрлерін DHCP, BootP немесе AutoIP протоколы арқылы конфигурациялайды. Manual (Қолмен орындалатын) IP адресін, желі бөлігінің маскасын және стандартты шлюзді қолмен конфигурациялауды талап етеді. Басқару панелі сізден әрбір адрес бөлігі үшін мәндерді көрсетуді сұрайды. Мәнді кеміту немесе арттыру үшін бағыт көрсеткіш батырмаларды пайдаланыңыз. Мәнді қабылдау үшін OK батырмасын басыңыз және меңзерді келесі жолаққа өткізіңіз. Әр адрес енгізілгеннен кейін келесі адреске өтуден алдын өнім адресі растауды сұрайды. Үш адресіңіз барлығы орнатылғаннан кейін өнім автоматты түрде қайта іске қосылады.
Link speed (Байланыс жылдамдығы)	Automatic (Автоматты) 10T Full (10T Толық) 10T Half (10T Орташа) 100TX Full (100TX Толық) 100TX Half (100TX Орташа)	Қажет болғанда байланыс жылдамдығын қолмен орнатады. Байланыс жылдамдығы орнатылғаннан кейін өнім автоматты түрде қайта іске қосылады.
Auto crossover (Автоматты қиылыс)	On (Қосу) Off (Ажырату)	Автоматты қиылыс функциясын орнатады.

Кесте 2-8 Network config (Желі конфигурациясы) мәзірі (жалғасы)

Мәзір тармағы	Қосымша мәзір тармағы	Сипаттама
Network services (Желілік қызметтер)	IPv4 IPv6	Өнімнің IPv4 немесе IPv6 протоколын пайдалануын анықтайды.
Show IP Address (IP адресін көрсету)	Yes (Иә) No (Жоқ)	Өнімнің басқару панелінде IP адресін көрсетуін анықтайды.
Restore defaults (Стандартты параметрлерді қалпына келтіру)		Желінің барлық конфигурацияларын зауыттық стандартты параметрлерге қайта өзгертеді.

3 Windows арналған бағдарламалық құрал

- [Windows арналған қолдау көрсетілетін операциялық жүйелер](#)
- [Windows жүйесіне арналған қолдаулы принтер драйверлері](#)
- [Windows жүйесіне арналған дұрыс принтер драйверін таңдаңыз](#)
- [Баспа параметрлерінің басымдықтары](#)
- [Windows жүйесіне арналған принтер драйверлерінің баптауларын өзгерту](#)
- [Windows арналған бағдарламалық құралдарды орнату түрлері](#)
- [Windows бағдарламалық құралын жою](#)
- [Windows арналған қолдау көрсетілетін утилиталар](#)
- [Басқа операциялық жүйелерге арналған бағдарламалық құрал](#)

Windows арналған қолдау көрсетілетін операциялық жүйелер

Өнім келесідей Windows операциялық жүйелерін қолдайды:

Бағдарламалық құралды толық орнату

- Windows XP (32-бит және 64-бит)
- Windows Vista (32-бит және 64-бит)

Баспа және сканерлеу драйвері

- Windows 2000
- Windows 2003 Сервер (32-бит және 64-бит)

Windows жүйесіне арналған қолдаулы принтер драйверлері

- PCL 5
- PCL 6
- PS 3 дейңгейлі эмуляция

Принтер драйверлерінің құрамында өзінде кездесетін ағымды басып шығару тапсырмаларын орындау және батырмаларды, құсбелгі орындарын және жайылмалы тізімдерді сипаттайтын нұсқаулардан құралған желілік Анықтама бөлімі бар.


Windows жүйесіне арналған дұрыс принтер драйверін таңдаңыз

Принтер драйвері Сізге құрылғы мүмкіндіктеріне қол жеткізуге және компьютерге құрылғымен (принтер тілін пайдалана отырып) байланысуға мүмкіндік береді. Қосымша бағдарламалық құралдар мен тілдер жөніндегі ақпаратты құрылғы CD дискісіндегі орнату жөніндегі ескертулерді немесе анықтама файлына қараңыз.

- Ең жақсы жалпы орындауға көз жеткізу үшін PCL 6 принтер драйверін пайдаланыңыз.
- Жалпы офис баспасы үшін PCL 5 принтер драйверін пайдаланыңыз.
- Postscript 3-саты эмуляциясының қажеттіліктерінен басып шығару немесе postscript flash қаріп қолдауларына қол жеткізу үшін HP 3-саты эмуляциясының драйверін пайдаланыңыз.

Баспа параметрлерінің басымдықтары

Баспа параметрлеріне енгізілетін өзгерістердің басымдықтары өзгерістердің енетін жерлеріне қарай белгіленеді:

 **ЕСКЕРІМ:** Командалар мен диалог терезелерінің атаулары сіздегі бағдарламалық құралдың түріне қарай әр түрлі болуы мүмкін.

- **Page Setup (Бет параметрлері) диалог терезесі:** Осы диалог терезесін ашу үшін сіз жұмыс істеп отырған бағдарламаның **File** (Файл) мәзірінен **Page Setup** (Бет параметрлері) немесе оған ұқсас бір команданы басыңыз. Осы жерде өзгертілген параметрлер кез келген басқа жерде өзгертілген параметрлердің күшін жояды.
- **Print (Басып шығару) диалог терезесі:** Осы диалог терезесін ашу үшін сіз жұмыс істеп отырған бағдарламаның **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Басып шығару), **Print Setup** (Баспа параметрлері) немесе оған ұқсас бір команданы басыңыз. **Print** диалог терезесінде енгізілген өзгерістердің басымдығы төмен болады және **Page Setup** (Бет параметрлері) диалог терезесінде енгізілген өзгерістердің күшін жоймайды.
- **Printer Properties (Принтердің қасиеттері) диалог терезесі (принтер драйвері):** Принтер драйверін ашу үшін **Print** (Басып шығару) диалог терезесіндегі **Properties** (Қасиеттері) тармағын басыңыз. **Printer Properties** (Принтердің қасиеттері) диалог терезесінде өзгертілген параметрлер баспа бағдарламалық құралындағы кез келген басқа жерде енгізілген өзгерістердің күшін жоймайды.
- **Әдепкі принтер драйверінің параметрлері:** Әдепкі принтер драйверінің параметрлерінде **Page Setup** (Бет параметрлері), **Print** (Басып шығару) немесе **Printer Properties** (Принтердің қасиеттері) диалог терезелерінде өзгертілген параметрлерден басқа барлық баспа тапсырмаларында қолданылатын параметрлер анықталады.
- **Принтер басқару панелінің параметрлері:** Принтердің басқару панелінде өзгертілген параметрлердің басымдығы басқа жерлерде енгізілген өзгерістерден төмен болады.

Windows жүйесіне арналған принтер драйверлерінің баптауларын өзгерту

Бағдарламалық құрал жабылғанша принтердің барлық тапсырмаларының параметрлерін өзгерту үшін

Принтердің барлық тапсырмаларының стандартты параметрлерін өзгерту үшін

Құрал конфигурациясының параметрлерін өзгерту үшін

1. Бағдарламалық құралдың **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Басып шығаруды) таңдаңыз.
2. Драйверді таңдап, одан кейін **Properties** (Қасиеттері) немесе **Preferences** (Таңдауларды) басыңыз.

Адымдар өзгеріп отыруы мүмкін; сипатталған процедура ең тараған болып табылады.

1. **Start** (Бастау), **Settings** (Параметрлер) батырмасын басыңыз және одан кейін **Printers (Принтерлер)** мәзірін (Windows 2000) немесе **Printers and Faxes** (Принтерлер және Факстер) мәзірін (Windows XP Professional және Server 2003) немесе **Printers and Other Hardware Devices** (Принтерлер және өзге Құралдар) мәзірін (Windows XP Home) таңдаңыз.

Windows Vista үшін **Start** (Бастау) батырмасын, одан кейін **Control Panel** (Басқару Панелі) батырмасын және ең соңында **Printer** (Принтер) батырмасын таңдаңыз.

2. Драйвер белгішесіне келтіріп, оң жақ батырманы басыңыз және одан кейін **Printing Preferences** (Басып шығару Таңдаулары) мәзірін таңдаңыз.

1. **Start** (Бастау), **Settings** (Параметрлер) батырмасын басыңыз және одан кейін **Printers (Принтерлер)** мәзірін (Windows 2000) немесе **Printers and Faxes** (Принтерлер және Факстер) мәзірін (Windows XP Professional және Server 2003) немесе **Printers and Other Hardware Devices** (Принтерлер және өзге Құралдар) мәзірін (Windows XP Home) таңдаңыз.

Windows Vista үшін **Start** (Бастау) батырмасын, одан кейін **Control Panel (Басқару Панелі)** батырмасын және ең соңында **Printer (Принтер)** батырмасын таңдаңыз.

2. Драйвер белгішесіне келтіріп, оң жақ батырманы басыңыз және одан кейін **Properties (Таңдаулылар)** мәзірін таңдаңыз.
3. **Device Settings (Құрал Параметрлері)** жиекбелгісін таңдаңыз.

Windows арналған бағдарламалық құралдарды орнату түрлері

Бағдарламалық құралды орнатудың келесідей түрлері бар:

- **Recommended** (Ұсынылған). Толық бағдарламалық өнімді орнатады.
- **Express** (Жылдам). Тек принтер драйверлерін орнатады. USB шинасымен байланысқан өнімдерге арналған жылдам опция болады және желімен байланысқан өнімдер үшін басқа жылдам опция болады.
- **Custom** (Таңдамалы). Бағдарламалық құрал мен драйверлерді таңдау үшін **Custom** (Таңдамалы) орнатуды пайдаланыңыз.

Windows бағдарламалық құралын жою

1. **Start** (Бастау) батырмасын басыңыз, содан кейін **Programs** (Бағдарламалар) немесе **All Programs** (Барлық бағдарламалар) батырмасын басыңыз.
2. **HP** батырмасын басыңыз, содан кейін **HP LaserJet M2727** батырмасын басыңыз.
3. **Uninstall** (Бағдарламаны жою) батырмасын басыңыз, содан кейін бағдарламалық құралды жою үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Windows арналған қолдау көрсетілетін утилиталар

HP ToolboxFX

HP ToolboxFX келесідей тапсырмалар үшін пайдалануға болатын бағдарлама болып табылады:

- Құрылғы мәртебесін тексеру
- Қамтамасыз ету материалдарының мәртебесін тексеру
- Жөндеу ескертулері
- Құрылғы құжаттамасын көру
- Ақаулықтарды анықтау және күту құралдарына қол жеткізу

HP ToolboxFX Ұсынылған бағдарламалық құралды орнату кезінде өнімнің CD-ROM дискісінен орнатылады.

Көбірек ақпарат алу үшін, [HP ToolboxFX Қараңыз 186-бетте](#) қараңыз.

Енгізілген Веб сервер

Құрал өзі және желілік қызметі туралы ақпараты бар енгізілген Веб серверімен жабдықталған. Бұл ақпарат Microsoft Internet Explorer, Netscape Navigator, Apple Safari, немесе Firefox сияқты Веб браузерлерінде шығарылады.

Енгізілген Веб сервері құралда орнатылған. Ол желілік серверге жүктелмеген.

Енгізілген Веб сервер желіге қосылған кез келген компьютер мен стандартты Веб браузер пайдалана алатын интерфесті құралға қамтамасыз етеді. Ешқандай арнайы бағдарламалық құрал орнатылмаған немесе конфигурацияланбаған, бірақ Сіздің компьютеріңізде қолдаулы Веб браузер болуы тиіс. Енгізілген Веб серверге ену үшін, браузердің адрестік жолында құралдың IP адресін теріңіз. (IP адресін табу үшін, конфигурациялау бетін басып шығарыңыз. Конфигурациялау бетін басып шығару жөніндегі толығырақ ақпаратты [Ақпараттық беттер 184-бетте](#) ішінен қараңыз.)

Енгізілген Веб сервердің мүмкіншіліктері мен қызметтерін толық түсіну үшін [Енгізілген веб-сервер 194-бетте](#) қараңыз.

HP Web Jetadmin

HP Web Jetadmin ішкі желіде орналасқан желілік принтерлерге арналған браузерлік басқару құралы болып табылады және ол желі администраторының компьютерінде ғана орнатылуы тиіс.

HP Web Jetadmin ақымды нұсқасы мен қолдаулы хост жүйелерінің ең соңғы тізімін жүктеу үшін www.hp.com/go/webjetadmin сайтына кіріңіз.

Хост серверіне орнатылғанда Windows клиенті қолдаулы Веб браузерін (Microsoft® Internet Explorer 4.x немесе Netscape Navigator 4.x немесе одан жаңасын) пайдалана отырып HP Web Jetadmin жүйесіне кіре алады.

Өзге Windows құрам бөліктері мен утилиталар

- Бағдарламалық құралды орнатушы — басып шығару жүйесінің орнатылуын автоматтандырады
- Желілік Веб тіркеуі
- HP тұтынушысының қатысу бағдарламасы
- HP Жаңарту

Басқа операциялық жүйелерге арналған бағдарламалық құрал

ОС	Бағдарламалық құрал
UNIX	HP-UX және Solaris желілері бойынша UNIX жүйесіне арналған HP Jetdirect принтер орнатушысын жүктеп алу үшін www.hp.com/support/net_printing бетіне өтіңіз.
Linux	Ақпарат алу үшін www.hp.com/go/linuxprinting бетіне өтіңіз.

4 Өнімді Macintosh жүйесімен пайдаланыңыз


- [Macintosh арналған бағдарламалық құралдар](#)
- [Macintosh принтер драйверінің ерекшеліктерін пайдалану](#)
- [Өнімнен және HP Басқарушыдан \(Macintosh\) сканерлеңіз](#)
- [Құжатты факспен Macintosh компьютерінен жіберіңіз.](#)

Macintosh арналған бағдарламалық құралдар

Macintosh арналған қолдаулы операциялық жүйелер

Құрылғы Macintosh операциялық жүйелерінің келесілерін қолдайды:

- Mac OS X v10.3, v10.4 және кейінгі нұсқалары

 **ЕСКЕРІМ:** Mac OS v10.4 және кейінгі нұсқалары үшін PPC және Intel Core Processor Macs пайдалануға болады.


Macintosh жүйесіне арналған қолдаулы принтер драйверлері

HP орнатушысы Macintosh оперативтік жүйесі орнатылған компьютерлерінде пайдалануға арналған PostScript® Принтер Сипаттамалары файлдарын, Принтердің Диалогтық Кеңейтулерін (PDEs) және HP Принтер Утилиталарын қамтамасыз етеді.

PPDs, Apple PostScript принтер драйверлерімен үйлесімі құрал қасиеттеріне қол жеткізу мүмкіндігін береді. Компьютерге қоса берілген Apple PostScript принтер драйверлерін пайдалану.

Macintosh жүйесіне арналған баспа баптауларының басымдылығы

Баспа баптауларындағы өзгертулер өздеріне жасалағанына қарай басымды болады:

 **ЕСКЕРІМ:** Командалар мен диалог терезелерінің атаулары бағдарламалық құралыңызға тәуелді түрде өзгешеленуі мүмкін.

- **Бет Орнатпасы диалог терезесі:** Осы диалог терезесін ашу үшін **Page Setup** (Бет Орнатпалары) немесе баламалы командасын өзіңіз жұмыс істеп отырған бағдарламаңыздың **File** (Файл) мәзірінен таңдаңыз. Осы жерде өзгертілген баптаулар кез келген өзге жердегі баптаулардың орнын басады.
- **Баспа диалог терезесі:** Осы диалог терезесін ашу үшін **Print** (Басып шығару), **Print Setup** (Баспа Орнатпалары) немесе баламалы командасын өзіңіз жұмыс істеп отырған бағдарламаңыздың **File** (Файл) мәзірінен таңдаңыз. **Print** (Басып шығару) диалог терезесінде өзгертілген баптаулар басымдылығы төмен болып табылады және өзгертулердің орнын *баспайды* **Page Setup** (Бет орнатпалары) диалог терезесіндегі.
- **Принтер Қасиеттерінің диалог терезесі (принтер драйверлері):** Принтер драйверлерін ашу үшін таңдаңыз **Properties** (Қасиеттер) тармағын **Print** (Басып шығару) диалог терезесінен. **Printer Properties** (Принтер Қасиеттері) диалог терезесінде өзгертілген баптаулар принтердің бағдарламалық құралының ешбір жерінде орын баспайды.
- **Стандартты принтер драйверінің баптаулары:** Стандартты принтер драйверінің баптаулары барлық баспа тапсырмаларында пайдаланылатын баптауларды белгілейді, егер баптаулар **Page Setup** (Бет Орнатпалары), **Print** (Басып шығару) немесе **Printer Properties** (Принтер Қасиеттері) диалог терезесінде өзгертілмесе.
- **Принтердің басқару панелінің баптаулары:** Принтердің басқару панеліндегі баптаулар өзгертулерінің өзге жерлерде жасалған өзгертулерге қарағанда басымдылығы төмен.

Macintosh үшін принтер драйверінің параметрлерін өзгертіңіз

Бағдарламалық құрал жабылғанша принтердің барлық тапсырмаларының параметрлерін өзгерту үшін	Принтердің барлық тапсырмаларының стандартты параметрлерін өзгерту үшін	Құрал конфигурациясының параметрлерін өзгерту үшін
<ol style="list-style-type: none">1. File (Файл) мәзірінен Print (Басып шығаруды) таңдаңыз.2. Өзіңіз қалаған параметрлерді түрлі жайылмалы мәзірлерде өзгертіңіз.	<ol style="list-style-type: none">1. File (Файл) мәзірінен Print (Басып шығаруды) таңдаңыз.2. Өзіңіз қалаған параметрлерді түрлі жайылмалы мәзірлерде өзгертіңіз.3. Presets (Алдын-ала орнатулар) жайылмалы мәзірінен Save as (Түрінде сақтау...) таңдап, одан кейін алдын-ала орнату атауын теріңіз. <p>Бұл параметрлер Presets (Алдын-ала орнатулар) мәзірінде сақталды. Жаңа параметрлерді пайдалану үшін Сіз сақталған алдын-ала орнату опцияларын бағдарламаны ашып, басып шығарған сайын таңдап отыруыңыз тиіс.</p>	<ol style="list-style-type: none">1. Іздеушінің ішіндегі Go (Өту) мәзірінен Applications (Қосымшаларды) таңдаңыз.2. Utilities (Утилиталар) тармағын ашып, Printer Setup Utility (Принтер орнату утилитасы) ашыңыз.3. Басып шығару кезегін таңдаңыз.4. Printers (Принтерлер) мәзірінен Show Info (Ақпаратты Көрсету) мәзірін таңдаңыз.5. Installable Options (Орнатылатын Опциялар) мәзірін таңдаңыз. <p>ЕСКЕРІМ: Конфигурация параметрлері Классикалық режимде өзгертусіз болуы мүмкін.</p>

Macintosh арналған бағдарламалық құралды орнату түрлері

Тікелей байланыс (USB) үшін Macintosh бағдарламалық құралын орнатыңыз

1. USB кабелімен құрылғының USB порты мен компьютердің USB портын байланыстырыңыз. Стандартты 2 метрлік (6,56 футтық) USB кабелін пайдаланыңыз.
2. Құрылғының шағын дискісін диск жетегіне салып, орнатушыны іске қосыңыз. Шағын диск мәзірі автоматты түрде іске қосылмаса, экрандағы шағын диск белгішесін екі рет шертіңіз.
3. HP LaserJet Орнатушысының папкасындағы **Installer** (Орнатушы) белгішесіне екі рет шертіңіз.
4. Компьютер экранындағы нұсқауларды орындаңыз.


USB принтерінің баспа кезегі құрылғы компьютерге қосылғанда автоматты түрде түзіледі. Қайткенмен де, орнатушы USB кабелі қосылғанша іске қосылмаған жағдайда кезек жалпы PPD пайдаланады. Кезек PPD өзгерту үшін, келесі сатыларды орындаңыз.
5. Компьютердің қатты дискіде жинақтауышында **Applications** (Қолданбалар) тармаған ашыңыз, **Utilities** (Утилиталар) ашыңыз және содан кейін **Printer Setup Utility** (Принтер орнату утилитасы) ашыңыз.
6. Дұрыс принтер кезегін таңдап, одан кейін **Show Info** (Ақпаратты Көрсету) тармағын **Printer Info** (Принтер Ақпараты) диалог терезесін ашу үшін таңдаңыз.

7. Жайылмалы мәзірден **Printer Model** (Принтер Моделі) тармағын ашып, одан кейін **Generic** (Жалпы) тармағы таңдалған жайылмалы мәзірде құрылғы үшін дұрыс PPD таңдаңыз.
8. Бағдарламалық құралдың дұрыс орнатылуына көз жеткізу үшін кез келген бағдарламадан тест бетін басып шығарыңыз.

Орнату сәтсіздікке ұшырау жағдайында бағдарламалық құралды қайта орнатыңыз. Ол да сәтсіздікке ұшырау жағдайында ықшам дисктегі немесе анықтамалық ретінде қорап ішіне салынған флаердағы орнату жөніндегі ескертулерді немесе анықтама файлын қараңыз.

Желілік Macintosh бағдарламалық құралын орнату

1. Желілік кабельмен HP Jetdirect баспа серверін және желілік портты жалғаңыз.
2. Шағын дискті диск жетегіне салыңыз. Шағын диск автоматты түрде іске қосылмаса, экрандағы шағын диск белгішесін екі рет шертіңіз.
3. HP LaserJet Орнатушысының папкасындағы **Installer** (Орнатушы) белгішесіне екі рет шертіңіз.
4. Компьютер экранындағы нұсқауларды орындаңыз.
5. Компьютердің қатты дискісінде **Applications** (Бағдарламалар) ашып, **Utilities** (Утилиталар) ашыңыз да, **Printer Setup Utility** (Принтер орнату утилитасын) ашыңыз.
6. Басыңыз **Add Printer** (Принтерді Қосу) батырмасын.
7. Байланыс түрі ретінде **Rendezvous** немесе **Bonjour** таңдаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Өнім конфигурациясына қарай **AppleTalk** немесе **IP Printing** (IP Баспасы) қызметтері қосылуы мүмкін.

8. Тізімнен құрылғыны таңдаңыз.
9. Басыңыз **Add Printer** (Принтерді Қосу) батырмасын.
10. Баспа Орталығы немесе Принтер Баптау Утилиталары тармағын жабыңыз.

Бағдарламалық құралды Macintosh операциялық жүйесінен жою

Бағдарламалық құралды Macintosh компьютерінен жою үшін PPD файлдарын қоқыс кәрзеңкесіне тасып апарыңыз.

Macintosh арналған қолдау көрсетілетін утилиталар

Енгізілген Веб сервер

Құрал өзі және желілік қызметі туралы ақпараты бар енгізілген Веб серверімен жабдықталған. Бұл ақпарат Microsoft Internet Explorer, Netscape Navigator, Apple Safari, немесе Firefox сияқты Веб браузерлерінде шығарылады.

Енгізілген Веб сервері құралда орнатылған. Ол желілік серверге жүктелмеген.


Енгізілген Веб сервер желіге қосылған кез келген компьютер мен стандартты Веб браузер пайдалана алатын интерфейсті құралға қамтамасыз етеді. Ешқандай арнайы бағдарламалық құрал орнатылмаған немесе конфигурацияланбаған, бірақ Сіздің компьютеріңізде қолдаулы Веб браузер болуы тиіс. Енгізілген Веб серверге ену үшін, браузердің адрестік жолында құралдың IP адресін теріңіз. (IP адресін табу үшін, конфигурациялау бетін басып шығарыңыз.

Конфигурациялау бетін басып шығару жөніндегі толығырақ ақпаратты [Ақпараттық беттер 184-бетте](#) ішінен қараңыз.)

Енгізілген Веб сервердің мүмкіншіліктері мен қызметтерін толық түсіну үшін [Енгізілген веб-сервер 194-бетте](#) қараңыз.


Macintosh конфигурациялық құрылғысы

Macintosh конфигурациялық құрылғысы өнім туралы мәліметтер (мысалы, жабдықтар күйі және өнім параметрлері туралы мәліметтер) алуды қамтамасыз ететін Интернет желісіне негізделген бағдарлама болып табылады. Macintosh конфигурациялық құрылғысын өнімді компьютерден бақылау және басқару үшін пайдаланыңыз

 **ЕСКЕРІМ:** Macintosh конфигурациялық құрылғысын пайдалану үшін бағдарламалық құралдарды толық орнатуыңыз қажет.

- Өнім күйін тексеріңіз және ақпараттық беттерді басып шығарыңыз.
- Өнім жүйесінің параметрлерін тексеріңіз және өзгертіңіз.
- Стандартты баспа параметрлерін тексеріңіз.
- Құрамында факс жіберу, факс қабылдау, факстың телефон кітабы, нөмірді тез теру параметрлері және факс есептері бар факс параметрлерін тексеріңіз және өзгертіңіз.
- Құрамында IP конфигурациясы, Жақсартылған, mDNS, SNMP, желі конфигурациясы және кілтсөз бар желі параметрлерін тексеріңіз және өзгертіңіз.

Өнім тікелей компьютеріңізге қосылған болса немесе ол желіге қосылған болса, Macintosh конфигурациялық құрылғысын көре аласыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Macintosh конфигурациялық құрылғысын ашу үшін және оны пайдалану үшін Интернетке кірудің қажеті жоқ.

Өнім тікелей компьютерге қосылғанда Macintosh конфигурациялық құрылғысын көріңіз

1. HP Director (HP Басқарушысы) ашу үшін доктағы **HP Director** (HP Басқарушысы) белгішесін басыңыз.
2. HP Director (HP Басқарушысы) тармағында **Settings** (Параметрлер) таңдаңыз.
3. Браузерде Macintosh конфигурациялық құрылғысының бастапқы бетін ашу үшін **Configure device** (Құрылғыны конфигурациялау) таңдаңыз.

Өнім желіге қосылғанда Macintosh конфигурациялық құрылғысын көріңіз

1. Қолдау көрсетілетін веб-браузерлерінің бірін ашыңыз:
 - Safari 1.2 немесе одан кейінгі нұсқалары
 - Microsoft Internet Explorer 5.0 немесе одан кейінгі нұсқалары
 - Netscape Navigator 4.75 немесе одан кейінгі нұсқалары
 - Opera 6.05 немесе одан кейінгі нұсқалары
2. Macintosh конфигурациялық құрылғысының бастапқы бетін ашу үшін веб-браузерге өнімнің IP адресін енгізіңіз.

Macintosh принтер драйверінің ерекшеліктерін пайдалану

Баспа

Macintosh жүйесінде баспаның алдын ала орнатпаларын құру және пайдалану


Қайта пайдалану мақсатымен принтер драйверлерінің ағымды баптауларын сақтау үшін баспаның алдын ала орнатпаларын пайдалану.

баспаның алдын ала орнатпаларын құру

1. **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Басып шығару) батырмасын таңдаңыз.
2. Драйверді таңдаңыз.
3. Басып шығару параметрлерін таңдаңыз.
4. **Presets** (Алдын ала орнатулар) тармағында **Save As...** (Түрінде сақтау...) батырмасын басып, алдын ала орнатпа атауын теріңіз.
5. **OK** басыңыз.

Баспаның алдын ала орнатпаларын пайдалану

1. **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Басып шығару) батырмасын таңдаңыз.
2. Драйверді таңдаңыз.
3. **Presets** (Алдын ала орнатулар) тармағында пайдаланғыңыз келетін алдын ала орнатпаларды таңдаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Принтер-драйвер стандартты параметрлерін пайдалану үшін **Factory Default** (Өндіруші Стандартты орнатулары) батырмасын таңдаңыз.

Құжаттарды немесе баспаларды әдеттегі парақ мөлшеріне өзгерту


Сіз құжатты өзге өлшемді параққа орналастыру үшін масштабтай аласыз.

1. **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Басып шығару) батырмасын таңдаңыз.
2. **Paper Handling** (Қағаз жүктеу) мәзірін ашыңыз.
3. **Destination Paper Size** (Арнаулы Парақ Өлшемі) аумағынан **Scale to fit paper size** (Парақ өлшеміне орналастыру үшін масштабтау) мәзірін таңдап, жайыомалы тізімнен өлшемді таңдаңыз.
4. Егер Сіз құжаттан кіші парақтарды ғана пайдаланғыңыз келсе, **Scale down only** (Тек төмен қарай масштабтау) батырмасын таңдаңыз.

Мұқабаны басып шығару

Сіз құрамында хабары («Құпия» сияқты) бар құжаттарыңыз үшін түрлі мұқаба беттерін басып шығара аласыз.

1. **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Басып шығару) батырмасын таңдаңыз.
2. Драйверді таңдаңыз.
3. **Cover Page** (Алдыңғы Мұқаба) жайылмалы мәзірін ашып, одан кейін алдыңғы мұқабаны не **Before Document** (Құжат алдында) немесе **After Document** (Құжаттан Кейін) басып шығаруды таңдаңыз.
4. **Cover Page Type** (Мұқаба Бетінің Түрі) жайылмалы мәзірінен өзіңіз мұқаба бетте басып шығарғыңыз келетін хабарды таңдаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Бос мұқаба бетті басып шығару үшін **Standard** (Стандартты) түрді **Cover Page Type** (Мұқаба Бетінің Түрі) түрінде таңдаңыз.


Субелгілерін пайдалану

Субелгісі болып құжаттың әр бетінде фон ретінде басып шығарылатын «Құпия» сөзі сияқты ескерту болып табылады.

1. **File** (Файл) мәзірінде **Print** (Басып шығару) батырмасын таңдаңыз.
2. Ашыңыз **Watermarks** (Субелгілер) мәзірін.
3. Одан кейін **Mode** (Режим) мәзіріне кіріп, қолданылатын субелгісінің түрін таңдаңыз. Жартылай мөлдір хабарға басылатын **Watermark** (Субелгіні) таңдаңыз. Мөлдір емес хабарды басып шығару үшін **Overlay** (Маңдайша) тармағын таңдаңыз.
4. Одан кейін **Pages** (Беттер) мәзіріне өтіп, субелгіні барлық беттерге не бірінші бетке ғана басып шығаруды таңдаңыз.
5. Одан кейін **Text** (Мәтін) мәзіріне өтіп, стандартты хабарды таңдаңыз, немесе **Custom** (Ерекше) тармағын таңдап, терезеде жаңа хабарды теріңіз.
6. Баптауларды қалдыру үшін опцияларды таңдаңыз.

Macintosh жүйесінде бір парақ қағазға бірнеше бет басып шығару

Бір парақ қағазға бірнеше бет басып шығара аласыз. Бұл мүмкіншілік жоба беттерін басып шығарудың тиімді жолын қамтамасыз етеді.



1. **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Басып шығару) батырмасын таңдаңыз.
2. Драйверді таңдаңыз.
3. **Layout** (Орналастыру) жайылмалы мәзірін ашыңыз.
4. Одан кейін **Pages per Sheet** (Бет Параққа) мәзіріне өтіп, әр параққа басып шығарғыңыз келетін бет санын (1, 2, 4, 6, 9, немесе 16) таңдаңыз.
5. Одан кейін **Layout Direction** (Орналастыру Бағыты) мәзіріне өтіп, парақтағы беттер кезегі мен орналастырылуын таңдаңыз.
6. Одан кейін **Borders** (Жиектері) мәзіріне өтіп, парақтағы әр беттің жан жағындағы жиек түрін таңдаңыз.

Беттің екі жағына басып шығару (дуплексті басып шығару)

Автоматты дуплексті баспаны пайдаланыңыз

1. Баспа тапсырмасын қамтамасыз ететін науалардың біріне жеткілікті қағаз мөлшерін салыңыз. Егер Сіз бланк сияқты арнайы қағаз жүктеген болсаңыз, оны келесі жолдардың бірімен жүктеңіз:
 - 1-науа үшін, бланк парақтарын астыңғы жағын принтерге бірінші енгізіп, жоғары қаратып салыңыз.
 - Барлық өзге науалар үшін, бланк парақтарын жоғарғы жағын принтердің артына қарата енгізіп, төмен қаратып салыңыз.
2. **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Басып шығару) батырмасын таңдаңыз.
3. **Layout** (Орналастыру) жайылмалы мәзірін ашыңыз.
4. Одан **Two-Sided** (Екі Жақты) тармағынан, **Long-Edge Binding** (Ұзын Қырынан Бекіту) немесе **Short-Edge Binding** (Қысқа Қырынан Бекіту) таңдаңыз.
5. **Print** (Басып шығару) батырмасын басыңыз.

Екі жағына қолмен басу

1. Баспа тапсырмасын қамтамасыз ететін науалардың біріне жеткілікті қағаз мөлшерін салыңыз. Егер Сіз бланк сияқты арнайы қағаз жүктеген болсаңыз, оны келесі жолдардың бірімен жүктеңіз:
 - 1-науа үшін, бланк парақтарын астыңғы жағын принтерге бірінші енгізіп, жоғары қаратып салыңыз.
 - Барлық өзге науалар үшін, бланк парақтарын жоғарғы жағын принтердің артына қарата енгізіп, төмен қаратып салыңыз.
-
- △ **ЕСКЕРТУ:** Кептелуді болдырмау үшін, 105 г/м² (28 фунттық жоғары сапалы қағаз) ауыр қағазды жүктемеңіз.
-
2. **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Басып шығару) батырмасын таңдаңыз.
 3. **Finishing** (Өңдеу) жайылмалы мәзірінен **Manual Duplex** (Қолмен Дуплекстеу) опциясын таңдаңыз.
 4. **Print** (Басып шығару) батырмасын басыңыз. 1-науа ішіндегі шығарылған жинақтың екінші жартысын басып шығару үшін орнын ауыстырмас бұрын компьютер экранына шығарылатын жайылмалы терезедегі нұсқауларды орындаңыз.
 5. Принтерге өтіп, 1-науа ішіндегі кез келген таза парақты алып тастаңыз.
 6. Басылып шығарылған жинақты астыңғы жағын принтерге бірінші енгізіп, төмен қарата отырып, 1-науа ішіне салыңыз. Сіз екінші жағын 1-науа ішінен басып шығаруға *muicmiciz*.
 7. Кеңес берілген жағдайда, жалғастыру үшін басқару панеліндегі тиісті батырманы басыңыз.

Қызметтер мәзірін пайдалану

Егер құрал желіге қосылған болса, құрал мен қамтамасыз ету мәртебесі туралы ақпаратты алу үшін **Services** (Қызметтер) мәзірін пайдаланыңыз.

1. **File** (Файл) мәзірінен, **Print** (Басып шығару) батырмасын таңдаңыз.
2. **Services** (Қызметтер) мәзірін ашыңыз.
3. Жайылмалы тізімнен қызмет тапсырмасын таңдап, **Launch** (Қосу) батырмасын таңдаңыз. Енгізілген Веб сервер өзіңіз таңдаған күтім қызметі туралы ақпарат бар бетті ашады.
4. Осы құрал бойынша түрлі қолдау жөніндегі Веб сайттарға өту үшін жайылмалы тізімнен Интернет Қызметтері опциясын таңдап, **Go!** (Өту!) батырмасын таңдаңыз.

Өнімнен және HP Басқарушыдан (Macintosh) сканерлеңіз

Осы бөлімде сипатталған тапсырмалар мен параметрлер туралы қосымша мәлімет алу үшін HP Басқарушысының онлайн режиміндегі Анықтамасын қараңыз.

Сканерлеу тапсырмалары

Бағдарламаға сканерлеу үшін тармақты бағдарламаның өзін пайдаланып сканерлеңіз. TWAIN-үйлесімді кез келген бағдарлама бейнені сканерлей алады. Егер бағдарлама TWAIN-үйлесімді болмаса, сканерленген бейнені файлда сақтаңыз, содан кейін файлды бағдарламада орналастырыңыз, ашыңыз немесе импорттаңыз.

Әр беттік сканерлеуді пайдаланыңыз

1. Планшетті сканердің қақпағын көтеріңіз және түпнұсқаны қойыңыз. Түпнұсқаны планшетті сканерге бетін төменге қаратып қойыңыз. Құжаттың жоғарғы сол жақ бұрышы шынының төменгі оң жақ бұрышында болуы керек. Қақпақты ақырын жабыңыз.
2. HP Басқарушысының жұмыс үстеліндегі бүркеншік атын екі рет басыңыз.
3. HP Басқарушысын басыңыз және **Scan** (Сканерлеу) батырмасын басып, **HP** диалог терезесін ашыңыз.
4. **Scan** (Сканерлеу) батырмасын басыңыз.
5. Бірнеше бетті сканерлеу үшін келесі бетті салыңыз және **Scan** (Сканерлеу) батырмасын басыңыз. Барлық беттерді сканерлеп бітіргенше әрекетті қайталаңыз.
6. **Finish** (Аяқтау) батырмасын басыңыз, содан кейін **Destinations** (Орны) батырмасын басыңыз.

Файлға сканерлеу

1. **Destinations** (Орны) опциясында **Save To File(s)** (Файлға(дарға) сақтау) опциясын таңдаңыз.
2. Файлға ат беріңіз және сақтайтын орнын көрсетіңіз.
3. **Save** (Сақтау) батырмасын басыңыз. Түпнұсқа сканерленеді және сақталады.

Электрондық поштаға сканерлеу


1. **Destinations** (Орны) опциясында **E-mail** (Электрондық пошта) опциясын таңдаңыз.
2. Тіркеме түрінде электрондық пошта сканерленген құжатпен бірге ашылады.
3. Электрондық пошта хабарын алушының мәліметтерін енгізіңіз, мәтін немесе басқа тіркемелерді қосыңыз, содан кейін **Send** (Жіберу) батырмасын басыңыз.

Құжатты факспен Macintosh компьютерінен жіберіңіз.


1. Бағдарламадағы **File** (Файл) мәзірінде **Print** (Баспа) опциясын таңдаңыз.
2. **PDF** батырмасын басыңыз, содан кейін **Fax PDF** (Факс PDF) опциясын таңдаңыз.
3. **To** (Кімге) жолағына факс нөмірін енгізіңіз.
4. Факстың мұқаба бетін қосу үшін **Use Cover Page** (Мұқаба бетті пайдалану) опциясын таңдаңыз, содан кейін мұқаба бет тақырыбы мен хабарды енгізіңіз (міндетті емес).
5. **Fax** (Факс) опциясын таңдаңыз.

5 Байланыс мүмкіндігі

- [Өнімді USB арқылы тікелей компьютерге қосыңыз](#)
- [Принтерді бірлесіп пайдалануға байланысты жауапкершіліктен бас тарту](#)
- [Қолдау көрсетілетін желілік операциялық жүйелер](#)
- [Қолдау көрсетілетін желілік протоколдар](#)
- [Өнімді желіде орнатыңыз](#)
- [Желілік өнімді конфигурациялаңыз](#)

 **ЕСКЕРІМ:** TCP/IP параметрлерін конфигурациялау қиын процесс және оны тәжірибелі желі администраторлары ғана орындауы тиіс. Өнімге арналған арнаулы TCP/IP параметрлерін конфигурациялау үшін BOOTP протоколы серверді қажет етеді. DHCP протоколы да серверді қажет етеді, бірақ өнім үшін TCP/IP параметрлері белгіленбейді. Арнаулы TCP/IP параметрлерін келесі жерлерден қолмен конфигурациялауға болады: басқару панелі, ендірілген веб-сервер, HP ToolboxFX немесе HP Web Jetadmin. Қосымша анықтама алу үшін немесе желі конфигурациясы туралы мәлімет алу үшін желі провайдеріне хабарласыңыз.

Өнімді USB арқылы тікелей компьютерге қосыңыз

 **ЕСКЕРІМ:** Өнімнен шығатын USB кабельді компьютерге дереу қоспаңыз, орнату бағдарламасынан сәйкес хабар алынғанша күтіңіз.

1. Өнімнің шағын дискісін (CD) компьютеріңізге салыңыз. Егер орнату бағдарламасы іске қосылмаса, ықшам дискідегі setup.exe файлына барып, оны екі рет басыңыз.
2. Орнату бағдарламасының нұсқауларын орындаңыз.
3. Орнату процесі аяқталған соң компьютерді қайтадан жүктеңіз.

Принтерді бірлесіп пайдалануға байланысты жауапкершіліктен бас тарту

HP тең құқықты құрылғылары бар желі ұйымдастыруды қолдамайды, себебі бұл мүмкіндік HP принтер драйверлерінің емес, ал Microsoft операциялық жүйелерінің функциясы болып табылады. Microsoft компаниясының www.microsoft.com сайтына барыңыз.

Қолдау көрсетілетін желілік операциялық жүйелер

Келесі операциялық жүйелер желілік басып шығаруды қолдайды:

Бағдарламалық құралдарды толық орнату

- Windows XP (32-бит және 64-бит)
- Windows Vista (32-бит және 64-бит)
- Mac OS X v10.3, v10.4 және кейінгі нұсқалары

Баспа және сканерлеу драйвері

- Windows 2000
- Windows 2003 Сервер (32-бит және 64-бит)

Тек принтер драйвері

- Linux (тек Интернет желісі ғана)
- UNIX модельдік сценарийлері (тек Интернет желісі ғана)

Қолдау көрсетілетін желілік протоколдар

Өнім TCP/IP желілік протоколын қолдайды. Бұл ең көп пайдаланылатын және қабылданған желілік протокол болып табылады. Көптеген желілік қызметтер осы протоколды пайдаланады. Сонымен қатар бұл өнім IPv4 және IPv6 протоколдарын қолдайды. Келесі кестелерде өнімде қолдау көрсетілетін желілік қызметтер/протоколдар тізімі берілген.

Кесте 5-1 Басып шығару

Қызмет аты	Сипаттама
порт9100 (Тікелей режим)	Басып шығару қызметі
Жолдық принтер демоны (LPD)	Басып шығару қызметі

Кесте 5-2 Желілік өнімді табу

Қызмет аты	Сипаттама
SLP (Қызмет іздеу протоколы)	Желілік құрылғыларды табуда және конфигурациялауда пайдаланылатын Құрылғы табу протоколы. Негізінен Microsoft бағдарламалары үшін пайдаланылады.
mDNS (топтық берілімдік домендерге ат беру қызметі - сонымен қатар Rendezvous немесе Bonjour аттарымен белгілі)	Желілік құрылғыларды табуда және конфигурациялауда пайдаланылатын Құрылғы табу протоколы. Негізінен Apple Macintosh бағдарламалары ұарқылы пайдаланылады.

Кесте 5-3 Хабар алмасу және басқару

Қызмет аты	Сипаттама
HTTP (гипермәтіндік файлдарды жіберу протоколы)	Веб-браузерлерге енгізілген веб-сервермен байланысқа шығуға мүмкіндік береді.
EWS (енгізілген веб-сервер)	Пайдаланушыға өнімді веб-браузер арқылы басқаруға мүмкіндік береді.
SNMP (желілік басқарудың қарапайым протоколы)	Өнімді басқару үшін желілік бағдарламаларда пайдаланылады. SNMP V1 және стандартты MIB-II (Басқару мәліметтерінің базасы) нысандарына қолдау көрсетіледі.

Кесте 5-4 IP адресін беру


Қызмет аты	Сипаттама
DHCP (хостты динамикалық конфигурациялау протоколы)	Автоматты түрде IP адресін беру үшін. DHCP сервері өнімге IP адресін береді. Әдетте өнім үшін DHCP серверінен IP адресін алғанда пайдаланушының араласуын қажет етпейді.
BOOTP (жүктеу протоколы)	Автоматты түрде IP адресін беру үшін. BOOTP сервері өнімге IP адресін береді. Өнімге серверден IP адресін алу үшін администратор өнімнің аппараттық құралдарының MAC адресін BOOTP серверіне енгізуі тиіс.
Авто IP	Автоматты түрде IP адресін беру үшін. DHCP немесе BOOTP сервері болмаса, бұл қызмет өнімге бірегей IP адресін жасауға мүмкіндік береді.

Өнімді желіде орнатыңыз


Бұл конфигурацияда өнім желіге тікелей қосылады және желідегі барлық компьютерлерге өнім арқылы тікелей басып шығаруға мүмкіндік беру үшін өнімді конфигурациялауға болады.

 **ЕСКЕРІМ:** Бұл режим өнім үшін ұсынылған желілік конфигурация болып табылады.

1. Өнімді қосудан бұрын желілік кабельді өнімнің желілік портына жалғау арқылы өнімді тікелей желіге қосыңыз.
2. Өнімді қосыңыз, 2 минут күтіңіз, содан кейін конфигурациялық бетті басып шығару үшін басқару панелін пайдаланыңыз. .

 **ЕСКЕРІМ:** Келесі қадамға өтуден алдын конфигурациялық бетте IP адресінің көрсетілгенін тексеріңіз. Егер IP адресі көрсетілмесе, конфигурациялық бетті қайта басып шығарыңыз.

3. Өнімнің шағын дискісін (CD) компьютеріңізге салыңыз. Егер орнату бағдарламасы іске қосылмаса, шағын дискідегі setup.exe файлына барып, оны екі рет басыңыз.
4. Орнату бағдарламасының нұсқауларын орындаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Орнату бағдарламасы желілік адресіті сұрағанда, орнату бағдарламасын іске қосудың алдында басып шығарылған конфигурациялық бетте көрсетілген IP адресін енгізіңіз немесе өнімді желіден іздеңіз.

5. Орнату процесі аяқталған соң компьютерді қайтадан іске қосыңыз.

Желілік өнімді конфигурациялаңыз

Параметрлерді қарап шығыңыз

Желінің конфигурациялық беті

Желінің конфигурациялық бетінде өнімнің желілік картасының ағымдағы параметрлері мен қасиеттерінің тізімі беріледі. Өнімнен желінің конфигурациялық бетін басып шығару үшін келесі қадамдарды орындаңыз.

1. Басқару панелінде **Setup (Орнату)** батырмасын басыңыз.
2. Бағыт көрсеткіш батырмаларды **Reports (Есеп берулер)** таңдау үшін пайдаланыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
3. **Network report** (Желілік есеп) опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларды пайдаланыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.

Конфигурациялық бет

Конфигурациялық бетте өнімнің ағымдағы параметрлері мен қасиеттерінің тізімі беріледі. Конфигурациялық бетті өнімнен немесе HP ToolboxFX арқылы басып шығаруға болады. Өнімнен желінің конфигурациялық бетін басып шығару үшін келесі қадамдарды орындаңыз.

1. Басқару панелінде **Setup (Орнату)** батырмасын басыңыз.
2. Бағыт көрсеткіш батырмаларды **Reports (Есеп берулер)** таңдау үшін пайдаланыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
3. **Config report** (Конфигурация есебі) опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларды пайдаланыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.

Екінші бет те басылып шығады. Сол беттегі **Fax Settings** (Факс параметрлері) және **Imaging Settings** (Кескіндеу параметрлері) бөлімдерінде өнімнің факс параметрлері туралы толық мәліметтер беріледі.

Параметрлерді өзгертіңіз

IP конфигурациялық параметрлерін қарап шығу немесе өзгерту үшін енгізілген веб-серверді (EWS) немесе HP ToolboxFX пайдалануға болады. Енгізілген веб-серверге кіру үшін өнімнің IP адресін веб-браузердің адрестік жолына енгізіңіз.

Өнім тікелей компьютерге қосылғанда немесе ол желіге қосылғанда сіз HP ToolboxFX көре аласыз. HP ToolboxFX пайдалану үшін бағдарламалық құралды толығымен орнату қажет.


HP ToolboxFX ашу үшін келесі әдістердің бірін пайдаланыңыз:

- Windows жүйелік науасында HP ToolboxFX белгішесін екі рет басыңыз.
- Windows жүйесінің **Start** (Бастау) мәзірінде **Programs** (Бағдарламалар) (немесе Windows XP жүйесінде **All Programs** (Барлық бағдарламалар) таңдаңыз, **HP** таңдаңыз, өнім атын таңдаңыз және **HP ToolboxFX** таңдаңыз.

HP ToolboxFX бағдарламасында **Network Settings** (Желі параметрлері) жиекбелгісін таңдаңыз.

Networking (Желіге қосылу) жиекбелгісінен (EWS) немесе **Network Settings** (Желі параметрлері) жиекбелгісінен (HP ToolboxFX) келесі конфигурацияларды өзгертуге болады:

- Хост аты
- Қолмен енгізілетін IP адресі
- Қолмен енгізілетін желі бөлігінің маскасы
- Қолмен енгізілетін стандартты шлюз

 **ЕСКЕРІМ:** Желі конфигурациясын өзгерткенде өніммен қайтадан байланысудың алдында браузердің URL адресін өзгерту қажет болуы мүмкін. Желі қайта іске қосылу кезінде өнімді пайдалану мүмкіндігі бірнеше секундқа жойылады.

IP адресі

Өнімнің IP адресін қолмен орнатуға болады немесе оны DHCP, BootP немесе AutoIP протоколдары арқылы автоматты түрде конфигурациялауға болады.


Қолмен конфигурациялау

1. Басқару панелінде **Setup (Орнату)** батырмасын басыңыз.
2. Бағыт көрсеткіш батырмаларды **Network config (Желі конфигурациясы)** таңдау үшін пайдаланыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
3. **TCP/IP config** (TCP/IP конфигурациясы) опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларды пайдаланыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
4. Бағыт көрсеткіш батырмаларды **Manual (Қолмен орындалатын)** таңдау үшін пайдаланыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
5. IP адресін енгізу үшін әріптік-сандық батырмаларды пайдаланыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
6. Егер IP адресі қате болса, **No (Жоқ)** опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларды пайдаланыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз. 5-қадамды дұрыс IP адресін енгізіп қайталаңыз, содан кейін желі бөлігінің маскасы мен стандартты шлюз параметрлері үшін 5-қадамды қайталаңыз.

Автоматты түрде конфигурациялау

1. Басқару панелінде **Setup (Орнату)** батырмасын басыңыз.
2. Бағыт көрсеткіш батырмаларды **Network config (Желі конфигурациясы)** таңдау үшін пайдаланыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
3. **TCP/IP config** (TCP/IP конфигурациясы) опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларды пайдаланыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
4. Бағыт көрсеткіш батырмаларды **Automatic (Автоматты)** таңдау үшін пайдаланыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.


Автоматты IP адресі пайдалануға дайын болғанша бірнеше минут уақыт өтуі мүмкін.

 **ЕСКЕРІМ:** Егер сіз белгілі бір IP режимдерін (мысалы, BOOTP, DHCP немесе AutoIP) ажыратқыңыз немесе қосқыңыз келсе, осы параметрлерді енгізілген веб-серверді немесе HP ToolboxFX бағдарламасын пайдаланып қана өзгертуге болады.


IPv4 және IPv6 параметрлері

IPv4 протоколын ғана қолмен конфигурациялауға болады. IPv4 протоколын HP ToolboxFX бағдарламасынан немесе өнімнің басқару панелінен орнатуға болады. IPv6 протоколын өнімнің басқару панелінен ғана таңдауға болады.

Байланыс жылдамдығының параметрі

 **ЕСКЕРІМ:** Байланыс жылдамдығының параметрін дұрыс емес өзгерту өнім мен басқа желілік құрылғылар арасындағы байланысқа жол бермеуі мүмкін. Көп жағдайларда өнім автоматты режимде қалуы тиіс. Өзгертулер енгізілгенде өнім ажыратылып қайта қосылуы мүмкін. Өзгертулер өнім бос тұрған кезде ғана енгізілуі тиіс.

1. Басқару панелінде **Setup (Орнату)** батырмасын басыңыз.
2. Бағыт көрсеткіш батырмаларды **Network config (Желі конфигурациясы)** таңдау үшін пайдаланыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
3. **Link speed** (Байланыс жылдамдығы) опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларды пайдаланыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
4. Келесі параметрлердің бірін таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларды пайдаланыңыз.
 - Автоматты
 - 10T Толық
 - 10T Орташа
 - 100TX Толық
 - 100TX Орташа

 **ЕСКЕРІМ:** Параметр сіз қосылатын желілік өнімге (желілік хаб, қосқыш, шлюз, маршруттауыш немесе компьютер) сәйкес келуі қажет.

5. **OK** батырмасын басыңыз. Өнім ажыратылып қайта қосылады.

6 Қағаз және баспа құралдары

- [Басып шығаруға арналған қағаз бен арқауларды пайдалану туралы](#)
- [Қолдау көрсетілетін қағаз және баспа құралдарының өлшемдері](#)
- [Арнайы қағазды немесе басып шығаруға арналған арқауларды пайдалану бойынша ұсынымдар](#)
- [Қағаз және баспа құралдарын салыңыз](#)
- [Науаларды конфигурациялаңыз](#)
- [Науа таңдауды өзгерту](#)

Басып шығаруға арналған қағаз бен арқауларды пайдалану туралы

Осы құрылғы осы пайдаланушы нұсқаулығында баяндалған талаптарға сай келетін түрлі басып шығарғыш арқауларымен жұмыс істеуге арналып жасалған. Аталған талаптарға сай келмейтін қағазды немесе арқауларды пайдалану мынадай салдарға әкеліп соғуы мүмкін:

- басып шығару сапасының төмендеуі;
- қағаздың жиі кептеліп қалуы;
- құрылғының механикалық бөлшектерінің мерзімінен бұрын тозып, соның салдарынан оның жиі жөнделуі;


Ең жоғары нәтиже алу үшін, тек қана HP сауда белгісімен шыққан қағазды және лазерлі принтерлерге арналған немесе әмбебап баспа құралдарды пайдаланыңыз. Ағынша принтерлері үшін жасалған қағазды немесе баспа құралдарын пайдаланбаңыз. Hewlett-Packard компаниясы басқа сауда белгілерімен шыққан баспа құралдарын пайдалану жөнінде ұсыныс жасай алмайды, себебі HP олардың сапасын бақылай алмайды.

Кейбір жағдайларда тіпті осы пайдаланушы нұсқаулығында баяндалған талаптарға сай келетін қағазға басып шығарған кезде де, басып шығару сапасының қанағаттанарлықсыз болуы байқалады. Мұндай қиындық арқауды дұрыс қолданбаудың, қолайсыз температура мен ылғалдылық жағдайында пайдаланудың, сондай-ақ Hewlett-Packard компаниясының бақылауы мүмкін емес басқа да мән-жайлардың салдарынан орын алуы мүмкін.

△ **ЕСКЕРТУ:** HP компаниясы белгілеген талаптарға сай келмейтін арқауды пайдалану басып шығарғыштың зақымдалуына және оны жөндеу қажет болуына әкеліп соғуы мүмкін. Мұндай жөндеуге Hewlett-Packard компаниясының кепілдігі немесе техникалық қызмет көрсету туралы келісімі таралмайды.

Қолдау көрсетілетін қағаз және баспа құралдарының өлшемдері

Осы құрылғы бірқатар қағаз өлшеміне қолдау көрсетеді және ол түрлі құралдарға бейімделеді.

 **ЕСКЕРІМ:** Баспаның ең жоғары нәтижелерін алу үшін басып шығарудың алдында баспа драйверінде сәйкес қағаз өлшемін және түрін таңдаңыз.

Кесте 6-1 Қолдау көрсетілетін қағаз бен баспа құралдарының өлшемдері

Өлшем	Өлшемдер	1-науа	2 және 3-науалар
Хат	216 x 279 мм	✓	✓
Legal стандарты	216 x 356 мм	✓	✓
A4	210 x 297 мм	✓	✓
Executive стандарты	184 x 267 мм	✓	✓
A3	297 x 420 мм		
A5	148 x 210 мм	✓	✓
A6	105 x 148 мм	✓	
B5 (JIS бойынша)	182 x 257 мм	✓	✓
16k	197 x 273 мм	✓	
16k	195 x 270 мм	✓	
16k	184 x 260 мм	✓	
8,5 x 13	216 x 330 мм	✓	✓
4 x 6 ¹	107 x 152 мм	✓	
5 x 8 ¹	127 x 203 мм	✓	
10 x 15 см ¹	100 x 150 мм	✓	
Бейімделген	1-науа: Ең кіші—76 x 127 мм; Ең үлкен—216 x 356 мм	✓	
	2 және 3-науалар: Ең кіші—148 x 210 мм; Ең үлкен—216 x 356 мм		✓

¹ Бұл өлшемдер таңдаулы өлшемдер ретінде қолдаулы.

Кесте 6-2 Қолдау көрсетілетін конверттер мен ашықхаттар

Өлшем	Өлшемдер	1-науа	2 және 3-науалар
№ 10 конверт	105 x 241 мм	✓	Қолдаусыз.

Кесте 6-2 Қолдау көрсетілетін конверттер мен ашықхаттар (жалғасы)

Өлшем	Өлшемдер	1-науа	2 және 3-науалар
DL конверті	110 x 220 мм	✓	Қолдаусыз.
C5 конверті	162 x 229 мм	✓	Қолдаусыз.
B5 конверті	176 x 250 мм	✓	Қолдаусыз.
Мопарч конверті	98 x 191 мм	✓	Қолдаусыз.
Ашықхат	100 x 148 мм	✓	Қолдаусыз.
Қос ашықхат	148 x 200 мм	✓	Қолдаусыз.

Арнайы қағазды немесе басып шығаруға арналған арқауларды пайдалану бойынша ұсынымдар

Осы құрылғы арнайы арқауларға басып шығаруға қолдау көрсетеді. Өте жақсы нәтижеге жету үшін осы ұсынымдарға сүйеніңіз. Арнайы қағазды немесе арқауларды пайдаланған кезде ең жақсы нәтижеге жету үшін олардың түрі мен пішімін басып шығарғыштың драйверінде көрсетіңіз.

- △ **ЕСКЕРТУ:** HP LaserJet басып шығарғыштары жылумен бекіту блогымен жарақталған, ол құрғақ тонерді қағаз бетінде аса ұсақ нүктелер түрінде бекітіп қалдыруға арналған. HP лазерлік басып шығарғыштарына арналған қағаз осындай жоғары температураларға шыдай алады. Бұл технология үшін сиялы басып шығарғыштарға арналған қағазды пайдаланбаған жөн, себебі бұл басып шығарғышқа зиян келтіруі мүмкін.


Арқау түрі	Керек	Керек емес
Конверттер	<ul style="list-style-type: none"> Конверттерді тегіс жерде сақтаңыз. Лазерлік басып шығарғыштарға арналған желімдік негіздегі қорғаныс таспаларын пайдаланыңыз. Лазерлік басып шығарғыштарға арналған желімдік негіздегі қорғаныс таспаларын пайдаланыңыз. 	<ul style="list-style-type: none"> Қыртыстары, саңылаулары бар конверттерді, желімделген конверттерді немесе басқа бүлінген жерлері бар конверттерді пайдаланбаңыз. Қағаз қыстырғыштары, қысқыштары, ойықтары немесе ішкі жабыны бар конверттерді пайдаланбаңыз. Өзі желімделетін таспасы немесе басқа синтетикалық материалдары бар конверттерді пайдаланбаңыз.
Затбелгілер	<ul style="list-style-type: none"> Тек арасындағы жабысқақ астарының ашық жерлері жоқ затбелгілерді пайдаланыңыз. Жайпақ пішінді затбелгілерді пайдаланыңыз. Затбелгілердің тек толық парақтарын пайдаланыңыз. 	<ul style="list-style-type: none"> Бүктелген, бұдырлы жерлері немесе басқа бүлінген жерлері бар затбелгілерді пайдаланбаңыз. Затбелгілердің жартылай парақтарын басып шығармаңыз.
Мөлдір үлдірлер	<ul style="list-style-type: none"> Тек лазерлік басып шығарғыштарға арналған мөлдір үлдірлерді пайдаланыңыз. ӨҚБ құрылғысынан шығарылған мөлдір үлдірлерді тегіс жерге қойыңыз. 	<ul style="list-style-type: none"> Лазерлік басып шығарғыштарға арналмаған мөлдір арқауларды пайдаланбаңыз.
Мөрлі және фирмалық бланктер	<ul style="list-style-type: none"> Тек лазерлік басып шығарғыштарға арналған бланкілерді немесе пішіндерді пайдаланыңыз. 	<ul style="list-style-type: none"> Бедерлі бланктерді және бұдыр кескіндері бар бланктерді пайдаланбаңыз.
Қалың қағаз	<ul style="list-style-type: none"> Тек лазерлік басып шығарғыштарда пайдалануға рұқсат етілген және салмағы бойынша осы құрылғыға арналған талаптарға сай келетін қалың қағазды пайдаланыңыз. 	<ul style="list-style-type: none"> Егер осы құрылғыға арналған ұсынымдарда көрсетілгеннен қалыңырақ қағазды HP компаниясы осы құрылғы үшін пайдалануға рұқсат бермесе, ондай қағазды пайдаланбаңыз.
Жылтыр қағаз немесе жабыны бар қағаз	<ul style="list-style-type: none"> Тек лазерлік басып шығарғыштарға арналған 	<ul style="list-style-type: none"> Сиялы басып шығарғыштарға арналған жылтыр қағаз бен

Арқау түрі	Керек	Керек емес
	жылтыр қағаз бен жабыны бар қағазды пайдаланыңыз.	жабыны бар қағазды пайдаланбаңыз.

Қағаз және баспа құралдарын салыңыз


1-науа

1-науаға қолдану өнімнің алдыңғы жағынан орындалады. Өнім басқа науалардан басып шығарудың алдында 1-науадан басып шығарады.



1-науаға салмағы 75 г/м² немесе баспа құралының 50 парағына дейін немесе бес конверт, он мөлдір үлдір немесе он ашықхат сыяды. 1-науаны бірінші бетті құжаттың қалған бөліктерінен өзгеше баспа құралдарына басып шығару үшін пайдалануға болады.


Баспа құралында қисық (қиғаш) басылуды болдырмау үшін бағыттаушы құрылғылар баспа құралдарының өнімге дұрыс берілуін қамтамасыз етеді. Баспа құралдарын салған кезде бағыттаушы құрылғыларды пайдаланылатын баспа құралдарының еніне сәйкес етіп реттеңіз.




2 немесе 3-науа

2-науа мен қосымша 3-науаға салмағы 75 г/м² қағаздың 250 бетіне дейін немесе ауырлау қағаздан (25 мм немесе кішілеу жиын биіктігі) азырақ бет сыяды. Баспа құралдарының жоғарғы бөлігін алдыңғы жаққа қаратып және басылып шығатын жағын төменге қаратып салыңыз.

Бағыттаушы құрылғылар баспа құралдарының өнімге дұрыс берілуін қамтамасыз етеді және баспа құралында қисық басылуды болдырмайды. 2-науаның бүйір жағында және артқы жағында баспа құралдарды бағыттаушы құрылғылары болады. Баспа құралдарын салған кезде бағыттаушы құрылғыларды пайдаланылатын баспа құралдарының ұзындығына және еніне сәйкес етіп реттеңіз.



 **ЕСКЕРІМ:** Жаңа баспа құралдарын салғанда кіріс науасынан барлық баспа құралдарын алып тастаңыз және жаңа баспа құралдарының жиынын түзетіңіз. Баспа құралдарын желдетпеңіз. Бұл бір уақытта бірнеше парақтардың өнімге берілуінің алдын алып, кептелуді азайтады.

Науаларды конфигурациялаңыз

Науалардың бірін нақты бір қағаз өлшемі үшін пайдаланғанда науаның стандартты өлшемін HP ToolboxFX көмегімен немесе басқару панелінен орнатуға болады. HP ToolboxFX бағдарламасында **Paper handling** (Қағаз салу) опциясын таңдаңыз және науа үшін өлшемді таңдаңыз. Диалог терезесінде басып шығару тапсырмасы үшін қағаздың сол өлшемін таңдағанда басып шығару үшін өнім автоматты түрде сол науаны таңдайды.

Қағаздың стандартты өлшемін немесе түрін басқару панелінен орнату үшін мына қадамдарды орындаңыз.

1. Өнімнің басқару панелінде **Setup (Орнату)** батырмасын басыңыз.
2. **System setup (Жүйені орнату)** опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
3. **Paper setup** (Қағаз орнату) опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
4. Конфигурацияланатын науаны таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
5. **Paper type** (Қағаз түрі) немесе **Paper size** (Қағаз өлшемі) опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
6. Науаның стандартты түрін немесе өлшемін таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.

Науа таңдауды өзгерту

Өнім баспа құралдары бар науалардан автоматты түрде баспа құралдарын алу режиміне орнатылады. Егер 1-науаға баспа құралын салсаңыз, өнім әрқашан 1-науадан баспа құралын алады. Егер 1-науада баспа құралы болмаса, өнім 3-науадан (егер орнатылған болса) баспа құралын алуға әрекет жасайды, содан кейін 2-науадан алуға әрекет жасайды.

Таңдалған науаны өзгерту арқылы пайдаланғыңыз келетін науаны көрсетуге болады. **Auto select** (Автоматты түрде таңдау), **Tray 1** (1-науа), **Tray 2** (2-науа) және **Tray 3** (3-науа) параметрлерін пайдалануға болады. **Auto select** (Автоматты түрде таңдау) режимінде салынған баспа құралдары сәйкес келетін бірінші науадан алынады.

 **ЕСКЕРІМ:** **Tray 3** (3-науа) опциясын 3-науа орнатылған болса ғана пайдалануға болады.

Ағымдағы тапсырма үшін таңдалған науаны өзгертіңіз

1. Өнімнің басқару панелінде **Tray Select** (Науа таңдау) батырмасын басыңыз.
2. Пайдаланғыңыз келетін кіріс науасын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз.
3. Таңдауды сақтау үшін **Start Copy (Көшіруді бастау)** батырмасын басыңыз және дереу көшіру тапсырмасын бастаңыз немесе тапсырманы бастамай таңдауды сақтау үшін **OK** батырмасын басыңыз.

Стандартты науа сақтауды өзгертіңіз

1. Өнімнің басқару панелінде **Setup (Орнату)** батырмасын басыңыз.
2. **Copy setup (Көшірме орнату)** опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларды пайдаланыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
3. Бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланып **Def. Tray Select** (Стандартты науа таңдау) опциясын таңдаңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
4. Бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланып стандартты науа параметрін таңдаңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.

7 Баспа тапсырмалары

Бұл бөлімде жалпы баспа тапсырмалары туралы мәліметтер беріледі.

- [Баспа құралының түрі мен өлшеміне сәйкестендіру үшін басып шығару драйверін өзгерту](#)
- [Кез келген баспа опциясы үшін анықтама алу](#)
- [Басып шығару тапсырмасын тоқтату](#)
- [Буклеттер жасау](#)
- [Баспа сапасы параметрлерін өзгерту](#)
- [Басып шығару тығыздығын өзгерту](#)
- [Арнайы баспа құралдарында басып шығарыңыз](#)
- [Түрлі қағаз бен басу мұқабаларын пайдалану](#)
- [Бірінші бетті таза шығару](#)
- [Құжаттар өлшемдерін өзгерту](#)
- [Қағаз өлшемін таңдау](#)
- [Қағаз көзін таңдау](#)
- [Қағаз түрін таңдау](#)
- [Баспа бағытын орнату](#)
- [Су таңбаларын пайдаланыңыз](#)
- [Тонерді үнемдеу](#)
- [Windows жүйесінде басып шығару сілтемелерін жасаңыз және пайдаланыңыз](#)
- [Қағаздың екі жағына басып шығару \(дуплекстік басып шығару\)](#)
- [Windows жүйесінде қағаздың бір парағында бірнеше беттерді басып шығару](#)
- [Үнемдеу параметрлері](#)
- [Қаріптер](#)



ЕСКЕРІМ: Осы тарауда сипатталған қызметтердің көпшілігін HP ToolboxFX көмегімен де орындауға болады. Нұсқаулар алу үшін HP ToolboxFX онлайн режиміндегі Анықтаманы қараңыз.

Баспа құралының түрі мен өлшеміне сәйкестендіру үшін басып шығару драйверін өзгерту

Баспа құралдарын түрі мен өлшемі бойынша таңдау баспа сапасын ауыр қағаз, жылтыр қағаз және мөлдір үлдірлер үшін едәуір жақсартады. Қате параметрді пайдалану баспаның қанағаттанарлықсыз сапасына алып келуі мүмкін. Өрқашан жапсырмалар немесе мөлдір үлдірлер сияқты таңдаулы баспа құралдары үшін **Type** (Түр) бойынша басып шығарыңыз. Конверттер үшін өрқашан **Size** (Өлшем) бойынша басып шығарыңыз.

1. Бағдарламалық құралдың **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Басып шығару) батырмасын таңдаңыз.
2. Драйверді таңдап, одан кейін **Properties** (Қасиеттер) немесе **Preferences** (Таңдаулылар) батырмасын басыңыз.
3. **Paper/Quality** (Қағаз/Сапа) жиебелгісін таңдаңыз.
4. **Paper Type** (Қағаз түрі) немесе **Paper Size** (Қағаз өлшемі) тізім терезесінде баспа құралының дұрыс түрін немесе өлшемін таңдаңыз.
5. **OK** таңдаңыз.

Қолдау көрсетілетін қағаз түрлері және науа сыйымдылығы

Осы құрылғының науаларына баспа құралдары төмендегідей тәртіппен беріледі:

1. 1-науа (егер ашық болса)
2. 2-науа
3. Қосымша 3-науа (егер қосылған болса)

Баспа құралдарының ең кіші өлшемдері 76 x 127 мм.

Баспа құралдарының ең үлкен өлшемдері 216 x 356 мм.

Басып шығару нәтижелері барынша жақсы болу үшін басып шығарар алдында принтер драйверіндегі қағаз өлшемдері мен қағаз түрінің параметрлерін өзгертіңіз.

Түрі	Құралдарға қойылатын талаптар	1-науа сыйымдылығы ¹	2-науа және қосымша 3-науа сыйымдылығы ²
Қарапайым	75 г/м ² — 104 г/м ²	50 параққа дейін	250 параққа дейін
Түсті			
Алдын ала басып шығарылған			
Алдын ала тесілген			
Қайта пайдаланылған			
Жеңіл	60 г/м ² — 75 г/м ²	50 параққа дейін	250 параққа дейін
Конверттер	90 г/м ² аспайды	5 конвертке дейін	Қолдау көрсетілмейді.
Затбелгілер	Стандартты	10 параққа дейін	Қолдау көрсетілмейді.
Мөрлі қағаз	75 г/м ² — 104 г/м ²	10 параққа дейін	250 параққа дейін

Түрі	Құралдарға қойылатын талаптар	1-науа сыйымдылығы ¹	2-науа және қосымша 3-науа сыйымдылығы ²
Қалың	75 г/м ² — 104 г/м ²	10 параққа дейін	200 параққа дейін
Мөлдір үлдірлер	4 мм Монохромды, үстіңгі проекторларға арналған	10 параққа дейін	Қолдау көрсетілмейді.
Орташа салмақ	95 г/м ² -110 г/м ²	10 параққа дейін	200 параққа дейін
Ауыр	110 г/м ² -125 г/м ²	10 параққа дейін	Қолдау көрсетілмейді.
Өте ауыр	125 г/м ² -176 г/м ²	10 параққа дейін	Қолдау көрсетілмейді.
Фирмалық бланк	75 г/м ² — 104 г/м ²	10 параққа дейін	250 параққа дейін

¹ 1-науа үшін ең жоғары жиын биіктігі 5 мм.

² 2-науа үшін ең жоғары жиын биіктігі 25 мм.

Кез келген баспа опциясы үшін анықтама алу


Принтер-драйвер Анықтамасы бағдарлама анықтамасынан бөлек болады. Принтер-драйвер анықтамасында принтер драйверіндегі түймелердің, белгі қойылатын ұяшықтардың және жайылып түсетін тізімдердің түсіндірмелері беріледі. Сонда-ақ, оның ішіне парақтың екі жағына басып шығару, бір параққа бірнеше бет басып шығару және бірінші бетті не мұқабаны басқа бір қағаз түріне басып шығару сияқты жалпы баспа тапсырмалары бойынша нұсқаулар кіреді.

Принтер-драйвер Анықтамасының терезелерін келесі жолдардың бірі арқылы іске қосыңыз:

Windows	Macintosh
<ul style="list-style-type: none">• Принтер драйверінің Properties (Қасиеттер) диалогтық терезесіндегі Help (Анықтама) түймесін басыңыз.• Компьютер пернетақтасындағы F1 түймесін басыңыз.• Принтер драйверінің жоғарғы оң жақ бұрышындағы сұрақ белгісін басыңыз.• Драйвердегі кез келген бір нәрсенің үстінен тінтуірдің оң жақ түймесімен басып, содан кейін What's This? (Бұл не?) деген жазуды басыңыз.	<p>Print (Басып шығару) диалогтық терезесіндегі ? түймесін басыңыз.</p>

Басып шығару тапсырмасын тоқтату

Егер баспа тапсырмасы орындалып жатқан болса, оны өнімнің басқару панеліндегі **Cancel (Тоқтату)** батырмасын басу арқылы тоқтатыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** **Cancel (Тоқтату)** батырмасы басылғанда өнімдегі орындалып жатқан баспа тапсырмасы тоқтайды. Егер бірнеше процесс орындалып жатқан болса (мысалы, өнімнің құжатты басып шығаруы және факс қабылдауы), **Cancel (Тоқтату)** батырмасын басқанда өнімнің басқару панелінде көрініп тұрған процесс тоқтатылады.

Сонымен қатар басып шығару тапсырмасын бағдарламадан немесе басып шығару тапсырмаларының кезегінен де тоқтатуға болады.

Баспа тапсырмасын дереу тоқтату үшін өнімнен қалған баспа құралдарын шығарып алыңыз. Басып шығару тоқтаған соң мына опциялардың бірін пайдаланыңыз:

- **Device control panel:(Құрылғының басқару панелі:)** Баспа тапсырмасын тоқтату үшін өнімнің басқару панеліндегі **Cancel (Тоқтату)** батырмасын басыңыз және жіберіңіз.
- **Software program: (Бағдарлама:)** Әдетте компьютер экранында қысқа уақыт ішінде диалог терезесі көрінеді, ол арқылы баспа тапсырмасын тоқтатуға болады.
- **Windows print queue: (Windows баспа тапсырмаларының кезегі:)** Егер баспа тапсырмасы кезекте тұрған болса (компьютер жадында) немесе баспа спулерінде болса, тапсырманы сонда жойыңыз.
 - **Windows 2000: Printer** (Принтер) диалог терезесіне барыңыз. **Start** (Бастау), **Settings** (Параметрлер) және **Printers** (Принтерлер) опцияларын таңдаңыз. Терезені ашу үшін өнім белгішесін екі рет басыңыз, баспа тапсырмасын таңдаңыз, содан кейін **Delete** (Жою) батырмасын басыңыз.
 - **Windows XP: Start** (Бастау), **Settings** (Параметрлер) және **Printers and Faxes** (Принтерлер және факстар) опцияларын таңдаңыз. Терезені ашу үшін өнім белгішесін екі рет басыңыз, тоқтатқыңыз келетін баспа тапсырмасын тінтуірдің оң жақ батырмасымен басыңыз, содан кейін **Cancel** (Тоқтату) опциясын таңдаңыз.
 - **Windows Vista: Start** (Бастау), **Control Panel** (Басқару панелі) опцияларын таңдаңыз, содан кейін **Hardware and Sound** (Аппараттық құралдар және дыбыс) опциясының астындағы **Printer** (Принтер) батырмасын басыңыз. Терезені ашу үшін өнім белгішесін екі рет басыңыз, тоқтатқыңыз келетін баспа тапсырмасын тінтуірдің оң жақ батырмасымен басыңыз, содан кейін **Cancel** (Тоқтату) опциясын таңдаңыз.
- **Macintosh print queue: (Macintosh жүйесіндегі баспа тапсырмаларының кезегі:)** Доктағы өнім белгішесін екі рет басу арқылы баспа тапсырмаларының кезегін ашыңыз. Баспа тапсырмасын таңдаңыз, содан кейін **Delete** (Жою) батырмасын басыңыз.

Буклеттер жасау

Екі бетті бір параққа басып шығарып, содан кейін парақтарды ортасынан бүктеп, буклет жасауыңызға болады. Құрылғы беттерді дұрыс тәртіппен реттейді. Мысалы, егер түпнұсқа құжатта сегіз бет болса, құрылғы 1-бет пен 8-бетті бір параққа басып шығарады.

1. Бағдарламадағы **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Басып шығару) командасын басыңыз.
2. Драйверді таңдап, содан кейін **Properties** (Қасиеттер) немесе **Preferences** (Артықшылықтар) тармағын басыңыз.
3. **Finishing** (Аяқтау) жиекбелгісін басыңыз.
4. **Print On Both Sides** (Екі жағына басып шығару) тармағын таңдаңыз.
5. Төменге жайылып түсетін **Booklet Layout** (Буклет схемасы) ұясынан **Left Edge Binding** (Сол жағынан түптеу) не **Right Edge Binding** (Оң жағынан түптеу) тармағын таңдаңыз. **Pages per Sheet** (Бір парақтағы беттер саны) параметрі өздігінен бір параққа 2 бет болып өзгереді.
6. **OK** басыңыз.

Баспа сапасы параметрлерін өзгерту

1. Бағдарламалық құралдың **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Басып шығару) батырмасын таңдаңыз.
2. **Paper/Quality** (Қағаз/сапа) жиекбелгісінде төменге жайылып түсетін **Print Quality** (Баспа сапасы) мәзірінен өзіңізге керекті ажыратымдылық немесе баспа сапасы параметрлерін таңдаңыз.
3. **OK** басыңыз.

Басып шығару тығыздығын өзгерту


Өнімнің басқару панелінде баспа тығыздығын арттыру беттегі баспаны қарайтады.

1. Өнімнің басқару панелінде **Setup (Орнату)** батырмасын басыңыз.
2. **System setup (Жүйені орнату)** опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларды пайдаланыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
3. **Print Density (Баспа тығыздығы)** опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларды пайдаланыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
4. Тығыздық параметрін көбейту немесе азайту үшін бағыт көрсеткіш батырмаларды пайдаланыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.


Арнайы баспа құралдарында басып шығарыңыз

Пайдаланылатын қағаз немесе баспа құралдары HP компаниясының техникалық талаптарына сәйкес болуы керек. Жалпы алғанда, қағаз жылтырлау болса, нәтижелері де сәйкесінше жоғарылау болады.

1. Кіріс науасын ашып, барлық баспа құралдарын шығарыңыз.



2. Баспа құралдарын салыңыз. Баспа құралдарының жоғарғы бөлігі алдыңғы жаққа қаратылады және басылатын бет жағы жоғары жаққа қарауы тиіс.
3. Бағыттаушы құрылғыларды баспа құралдарының ұзындығына және еніне сәйкес етіп реттеңіз.



4. Принтер драйверінде, **Paper** (Қағаз) немесе **Paper/Quality** (Қағаз/Сапа) жиекбелгісінде **Paper Type** (Қағаз түрі) ашылатын тізімінен баспа құралының түрін таңдаңыз.

△ **ЕСКЕРТУ:** Өнім параметрлерінде баспа құралының дұрыс түрінің орнатылуын тексеріңіз. Өнім термофиксатордың температурасын баспа құралының түріне байланысты реттейді. Мөлдір үлдірлер немесе жапсырмалар сияқты таңдаулы баспа құралдарына басып шығарған кезде мұндай реттеу термофиксатордың баспа құралдарды өнімнен өткенде зақымдауын болдырмайды.

5. Құжатты басып шығарыңыз.

Түрлі қағаз бен басу мұқабаларын пайдалану

Осы нұсқаны басып шығарылатын өзге беттерден ерекшеленетін бірінші бетту басып шығару үшін пайдаланыңыз.

1. Бағдарламалық құралдың **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Басып шығару) батырмасын таңдаңыз.
2. Драйверді таңдап, одан кейін **Properties** (Қасиеттер) немесе **Preferences** (Таңдаулылар) батырмасын басыңыз.
3. **Paper/Quality** (Қағаз/Сапа) жиебелгісін таңдаңыз.
4. **Special pages** (Арнайы беттер) тізімі терезесінен **Print pages on different paper** (Беттерді түрлі парақтарға басып шығару) батырмасын таңдаңыз.
5. **Settings** (Параметрлерді) таңдаңыз.
6. Ерекше беттерді түрлі қағаздарға басып шығару үшін пайдаланғыңыз келетін параметрлерді таңдаңыз. **Add** (Қосу) батырмасын таңдаңыз.
7. **OK** батырмасын таңдаңыз **Paper/Quality** (Қағаз/Сапа) жиебелгісіне оралу үшін.
8. **OK** таңдаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Парақ өлшемдері басып шығарылатын барлық беттер үшін бірдей болуы тиіс.

Бірінші бетті таза шығару

1. Бағдарламалық құралдың **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Басып шығару) батырмасын таңдаңыз.
2. Драйверді таңдап, одан кейін **Properties** (Қасиеттер) немесе **Preferences** (Таңдаулылар) батырмасын басыңыз.
3. **Paper/Quality** (Қағаз/Сапа) жиекбелгісін таңдаңыз.
4. **Special pages** (Арнайы беттер) тізім терезесінен **Covers** (Мұқаба) тармағын таңдаңыз.
5. **Settings** (Параметрлерді) таңдаңыз.
6. Таза немесе алдын-ала басылған беттерді қосу үшін пайдаланғыңыз келетін параметрлерді таңдаңыз. **Add** (Қосу) батырмасын таңдаңыз.
7. **OK** батырмасын таңдаңыз **Paper/Quality** (Қағаз/Сапа) жиекбелгісіне оралу үшін.
8. **OK** таңдаңыз.

Құжаттар өлшемдерін өзгерту

Құжат масштабын оның қалыпты өлшеміне пайыздық қатынаста өзгерту үшін құжат өлшемін өзгерту опциясын пайдаланыңыз. Оған қоса Сіз құжатты түрлі өлшемді қағазға масштабтаумен немесе масштабтаусыз басып шығаруды таңдай аласыз.

Құжат өлшемін кішірейту немесе кеңейту

1. Бағдарламалық құралдың **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Басып шығару) батырмасын таңдаңыз.
2. Драйверді таңдап, одан кейін **Properties** (Қасиеттер) немесе **Preferences** (Таңдаулылар) батырмасын басыңыз.
3. **Effects** (Әсерлер) жиекбелгісінде, **% of actual size** (нақты өлшем %) опциясын таңдаңыз, содан кейін құжатты үлкейту немесе кішірейту пайызын енгізіңіз.

Оған қоса Сіз пайыздық мөлшерді көрсету үшін айналдыру жолағын пайдалана аласыз.

4. **OK** таңдаңыз.

Құжатты өзгеше өлшемдегі қағазда басып шығару

1. Бағдарламалық құралдың **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Басып шығару) батырмасын таңдаңыз.
2. Драйверді таңдап, одан кейін **Properties** (Қасиеттер) немесе **Preferences** (Таңдаулылар) батырмасын басыңыз.
3. **Effects** (Әсерлер) жиекбелгісіндегі **Print Document On** (Құжатты Басып Шығару) батырмасын басыңыз.
4. Басып шығарылатын қағаз өлшемін таңдаңыз.
5. Құжатты бетке сиғызу мақсатымен масштабтаусыз басып шығару үшін **Scale to Fit** (Бетке сиғызу үшін масштабтау) опциясы *қосылмағандығына* көз жеткізіңіз.
6. **OK** таңдаңыз.

Қағаз өлшемін таңдау

1. Бағдарламалық құралдың **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Басып шығару) батырмасын таңдаңыз.
2. Драйверді таңдап, одан кейін **Properties** (Қасиеттер) немесе **Preferences** (Таңдаулылар) батырмасын басыңыз.
3. **Paper/Quality** (Қағаз/Сапа) жиекбелгісіндегі **Paper Size** (Қағаз өлшемі) тізімінен өлшемді таңдаңыз.
4. **OK** батырмасын басыңыз.

Қағаз көзін таңдау

1. Бағдарламалық құралдың **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Басып шығару) батырмасын таңдаңыз.
2. Драйверді таңдап, одан кейін **Properties** (Қасиеттер) немесе **Preferences** (Таңдаулылар) батырмасын басыңыз.
3. **Paper/Quality** (Қағаз/Сапа) жиекбелгісіндегі **Paper Source** (Қағаз көзі) тізімінен қағаз көзін таңдаңыз.
4. **OK** батырмасын басыңыз.

Қағаз түрін таңдау

1. Бағдарламалық құралдың **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Басып шығару) батырмасын таңдаңыз.
2. Драйверді таңдап, одан кейін **Properties** (Қасиеттер) немесе **Preferences** (Таңдаулылар) батырмасын басыңыз.
3. **Paper/Quality** (Қағаз/Сапа) жиекбелгісіндегі **Paper Type** (Қағаз түрі) тізімінен қағаз түрін таңдаңыз.
4. **OK** батырмасын басыңыз.

Баспа бағытын орнату

1. Бағдарламалық құралдың **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Басып шығару) батырмасын таңдаңыз.
2. Драйверді таңдап, одан кейін **Properties** (Қасиеттер) немесе **Preferences** (Таңдаулылар) батырмасын басыңыз.
3. **Finishing** (Аяқтау) жиекбелгісінде, **Portrait** (Портрет) немесе **Landscape** (Ландшафт) опциясын **Orientation** (Бағыт) бөлімінде таңдаңыз.
4. **OK** батырмасын басыңыз.

Су таңбаларын пайдаланыңыз

Су таңбасы бұл құжаттың әрбір бетінің фонында басылатын «Құпия» сияқты ескерту болып табылады.

1. Бағдарламадағы **File** (Файл) мәзірінде **Print** (Басып шығару) түймесін басыңыз.
2. Драйверді таңдаңыз, сонан соң **Properties** (Қасиеттер) немесе **Preferences** (Артықшылықтар) түймесін басыңыз.
3. **Effects** (Әсерлер) жиекбелгісінен **Watermarks** (Су таңбалары) ашылатын тізімді басыңыз.
4. Пайдаланғыңыз келетін су таңбасын басыңыз. Жаңа су таңбасын жасау үшін **Edit** (Түзету) түймесін басыңыз.
5. Егер су таңбасының құжаттың тек қана бірінші бетінде болуын қаласаңыз, **First Page Only** (Тек қана бірінші бет) түймесін басыңыз.
6. **OK** түймесін басыңыз.

Су таңбасын алып тастау үшін, **Watermarks** (Су таңбалары) ашылатын тізімдегі **(none)** (жоқ) түймесін басыңыз.

Тонерді үнемдеу

1. Бағдарламалық құралдың **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Басып шығару) батырмасын таңдаңыз.
2. Драйверді таңдап, одан кейін **Properties** (Қасиеттер) немесе **Preferences** (Таңдаулылар) батырмасын басыңыз.
3. **Paper/Quality** (Қағаз/Сапа) жиекбелгісінде **EconoMode** (Үнемдеу режимі) опциясын таңдаңыз.
4. **OK** батырмасын басыңыз.

Windows жүйесінде басып шығару сілтемелерін жасаңыз және пайдаланыңыз


Ағымды драйверлердің параметрлерін қайта пайдалану мақсатымен сақтау үшін басып шығару сілтемелерін пайдаланыңыз. Сілтемелер көптеген принтер-драйвер жиекбелгілерінде бар. Сіз 25 дейін басып шығару сілтемесін құра аласыз.

Басып шығару сілтемесін құру

1. Бағдарламалық құрал ішіндегі **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Басып шығару) батырмасын таңдаңыз.
2. Драйверді таңдап, одан кейін **Properties** (Қасиеттер) немесе **Preferences** (Таңдаулылар) батырмасын басыңыз.
3. **Printing Shortcuts** (Басып шығару сілтемелері) жиекбелгісінде өзіңіз қалаған басып шығару параметрлерін таңдаңыз. **Save As** (түрінде сақтау) батырмасын басыңыз.
4. **Printing Shortcuts** (Басып шығару Сілтемелері) бөлімінде сілтеме атауын теріңіз.
5. **OK** таңдаңыз.

Басып шығару сілтемелерін пайдаланыңыз

1. Бағдарламалық құрал ішіндегі **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Басып шығару) батырмасын таңдаңыз.
2. Драйверді таңдап, одан кейін **Properties** (Қасиеттер) немесе **Preferences** (Таңдаулылар) батырмасын басыңыз.
3. **Printing Shortcuts** (Басып шығару сілтемелері) жиекбелгісінде, пайдаланғыңыз келетін сілтемені **Printing shortcuts** (Басып шығару сілтемелері) терезесінен таңдаңыз.
4. **OK** таңдаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Принтер драйверінің стандартты параметрлерін пайдалану үшін **Factory Defaults** (Зауыттық стандартты параметрлер) опциясын таңдаңыз.

Қағаздың екі жағына басып шығару (дуплекстік басып шығару)

Автоматты дуплексті басып шығаруды пайдалану

1. Науалардың біріне баспа тапсырмасына жететіндей етіп қағаз салыңыз. Бланк сияқты арнайы қағаз салғанда, оны мына әдістердің бірін пайдаланып салыңыз:
 - 1-науа үшін, бланк қағазының бет жағын жоғарыға қаратып, төменгі шетін алдымен салыңыз.
 - Барлық басқа науалар үшін, бланк қағазының бет жағын төменге қаратып, жоғарғы шетін науаның артқы жағында қойып салыңыз.
-
- △ **ЕСКЕРТУ:** Кептелуді болдырмау үшін 105 г/м² қағазынан ауыр қағаз салмаңыз.
2. Бағдарламалық құралдың **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Басып шығару) батырмасын таңдаңыз.
 3. Драйверді таңдап, одан кейін **Properties** (Қасиеттер) немесе **Preferences** (Таңдаулылар) батырмасын басыңыз.
 4. **Finishing** (Аяқтау) жиекбелгісінде **Print on both sides** (Екі жағында басып шығару) опциясын таңдаңыз.
 - Егер қажет болса, беттердің аударылу әдісін өзгерту үшін **Flip pages up** (Беттерді жоғары аудару) опциясын таңдаңыз немесе **Booklet layout** (Буклеттік орналасу) тізім терезесінде бекіту әдісін таңдаңыз.
 5. **OK** батырмасын басыңыз.


Қолмен екі жағына басып шығару

1. Науалардың біріне басып шығару тапсырмасына жететіндей етіп қағаз салыңыз. Бланк сияқты арнайы қағаз салғанда, оны мына әдістердің бірін пайдаланып салыңыз:
 - 1-науа үшін, бланк қағазының бет жағын төменге қаратып, төменгі шетін алдымен салыңыз.
 - Барлық басқа науалар үшін, бланк қағазының бет жағын жоғарыға қаратып, жоғарғы шетін науаның артқы жағында қойып салыңыз.
-
- △ **ЕСКЕРТУ:** Кептелуді болдырмау үшін 105 г/м² қағазынан ауыр қағаз салмаңыз.
2. Бағдарламалық құралдың **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Басып шығару) батырмасын таңдаңыз.
 3. Драйверді таңдап, одан кейін **Properties** (Қасиеттер) немесе **Preferences** (Таңдаулылар) батырмасын басыңыз.
 4. **Finishing** (Аяқтау) жиекбелгісінде, **Correct order for straight paper path** (Қағаз өту жолының дұрыс тәртібі) опциясын таңдаңыз, **Print on both sides (manually)** (Екі жағына басып шығару (қолмен)) опциясын таңдаңыз, содан кейін артқы шығыс қалтасының есігін ашыңыз.
 5. **OK** батырмасын басыңыз.
 6. Баспа тапсырмасын өнімге жіберіңіз. Екінші жағына басып шығару үшін шыққан жиынды 1-науаға беруден алдын уақытша шығатын терезедегі нұсқауларды орындаңыз.

7. Өнімге барыңыз. 1-науадағы барлық бос қағазды алыңыз. Жиынды басып шығарылған жағын жоғарыға қаратып салыңыз, қағаздың төменгі шеті өнімге бірінші беріледі. Екінші жағын 1-науадан басып шығару керек.
8. Жалғастыру үшін басқару панелінде **OK** батырмасын басыңыз.

Windows жүйесінде қағаздың бір парағында бірнеше беттерді басып шығару

Сіз бір параққа қағазға бір беттен көбін басып шығара аласыз.



1. Бағдарламалық құралдың **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Басып шығару) батырмасын таңдаңыз.
2. Драйверді таңдап, одан кейін **Properties** (Қасиеттер) немесе **Preferences** (Таңдаулылар) батырмасын басыңыз.
3. **Finishing** (Аяқтау) жиекбелгісін таңдаңыз.
4. **Pages per sheet** (Бет/парақ) ашылатын тізімінде әр парақта басып шығарылатын бет санын таңдаңыз (1, 2, 4, 6, 9, немесе 16).
5. Егер бет саны 1-ден көп болса, **Print page borders** (Бет жиектерін басып шығару) және **Page order** (Бет тәртібі) үшін дұрыс параметрлер таңдаңыз.
 - Егер Сіз бет бағытын өзгерткіңіз келетін болса, **Portrait** (Портрет) немесе **Landscape** (Ландшафт) белгісін таңдаңыз.
6. **OK** батырмасын таңдаңыз. Өнім ендігі өзіңіз таңдағана әр параққа басылатын бет санын орнатты.

Үнемдеу параметрлері

EconoMode (Үнемдеу режимі)

Өнімнің принтер драйверіндегі EconoMode (Үнемдеу режимі) тонерді үнемдейді. EconoMode (Үнемдеу режимі) пайдалану туралы нұсқаулар алу үшін [Тонерді үнемдеу 86-бетте](#) қараңыз.

Архивтік баспа

Архивтік баспа тонердің жайылуын және шаң пайда болуды азайтады. Архивтік баспаны сақталатын немесе архивте тұратын құжаттарды басу үшін пайдаланыңыз.

1. Өнімнің басқару панелінде **Setup (Орнату)** батырмасын басыңыз.
2. Бағыт көрсеткіш батырманы **Service (Қызмет)** таңдау үшін пайдаланып, одан кейін **OK** басыңыз.
3. **Archive print** (Архивтік баспа) опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларды пайдаланыңыз, **On (Қосу)** немесе **Off (Ажырату)** опциясын таңдаңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.

Қаріптер

Қаріптерді таңдау

Өнім қаріптерін өзгерту үшін HP ToolboxFX бағдарламасын пайдаланыңыз, **Print Settings** (Баспа параметрлері) жиекбелгісін таңдаңыз, содан кейін **PCL5e** бетін таңдаңыз. Өзгертулерді сақтау үшін **Apply** (Қолдану) батырмасын басыңыз.

Пайдалануға болатын қаріптердің тізімдерін басып шығару

Өнімнің басқару панелінен пайдалануға болатын қаріптердің тізімдерін басып шығарыңыз. [Ақпараттық беттер 184-бетте](#) қараңыз.

8 Көшіру

- [Түпнұсқаларды салу](#)
- [Көшірмені пайдаланыңыз](#)
- [Көшіру параметрлері](#)
- [Кітапты көшіру](#)
- [Фотосуреттерді көшіру](#)
- [Түрлі өлшемді түпнұсқаларды көшіру](#)
- [Дуплексті \(екі жақты\) көшіру тапсырмалары](#)

Түпнұсқаларды салу


Құжаттарды автоматты түрде беру құрылғысы (ADF)

- 📄 **ЕСКЕРІМ:** ADF сыйымдылығы 80 г/м² немесе 20 фунт баспа құралдарының 50 парағына дейін.
- △ **ЕСКЕРТУ:** Өнімнің зақымдалуын болдырмау үшін түзету таспасы, түзету сұйықтығы, қағаз қыстырғыштары немесе қапсырмалары бар түпнұсқаны пайдаланбаңыз. Құжаттарды автоматты беру құрылғысына фотосуреттерді, кішкентай түпнұсқаларды немесе сынғыш түпнұсқаларды салмаңыз. Бұл заттарды сканерлеу үшін планшетті шыныны пайдаланыңыз.

1. Түпнұсқалар жиынының жоғарғы жағын құжаттарды автоматты түрде беру құрылғысының кіріс науасына салыңыз. Баспа құралдарының бет жағы жоғарыға қарап орналасады және бірінші болып басылып шығатын бет жиынның жоғарғы жағында орналасады.


Егер баспа құралы хат немесе А4 қағаз өлшемінен ұзындау болса, оны ұстап тұру үшін құжаттарды автоматты түрде беру құрылғысының кіріс науасының ұзартқышын тартыңыз.

2. Құжаттарды автоматты түрде беру құрылғысына жиынды ары қарай жылжымайтын болғанша ысырыңыз.



Document loaded (Құжат салынды) деген хабар басқару панелінің дисплейінде көрінеді.

3. Бағыттаушы құрылғыларды баспа құралдарымен тақалғанша реттеңіз.




Планшетті сканер

- 📄 **ЕСКЕРІМ:** Хат өлшемі планшетті сканерлеу үшін ең үлкен өлшем болып табылады. Хат өлшемінен үлкенірек баспа құралдарын сканерлеу үшін құжаттарды автоматты түрде беру құрылғысын пайдаланыңыз.

1. Құжаттарды автоматты түрде беру құрылғысында (ADF) баспа құралдарының жоқтығын тексеріңіз.
2. Планшетті сканердің қақпағын көтеріңіз.

3. Түпнұсқа құжатты планшетті сканерге бет жағын төменге қаратып қойыңыз. Құжаттың жоғарғы сол жақ бұрышы сканерде белгішемен көрсетілетін жерде орналасуы тиіс.



4. Қақпақты ақырын жабыңыз.

Көшірмені пайдаланыңыз

Бір рет басу арқылы көшіру


1. Құжатты планшетті сканерге немесе құжаттарды автоматты беру құрылғысының (ADF) кіріс наусына салыңыз.
2. Көшіруді бастау үшін өнімнің басқару панелінде **Start Copy (Көшіруді бастау)** батырмасын басыңыз.
3. Процесті әрбір көшірме үшін қайталаңыз.

Бірнеше көшірме

Көшірмелердің стандартты саны 1 мен 99 арасындағы кез келген сан болатындай етіп таңдауға болады.


Ағымдағы тапсырма үшін көшірмелер санын өзгертіңіз

1. Өнімнің басқару панелінде **# of Copies** (Көшірмелер саны) батырмасын басыңыз.
2. Ағымды тапсырма үшін көшірмелер санын (1 мен 99 арасында) енгізу үшін әріптік-сандық батырмаларды пайдаланыңыз.
3. Көшіру тапсырмасын бастау үшін **Start Copy (Көшіруді бастау)** батырмасын басыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Параметрдегі өзгеріс көшіру тапсырмасы біткен соң шамамен 2 минут ішінде жарамды болып қалады. Осы уақыт ішінде **Custom settings** (Таңдамалы параметрлер) өнімнің басқару панелінің дисплейінде көрінеді.


Көшірмелердің стандартты санын өзгертіңіз

1. Өнімнің басқару панелінде **Setup (Орнату)** батырмасын басыңыз.
2. **Copy setup (Көшірме орнату)** опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
3. Бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланып **Def. # of copies** (Көшірмелердің стандартты саны) опциясын таңдаңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
4. Көшірмелердің стандартты санын (1 мен 99 арасында) енгізу үшін әріптік-сандық батырмаларды пайдаланыңыз.
5. Таңдауды сақтау үшін **OK** батырмасын басыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Көшірмелер санының зауыттық стандартты мәні **1** тең.

Көшіру тапсырмасынан бас тарту


Көшіру тапсырмасын тоқтату үшін өнімнің басқару панелінде **Cancel (Тоқтату)** батырмасын басыңыз. Егер бірнеше процестер орындалып жатқан болса, **Cancel (Тоқтату)** батырмасын басу өнімнің басқару панелінің дисплейінде ағымдағы уақытта көрініп тұрған процесті жояды.

 **ЕСКЕРІМ:** Көшіру тапсырмасын тоқтатсаңыз, планшетті сканердегі немесе құжаттарды автоматты беру құрылғысындағы құжатты алыңыз.

Көшірмелерді үлкейту немесе кішірейту


Ағымдағы тапсырма үшін көшірмелерді кішірейту немесе үлкейту

1. Өнімнің басқару панелінде **Reduce/Enlarge** (Кішірейту/Үлкейту) батырмасын басыңыз.
2. Осы тапсырмадағы көшірмелерді үлкейту немесе кішірейту үшін өлшемді таңдаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Егер **Custom: 25-400%** (Таңдамалы 25-400%) таңдасаңыз, пайызды әріптік-сандық батырмалар көмегімен енгізіңіз.


Егер **2 pages/sheet** (2 бет/параққа) немесе **4 pages/sheet** (4 бет/параққа) опциясын таңдасаңыз, бағытты (портрет немесе ландшафт) таңдаңыз.

3. Таңдауды сақтау үшін **Start Copy (Көшіруді бастау)** батырмасын басыңыз және дереу көшіру тапсырмасын бастаңыз немесе тапсырманы бастамай, таңдауды сақтау үшін **OK** батырмасын басыңыз.


 **ЕСКЕРІМ:** Параметрлердегі өзгертулер көшірме тапсырмасы орындалғаннан кейін мөлшермен 2 минут бойы белсенді болады. Бұл уақыт барысында өнімнің басқару панелінің дисплейіне **Custom settings** (Таңдамалы параметрлер) шығарылады.

Сіз баспа құралының кіріс науасындағы баспа құралының стандартты өлшемін сәйкес шығару өлшеміне өзгертуіңіз тиіс, болмаған жағдайда көшірмеңіздің бір бөлігі қиылып қалуы мүмкін.

Стандартты көшірме өлшемін реттеу

 **ЕСКЕРІМ:** Стандартты көшірме өлшемі болып көшірмелері қалыпты кішірейтілген немесе кеңейтілген көшірмелер табылады. Егер сіз **Original=100%** (Түпнұсқа=100%) параметрінің зауыттық стандартты өлшемін қалдырсаңыз, барлық көшірме өлшемі түпнұсқа өлшеміне тең болады.

1. **Setup (Орнату)** басыңыз.
2. Бағыт көрсеткіш батырманы **Copy setup (Көшірме орнату)** таңдау үшін пайдаланып, одан кейін **OK** басыңыз.
3. Бағыт көрсеткіш батырмаларды пайдаланып **Def. Redu/Enlrg** (Стандартты Кішірейту/Кеңейту) таңдау үшін пайдаланып, одан кейін **OK** басыңыз.
4. Бағыт көрсеткіш батырмаларды көшірмені кішірейткіңіз немесе ұлғайтқыңыз келетін өлшем опциясын таңдау үшін пайдаланыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Егер **Custom: 25-400%** (Таңдамалы: 25-400%) таңдасаңыз, көшіргіңіз келетін түпнұсқа өлемін пайызбен көрсетіп, теріңіз.

Егер сіз **2 pages/sheet** (2 бет/парақ) немесе **4 pages/sheet** (4 бет/парақ) таңдасаңыз, бағытын (портрет немесе ландшафт) таңдаңыз.


5. Таңдауды сақтау үшін **OK** басыңыз.

Өнім көшірмені түпнұсқа өлшемінің 25% дейін кішірейтіп, түпнұсқа өлшемінің 400% дейін ұлғайта алады.

Кішірейту/кеңейту параметрлері

- **Original=100%** (Түпнұсқа=100%)
- **Lgi > Ltr=78%**

- Lgl > A4=83%
- A4 > Ltr=94%
- Ltr > A4=97%
- Full Page=91% (Толық бет=91%)
- Fit to page (Бетке сәйкестендіру)
- 2 pages/sheet (2 бет/парақ)
- 4 pages/sheet (4 бет/парақ)
- Custom: 25-400% (Таңдамалы: 25-400%)

 **ЕСКЕРІМ:** Fit to page (Бетке сыйғызу) параметрін қолданғанда, тек планшетті сканерден ғана көшіріңіз.

2 pages/sheet (2 бет/парақ) немесе 4 pages/sheet (4 бет/парақ) параметрін қолданғанда, тек құжатты автоматты беру құрылғысынан ғана көшіріңіз. Оған қоса, 2 pages/sheet (2 бет/парақ) немесе 4 pages/sheet (4 бет/парақ) опциясын таңдағанда, сіз бет бағытын (портрет немесе ландшафт) таңдауыңыз керек.

Көшірмелерді жинақтау параметрін өзгерту

Сіз өнімді көшірмелерді автоматты жинақтауға баптай аласыз. Мысалы, егер сіз үш беттің екі көшірмесін жасайтын болсаңыз және автоматты жинақтау опциясы қосылған болса, беттер келесі кезекпен басылады: 1, 2, 3, 1, 2, 3. Автоматты жинақтау опциясы өшірілген болса, беттер келесі кезектілікпен басылады: 1, 1, 2, 2, 3, 3.

Автоматты жинақтау опциясын пайдалану үшін, түпнұсқа құжат өлшемі жадқа сыятындай болуы тиіс. Болмаған жағдайда, өнім бір ғана көшірме жасап, сізге өзгерту енгізу қажеттігі жөніндегі ескерту хабары жіберіледі. Ондай жағдайда, тапсырманы орындау үшін келесі әдістердің бірін пайдаланыңыз:

- Тапсырманы бірнеше беттен тұратын кішірек тапсырмаларға бөліңіз.
- Бір уақытта құжаттың бір ғана көшірмесін жасаңыз.
- Автоматты жинақтау опциясын өшіріңіз.


Ағымды жұмыстың автоматты жинақтау опциясын өзгертіңіз

1. Өнімнің басқару панелінде **Collate** (Жинақтау) батырмасын басыңыз.
2. Бағыт көрсеткіш батырмаларды **On (Қосу)** немесе **Off (Ажырату)** таңдау үшін пайдаланыңыз.
3. Таңдауды сақтау үшін **Start Copy (Көшіруді бастау)** батырмасын басыңыз және дереу көшіру тапсырмасын бастаңыз немесе тапсырманы бастамай, таңдауды сақтау үшін **OK** батырмасын басыңыз.

Көшірмені жинақтау параметрін өзгерту

1. Өнімнің басқару панелінде **Setup (Орнату)** батырмасын басыңыз.
2. Бағыт көрсеткіш батырманы **Copy setup (Көшірме орнату)** таңдау үшін пайдаланып, одан кейін **OK** басыңыз.

3. Бағыт көрсеткіш батырмаларды пайдаланып **Def. Collation** (Стандартты жинақтау) таңдаңыз да, **OK** батырмасын басыңыз.
4. Бағыт көрсеткіш батырмаларды **On (Қосу)** немесе **Off (Ажырату)** таңдау үшін пайдаланыңыз.
5. Таңдауды сақтау үшін **OK** басыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Автоматты жинақтау опциясының зауыттық стандартты мәні **On (Қосу)** болып табылады.

Басқару панеліндегі **Collate** (Салыстыру) ЖД жинақтау қосылған жағдайда жанады.

Көшіру параметрлері

Көшіру сапасы


Көшірме сапасының төрт параметрі бар: **Text** (Мәтін), **Mixed** (Аралас), **Film photo** (Фотоүлдір) және **Picture** (Сурет).

Зауыттық стандартты параметр болып **Text** (Мәтін) табылады. Бұл параметр көбінесе мәтіннен тұратын нұсқалар үшін ең жақсы болып табылады.

Фотосурет немесе графика көшірмесін жасағанда сіз көшірме сапасын арттыру үшін фотосурет үшін **Film photo** (Фотоүлдір) параметрін немесе өзгедей графика үшін **Picture** (Сурет) параметрін таңдай аласыз. Мәтіннен және графикадан тұратын құжаттар үшін **Mixed** (Аралас) параметрін таңдаңыз.

Ағымдағы жұмыс үшін көшірме сапасын реттеңіз

1. Көшірменің ағымдағы сапа параметрін көру үшін өнімнің басқару панелінде **Quality** (Сапа) батырмасын басыңыз.
2. Бағыт көрсеткіш батырмаларды сапа параметрлері опцияларын көру үшін пайдаланыңыз.
3. Параметрді таңдап, таңдауды сақтау үшін **Start Copy** (Көшіруді бастау) батырмасын басыңыз және дереу көшіру тапсырмасын бастаңыз немесе тапсырманы бастамай, таңдауды сақтау үшін **OK** батырмасын басыңыз.


 **ЕСКЕРІМ:** Параметрлердегі өзгертулер көшірме тапсырмасы орындалғаннан кейін мөлшермен 2 минут бойы белсенді болады. Бұл уақыт барысында өнімнің басқару панелінің дисплейіне **Custom settings** (Таңдамалы параметрлер) шығарылады.

Стандартты көшірме өлшемін реттеу

1. Өнімнің басқару панелінде **Setup** (Орнату) батырмасын басыңыз.
2. Бағыт көрсеткіші батырмасын **Copy setup** (Көшірме орнату) таңдау үшін пайдаланып, одан кейін **OK** басыңыз.
3. Бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланып **Default quality** (Стандартты сапа) таңдаңыз да, **OK** батырмасын басыңыз.
4. Бағыт көрсеткіші батырмаларын көшірме сапасын таңдау үшін пайдаланыңыз да, таңдауды сақтау үшін **OK** батырмасын басыңыз.


Сканер шынысын тазалау

Саусақ іздері, дақтар, шаш және сол сияқтылар түскен лас шыны сапаны төмендетіп, бетке сәйкестендіру және көшіру сияқты арнайы ерекшеліктерге кері әсерін тигізеді.

 **ЕСКЕРІМ:** Егер сызаттар мен ұқсас ақаулықтар автоматты беру құрылғысынан (ADF) өткізіліп жасалған көшірмелерде ғана болса, сканер жолын тазалаңыз (3-адым). Сканер шынысын тазалау қажет емес.


1. Өнімді өшіріп, қорек сымын электр розеткасынан ажыратыңыз да, қақпақты көтеріңіз.

2. Шыныны тырнамайтын шыны тазалау құралына малынған жұмсақ шүберекпен немесе губкамен тазалаңыз.



△ **ЕСКЕРТУ:** Өнімнің кез келген бөлігін тазалау барысында тырнаушы заттарды, ацетонды, бензинді, аммиакты көміртек тетрахлоридін пайдаланбаңыз; олар өнімді зақымдауы мүмкін. Сұйықтықтарды шыныға құймаңыз. Олар шыны астына төгіліп, өнімді зақымдауы мүмкін.

3. Сканер жолын шыны тазалау құралына малынған жұмсақ шүберекпен немесе губкамен тазалаңыз..



4. Дақ түсірмес үшін, шыныны былғары немесе целлюлоза губкасымен құрғатыңыз.

Ашықтық/қоюлық (қарама-қарсылық) параметрлерін реттеу


Ашықтық/қоюлық параметрлері көшірменің ашықтығына немесе қоюлығына (қарама-қарсылығына) әсер етеді. Келесі процедураларды тек ағымдағы көшірме тапсырысының қарама-қарсылығын өзгерту үшін ғана орындаңыз.

Ағымдағы көшірме тапсырысының ашықтық/қоюлық параметрлерін реттеңіз

1. Өнімнің басқару панелінде ағымдағы көшірме тапсырмасының қарама-қарсылық параметрлерін көру үшін **Lighter/Darker** (Ашықтау/қоюлау) батырмасын басыңыз.
2. Бағыт көрсеткіш батырманы параметрлерді реттеу үшін пайдаланыңыз. Көшірмені түпнұсқадан ашықтау ету үшін сырғытпаны солға қарай жылжытыңыз немесе көшірмені түпнұсқадан қоюлау ету үшін сырғытпаны оңға қарай жылжытыңыз.
3. Таңдауыңызды сақтап, көшірме тапсырмасын орындауды бастау үшін **Start Copy (Көшіруді бастау)** басыңыз немесе таңдауыңызды көшірме тапсырмасын орындауды бастамай сақтау үшін **OK** басыңыз.

📄 **ЕСКЕРІМ:** Параметрлердегі өзгертулер көшірме тапсырмасы орындалғаннан кейін мөлшермен 2 минут бойы белсенді болады. Бұл уақыт барысында өнімнің басқару панелінің дисплейіне **Custom settings** (Таңдамалы параметрлер) шығарылады.


Стандартты ашықтау/қоюлау параметрлерін реттеу

 **ЕСКЕРІМ:** Стандартты ашықтық/қоюлық параметрлері барлық көшірменің ашықтығына немесе қоюлығына әсер етеді.

1. Өнімнің басқару панелінде **Setup (Орнату)** басыңыз.
2. Бағыт көрсеткіш батырмаларды **Copy setup (Көшірме орнату)** таңдау үшін пайдаланып, одан кейін **OK** басыңыз.
3. Бағыт көрсеткіш батырмаларды **Def. Light/dark** (Стандарты Ашықтық/қоюлық) таңдау үшін пайдаланып, одан кейін **OK** басыңыз.
4. Бағыт көрсеткіш батырмаларды параметрлерді реттеу үшін пайдаланыңыз. Көшірменің барлығын түпнұсқадан ашығырақ ету үшін сырғытпаны солға қарай жылжытыңыз немесе көшірменің барлығын түпнұсқадан қоюрақ ету үшін сырғытпаны оңға қарай жылжытыңыз.
5. Таңдауыңызды сақтау үшін **OK** басыңыз.

Көшірме жобасы параметрлерін орнату

Өнімді көшірмелерді жоба режимінде басқаруға баптау үшін басқару панелін пайдаланыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Бұл параметр көшірме сапасына ғана әсер етеді. Баспа сапасына әсер етілмейді.

1. Өнімнің басқару панелінде **Setup (Орнату)** басыңыз.
2. Бағыт көрсеткіші батырмасын **Copy setup (Көшірме орнату)** таңдау үшін пайдаланып, одан кейін **OK** басыңыз.
3. Бағыт көрсеткіш батырмаларды **Def. Copy Draft** (Стандарты көшірме жобасы) таңдау үшін пайдаланып, одан кейін **OK** басыңыз.
4. Бағыт көрсеткіш батырмаларды **On (Қосу)** немесе **Off (Ажырату)** таңдау үшін пайдаланыңыз.
5. Таңдауыңызды сақтау үшін **OK** басыңыз.

Таңдамалы көшірме параметрлерін анықтау

Сіз басқару панелінде көшірме параметрлерін өзгерткеніңізде, басқару панелінің дисплейіне **Custom settings** (Таңдамалы параметрлер) шығарылады. Таңдамалы параметрлер мөлшермен 2 минут бойы белсенді болып, одан кейін өнім стандартты параметрлеріне қайтады. Стандартты параметрлерді дереу қайтару үшін **Cancel (Тоқтату)** басыңыз.

Жиектен жиекке басып шығару немесе көшіру

Өнім толықтай жиектен жиекке басып шығара алмайды. Ең көп басу аумағы 203,2 x 347 мм құрайды, беттің жан жағында 4 мм басылмаған жиек қалдырылады.

Баспа құралдарының әр түрлі түрлері мен өлшемдеріне көшіру

Өнім сатып алыну ел/аймағына байланысты хат немесе А4 өлшемді қағазға көшіруге бапталған. Сіз ағымдағы көшіру тапсырмасына немесе барлық көшіру тапсырмаларына арнап көшіретін баспа құралының өлшемі мен түрін өзгерте аласыз.


Баспа құралы өлшемінің параметрлері

- Letter
- Legal
- A4

Баспа құралдары түрлерінің параметрлері

- Тегіс
- Жеңіл
- Ауыр
- Мөлдір үлдір
- Жапсырма
- Бланк
- Конверт
- Алдын ала басылған
- Алдын ала тесілген
- Түрлі түсті
- Жоғары сортты
- Қайта өңделген
- Орташа салмақты
- Өте ауыр
- Бұдырлы

Ағымдағы тапсырмаға арнап баспа құралының өлшемі мен түрін өзгертіңіз

 **ЕСКЕРІМ:** Баспа құралының өлшемі мен түрін өзгерту үшін баспа құралының стандартты өлшемі мен түрінің параметрлерін өзгертіңіз.

1. Өнімнің басқару панелінде **Paper** (Қағаз) батырмасын басыңыз.
2. Бағыт көрсеткіш батырмаларды баспа құралының өлшемін таңдау үшін пайдаланып, одан кейін **OK** басыңыз.
3. Бағыт көрсеткіш батырмаларды баспа құралының түрін таңдау үшін пайдаланып, одан кейін **OK** басыңыз.
4. **Start Copy** (Көшіруді бастау) басыңыз.

Баспа құралының стандартты өлшемінің параметрлерін өзгертіңіз

1. Өнімнің басқару панелінде **Setup** (Орнату) басыңыз.
2. Бағыт көрсеткіш батырманы **System setup** (Жүйені орнату) таңдау үшін пайдаланып, одан кейін **OK** басыңыз.

3. Бағыт көрсеткіш батырманы **Paper setup** (Қағаз баптаулары) таңдау үшін пайдаланып, одан кейін **OK** басыңыз.
4. Бағыт көрсеткіш батырмаларды **Def. paper size** (Стандарты қағаз өлшемі) таңдау үшін пайдаланып, одан кейін **OK** басыңыз.
5. Бағыт көрсеткіш батырмаларды баспа құралының өлшемін таңдау үшін пайдаланып, одан кейін **OK** басыңыз.
6. Таңдауыңызды сақтау үшін **OK** басыңыз.

Баспа құралының стандартты түрінің параметрлерін өзгертіңіз

1. Өнімнің басқару панелінде **Setup (Орнату)** басыңыз.
2. Бағыт көрсеткіш батырманы **System setup (Жүйені орнату)** таңдау үшін пайдаланып, одан кейін **OK** басыңыз.
3. Бағыт көрсеткіш батырманы **Paper setup** (Қағаз баптаулары) таңдау үшін пайдаланып, одан кейін **OK** басыңыз.
4. Бағыт көрсеткіш батырмаларды **Def. paper type** (Стандарты қағаз түрі) таңдау үшін пайдаланып, одан кейін **OK** басыңыз.
5. Бағыт көрсеткіш батырмаларды баспа құралының түрін таңдау үшін пайдаланып, одан кейін **OK** басыңыз.
6. Таңдауыңызды сақтау үшін **OK** басыңыз.


Көшіру параметрлерінің стандартты мәндерін қайтару

Көшіру параметрлерін зауытта орнатылған стандартты мәндерге қайтару үшін бақару панелін пайдаланыңыз.


1. Өнімнің басқару панелінде **Setup (Орнату)** басыңыз.
2. Бағыт көрсеткіш батырманы **Copy setup (Көшірме орнату)** таңдау үшін пайдаланып, одан кейін **OK** басыңыз.
3. Бағыт көрсеткіш батырманы **Restore defaults** (Стандартты мәндерді қайтару) таңдау үшін пайдаланып, одан кейін **OK** басыңыз.

Кітапты көшіру


1. Қақпақты көтеріп, кітапты планшетті сканерге өзіңіз көшіргіңіз келетін бетін шынының төменгі оң жақ бұрышына қаратып орналастырыңыз.



2. Қақпақты абайлап жабыңыз.



3. Кітапты планшетті сканер бетіне қысу үшін қақпаққа абайлап басыңыз.




△ **ЕСКЕРТУ:** Планшет қақпағына тым көп күш түсіру қақпақ топсаларын сындырып жіберуі мүмкін.

4. **Start Copy (Көшіруді бастау)** басыңыз.

Фотосуреттерді көшіру

 **ЕСКЕРІМ:** Фотосуреттер өнімнің құжатты автоматты беру құрылғысынан (ADF) емес, планшетті сканерінен көшірілуі тиіс.

1. Қақпақты көтеріп, фотосуретті планшетті сканерге сурет жағымен фотоның жоғарғы сол жақ бұрышын шынының төменгі оң жақ бұрышына қаратып орналастырыңыз.



2. Қақпақты абайлап жабыңыз.
3. **Start Copy (Көшіруді бастау)** басыңыз.


Түрлі өлшемді түпнұсқаларды көшіру

Планшетті сканерді түрлі өлшемді түпнұсқалардың көшірмелерін жасау үшін пайдаланыңыз. ADF пайдаланбаңыз.

Дуплексті (екі жақты) көшіру тапсырмалары

Екі жақты құжаттарды автоматты көшіру

Түрлі нәтижелерге қол жеткізу мақсатымен дуплекстеуді пайдалану үшін басқару панелінің дисплейіндегі **2-Sided** (2 жақты) батырмасын пайдаланыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Стандартты параметр болып **1-1** табылады. Басқару панеліндегі **2-Sided** (2 жақты) ЖД өзге параметр қолданылғанда жанады.

Кесте 8-1 **2-Sided** (2 жақты) параметрлері


Құжат түрі	2-Sided (2 жақты) параметр	Қорытынды көшірме	2-Sided (2 жақты) ЖД
Бір жақты	1-1	Бір жақты	Өшірулі
Бір жақты	1-2	Екі жақты	Қосулы
Екі жақты	2-2	Екі жақты	Қосулы
Екі жақты	2-1	Бір жақты	Қосулы

Бір жақты құжаттардың екі жақты көшірмесін жасау

1. Көшірілетін құжаттарды өнімнің құжатты автоматты беру құрылғысының (ADF) кіріс науасына бірінші бетті жоғары және беттің жоғарғы жағын ADF қарай қаратып салыңыз.
2. Өнімнің басқару панелінде **2-Sided** (2 жақты) батырмасын басыңыз.
3. Бағыт көрсету батырмаларын **Copy to 1 to 2 sided** (1 жақтыны 2 жақтыға көшіру) таңдау үшін пайдаланып, **OK** басыңыз.
4. **Start Copy** (Көшіруді бастау) басыңыз.

Екі жақты құжаттардың бір жақты көшірмесін жасау

1. Көшірілетін құжаттарды өнімнің құжатты автоматты беру құрылғысының (ADF) кіріс науасына бірінші бетті жоғары және беттің жоғарғы жағын ADF қарай қаратып салыңыз.



2. Өнімнің басқару панелінде **2-Sided** (2 жақты) батырмасын басыңыз.
3. Бағыт көрсеткіш батырмаларды **Copy to 2 to 2 sided** (2 жақтыны 2 жақтыға көшіру) таңдау үшін пайдаланып, **OK** басыңыз.
4. **Start Copy** (Көшіруді бастау) басыңыз.

Стандартты 2-Sided (2 жақты) параметрлерін өзгерту


1. Өнімнің басқару панелінде **Setup (Орнату)** басыңыз.
2. Бағыт көрсеткіш батырманы **Copy setup** (Көшіру баптаулары) таңдау үшін пайдаланып, одан кейін **OK** басыңыз.
3. Бағыт көрсеткіш батырмаларды **Default 2-sided** (Стандартты 2 жақты) таңдау үшін пайдаланып, одан кейін **OK** басыңыз.
4. Бағыт көрсеткіш батырмаларды құжатты көшіру барысында автоматты дуплекстеушіні пайдалану әдісін таңдау үшін пайдаланыңыз.
5. Таңдауыңызды сақтау үшін **OK** басыңыз.

Екі жақты құжаттарды қолмен көшіру

Көп бетті планшетті көшіру параметрлерін баптау

Көп бетті планшетті көшіру параметрі **On (Қосу)** ішіне өнім планшетті сканерден ек жақты көшірмені жасамас бұрын бапталуы тиіс.


1. Өнімнің басқару панелінде **Setup (Орнату)** басыңыз.
2. Бағыт көрсеткіші батырмасын **Copy setup (Көшірме орнату)** таңдау үшін пайдаланып, одан кейін **OK** басыңыз.
3. **Def. Multi-page** (Стандартты көп бетті) таңдау үшін **OK** басыңыз.
4. Бағыт көрсеткіш батырмаларды **On (Қосу)** немесе **Off (Ажырату)** таңдау үшін пайдаланыңыз.
5. Таңдауыңызды сақтау үшін **OK** басыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Көшірмелердің автоматты салыстыруының зауыттық стандартты мәні **On (Қосу)** болып табылады.

Басқару панеліндегі **Collate** (Салыстыру) ЖД салыстыру қосылғанда жанады.

Екі жақты құжаттарды қолмен көшіру

1. Құжаттың бірінші бетін планшетті сканерге орналастырыңыз.



2. **2-Sided** (2 жақты) батырмасын басып, одан кейін дұрыс параметрді таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларды пайдаланыңыз.
3. **OK** батырмасын, содан кейін **Start Copy (Көшіруді бастау)** батырмасын басыңыз.
4. Бірінші бетті алып шығып, одан кейін планшетті сканерге екінші бетті орналастырыңыз.


5. ОК батырмасын басып, одан кейін процессті түпнұсқаның барлық беттері көшірілгенше қайталаңыз.
6. Көшіру тапсырмасын орындау аяқталғаннан кейін өнімді Дайын режиміне қайтару үшін Start Сору (Көшіруді бастау) басыңыз.


9 Сканерлеу

- [Түпнұсқаларды сканерлеу үшін салу](#)
- [Сканерлеуді пайдалану](#)
- [Сканерлеу параметрлері](#)
- [Кітапты сканерлеу](#)
- [Фотосуреттерді сканерлеу](#)

Түпнұсқаларды сканерлеу үшін салу

Құжаттарды автоматты беру құрылғысы (ADF)


 **ЕСКЕРІМ:** ADF сыйымдылығы 80 г/м² баспа құралының 50 дейін бетін құрайды.

 **ЕСКЕРТУ:** Өнімнің зақымдалуын болдырмау үшін түзету таспалары, түзету сұйықтығы, қағаз қыстырғыштары немесе қапсырмалары бар түпнұсқаларды пайдаланбаңыз. Оған қоса, ADF ішіне фотосуреттерді, шағын түпнұсқаларды немесе сынғыш түпнұсқаларды салмаңыз. Оларды сканерлеу үшін планшетті сканерді пайдаланыңыз.

1. Түпнұсқалар жинағының жоғарғы жағын алдына, бетін жоғары қаратып және көшірілетін бірінші бетті жинақтың үстіне орналастырып салыңыз.


Баспа құралы хат немесе А4-өлшемді қағаздан үлкен болса, баспа құралын тіреп қою үшін ADF кіріс науасының ұзартқышын созып шығарыңыз.

2. Жинақты ADF ішіне тірелгенше итеріңіз.




Басқару панелінің дисплейіне **Document loaded** (Құжат жүктелді) жазуы шығарылады.

3. Баспа құралының бағыттағыштарын баспа құралының енімен реттеңіз.




Планшетті сканер

 **ЕСКЕРІМ:** Планшетті сканерлеуге болатын баспа құралының ең үлкен болып хат өлшемі табылады. Хат өлшемінен үлкен баспа құралы үшін ADF пайдаланыңыз.

1. Құжаттарды автоматты беру құрылғысының (ADF) ішінде баспа құралының жоқтығына көз жеткізіңіз.
2. Планшетті сканердің қақпағын көтеріңіз.

3. Түпнұсқа құжатты планшетті сканерге құжаттың жоғарғы сол жақ бұрышын сканер белгішесімен таңбаланған бұрышқа қаратып орналастырыңыз.




4. Қақпақты абайлап жабыңыз.

Сканерлеуді пайдалану

Сканерлеу әдістері

Сканерлеу тапсырмасы келесі әдістермен орындалуы мүмкін.

- Компьютерлен HP LaserJet Scan (Windows) пайдалана отырып сканерлеу
- HP Director (Macintosh) пайдалана отырып сканерлеу. [Өнімнен және HP Басқарушыдан \(Macintosh\) сканерлеңіз 46-бетте](#) қараңыз.
- Құрылғыдан сканерлеу
- TWAIN-үйлесімді немесе Windows Imaging Application (WIA)-үйлесімді бағдарламалық құралдан сканерлеу

 **ЕСКЕРІМ:** Мәтін тану бағдарламалық құралдары туралы оқып, оларды пайдалану үшін бағдарламалық құрал жеткізілетін CD-ROM құрылғысынан Readiris бағдарламасын орнатыңыз. Мәтін тану бағдарламалық құралы оптикалық таңба тану бағдарламалық құралы деген атаумен де белгілі.

HP LaserJet Scan (Windows) пайдалана отырып сканерлеу

1. HP бағдарламалар тобында HP LaserJet Scan іске қосу үшін **Scan** (Сканерлеу) тармағын таңдаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Өнімнің басқару панеліндегі **Start Scan (Сканерлеуді бастау)** батырмасын басу да HP LaserJet Scan бағдарламасын іске қосады.


2. Өзіңіз орындаған әрекетті таңдаңыз.

- Сканерлеуді дәл қазір бастау үшін орынды таңдаңыз.
- Қосымша параметрлерді сканерлеуді бастамас бұрын белгілеу үшін **Scan after prompting me for settings** (Маған параметрлерді баптау жөнінде ескерткеннен кейін сканерлеу) тармағын таңдаңыз.
- **Scan To (Сканерлеу)** батырмасын бағдарламалау үшін **Set up the device** (Өнімді баптау) тармағын таңдаңыз.

3. **OK** басыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** **OK** өзіңіз орындаған әрекетті көрсетуі тиіс.

Құрылғыдан сканерлеу

 **ЕСКЕРІМ:** **Scan To (Сканерлеу)** батырмасын пайдалану үшін, сіз ұсынылған орнатуды орындап, батырманың арнаулы орны белгіленуі тиіс. [Өнімнің Scan To \(Сканерлеу\) батырмасын баптау 116-бетте](#) қараңыз.

Start Scan (Сканерлеуді бастау) батырмасын пайдалану үшін өнім компьютерге USB немесе желі арқылы жалғануы тиіс.

Басқару панеліндегі сканерлеу батырмасын пайдалану арқылы тікелей өнімнен сканерлеу. Папкаға (Windows жүйесінде ғана) немесе электрондық поштаға сканерлеу үшін **Start Scan (Сканерлеуді бастау)** немесе **Scan To (Сканерлеу)** басыңыз.

Басқа бағдарламалық құралды пайдалана отырып сканерлеу

Өнім TWAIN-үйлесімді және Windows Imaging Application (WIA)-үйлесімді болып табылады. Өнім TWAIN-үйлесімді немесе WIA-үйлесімді сканерлеу құрылғыларын қолдайтын Windows жүйесіне негізделген бағдарламалармен және TWAIN-үйлесімді сканерлеу құрылғыларын қолдайтын Macintosh жүйесіне негізделген бағдарламалармен жұмыс істейді.

Сіз TWAIN-үйлесімді немесе WIA-үйлесімді бағдарламаларында болғанда сіз тікелей ашық тұрған бағдарламадан сканерлеу мүмкіндіктеріне қол жеткізіп, бейнелерді сканерлей аласыз. Көбірек ақпаратты алу үшін Анықтама файлын немесе біздің TWAIN-үйлесімді немесе WIA-үйлесімді бағдарламалық құралмен бірге жеткізілетін құжаттаманы қараңыз.

TWAIN-үйлесімді бағдарламалық құралдан сканерлеу

Негізінен, бағдарламалық құралда **Acquire** (Қабылдау) **File Acquire** (Файлды қабылдау), **Scan** (Сканерлеу), **Import New Object** (Жаңа нысанды импорттау), **Insert from** (Ішінен енгізу) немесе **Scanner** (Сканер) сияқты бағдарламалары болған жағдайда TWAIN-үйлесімді болып табылады. Бағдарламаның үйлесімді болуына сенімсіз болсаңыз немесе команданың қалай аталатындығын білмесеңіз, бағдарламалық құрал Анықтамасын немесе құжаттамасын қараңыз.

TWAIN-үйлесімді бағдарламадан сканерлеу барысында HP LaserJet Scan бағдарламалық құралы автоматты іске қосылуы мүмкін. HP LaserJet Scan бағдарламалық құралы іске қосылса, сіз бейнені алдын ала көру барысында өзгертулер енгізе аласыз. Бағдарлама автоматты іске қосылмаған жағдайда бейне бірден TWAIN-үйлесімді бағдарламаға жіберіледі.

Сканерлеуді TWAIN-үйлесімді бағдарламадан бастау. Бағдарламалық құрал Анықтамасын немесе құжаттамасынан командалар мен пайдалану әдістері туралы қараңыз.

WIA-үйлесімді бағдарламадан (Windows XP және Vista жүйелерінде ғана) бастау

WIA бейнені Microsoft Word сияқты бағдарламалық құралдарға тікелей сканерлеудің тағы бір жолы. WIA сканерлеу үшін HP LaserJet Scan бағдарламалық құралының орнына Microsoft бағдарламалық құралын пайдалананды.

Негізінен, бағдарламалық құралдың Енгізу немесе Файл мәзірінде **Picture/From Scanner or Camera** (Бейне/Сканерден немесе Камерадан) сияқты бағдарламалары болған жағдайда WIA-үйлесімді болып табылады. Бағдарламаның WIA-үйлесімді болуына сенімсіз болсаңыз бағдарламалық құрал Анықтамасын немесе құжаттамасын қараңыз.

Сканерлеуді WIA-үйлесімді бағдарламадан бастау. Бағдарламалық құрал Анықтамасын немесе құжаттамасынан командалар мен пайдалану әдістері туралы қараңыз.

-Немесе-

Камералар және Сканер папкасында өнім белгішесін екі рет басыңыз. Ол сізге файлға сканерлеу мүмкіндігін беретін стандартты Microsoft WIA шеберін ашады.

оптикалық таңба тану (OCR) бағдарламалық құралын пайдалану арқылы сканерлеу

Сіз сканерленген мәтінді түзету үшін қалаулы мәтін өңдеу бағдарламасына үшінші тараптың OCR бағдарламалық құралын пайдалана аласыз.

Readiris

Readiris OCR бағдарламасы өніммен жеткізілетін бөлек CD-ROM құрылғысына жазылған. Readiris бағдарламасын пайдалану үшін оны сәйкес бағдарламалық құрал CD-ROM құрылғысынан орнатып, онлайн Анықтамасындағы нұсқауларды орындаңыз.

Scan To (Сканерлеу) ерекшелігін пайдалану

- Өнімнің басқару панелінен сканерлеу бағдарламалық құралдың толық орнатылуы жағдайында қолдаулы. HP ToolboxFX бағдарламасы **Scan To (Сканерлеу)** батырмасын немесе **Start Scan (Сканерлеуді бастау)** батырмасын пайдалана отырып сканерлеу үшін іске қосылуы тиіс.
- Ең жақсы сканерлеу сапасын қамтамасыз ету үшін өзіңіздегі түпнұсқаны автоматты беру құрылғысының (ADF) кіріс науасына салғаннан гөрі, планшетті сканерге орналастырыңыз.
- Өнімге жалғанған компьютер қосулы болуы тиіс.

Өнімнің Scan To (Сканерлеу) батырмасын баптау

Арнаулы орны басқару панеліндегі **Scan To (Сканерлеу)** батырмасын пайдаланбас бұрын белгіленуі тиіс. HP LaserJet Scan бағдарламасын сканерлеуге арналған папканың, электрондық поштаның және бағдарламаның орнын бағдарламалау үшін пайдаланыңыз.

Өнімде арнаулы орынды баптау

1. **Start (Бастау)** батырмасын басып, одан кейін **Programs (Бағдарламалар)** (немесе, in Windows XP жүйесінде **All Programs (Барлық бағдарламалар)** батырмасын, **HP** батырмасын, басып, өнімді таңдаңыз, **Scan (Сканерлеу)** батырмасын басып, **Settings (Параметрлер)** тармағын таңдаңыз.
2. **Change the destinations that show up on the all-in-one control panel (Барлығы біреуде құрылғысының басқару панеліндегі орынды өзгерту)** тармағын таңдаңыз.
3. Өнім диалог терезесінде көрсетілетін келесідей үш арнаулы орынға алдын ала бапталған.
 - Құжатты сканерлеу және оны электрондық пошта хабарына бекіту
 - Фотосуретті сканерлеу және оны электрондық пошта хабарына бекіту
 - Фотосуретті сканерлеу және оны файлда сақтау
4. Арнаулы орынды ерекшелеп, сол мезетте диалог терезесінде көрсетілген орынға жылжыту үшін бағыт көрсеткішін басыңыз. Барлық үш арнаулы орын үшін қайталаңыз.
5. **Update (Жаңарту)** батырмасын басыңыз.

Арнау орындарын қосу


1. **Start (Бастау)** батырмасын басып, одан кейін **Programs (Бағдарламалар)** (немесе, in Windows XP жүйесінде **All Programs (Барлық бағдарламалар)** батырмасын, **HP** батырмасын, басып, өнімді таңдаңыз, **Scan (Сканерлеу)** батырмасын басып, **Settings (Параметрлер)** тармағын таңдаңыз.
2. **Create a new destination with settings that I specify (Мен белгілеген параметрлі жаңа орынды құру)** тармағын таңдаңыз.

3. Келесілердің бірін орындаңыз:
 - Папкалар үшін **Save it to my computer** (Менің компьютерімде сақтау) тармағын таңдап, **Next** (Келесі) батырмасын басыңыз.
 - Электрондық пошта үшін **Attach to a new e-mail** (Жаңа электрондық пошта хабарына бекіту) тармағын таңдап, **Next** (Келесі) батырмасын басыңыз.
 - Бағдарламалар үшін **Open it in another software application** (Өзге бағдарламалық құралда ашу) тармағын таңдап, **Next** (Келесі) батырмасын басыңыз.
4. Файлдың арнаулы орнының атауын енгізіңіз немесе өнімнің арнаулы орнын баптаңыз. Стандартты арнау орнын атап, **Next** (Келесі) батырмасын басыңыз.
5. Сапаны таңдап, **Next** (Келесі) батырмасын басыңыз.
6. Таңдауыңызды тексеріп, **Save** (Сақтау) батырмасын басыңыз.

Арнау орындарын жойыңыз.

1. **Set up the <Scan To> list for the All-in-One** (Барлығы біреуде құрылғысының тізіміндегі <Ішіне сканерлеу> баптау) ішінен **Available Destinations on this PC** (Осы ДК ішіндегі бар арнаулы орындар) бірін таңдап, **Delete** (Жою) батырмасын басыңыз. Дисплейге **Delete Destination** (Арнау орнын жою) диалог терезесі шығарылады.
2. **Delete Destination** (Арнау орнын жою) диалог терезесінің ішінен жойылуы тиіс орынды ерекшелеп, **Next** (Келесі) батырмасын басыңыз. Дисплейге **Confirmation** (Растау) диалог терезесі шығарылады.
3. Жоюды орындау үшін **Delete** (Жою) тармағын немесе өзге орынды таңдау үшін **Cancel** (Бас тарту) тармағын таңдаңыз.

Файлға, электрондық поштаға немесе бағдарламалық құралға сканерлеу


 **ЕСКЕРІМ:** Windows жүйесіндегі осы мүмкіндікті пайдалану үшін арнаулы орын сканерлеу баптауларында арнаулы орынға сканерлеу алдында бағдарламалануы тиіс. [Өнімнің Scan To \(Сканерлеу\) батырмасын баптау 116-бетте](#) қараңыз.

1. Сканерленуі тиіс түпнұсқаны автоматты беру құрылғысының (ADF) кіріс науасына құжаттың жоғарғы жағын алдына қаратып салып, баспа құралдарының бағыттаушыларын реттеңіз.

–немесе–

Планшетті сканердің қақпағын көтеріп, сканерленуі тиіс түпнұсқаны планшетті сканерге төмен қаратып, құжаттың жоғарғы сол жақ бұрышын шынының төменгі оң жақ бұрышына келтіріп орналастырыңыз. Қақпақты абайлап жабыңыз.

2. Өнімнің басқару панелінде **Scan To (Сканерлеу)** басыңыз.
3. Бағыт көрсеткіш батырмаларды файлдың арнаулы орнын таңдау үшін пайдаланыңыз.
4. Құжатты файлға сканерлеу үшін **Start Scan (Сканерлеуді бастау)** немесе **OK** батырмасын басыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Электрондық поштаға сканерлеу Messaging Application Programming Interface (MAPI) протоколын қолдайтын кез келген электрондық пошта бағдарламасымен қолдау көрсетіледі. Электрондық пошта бағдарламаларының көбі MAPI-үйлесімді болып табылады. MAPI-үйлесімді болып табылу-табылмайтындығын анықтау үшін өзіңіздегі электрондық пошта бағдарламаның қолдау жөніндегі ақпаратын қараңыз.

Сканерлеу тапсырмасын тоқтату

Сканерлеу тапсырмасын тоқтату үшін келесі процедуралардың бірін пайдаланыңыз.

- Өнімнің басқару панелінде **Cancel (Тоқтату)** басыңыз.
- Экрандағы диалог терезесінің **Cancel (Тоқтату)** батырмасын басыңыз.


Егер сіз сканерлеу тапсырмасын тоқтатсаңыз, түпнұсқаны планшетті сканердің немесе автоматты беру құрылғысының (ADF) кіріс науасының ішінен алып шығыңыз.

Сканерлеу параметрлері

Сканерлеу файл форматы

Сканерленетін құжаттың немесе фотосуреттің файл форматы сканерлеу түріне және сканерленетін нысанға байланысты.

- Құжатты немесе фотосуретті компьютерге сканерлеу файлдың .TIF файл форматында сақталуына себепші болады.
- Құжатты электрондық поштаға сканерлеу файлдың .PDF файл форматында сақталуына себепші болады.
- Фотосуретті электрондық поштаға сканерлеу файлдың .JPEG файл форматында сақталуына себепші болады.


 **ЕСКЕРІМ:** Сканерлеу бағдарламалық құралын пайдалану арқылы түрлі файл форматтарын таңдап алуға болады.

Сканер ажыратымдылығы мен түстері

Егер сіз сканерленген бейнені басып шығарсаңыз және сапасы көңіліңізден шықпаса, ол сканерлеу бағдарламалық құралында қажеттеліктеріңізге сәйкес емес ажыратымдылық мен түстер параметрлерінің таңдалу себебі болуы мүмкін. Ажыратымдылық мен түстер сканерленген бейненің келесідей мүмкіндіктеріне әсер етеді:


- Бейне тазалығына
- Шәкіл құрылымына (тегіс немесе бұдырлы)
- Сканерлеу уақытына
- Файл өлшеміне

Сканерлеу ажыратымдылығын өлшеу бірлігі болып пиксель/дюйм (п/д) табылады.

 **ЕСКЕРІМ:** Сканерлеудің д/п деңгейі баспаның н/д (нүкте/дюйм) өлшем бірлігіне сәйкес келеді.

Түс, сұр шәкілі және ақ ықтимал түстер санын анықтайды. Сіз сканер аппараттық құралының ажыратымдылығын 1 200 п/д дейін реттей аласыз. Бағдарламалық құрал 19 200 п/д дейін жақсартылған ажыратымдылықты орындай алады. Сіз түс пен сұр шәкілін 1 бит (ақ-қара) немесе 8 бит (сұрдың немесе түстінің 256 деңгейі) 24 битке (шынайы түстер) дейін баптай аласыз.

Ажыратымдылық пен түстер бойынша нұсқаулықтар кестесінің тізімі өзіңіздің сканерлеу бойынша қажеттіліктеріңізге қол жеткізу бойынша аздап көмектеседі.

 **ЕСКЕРІМ:** Ажыратымдылық пен түстерді жоғары мәндерге баптау нәтижесінде дискіде көп орын алып, сканерлеу процессін баяулататын үлкен көлемді файлдардың құрылуына себепші болады. Ажыратымдылық пен түстерді баптамас бұрын сканерленген бейнені қалай пайдаланатындығыңызды анықтаңыз.

ЕСКЕРІМ: Түсті және сұр шәкіліндегі бейнелердің ең жақсы ажыратымдылығы автоматты беру құрылғысынан (ADF) гөрі, планшетті сканерде сканерлеумен қамтамасыз етіледі.

Ажыратымдылық пен түстер бойынша нұсқаулықтар

Келесі кесте түрлі сканерлеу тапсырмаларына арналған ажыратымдылық пен түс параметрлерін сипаттайды.

Болжамды пайдаланылу	Ұсынылатын ажыратымдылық	Ұсынылатын түс параметрлері
Факс	150 п/д	<ul style="list-style-type: none">Ақ-қара
Электрондық пошта	150 п/д	<ul style="list-style-type: none">Ақ-қара, бейне тегістік шәкілін қажет етпеген жағдайдаСұр шәкілі, бейне тегіс шәкілін қажет етсеТүсті, бейне түсті болған жағдайда
Мәтінді түзету	300 п/д	<ul style="list-style-type: none">Ақ-қара
Басып шығару (графика немесе мәтінді)	Кешенді графика үшін немесе, құжатты елеулі түрде ұлғайтқыңыз келген жағдайда 600 п/д Қалыпты графика мен мәтін үшін 300 п/д Фотосуреттер үшін 150 п/д	<ul style="list-style-type: none">Мәтін мен штрихты суреттер үшін ақ-қараКөлеңкелі немесе түсті графика мен фотосуреттер үшін сұр шәкіліТүсті, бейне түсті болған жағдайда
Экранға шығару	75 п/д	<ul style="list-style-type: none">Мәтін үшін ақ-қараГрафика мен фотосуреттер үшін сұр шәкіліТүсті, бейне түсті болған жағдайда

Түс


Сіз сканерлеу барысында келесі параметрлер үшін түс мәндерін белгілей аласыз.

Параметр	Ұсынылатын қолданыс
Түс	Түстері өте маңызды болып табылатын жоғары сапалы түсті фотосуреттер мен құжаттар үшін осы параметрлерді пайдаланыңыз.
Ақ-қара	Бұл параметрді мәтінді құжат үшін қолданыңыз.
Сұр шәкілі	Бұл параметрді файл көлемі қиындық тудырғанда немесе құжат немесе фотосурет жылдам сканерленуі тиіс болғанда қолданыңыз.


Сканерлеу сапасы


Сканер шынысын тазалау

Саусақ іздері, дақтар, шаш және сол сияқтылар түскен лас шыны сапаны төмендетіп, бетке сәйкестендіру және көшіру сияқты арнайы ерекшеліктерге кері әсерін тигізеді.


 **ЕСКЕРІМ:** Егер сызаттар мен ұқсас ақаулықтар автоматты беру құрылғысынан (ADF) өткізіліп жасалған көшірмелерде ғана болса, сканер жолын тазалаңыз (3-қадам). Сканер шынысын тазалау қажет емес.

1. Өнімді өшіріп, қорек сымын электр розеткасынан ажыратыңыз да, қақпақты көтеріңіз.
2. Шыныны тырнамайтын шыны тазалау құралына малынған жұмсақ шүберекпен немесе губкамен тазалаңыз.



 **ЕСКЕРТУ:** Өнімнің кез келген бөлігін тазалау барысында тырнаушы заттарды, ацетонды, бензинді, аммиакты көміртек тетрахлоридін пайдаланбаңыз; олар өнімді зақымдауы мүмкін. Сұйықтықтарды шыныға құймаңыз. Олар шыны астына төгіліп, өнімді зақымдауы мүмкін.


3. Сканер жолын шыны тазалау құралына малынған жұмсақ шүберекпен немесе губкамен тазалаңыз.




4. Дақ түсірмес үшін, шыныны былғары немесе целлулоза губкасымен құрғатыңыз.

Кітапты сканерлеу


1. Қақпақты көтеріп, кітапты планшетті сканерге өзіңіз көшіргіңіз келетін бетін шынының төменгі оң жақ бұрышына қаратып орналастырыңыз.



2. Қақпақты абайлап жабыңыз.



3. Кітапты планшетті сканер бетіне қысу үшін қақпаққа абайлап басыңыз.




△ **ЕСКЕРТУ:** Планшет қақпағына тым көп күш түсіру қақпақ топсаларын сындырып жіберуі мүмкін.

4. Сканерлеу әдістерінің бірін пайдалана отырып кітапты сканерлеу.

Фотосуреттерді сканерлеу


1. Фотосуретті планшетті сканерге сурет жағымен фотоның жоғарғы сол жақ бұрышын шынының төменгі оң жақ бұрышына қаратып орналастырыңыз.



2. Қақпақты абайлап жабыңыз.
3. Сканерлеу әдістерінің бірін пайдалана отырып фотосуретті сканерлеу.

10 Факс

- [Факстің функционалдық мүмкіндіктері](#)
- [Орнату](#)
- [Факс параметрлерін өзгертіңіз](#)
- [Факсті пайдаланыңыз](#)
- [Факс мәселелерін шешіңіз](#)


 **ЕСКЕРІМ:** Сондай-ақ осы тарауда сипатталған функциялардың көбісін HP ToolboxFX немесе орнатылған веб-серверді пайдалану арқылы орындауға болады. Қосымша ақпарат алу үшін HP ToolboxFX онлайн режиміндегі Көмекті немесе [Енгізілген веб-сервер 194-бетте](#) қараңыз.

Басқару панеліндегі факсті басқару құралдары туралы ақпарат алу үшін [Басқару панелі 11-бетте](#) қараңыз.

Факстің функционалдық мүмкіндіктері

Өнімнің факске арналған мынадай функционалдық мүмкіндіктері бар және оларды басқару панелі немесе өнімнің бағдарламалық құралдары арқылы пайдалануға болады.

- Факсті оңай конфигурациялауға арналған факс орнату шебері
- 50 беттік құжаттарды автоматты түрде беру құрылғысы (ADF) бар және сыйымдылығы 125 бетке жететін шығару науасы бар жай қағазда басып шығаратын аналогтық факс
- 120 жазбасы бар телефон кітабы және басқару панелінен 16 нөмірді тез теру мүмкіндігі
- Нөмірді автоматты түрде қайта теру
- Сақтау құрылғысы сандық жадында 400 факс бетіне арналған.
- Факс жіберу
- Факстерді кешіктіріп жіберу
- Қоңырау ерекшеліктері: Жауап беру үшін қоңырау санын және арнаулы қоңырау үйлесімділігін конфигурациялаңыз (жергілікті телекоммуникациялық компания арқылы)
- Факс қабылдауды растау туралы есеп беру
- Керексіз факстерді бұғаттау
- Факс қауіпсіздігі
- Титул бетінің сегіз үлгісін пайдалануға болады

 **ЕСКЕРІМ:** Тізімде мүмкіндіктердің барлығы берілмеген. Кейбір функцияларды пайдалану үшін өнімнің бағдарламалық құралдарын орнату қажет болуы мүмкін.

Орнату



Аппараттық құралдарды орнатыңыз және қосыңыз

Телефон желісіне қосыңыз

Өнім аналогтық құрылғы болып табылады. НР компаниясы өнімді арнаулы аналогтық телефон желісінде пайдалануды ұсынады. Өнімді басқа телефон жабдықтарымен бірге пайдалану туралы ақпарат алу үшін [Факсті DSL, PBX, ISDN немесе VoIP жүйесінде пайдаланыңыз 153-бетте](#) қараңыз.

Қосымша құрылғыларды қосыңыз


Өнімде екі факс порты бар:

- Өнімді қабырғадағы телефон ұясына қосатын «желіге қосу» порты ().
- Қосымша құрылғыларды өнімге қосатын «телефон» порты ().

Өніммен қосылып пайдаланылатын телефондарды екі әдіспен пайдалануға болады:


- Қосымша телефон - бұл басқа жерде сол телефон желісіне қосылған телефон.
- Төменгі жақтағы телефон - бұл өнімге немесе өнімге қосылған құрылғыға қосылған телефон.

Қосымша құрылғыларды келесі қадамдарда сипатталған тәртіппен қосыңыз. Әрбір құрылғының шығу порты келесі құрылғының кіру портына жалғанып, «тізбек» құрады. Егер сіз белгілі бір құрылғыны қосқыңыз келмесе, оны түсіндіретін қадамды тастап кетіп, келесі құрылғыға өтіп жалғастырыңыз.



 **ЕСКЕРІМ:** Телефон желісіне қосылатын құрылғылардың саны үштен артық болмауы керек.

ЕСКЕРІМ: Бұл өнімде дауыс поштасы қарастырылмаған.

1. Қосқыңыз келетін барлық құрылғылардың кабельдерін қуат көзінен ажыратыңыз.
2. Егер өнім әлі телефон желісіне қосылмаған болса, әрекет етуден бұрын алғашқы іске қосу жөніндегі нұсқаулықты қараңыз. Өнім телефон ұясына алдын ала қосылған болуы тиіс.
3. «Телефон» портынан (телефон суретімен белгіленген порт) пластмасса тығынды алып тастаңыз.




4. Компьютердегі ішкі немесе сыртқы модемді қосу үшін телефон сымының бір ұшын өнімнің «телефон» портына () қосыңыз. ☞ Телефон сымының екінші ұшын модемнің «желі» портына қосыңыз.




ЕСКЕРІМ: Кейбір модемдерде арнаулы дауыс желісіне қосатын екінші «желі» порты болады. Егер сізде екі «желі» порты болса, дұрыс «желі» портына қосуды қамтамасыз ету үшін модем құжаттарын қараңыз.


5. Шақырушы абоненттің идентификаторы блогын қосу үшін телефон сымын бұдан бұрынғы құрылғының «телефон» портына қосыңыз. Телефон сымының екінші ұшын шақырушы абоненттің идентификаторы блогының «желі» портына қосыңыз.



6. Автоматты түрде жауап беру машинасын қосу үшін телефон сымын бұдан бұрынғы құрылғының «телефон» портына қосыңыз. Телефон сымының екінші ұшын автоматты түрде жауап беру машинасының «желі» портына қосыңыз.



7. Телефонды қосу үшін телефон сымын бұдан бұрынғы құрылғының «телефон» портына қосыңыз. Телефон сымының екінші ұшын автоматты түрде жауап беру машинасының «желі» портына қосыңыз.



8. Қосымша құрылғыларды қосып болғаннан кейін барлық құрылғыларды өздерінің қуат көздеріне қосыңыз.

Автоматты түрде жауап беру машинасы бар факсті орнатыңыз

- Өнімнің жауап беру үшін қоңырау саны параметрін автоматты түрде жауап беру машинасы үшін орнатылған қоңырау санынан кем дегенде бір қоңырауға артық етіп орнатыңыз.
- Егер автоматты түрде жауап беру машинасы пайдаланылып отырған телефон желісіне қосылған болса, бірақ басқа ұя (мысалы, басқа бөлмедегі) арқылы қосылса, ол өнімнің факстерді қабылдауына кедергі жасауы мүмкін.

Автономдық факсті орнату

1. Орауыштан шығарып, өнімді орнатыңыз.
2. Уақытты, күнді және факс тақырыбын орнатыңыз. [Факс параметрлерін конфигурациялаңыз 129-бетте](#) қараңыз.
3. Өнім жабдықтарын конфигурациялау үшін басқа параметрлерді қажетінше орнатыңыз.

Факс параметрлерін конфигурациялаңыз

Өнімнің факс параметрлерін басқару панелінен, HP ToolboxFX немесе орнатылған веб-серверден орнатуға болады. Бастапқы орнату барысында параметрлерді конфигурациялау үшін HP факс орнату шеберін пайдалануға болады.


Америка Құрама Штаттарында және көптеген басқа елдерде/аймақтарда уақытты, күнді және факс тақырыбының басқа мәліметтерін орнату заң талабы болып табылады.

Факс уақытын, күнін және тақырыбын орнату үшін басқару панелін пайдаланыңыз

Басқару панелін күнді, уақытты және тақырыпты орнату үшін пайдалану үшін мынадай қадамдарды орындаңыз:

1. Басқару панелінде **Setup (Орнату)** батырмасын басыңыз.
2. **System setup (Жүйені орнату)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
3. **Time/Date (Уақыт/күн)** опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз. **OK** батырмасын басыңыз.

4. 12 сағаттық немесе 24 сағаттық сағатты таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
5. Ағымдағы уақытты енгізу үшін әріптік-цифрлық батырмаларды пайдаланыңыз.
6. Мыналардың бірін орындаңыз:
 - 12 сағаттық сағат үшін, төртінші таңбаның соңына өту үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз. Түске дейінгі уақыт үшін **1** немесе дейінгі уақыт үшін **2** таңдаңыз. **OK** батырмасын басыңыз.
 - 24 сағаттық сағат үшін **OK** батырмасын басыңыз.
7. Ағымдағы уақытты енгізу үшін әріптік-цифрлық батырмаларды пайдаланыңыз. Айды, күнді және жылды көрсету үшін екі цифрды пайдаланыңыз. **OK** батырмасын басыңыз.
8. **Fax (Факс)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
9. **Fax Header** (Факс тақырыбы) опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
10. Факс нөміріңізді, компанияңыздың атын немесе тақырыпты енгізу үшін әріптік-цифрлық батырмаларды пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Факс нөмірі 20 таңбадан, ал компанияның аты 25 таңбадан аспауға тиіс.

Факс уақытын, күнін және тақырыпты орнату үшін HP факс орнату шеберін пайдаланыңыз


Егер бағдарламалық құралдарды орнатып бітсеңіз, сіз компьютеріңізден факс жіберуге дайынсыз. Егер сіз бағдарламалық құралдарды орнатқан кезде факс орнату процесін бітірмеген болсаңыз, сіз оны кез келген уақытта факс орнату шеберін пайдаланып бітіре аласыз.

1. **Start (Бастай)** батырмасын басыңыз, сонан соң **Programs** (Бағдарламалар) батырмасын басыңыз.
2. **HP** батырмасын басыңыз, өнім атын басыңыз, сонан соң **HP Fax Setup Wizard** (HP факс орнату шебері) батырмасын басыңыз.
3. Уақытты, күнді, факс тақырыбын және бірнеше басқа параметрлерді орнату үшін HP факс орнату шеберіндегі экрандық командаларды орындаңыз.

Факс тақырыптарында жалпы локализацияланған әріптерді пайдалану

Тақырыпқа атыңызды енгізу үшін басқару панелін пайдалану кезінде немесе бір басылатын батырма, нөмірді тез теру жазбасы немесе нөмірлер тобын теру жазбасы үшін атты енгізгенде өзіңізге қажет әріп көрінгенше сәйкес келетін әріптік-цифрлық батырманы қайталап басыңыз. Сонан соң сол батырманы таңдау үшін **>** батырмасын басып, келесі орынға көшіңіз. Әрбір әріптік-цифрлық батырмада қандай әріптер мен сандар көрінетінін мына кесте көрсетеді.


1	1
2	A B C a b c 2
3	D E F d e f 3
4	G H I g h i 4
5	J K L j k l 5
6	M N O m n o 6
7	P Q R S p q r s 7
8	T U V t u v 8
9	W X Y Z w x y z 9
0	0
*	() + - . / , " * & @ R W
#	space # ,

 **ЕСКЕРІМ:** Басқару панелінде курсорды жылжыту үшін > батырмасын пайдаланыңыз және таңбаларды өшіру үшін < батырмасын пайдаланыңыз.


Телефон кітабын басқарыңыз

Жиі терілетін факс нөмірлерін немесе факс нөмірлерінің топтарын нөмірді тез теру немесе нөмірлер тобын теру жазбалары түрінде сақтай аласыз.

Өнімнің телефон кітабында нөмірді тез теру және нөмірлер тобын теру жазбалары үшін барлығы 120 жазба қарастырылған. Мысалы, егер сіз 100 жазбаны нөмірді тез теруге бағдарламаласаңыз, қалған 20 жазба нөмірлер тобын теруге пайдаланылады.

 **ЕСКЕРІМ:** Нөмірді тез теру және нөмірлер тобын теру жазбалары HP ToolboxFX арқылы немесе орнатылған веб-сервер арқылы оңайырақ бағдарламаланады. Қосымша ақпарат алу үшін HP ToolboxFX онлайн режиміндегі Көмекті немесе [Енгізілген веб-сервер 194-бетте](#) қараңыз.

Басқа бағдарламалардан телефон кітабының мәліметтерін пайдаланыңыз

 **ЕСКЕРІМ:** Басқа бағдарламадан телефон кітабын импорттаудан бұрын сол басқа бағдарламаның экспорттау функциясын пайдалануыңыз тиіс.

HP ToolboxFX байланысуға қажет мәліметтерді басқа бағдарламаның телефон кітаптарынан импорттай алады. Мына кестеде HP ToolboxFX үшін сәйкес келетін бағдарламалар көрсетілген.

Бағдарлама	Сипаттама
Microsoft Outlook	<p>Жеке адресстер кітабының (PAB) жазбаларын, байланысу тізімінің жазбаларын немесе біріктірілген жазбаларды таңдауға болады. Жеке адресстер кітабындағы жеке адамдар мен топтарды Байланысу тізіміндегі жеке адамдармен біріктіру тек қана біріктірілген опция таңдалған жағдайда мүмкін болады.</p> <p>Егер Байланысу жазбасында үйдегі және жұмыс орнындағы факс нөмірі болса, екі жазба көрсетіледі. Осы екі жазбаның «аты» өзгертіледі. «:(B)» жұмыс жазбасындағы атқа қосылады және «:(H)» үй жазбасындағы атқа қосылады.</p>

Бағдарлама	Сипаттама
	Егер бірдей жазбалар кездесетін болса (біреуі Байланысу тізімінен, екіншісі жеке адресстер кітабынан), бір жазба көрсетіледі. Бірақ, Байланысу тізімінде көшірмесі бар жазба жеке адресстер кітабында болса және Байланысу тізіміндегі жазбада жұмыс және үй факстерінің нөмірлері болса, барлық үш жазба да көрсетіледі.
Windows адресстер кітабы	Outlook Express және Internet Explorer пайдаланатын Windows адресстер кітабы (WAB) қарастырылған. Егер жеке адамда үй және жұмыс факс нөмірлері болса, екі жазба көрсетіледі. Осы екі жазбаның «аты» өзгертіледі. «:(B)» жұмыс жазбасындағы атқа қосылады және «:(H)» үй жазбасындағы атқа қосылады.
Goldmine	Goldmine нұсқасы 4.0 сәйкес келеді. HP ToolboxFX соңғы рет Goldmine пайдаланған файлды импорттайды.
Symantec Act!	Act! 4.0 және 2000 нұсқалары сәйкес келеді. HP ToolboxFX соңғы Act! пайдаланған мәліметтер базасын импорттайды.

Телефон кітабын импорттау үшін мына қадамдарды орындаңыз:

1. HP ToolboxFX ашыңыз.
2. **Fax** (Факс) батырмасын басыңыз, сонан соң **Fax Phone Book** (Факс телефон кітабы) батырмасын басыңыз.
3. Бағдарламаның телефон кітабына барыңыз, сонан соң **Import** (Импорттау) батырмасын басыңыз.

Телефон кітабын жойыңыз

Өнімде бағдарламаланған нөмірді тез теру және нөмірлер тобын теру жазбаларының барлығын жоюға болады.

△ **ЕСКЕРТУ:** Нөмірді тез теру және нөмірлер тобын теру жазбалары жойылғаннан кейін оларды қалпына келтіру мүмкін емес.

1. Басқару панелінде **Setup (Орнату)** батырмасын басыңыз.
2. **Fax (Факс)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
3. **OK** батырмасын басып **Phone Book (Телефон кітабы)** таңдаңыз.
4. **Delete All** (Барлығын жою) опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
5. Жоюды растау үшін **OK** батырмасын басыңыз.

Нөмір терудің арнаулы символдары және опциялары

Сіз теріп отырған немесе бір рет басу батырмасына, нөмірді тез теру жазбасына немесе нөмірлер тобын теру жазбасына бағдарламалап отырған факс нөміріне үзілістер енгізе аласыз.


Халықаралық нөмірлерді терген кезде немесе сыртқы желіге қосылғанда үзілістер жиі қажет болады.

- **Нөмір теру үзілісін енгізіңіз:** # (Үзіліс) батырмасын басқару панелінің дисплейінде үтір (,) шыққанша қайталап басыңыз, бұл үтір нөмір теру тізбегінің сол жерінде үзіліс болатынын көрсетеді.
- **Теру сигналы үшін үзіліс енгізіңіз:** Телефон нөмірінің қалғанын теруден бұрын өнім байланысқа дайын болу сигналын күту үшін * (Символдар) батырмасын басқару панелінің дисплейінде **W** шыққанша қайталап басыңыз.
- **Байланысты ажырату сигналын енгізіңіз:** Өнімнің байланысты ажыратуы үшін * (Символдар) батырмасын басқару панелінің дисплейінде **R** шыққанша қайталап басыңыз.

Нөмірді тез терулерді басқарыңыз


Нөмірді тез терулерді орнату және түзету

1 мен 16 сандары арасындағы нөмірді тез терулер басқару панеліндегі оларға сәйкес келетін бір рет басылатын батырмалармен де байланысқан. Бір рет басылатын батырмаларды нөмірді тез теру немесе нөмірлер тобын теру жазбалары үшін пайдалануға болады. Бір факс нөмірі үшін енгізілетін таңбалар саны 50-ден аспауы керек.

 **ЕСКЕРІМ:** Нөмірді тез теру мүмкіндіктерін пайдалану үшін **Shift** (Ауыстыру) батырмасын пайдаланыңыз. 9 бен 16 сандары арасындағы нөмірді тез терулерді **Shift** (Ауыстыру) батырмасын және басқару панеліндегі сәйкес бір рет басылатын батырманы басу арқылы пайдалануға болады.


Басқару панелінен нөмірді тез терулерді бағдарламалау үшін мына қадамдарды орындаңыз:

1. Басқару панелінде **Setup (Орнату)** батырмасын басыңыз.
2. **Fax (Факс)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
3. **OK** батырмасын басып **Phone Book (Телефон кітабы)** таңдаңыз.
4. **OK** батырмасын басып **Individual Setup (Жеке орнату)** опциясын таңдаңыз.
5. **OK** батырмасын басып **Add (Қосу)** опциясын таңдаңыз.
6. Осы факс нөмірімен байланыстырғыңыз келетін нөмірді тез теру жазбасының санын анықтау үшін әріптік-цифрлық батырмаларды пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз. 1-ден 16-ға дейінгі санды таңдау факс нөмірін бір рет басылатын тиісті батырмамен байланыстырады.
7. Ағымдағы уақытты енгізу үшін әріптік-цифрлық батырмаларды пайдаланыңыз. Үзілістерді немесе аймақ коды, жеке пайдалануға арналған телефон жүйесінен сырттағы нөмірлерге арналған кіру коды (әдетте 9 немесе 0) сияқты басқа да қажет сандарды немесе алыс аймақпен байланысу префиксін енгізіңіз.

 **ЕСКЕРІМ:** Факс нөмірін енгізген кезде, нөмірді теру тізбегіне үзіліс енгізгіңіз келсе, **Pause** (Үзіліс) батырмасын үтір (,) көрінгенше басыңыз немесе өнімнің байланысқа дайын болу сигналының шығуын күткенін қаласаңыз, * батырмасын **W** шыққанша басыңыз.

8. **OK** батырмасын басыңыз.

9. Факс нөмірінің атын енгізу үшін әріптік-цифрлық батырмаларды пайдаланыңыз. Ол үшін сізге қажет әріп көрінгенше әріптік-цифрлық батырманы қайталап басыңыз. (Таңбалар тізімін көру үшін [Факс тақырыптарында жалпы локализацияланған әріптерді пайдалану 130-бетте](#) қараңыз.)

 **ЕСКЕРІМ:** Тыныс белгілерін енгізу үшін жұлдызша (*) батырмасын сізге қажет таңба көрінгенше қайталап басыңыз, сонан соң келесі орынға өту үшін > батырмасын басыңыз.

10. Мәліметті сақтау үшін **OK** батырмасын басыңыз.
11. Егер сізде бағдарламалайтын басқа да нөмірді тез терулер болса, 1-ден 10-ға дейінгі қадамдарды қайталаңыз.

Нөмірді тез терулерді жойыңыз

1. Басқару панелінде **Setup (Орнату)** батырмасын басыңыз.
2. **Fax (Факс)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
3. **OK** батырмасын басып **Phone Book (Телефон кітабы)** таңдаңыз.
4. **OK** батырмасын басып **Individual setup (Жеке орнату)** опциясын таңдаңыз.
5. **Delete (Жою)** опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
6. Жойғыңыз келетін тез теру жазбасының нөмірін енгізу үшін әріптік-цифрлық батырмаларды пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
7. Жоюды растау үшін **OK** батырмасын басыңыз.

Нөмірлер тобын теру жазбаларын басқарыңыз

Нөмірлер тобын теру жазбаларын орнатыңыз және түзетіңіз

1. Топқа енгізгіңіз келген әрбір факс нөмірі үшін нөмірді тез теру жазбасын белгілеңіз. (Нұсқаулармен танысу үшін [Нөмірді тез терулерді орнату және түзету 133-бетте](#) қараңыз.)
2. Басқару панелінде **Setup (Орнату)** батырмасын басыңыз.
3. **Fax (Факс)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
4. **OK** батырмасын басып **Phone Book (Телефон кітабы)** таңдаңыз.
5. **Group setup (Топты орнату)** опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
6. **Add/Edit group (Топты қосу/түзету)** опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
7. Осы топпен байланыстырғыңыз келетін нөмірді енгізу үшін әріптік-цифрлық батырмаларды пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз. Сонымен қатар 1-ден 16-ға дейінгі сандарды таңдау да топты бір басылатын сәйкес батырмамен байланыстырады.
8. Топ атын енгізу үшін әріптік-цифрлық батырмаларды пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.

9. Бір басылатын батырманы басыңыз, сонан соң қосуды растау үшін **OK** батырмасын тағы басыңыз. Осы қадамды қосқыңыз келетін топтың әрбір мүшесі үшін қайталаңыз.

–немесе–

Phone Book (Телефон кітабы) таңдаңыз, сонан соң қосқыңыз келетін топ мүшесі үшін нөмірді тез теру жазбасын таңдаңыз. Жоюды растау үшін **OK** батырмасын басыңыз. Осы қадамды қосқыңыз келетін топтың әрбір мүшесі үшін қайталаңыз.

10. Бітіргеннен кейін **OK** батырмасын басыңыз.
11. Егер сізде ары қарай орнатылуы қажет нөмірлер тобын теру жазбалары болса, **OK** батырмасын басыңыз, сонан соң 1-ден 10-ға дейінгі қадамдарды қайталаңыз.

Нөмірлер тобын теру жазбаларын жойыңыз


1. Басқару панелінде **Setup (Орнату)** батырмасын басыңыз.
2. **Fax (Факс)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
3. **OK** батырмасын басып **Phone Book (Телефон кітабы)** таңдаңыз.
4. **Group setup** (Топты орнату) опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
5. **Delete group** (Топты жою) опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
6. Жойғыңыз келетін тез теру жазбасының нөмірін енгізу үшін әріптік-цифрлық батырмаларды пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
7. Жоюды растау үшін **OK** батырмасын басыңыз.

Нөмірлер тобын теру жазбасынан жеке адам мәліметін жойыңыз

1. Басқару панелінде **Setup (Орнату)** батырмасын басыңыз.
2. **Fax (Факс)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
3. **OK** батырмасын басып **Phone Book (Телефон кітабы)** таңдаңыз.
4. **Group setup** (Топты орнату) опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
5. Бағыт көрсеткіш батырмаларды **Del. # in group** (Топтағы # жою) опциясын таңдау үшін пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
6. Топтан алып тастағыңыз келетін жеке адамды таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз.
7. Жоюды растау үшін **OK** батырмасын басыңыз.
8. Топтан басқа жеке адамдарды алып тастау үшін 6- және 7-қадамдарды қайталаңыз.

–немесе–

Бітіргеннен кейін **Cancel (Тоқтату)** батырмасын басыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Нөмірді тез теру жазбасын жою сол жазбаны нөмірлер тобын теру жазбаларынан да жояды.

Факске сұрақ жіберуді орнату

Егер басқа біреу сұрақ қабылдайтын факс орнатса, сіз факсті өніміңізге жіберуді сұрай аласыз. (Басқа машинаға сұрақ жіберу).

1. Басқару панелінде **Setup (Орнату)** батырмасын басыңыз.
2. **Fax (Факс) функциялары** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
3. **Polling receive (Сұрау алу)** опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.

Өнім басқа факстің нөмірін теріп, факс жіберуді сұрайды.

Қауіпсіздік

Өнімде кілтсөз функциясы қарастырылған және ол негізгі функцияларды пайдалануға мүмкіндік бере отырып көптеген параметрлерге өзгеріс енгізуді шектейді.

Құпия мәліметтері бар факстерді сіз факс жанына келіп басып шығарғанша өнімде сақтауға болады.

Кілтсөзбен қорғау функциясын қосыңыз

Өнімнің қауіпсіздік кілтсөзін орнату үшін мынадай қадамдарды орындаңыз:

1. Басқару панелінде **Setup (Орнату)** батырмасын басыңыз.
2. **System setup (Жүйені орнату)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
3. Өнім кілтсөзін енгізу үшін әріптік-цифрлық батырмаларды пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
4. Өнім кілтсөзін растау үшін әріптік-цифрлық батырмаларды пайдаланып кілтсөзді қайта енгізіңіз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
5. **Product security (Өнім қауіпсіздігі)** опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
6. **On (Қосу)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.

Құпия түрде қабылдау функциясын қосыңыз

Құпия түрде факс қабылдау функциясын іске қосудан бұрын кілтсөзбен қорғау функциясын қосу керек.

1. Басқару панелінде **Setup (Орнату)** батырмасын басыңыз.
2. **Fax (Факс)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.

3. Өнім қауіпсіздігі кілтсөзін енгізу үшін әріптік-цифрлық батырмаларды пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
4. Өнім кілтсөзін растау үшін әріптік-цифрлық батырмаларды пайдаланып кілтсөзді қайта енгізіңіз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
5. **Fax Recv. (Факс қабылдау) орнату** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
6. **Private Receive (Құпия түрде қабылдау)** опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
7. **On (Қосу)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.

Факс параметрлерін өзгертіңіз

Дыбыс деңгейінің параметрлерін орнатыңыз

Факстің дыбыс деңгейін басқару панелінен басқарыңыз. Сіз мына дыбыстарды өзгерте аласыз:

- Кіруші және шығушы факстермен байланысты факс дыбыстары
- Кіруші факстер үшін қоңырау

Факс дыбыстарының зауыттық стандартты деңгейі **Soft** (Жұмсақ).

Факс дыбыстарының (желі бақылаушысының) деңгейін орнату

Факс дыбыстарының деңгейін өзгерту үшін мына қадамдарды орындаңыз.

1. Басқару панеліндегі **Volume** (Дыбыс деңгейі) батырмасын басыңыз.
2. **Off (Ажырату)**, **Soft** (Жұмсақ), **Medium** (Орташа) немесе **Loud** (Қатты) дыбысты таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз.
3. Таңдауды сақтау үшін **OK** батырмасын басыңыз.

Қоңыраудың дыбыс деңгейін орнатыңыз

Алғашқыда өнімге қоңырау шалынғанда қоңырау сигналы естілетін болады. Қоңырау ұзақтығы жергілікті телефон компаниясының қоңырау үлгісінің ұзақтығына негізделеді. Қоңыраудың зауыттық стандартты дыбыс деңгейі **Soft** (Жұмсақ).

1. **Setup (Орнату)** батырмасын басыңыз.
2. **System setup (Жүйені орнату)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
3. **Volume settings** (Дыбыс деңгейінің параметрлері) опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
4. **Ring volume** (Қоңырау дыбысының деңгейі) опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
5. **Off (Ажырату)**, **Soft** (Жұмсақ), **Medium** (Орташа) немесе **Loud** (Қатты) дыбысты таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз.
6. Таңдауды сақтау үшін **OK** батырмасын басыңыз.

Факс параметрлерін жіберіңіз

Нөмір теру префиксін орнатыңыз

Нөмір теру префиксі бұл сіз басқару панелінде немесе бағдарламалық құралдардан енгізетін әрбір факс нөмірінің алдына автоматты түрде қосылатын сан немесе сандар тобы болып табылады. Нөмір теру префиксіндегі таңбалардың саны 50-ден аспайды.

Стандарттық берілетін мәні **Off (Ажырату)**. Компанияңыздың телефон жүйесінен сырттағы телефон желісіне шығу үшін мысалы, 9 сияқты санды теру қажет болса, осы параметрді қосып, префиксті енгізу қажет болуы мүмкін. Осы параметр қосылғанда префиксті термей-ақ қолмен теру

арқылы факс нөмірін теруге болады. Нұсқаулармен танысу үшін [Нөмірді қолмен теру арқылы факс жіберу 157-бетте](#) қараңыз.

1. Басқару панелінде **Setup (Орнату)** батырмасын басыңыз.
2. **Fax (Факс)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
3. **Fax Send (Факсты жіберу)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
4. **Dial Prefix (Нөмір теру префиксі)** опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
5. **On (Қосу)** немесе **Off (Ажырату)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
6. Егер сіз **On (Қосу)** таңдаған болсаңыз, префикс енгізу үшін әріптік-цифрлық батырмаларды пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз. Сандарды, үзілістерді және нөмір теру символдарын пайдалануға болады.

Байланысқа дайын болу сигналын табу функциясын орнатыңыз

Әдетте өнім дереу факс нөмірін теруді бастайды. Егер сіз өнімді телефон қосылған желіде пайдалансаңыз, байланысқа дайын болу сигналын табу параметрін қосыңыз. Бұл басқа біреу телефонды пайдаланып жатқан кезде өнімнің факс жіберуін болдырмайды.

Байланысқа дайын болу сигналын табудың зауыттық стандартты параметрі Франция мен Венгрия үшін **On (Қосу)**, ал басқа барлық елдер/аймақтар үшін **Off (Ажырату)**.

1. Басқару панелінде **Setup (Орнату)** батырмасын басыңыз.
2. **Fax (Факс)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
3. **Fax Send (Факсты жіберу)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
4. **Detect dial tone (Байланысқа дайын болу сигналын табу)** опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
5. **On (Қосу)** немесе **Off (Ажырату)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.

Нөмірді автоматты түрде қайта теру функциясын орнатыңыз

Егер қабылдаушы факс машинасы жауап бермегендіктен немесе бос болмағандықтан өнім факс жібере алмаса, бос болмағанда нөмірді қайта теру, жауап болмағанда нөмірді қайта теру және байланыс қатесі болғанда нөмірді қайта теру опциялары бойынша өнім нөмірді қайта тереді. Осы опцияларды қосу немесе ажырату үшін осы тарауда берілген процедураларды пайдаланыңыз.

Бос болмағанда нөмірді қайта теру опциясын орнатыңыз

Егер осы опция қосылса, бос емес сигналын алғанда өнім автоматты түрде нөмірді қайта тереді. Бос болмағанда нөмірді қайта теру опциясы үшін зауыттық стандартты мән мынадай: **On (Қосу)**.

1. Басқару панелінде **Setup (Орнату)** батырмасын басыңыз.
2. **Fax (Факс)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
3. **Fax Send (Факсты жіберу)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
4. **Redial if busy** (Бос емес болғанда нөмірді қайта теру) опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
5. **On (Қосу)** немесе **Off (Ажырату)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.

Жауап болмағанда нөмірді қайта теру опциясын орнатыңыз

Егер осы опция қосылса, қабылдаушы факс машинасы жауап бермесе, өнім автоматты түрде нөмірді қайта тереді. Жауап болмағанда нөмірді қайта теру опциясы үшін зауыттық стандартты мән мынадай: **Off (Ажырату)**.

1. Басқару панелінде **Setup (Орнату)** батырмасын басыңыз.
2. **Fax (Факс)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
3. **Fax Send (Факсты жіберу)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
4. **Redial-no answer** (Жауап болмағанда нөмірді қайта теру) опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
5. **On (Қосу)** немесе **Off (Ажырату)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.

Байланыс қатесі болғанда нөмірді қайта теру опциясын орнатыңыз

Егер осы опция қосылса, қандай да бір байланыс қатесі болса, өнім автоматты түрде нөмірді қайта тереді. Байланыс қатесі болғанда нөмірді қайта теру опциясы үшін зауыттық стандартты мән мынадай: **On (Қосу)**.

1. Басқару панелінде **Setup (Орнату)** батырмасын басыңыз.
2. **Fax (Факс)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
3. **Fax Send (Факсты жіберу)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
4. **Redial Comm Err.** (Байланыс қатесі болғанда нөмірді қайта теру) опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
5. **On (Қосу)** немесе **Off (Ажырату)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.

Ашық/қара және ажыратымдылықты орнатыңыз


Стандартты ашық/қара (контраст) параметрін орнатыңыз

Контраст жіберіліп жатқан факстің ашықтығы мен қараңғылығына әсер етеді.

Стандартты ашық/қара параметр бұл әдетте факспен жіберіліп жатқан элементтерге қолданылатын контраст. Стандартты мән ретінде реттеуіш орташа жағдайға қойылады.

1. Басқару панелінде **Setup (Орнату)** батырмасын басыңыз.
2. **Fax (Факс)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
3. **Fax Send (Факсты жіберу)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
4. Бағыт көрсеткіш батырмаларын **Def. Light/dark** (Ашық/қара анықтау) опциясын таңдау үшін пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
5. Түпнұсқаға қарағанда факсті ашығырақ ету үшін реттеуішті солға жылжыту үшін **<** батырмасын пайдаланыңыз немесе түпнұсқаға қарағанда факсті қаралау ету үшін реттеуішті оңға жылжыту үшін **>** батырмасын пайдаланыңыз.
6. Таңдауды сақтау үшін **OK** батырмасын басыңыз.

Ажыратымдылық параметрлерін орнатыңыз

 **ЕСКЕРІМ:** Ажыратымдылықты арттыру факс өлшемін үлкейтеді. Үлкен факстер жіберу уақытын көбейтеді және өнімнің жадынан асып кетуі мүмкін.

Зауытта стандартты **Fine** (Жоғары) ажыратымдылық орнатылады.

Барлық факс тапсырмалары үшін стандартты ажыратымдылықты мына параметрлердің біріне өзгерту үшін осы әрекетті орындаңыз:

- **Standard** (Стандарт): Бұл параметр ең төменгі сапа мен ең жылдам жіберуді қамтамасыз етеді.
- **Fine** (Жоғары): Бұл параметр **Standard** (Стандарт) параметріне қарағанда жоғарылау ажыратымдылық сапасын қамтамасыз етеді, ол әдетте мәтіндік құжаттарға арналған.
- **Superfine** (Өте жоғары): Бұл параметр мәтін мен суреттер араласқан құжаттарға ыңғайлы. Берілім ұзақтығы **Fine** (Жоғары) параметріне қарағанда ақырындау, бірақ **Photo** (Фото) параметріне қарағанда жылдамырақ.
- **Photo** (Фото): Бұл параметр ең жақсы суреттерді қамтамасыз етеді, бірақ берілім уақытын едәуір көбейтеді.


Стандартты ажыратымдылықты орнатыңыз

1. Басқару панелінде **Setup (Орнату)** батырмасын басыңыз.
2. **Fax (Факс)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
3. **Fax Send (Факсты жіберу)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.

4. Бағыт көрсеткіш батырмаларын **Def. Resolution** (Ажыратымдылықты анықтау) опциясын таңдау үшін пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
5. Ажыратымдылық параметрін өзгерту үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз.
6. Таңдауды сақтау үшін **OK** батырмасын басыңыз.

Ағымдағы факс тапсырмасы үшін ажыратымдылықты орнатыңыз

1. Ағымдағы ажыратымдылық параметрін көрсету үшін басқару панеліндегі **Resolution** (Ажыратымдылық) батырмасын басыңыз.
2. Дұрыс ажыратымдылық параметрін орнату үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз.
3. Таңдауды сақтау үшін **OK** батырмасын басыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Бұл процедура ағымдағы факс тапсырмасы үшін факс ажыратымдылығын өзгертеді. Стандартты факс ажыратымдылығын өзгерту жөніндегі нұсқауларды көру үшін [Стандартты ажыратымдылықты орнатыңыз 141-бетте](#) қараңыз.

ЕСКЕРІМ: Факс контрастын немесе шыны сканер өлшемін өзгерту үшін стандартты параметрлерді өзгерту қажет. [Стандартты ашық/қара \(контраст\) параметрін орнатыңыз 141-бетте](#) немесе [Стандартты шыны өлшемін орнатыңыз 142-бетте](#) қараңыз.

Стандартты шыны өлшемін орнатыңыз

Сканерден факс жібергенде планшетті сканер қандай қағаз пішімін сканерлейтінін анықтайды. Зауыттық стандартты мән сіз өнімді сатып алған елге/аймаққа байланысты анықталады.


1. Басқару панелінде **Setup (Орнату)** батырмасын басыңыз.
2. **Fax (Факс)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
3. **Fax Send (Факсты жіберу)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
4. Бағыт көрсеткіш батырмаларын **Def. Glass size** (Шыны өлшемін анықтау) опциясын таңдау үшін пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
5. Дұрыс қағаз пішімін таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз: **A4** немесе **Letter** (Хат).
6. Таңдауды сақтау үшін **OK** батырмасын басыңыз.

Нөмірді батырмамен теруді немесе импульстік теруді орнатыңыз

Өнімді нөмірді батырмамен теру немесе импульстік теру режиміне орнату үшін осы процедураны пайдаланыңыз. Зауыттық стандартты режим **Tone** (Нөмірді батырмамен теру). Телефон желісінде нөмірді батырмамен теру мүмкін емес болса ғана бұл параметрді өзгертуге болады.

1. Басқару панелінде **Setup (Орнату)** батырмасын басыңыз.
2. **Fax (Факс)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
3. **Fax Send (Факсты жіберу)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.

4. **Dialing Mode** (Нөмір теру режимі) опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
5. Бағыт көрсеткіш батырмаларын **Tone** (Батырмамен теру) немесе **Pulse** (Импульстік теру) опциясын таңдау үшін пайдаланыңыз, сонан соң осы таңдауды сақтау үшін **OK** батырмасын басыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Нөмірді импульстік теру опциясы барлық елдерде/аймақтарда қолданыла бермейді.

Төлем кодтарын орнатыңыз

Егер төлем кодтары функциясы қосылған болса, пайдаланушыдан әрбір факс үшін төлем кодын енгізу талап етіледі. Төлем кодының саны әрбір жіберілген факс беті үшін көбейе береді. Ол алынған сұраудан, жіберілген факстен немесе компьютермен жүктелген факстерден басқа барлық факс түрлерін қамтиды. Анықталмаған топ үшін немесе нөмірлер тобын теру факсі үшін төлем код саны әрбір адреске жіберілген сәтті факс үшін өседі. Әрбір төлем коды үшін жалпы санды көрсететін есепті басып шығару үшін [Төлем кодының есебін басып шығарыңыз 143-бетте](#) қараңыз.

Төлем кодының параметрі үшін зауыттық стандартты мән мынадай: **Off (Ажырату)**. Төлем коды 1-ден 250-ге дейінгі кез келген сан бола алады.

Төлем кодының параметрін орнатыңыз

1. Басқару панелінде **Setup (Орнату)** батырмасын басыңыз.
2. **Fax (Факс)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
3. **Fax Send (Факсты жіберу)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
4. **Billing codes** (Төлем кодтары) опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
5. **On (Қосу)** немесе **Off (Ажырату)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.


Төлем кодтарын пайдаланыңыз

1. Құжатты құжаттарды автоматты түрде беру құрылғысының (ADF) кіру науасына немесе планшетті сканерге салыңыз.
2. Басқару панелінде нөмірді тез теру немесе нөмірлер тобын теру жазбалары арқылы телефон нөмірін қолмен енгізіңіз.
3. **Start Fax (Факсты бастау)** батырмасын басыңыз.
4. Төлем кодын енгізіңіз, сонан соң **Start Fax (Факсты бастау)** батырмасын басыңыз.

Факс тапсырмасы жіберіледі және төлем есебінде тіркеледі. Төлем кодының есебін басып шығару туралы ақпаратты [Төлем кодының есебін басып шығарыңыз 143-бетте](#) қараңыз.

Төлем кодының есебін басып шығарыңыз

Төлем код есебі - бұл барлық факс төлем кодтарының және әрбір код үшін есептелген факстердің жалпы санының басып шығарылған тізімі.

 **ЕСКЕРІМ:** Осы есеп басып шығарылғаннан кейін төлем туралы барлық мәліметтер жойылады.

1. Басқару панелінде **Setup (Орнату)** батырмасын басыңыз.
2. **Reports (Есеп берулер)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
3. **Billing report** (Төлем есебі) опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз. Өнім мәзір параметрлерінен шығып, есепті басып шығарады.

Факс қабылдау параметрлері

Жауап беру үшін қоңырау санын орнатыңыз немес өзгертіңіз

Жауап беру режимі **Automatic (Автоматты)** қойылса, өнімнің жауап беру үшін қоңырау саны параметрі өнімнің кіруші шақыруға жауап беруінен бұрын телефонның қанша рет қоңырау соғатынын анықтайды.

Егер өнім факс және дауыс шақыруларын қабылдайтын желіге (ортақ желіге) қосылса және сол желіде автоматты түрде жауап беру машинасы да болса, жауап беру үшін қоңырау саны параметрін реттеу қажет болуы мүмкін. Өнімнің жауап беру үшін қоңырау саны автоматты түрде жауап беру машинасындағы жауап беру үшін қоңырау санынан көбірек болуы тиіс. Бұл автоматты түрде жауап беру машинасының кіруші қоңырауға жауап беруін және хабарды, егер ол дауыстық шақыру болса, тіркеуін қамтамасыз етеді. Автоматты түрде жауап беру машинасы қоңырауға жауап берген кезде, өнім сол шақыруды тыңдап тұрады және ол факс сигналдарын тапса, оған автоматты түрде жауап береді.

Жауап беру үшін стандартты қоңырау саны АҚШ пен Канада үшін беске тең, ал басқа елдер/аймақтар үшін ол екіге тең.

Жауап беру үшін қоңырау саны параметрін пайдаланыңыз

Жауап беру үшін қоңырау санын анықтау үшін төмендегі кестені пайдаланыңыз.

Телефон желісінің түрі	Ұсынылған жауап беру үшін қоңырау саны параметрі
Арнаулы факс желісі (тек қана факс шақыруларын қабылдау)	Басқару панелінің дисплейінде көрсетілген аралықтағы қоңырау санына қойыңыз. (Қабылданған ең аз және ең көп қоңырау сандары елге/аймаққа байланысты өзгеріп отырады.)
Екі бөлек нөмірі бар және қоңырау үлгісі қызметі бар бір желі	Бір немесе екі қоңырау. (Екінші телефон нөмірі үшін сізде автоматты жауап беру машинасы немесе компьютерлік дауыс поштасы болса, өнімнің қоңыраулар санын автоматты түрде жауап беру жүйесіне қарағанда артығырақ етіп орнатыңыз. Дауыстық және факс қоңырауларын айырып тану үшін арнаулы қоңырау функциясын пайдаланыңыз. Арнаулы қоңырауды орнатыңыз 146-бетте қараңыз.)
Тек қана бекітілген телефоны бар ортақ желі (факс және дауыстық қоңырауларын қабылдау)	Бес немесе одан да көп қоңыраулар.
Бекітілген автоматты түрде жауап беру машинасы немесе компьютерлік дауыстық поштасы бар ортақ желі (факс және дауыстық қоңырауларын қабылдау)	Автоматты түрде жауап беру машинасына немесе компьютерлік дауыс поштасына қарағанда екі қоңырауға артық.

Жауап беру үшін қоңырау санын орнатыңыз

Жауап беру үшін қоңырау санын орнату немесе өзгерту үшін мына қадамдарды орындаңыз:

1. Басқару панелінде **Setup (Орнату)** батырмасын басыңыз.
2. **Fax (Факс)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
3. **Fax Recv. (Факс қабылдау) орнату** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
4. **Rings to answer (Жауап беру үшін қоңырау саны)** опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
5. Жауап беру үшін қоңырау санын енгізу үшін әріптік-цифрлық батырмаларды пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.

Жауап беру режимін орнатыңыз

Жағдайға байланысты өнімнің жауап беру режимін **Automatic (Автоматты)** немесе **Manual (Қолмен орындалатын)** қойыңыз. Зауыттық стандартты мән **Automatic (Автоматты)**.

- **Automatic (Автоматты):** Бұл жауап беру режимінде өнім кіруші шақыруларға қоңыраулардың белгілі бір санынан кейін жауап береді немесе арнаулы факс сигналдарын таныған соң жауап береді. Қоңыраулар санын анықтау үшін [Жауап беру үшін қоңырау санын орнатыңыз 145-бетте](#) қараңыз.
- **TAM (Автоматты жауап беру машинасы):** Бұл жауап беру режимінде өнімнің желіге шығу портына қосылған автоматты жауап беру машинасы (TAM) болады. Өнім кіруші қоңырауларға жауап бермейді, бірақ жауап беру машинасы қоңырауға жауап бергеннен кейін ол факс қоңырауларының сигналдарын күтеді.
- **Факс/Телефон:** Бұл жауап беру режимінде өнім кіруші қоңырауға жауап береді және оның дауыстық немесе факс қоңырауы екендігін анықтайды. Егер шақыру факс шақыруы болса, өнім шақырудан факс алады. Егер шақыру дауыстық шақыру болса, өнім кіруші дауыстық шақыруды көрсететін естілетін қоңырау шығарады және сіз қосымша телефон арқылы жауап беруіңіз қажет.
- **Manual (Қолмен орындалатын):** Бұл жауап беру режимінде өнім ешқашан шақыруларға жауап бермейді. Факс қабылдау процесін басқару панеліндегі **Start Fax (Факсты бастау)** батырмасын басып немесе сол желіге қосылған телефонды көтеріп, 1-2-3 сандарын теру арқылы өзіңіз бастауыңыз қажет.

Жауап беру режимін орнату немесе өзгерту үшін мына қадамдарды орындаңыз:

1. Басқару панелінде **Setup (Орнату)** батырмасын басыңыз.
2. **Fax (Факс)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
3. **Fax Recv. (Факс қабылдау) орнату** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
4. **OK** батырмасын басып **Answer mode (Жауап беру режимі)** опциясын таңдаңыз.
5. Жауап беру режимін таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.

Басқару панелінің дисплейі сіз орнатқан жауап беру режимінің параметрін көрсетеді.

Факс жіберуді орнатыңыз

Өніміңізді келген факстерді басқа факс нөміріне жіберетін етіп орнатуға болады. Факс өніміңізге келгенде ол жадта сақталады. Сонан соң өнім сіз көрсеткен факс нөмірін тереді және факсті жібереді. Егер қате болғандықтан (мысалы, нөмір бос емес) өнім факсті жібере алмаса және нөмірді қайта теру әрекеттері нәтиже бермесе, сіздің өніміңіз факсті басып шығарады.

Егер факс қабылдау кезінде өнімнің жады жеткіліксіз болса, ол кіруші факсті тоқтатады және жадында сақталған беттерді және толық емес беттерді ғана жібереді.


Факс жіберу функциясы пайдаланылса, өнім (компьютер емес) факстерді қабылдауы тиіс және жауап беру режимі **Automatic (Автоматты)** жағдайға қойылуы тиіс.

1. Басқару панелінде **Setup (Орнату)** батырмасын басыңыз.
2. **Fax (Факс)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
3. **Fax Recv. (Факс қабылдау) орнату** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
4. **Forward fax (Факс жіберу)** опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
5. **On (Қосу)** немесе **Off (Ажырату)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
6. Егер сіз факс жіберу функциясын қоссаңыз, факс жіберілетін факс нөмірін көрсету үшін әріптік-цифрлық батырмаларды пайдаланыңыз, сонан соң таңдауды сақтау үшін **OK** батырмасын басыңыз.

Арнаулы қоңырауды орнатыңыз

Қоңырау үлгісі немесе арнаулы қоңырау қызметін кейбір жергілікті телефон компаниялары қамтамасыз етеді. Бұл қызмет сізге бір желіде бірнеше телефон нөмірлерін пайдалану мүмкіндігін береді. Өрбір телефон нөмірінің ерекше қоңырау үлгісі болады, сөйтіп, сіз дауыстық шақыруларға жауап бере аласыз, ал өнім факс шақыруларына жауап бере алады.

Егер сіз телефон компаниясының қоңырау үлгісі қызметіне жазылсаңыз, өнімді дұрыс қоңырау үлгісіне жауап беретіндей етіп орнатуыңыз тиіс. Ерекше қоңырау үлгілері барлық елдерде/аймақтарда бола бермейді. Сіздің елде/аймақта осы қызметтің көрсетілетінін анықтау үшін телефон компаниясына хабарласыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Егер сізде қоңырау үлгісі қызметі жоқ болса, және, егер сіз қоңырау үлгісінің параметрлерін стандартты **All Rings** (Барлық қоңыраулар) опциясынан басқасына өзгертсеңіз, өнім факстерді қабылдай алмауы мүмкін.

Параметрлер мынадай:

- **All Rings** (Барлық қоңыраулар): Өнім телефон желісі арқылы келетін кез келген шақыруларға жауап береді.
- **Single** (Бір): Өнім бір-қоңырау үлгісіндегі кез келген шақыруларға жауап береді.
- **Double** (Екі): Өнім екі-қоңырау үлгісіндегі кез келген шақыруларға жауап береді.

- **Triple** (Үш): Өнім үш-қоңырау үлгісіндегі кез келген шақыруларға жауап береді.
- **Double&Triple** (Екі&Үш): Өнім екі-қоңырау немесе үш-қоңырау үлгісіндегі кез келген шақыруларға жауап береді.

Шақыруларға жауап беру үшін қоңырау үлгілерін өзгерту үшін мына қадамдарды орындаңыз:

1. Басқару панелінде **Setup (Орнату)** батырмасын басыңыз.
2. **Fax (Факс)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
3. **Fax Recv. (Факс қабылдау) орнату** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
4. **Answer Ring Type (Жауап беру Қоңырау түрі)** опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
5. Өзіңіз қалаған қоңырау үлгісін таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
6. Өнімді орнатып болғаннан кейін қоңырау үлгісі қызметінің дұрыс жұмыс істеуін тексеріп көру үшін біреуден сізге факс жіберуін сұраңыз.

Компьютерді факс қабылдайтындай етіп реттеңіз

 **ЕСКЕРІМ:** Компьютерді пайдаланып факстерді қабылдау Macintosh үшін қарастырылмаған.

Өнімді бастапқы орнату кезінде бағдарламалық құралдар толық орнатылған жағдайда ғана факстерді компьютерде қабылдау мүмкін болады.

Компьютеріңізде факстерді қабылдау үшін бағдарламалық құралдағы компьютерде қабылдау функциясын қосыңыз.

1. HP ToolboxFX ашыңыз.
2. Өнімді таңдаңыз.
3. **Fax (Факс)** батырмасын басыңыз.
4. **Fax Tasks (Факс тапсырмалары)** батырмасын басыңыз.
5. **Fax Receive Mode (Факс қабылдау режимі)** опциясының төменгі жағында **Receive faxes to this computer** (Факстерді осы компьютерде қабылдау) опциясын таңдаңыз.

Басқару панелінен компьютерде қабылдау функциясын ажыратыңыз

Компьютерде қабылдау функциясын тек қана бір компьютерден қосуға болады. Егер қандай да бір себептермен сол компьютерді пайдалану мүмкін болмай қалса, басқару панелінен компьютерде қабылдау функциясын ажырату үшін мына процедураны пайдалануға болады.


1. Басқару панелінде **Setup (Орнату)** батырмасын басыңыз.
2. **Fax (Факс) функциялары** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
3. **Stop Recv to PC (Компьютерде қабылдауды тоқтату)** опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.

Кіруші факстер үшін автоматты түрде кішірейту функциясын пайдаланыңыз

Егер бет өлшемдері бойынша масштабтау опциясы қосылған болса, стандартты қағаз өлшеміне сәйкестендіру үшін өнім ұзын факстерді автоматты түрде 75%-ға шейін кішірейтеді (мысалы, факс стандарт пішімінен хат пішіміне кішірейтіледі).

Егер бет өлшемдері бойынша масштабтау опциясы ажыратылған болса, ұзын факстер толық өлшеммен бірнеше беттерде басып шығарылады. Кіруші факстің автоматты түрде кішірейту функциясы үшін зауыттық стандартты мәні: **On (Қосу)**.

Егер қабылданған факстерді штамптау опциясы қосылған болса, автоматты түрде кішірейту функциясын қосуды да қалауыңыз мүмкін. Бұл кіруші факстердің өлшемін аз ғана кішірейтеді және штампты екі бетке салуды болдырмайды.

 **ЕСКЕРІМ:** Баспа құралдарының стандартты өлшемі науаға салынған баспа құралдарының өлшемімен сәйкес келетінін тексеріңіз.

1. Басқару панелінде **Setup (Орнату)** батырмасын басыңыз.
2. **Fax (Факс)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
3. **Fax Recv. (Факс қабылдау) орнату** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
4. **Fit to page** (Бет өлшемдері бойынша масштабтау) опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
5. **On (Қосу)** немесе **Off (Ажырату)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң таңдауды сақтау үшін **OK** батырмасын басыңыз.

Факс шақыруын табу режимін орнатыңыз

Бұл параметр факс берілімдері кезінде факс сигналын шығармайтын ескі үлгідегі факс машиналарынан факстерді қабылдауды немесе қабылдамауды реттейді. Осы басылым шыққан кезде факс сигналын шығармайтын үлгідегі факс машиналарының саны өте аз болатын. Стандарттық берілетін мәні **Off (Ажырату)**. Факс шақыруын табу режимінің параметрін егер сіз әрдайым ескі үлгідегі факс машинасын пайдаланатын адамнан факс алатын болсаңыз ғана өзгертуге болады.

1. Басқару панелінде **Setup (Орнату)** батырмасын басыңыз.
2. **Fax (Факс)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
3. **Fax Recv. (Факс қабылдау) орнату** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
4. **Silence Detect** (Факс шақыруын табу) опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
5. **On (Қосу)** немесе **Off (Ажырату)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң таңдауды сақтау үшін **OK** батырмасын басыңыз.

Факсті қайта басып шығарудың стандартты параметрін орнатыңыз

Факсті қайта басып шығарудың стандартты параметрі **Он (Қосы)**. Бұл параметрді басқару панелінен өзгерту үшін мына қадамдарды орындаңыз:

1. Басқару панелінде **Setup (Орнату)** батырмасын басыңыз.
2. **Fax (Факс)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
3. **Fax Recv. (Факс қабылдау) орнату** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
4. **Reprint faxes (Факстерді қайта басып шығару)** опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
5. **Он (Қосы)** немесе **Off (Ажырату)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.

Қабылданған факстерді беттің екі жағында басып шығару (дуплекс)

Print duplex (Беттің екі жағында басып шығару) опциясы **Он (Қосы)** болса, қабылданған барлық факстер беттің екі жағында басып шығарылады. Факстерді беттің екі жағында басып шығару параметрінің зауыттық стандартты мәні **Off (Ажырату)**.

Факстер үшін беттің екі жағында басып шығару параметрін орнату

1. Басқару панелінде **Setup (Орнату)** батырмасын басыңыз.
2. **Fax (Факс)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
3. **Fax Recv. (Факс қабылдау) орнату** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
4. **Беттің екі жағында басып шығару (Беттің екі жағында басып шығару)** опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
5. **Он (Қосы)** немесе **Off (Ажырату)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.

Қабылданған факстерге штамп басу

Әнім әрбір қабылданған факстің жоғарғы бөлігінде жіберушінің идентификациялық мәліметін басып шығарады. Сонымен қатар факсті қабылдау күні мен уақытын растау үшін әрбір қабылданған факске өзіңіздің тақырыптық мәліметтеріңізді қоса аласыз. Қабылданған факстерге штамп басу параметрінің зауыттық стандартты мәні **Off (Ажырату)**.

 **ЕСКЕРІМ:** Бұл опция әнім басып шығаратын қабылданған факстерге ғана қолданылады.

1. Басқару панелінде **Setup (Орнату)** батырмасын басыңыз.
2. **Fax (Факс)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
3. **Fax Recv. (Факс қабылдау) орнату** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.

4. **Stamp faxes** (Факстерге штамп басу) опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
5. **On (Қосу)** немесе **Off (Ажырату)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң таңдауды сақтау үшін **OK** батырмасын басыңыз.

Факс нөмірлерін бұғаттау және бұғаттауды жою

Егер сіз белгілі бір адамдардан немесе мекемелерден факс алғыңыз келмесе, сіз басқару панелі арқылы 30 факс нөміріне шейін бұғаттап қоя аласыз. Егер сіз факс нөмірін бұғаттап қойсаңыз және сол нөмірден сізге факс жіберсе, басқару панелінің дисплейі нөмірдің бұғатталғанын көрсетеді, факс басып шығарылмайды және факс жадта сақталмайды. Бұғатталған факс нөмірлерінен келген факстер факс жұмыстарын тіркеу журналында «керексіз» белгісімен көрсетіледі. Сіз бұғатталған факс нөмірлері үшін бұғаттауды біртіндеп немесе бір мезгілде барлық нөмірлер үшін жою аласыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Бұғатталған факсті жіберушіге факстің қабылданбағаны туралы мәлімет берілмейді.

Сіз бұғаттаған нөмірлер тізімін немесе факс жұмыстарын тіркеу журналын басып шығару үшін [Факстің жеке есептерін басып шығарыңыз 172-бетте](#) қараңыз.

Басқару панелінің көмегімен факс нөмірлерін бұғаттау немесе бұғаттауды жою үшін мына қадамдарды орындаңыз:

1. Басқару панелінде **Setup (Орнату)** батырмасын басыңыз.
2. **Fax (Факс)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
3. **Fax Recv. (Факс қабылдау) орнату** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
4. **Block faxes** (Факстерді бұғаттау) опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
5. Факс нөмірін бұғаттау үшін, **Add entry** (Жазба қосу) опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз. Факс нөмірін тақырыпта көрсетілгендей түрде енгізіңіз (бос орындарды ескеріп), сонан соң **OK** батырмасын басыңыз. Бұғатталған нөмір үшін ат енгізіңіз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.

Факс нөмірін бұғаттау үшін, **Delete entry** (Жазбаны жою) опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз. Жойғыңыз келетін факс нөмірін таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң жоюды растау үшін **OK** батырмасын басыңыз.

—немесе—

Бұғатталған барлық факс нөмірлері үшін бұғаттауды жою үшін, **Clear all** (Барлығын жою) опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз. Жоюларды растау үшін **OK** батырмасын қайта басыңыз.

Факстерді қабылдау үшін қосымша телефонды қамтамасыз етіңіз

Осы параметр қосылғанда, телефон пернетақтасында 1-2-3 сандарын кезекпен басып кіруші факс шақыруына жауап беру үшін өнімге сигнал бере аласыз. Стандарттық берілетін мәні **On (Қосу)**. Нөмірді импульстік теруді пайдалансаңыз немесе 1-2-3 тізбегін пайдаланатын телефон

компаниясының қызметін пайдалансаңыз ғана осы параметрді алып тастауға болады. Өнімге сәйкес болмаса телефон компаниясының қызметін пайдалану мүмкін емес.

1. Басқару панелінде **Setup (Орнату)** батырмасын басыңыз.
2. **Fax (Факс)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
3. **Fax Recv. (Факс қабылдау) орнату** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
4. **Extension Phone (Қосымша телефон)** опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
5. **On (Қосу)** немесе **Off (Ажырату)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң таңдауды сақтау үшін **OK** батырмасын басыңыз.

Факсті пайдаланыңыз


Факстің бағдарламалық құралдары

Сәйкес келетін факс бағдарламалары

Өніммен қосылып келетін компьютерлік факс бағдарламасы ғана өніммен жұмыс істеуге жарамды болады. Компьютерде бұрынырақ орнатылған компьютерлік факс бағдарламасын пайдалануды жалғастыру үшін оны компьютерге алдын ала қосылған модем арқылы пайдалану қажет; ол өнімнің модемі арқылы жұмыс істемейді.

Пайдалануға болатын титул бетінің үлгілері

HP LaserJet факс жіберу бағдарламасында бизнес факстерге және жеке факстерге арналған титул беттерінің үлгілері бар.

 **ЕСКЕРІМ:** Титул бетінің үлгілерін өзгерту мүмкін емес. Үлгілердің ішіндегі жолдарды түзетуге болады, ал үлгілердің өздері тұрақты формалар болып табылады.

Факстің титул бетін нақты талаптарға жауап беретіндей етіп өзгертіңіз

1. HP LaserJet факс жіберу бағдарламасын ашыңыз.
2. **Fax To** (Факс жіберу (кімге) бөлімінде алушының факс нөмірін, атын және компаниясын көрсетіңіз.
3. **Resolution** (Ажыратымдылық) бөлімінде ажыратымдылық параметрін таңдаңыз.
4. **Include With Fax** (Факске қосу) бөлімінде **Cover Page** (Титул беті) опциясын таңдаңыз.
5. **Notes** (Ескертулер) және **Subject** (Тақырып) мәтін терезелерінде қосымша мәліметтерді қосыңыз.
6. **Cover Page Template** (Титул бетінің үлгісі) ашылатын терезесінде үлгіні таңдаңыз, сонан соң **Құжат науасындағы беттер** (Құжат науасындағы беттер) опциясын таңдаңыз.
7. Мыналардың бірін орындаңыз:
 - Титул бетін алдын ала көрмей факсті жіберу үшін **Send Now** (Қазір жіберу) батырмасын басыңыз.
 - Факсті жіберуден алдын титул бетін көру үшін **Preview** (Алдын ала көру) батырмасын басыңыз.

Факсті тоқтату

Ағымдағы уақытта нөмірі теріліп жатқан жеке факсті немесе беріліп немесе қабылданып жатқан жеке факсті тоқтату үшін осы нұсқауларды пайдаланыңыз.

Ағымдағы факсті тоқтатыңыз

Басқару панеліндегі **Cancel** (Тоқтату) батырмасын басыңыз. Әлі берілмеген беттер тоқтатылады. Сонымен қатар **Cancel** (Тоқтату) батырмасын басу нөмірлер тобын теру тапсырмаларын тоқтатады.

Орындалуын күтіп тұрған факс тапсырмасын тоқтатыңыз

Бұл процедураны факс тапсырмасын мынадай жағдайларда тоқтату үшін пайдаланыңыз:

- Бос емес сигналынан, жауапсыз шақырудан немесе байланыс қатесінен кейін өнім нөмірді қайта теруді күтіп тұр.
- Факс алдағы уақытта жіберілетін етіп жоспарланған.

Fax Job status (Факс тапсырмасының күй-жайы) мәзірін пайдаланып факс тапсырмасын тоқтату үшін мына қадамдарды орындаңыз:

1. Басқару панелінде **Setup (Орнату)** батырмасын басыңыз.
2. **OK** батырмасын басып **Fax Job (Факс тапсырмасының жағдайы)** таңдаңыз.
3. Жойғыңыз келетін тапсырмаға жеткенше бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланып орындалуға кезекте тұрған тапсырмалар бойынша тізімі бойынша жылжыңыз.
4. Тоқтатқыңыз келетін тапсырманы таңдау үшін **OK** батырмасын таңдаңыз.
5. Тапсырманы тоқтатуды растау үшін **OK** батырмасын басыңыз.

Факстерді жадтан өшіріңіз

Басқа біреу сіздің өніміңізді пайдаланып, оның жадында сақталған факстерді қайта басып шығаруы мүмкін деп алаңдасаңыз ғана осы процедураны пайдаланыңыз.

△ **ЕСКЕРТУ:** Қайта басып шығару жадын тазалаумен қатар бұл процедура жіберіліп жатқан факсті, жіберілмеген, бірақ кезекте тұрған факстерді, алдағы уақытта жіберуге жоспарланған факстерді және басып шығарылмаған немесе жіберілмеген факстерді жояды.

1. Басқару панелінде **Setup (Орнату)** батырмасын басыңыз.
2. **Fax (Факс) функциялары** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
3. **Clear saved faxes** (Сақталған факстерді жою) опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
4. Жоюды растау үшін **OK** батырмасын басыңыз.

Факсті DSL, PBX, ISDN немесе VoIP жүйесінде пайдаланыңыз


HP өнімдері әдеттегі аналогтық телефон қызметтерімен бірге пайдалануға арналып жасалған. Олар DSL, PBX, ISDN желілерінде жұмыс істеуге арналып жасалмаған немесе VoIP қызметтерімен сәйкес келмейді, бірақ олар дұрыс реттеу мен жабдықтар қамтамасыз етілген жағдайда жұмыс істеуі мүмкін.

📖 **ЕСКЕРІМ:** HP компаниясы DSL, PBX, ISDN және VoIP реттеу опцияларын қызмет көрсетушімен талқылап көруді ұсынады.


HP LaserJet өнімі цифрлық телефон жабдықтарының барлығымен үйлесе бермейтін аналогтық құрылғы болып табылады (цифрлық-аналогтық түрлендіргіш пайдаланылмаса). HP компаниясы өнімнің цифрлық жабдықтармен немесе цифрлық-аналогтық түрлендіргіштермен үйлесімділігіне кепілдік бермейді.

DSL (Цифрлық абоненттік желі)

Цифрлық абоненттік желі (DSL) стандартты мыстан жасалған телефон сымдарын пайдаланатын цифрлық технологияны пайдаланады. Бұл өнім цифрлық сигналдармен тура үйлеспейді. Бірақ, цифрлық абоненттік желіні орнату кезінде конфигурация анықталған болса, жиілік диапазонының бір бөлігін аналогтық сигналды (дауыс пен факс үшін) жіберуге, ал қалған бөлігін цифрлық мәліметтерді жіберуге болатындай етіп сигналды бөлуге болады.

 **ЕСКЕРІМ:** Цифрлық абоненттік желі қызметтеріне факстердің барлығы сәйкес келе бермеуі мүмкін. HP компаниясы өнімнің барлық DSL абоненттік желілерімен немесе қызмет көрсетушілерімен үйлесімділігіне кепілдік бермейді.

DSL модемі үшін жоғары жиіліктердің фильтрі қажет. Әдетте қызмет көрсетуші қалыпты телефон желісі үшін төменгі жиіліктердің фильтрін қамтамасыз етеді.

 **ЕСКЕРІМ:** Қосымша ақпарат немесе көмек алу үшін DSL қызмет көрсетушісіне хабарласыңыз.

PBX (Жеке пайдалануға арналған телефон жүйесі)

Өнім цифрлық телефон жабдықтарының барлығымен үйлесе бермейтін аналогтық құрылғы болып табылады. Факс функциясы үшін цифрлық-аналогтық фильтрлер немесе түрлендіргіштер қажет болуы мүмкін. Егер жеке пайдалануға арналған телефон жүйесінде факсті пайдалану қажеттілігі пайда болса, көмек алу үшін жеке пайдалануға арналған телефон жүйесінің қызмет көрсетушісіне хабарласыңыз. HP компаниясы өнімнің цифрлық жабдықтармен немесе цифрлық-аналогтық түрлендіргіштермен үйлесімділігіне кепілдік бермейді.

Қосымша ақпарат немесе көмек алу үшін жеке пайдалануға арналған телефон жүйесінің қызмет көрсетушісіне хабарласыңыз.

ISDN (Кешенді қызметтер көрсететін цифрлық желі)

Қосымша ақпарат немесе көмек алу үшін кешенді қызметтер көрсететін цифрлық желінің қызмет көрсетушісіне хабарласыңыз.

VoIP (IP протоколы бойынша дауыстық трафикті беру)

Егер қызмет көрсетуші IP қызметтерімен қатар факс қызметтерін көрсету туралы анық мәлідемесе, IP протоколы бойынша дауыстық трафикті беру (VoIP) қызметтері көбінесе факс машиналарымен үйлеспейді.

Егер өнімдегі факстің IP протоколы бойынша дауыстық трафикті беру желісінде жұмыс істеуі кезінде проблемалар болса, барлық кабельдердің және параметрлердің дұрыстығын тексеріңіз. Факс жылдамдығының параметрін азайту өнімнің IP протоколы бойынша дауыстық трафикті беру желісі арқылы факс жіберу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.


Егер факс жіберу проблемалары жойылмаса, IP протоколы бойынша дауыстық трафикті беру бойынша қызмет көрсетушісіне хабарласыңыз.

Факсті жіберіңіз

Планшетті сканерден факс жіберіңіз

1. Құжаттарды автоматты түрде беру құрылғысында (ADF) баспа құралдарының жоқтығын тексеріңіз.
2. Планшетті сканердің қақпағын көтеріңіз.

3. Түпнұсқа құжатты бет жағын төменге қаратып планшетті сканерге қойыңыз, құжаттың жоғарғы сол жақтағы бұрышы шынының төменгі оң жақтағы бұрышында болуы тиіс.



4. Қақпақты ақырындап жабыңыз.
5. Нөмірді теру үшін басқару панеліндегі әріптік-цифрлық батырмаларды пайдаланыңыз.

—немесе—

Егер сіз шақыратын факс нөмірі үшін бір рет басылатын батырма анықталған болса, сол батырманы басыңыз.

—немесе—

Егер сіз шақыратын факс нөмірі үшін нөмірді тез теру немесе нөмірлер тобын теру жазбасы болса, **Phone Book (Телефон кітабы)** батырмасын басыңыз, нөмірді тез теру немесе нөмірлер тобын теру жазбасын көрсету үшін әріптік-цифрлық батырмаларды пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.

6. Басқару панелінде **Start Fax (Факсты бастау)** батырмасын басыңыз.


Басқару панелінің дисплейінде мынадай хабар көрінеді: **Send from glass? (Шыныдан жіберу?) 1=Yes (Иә) 2=No (Жоқ)**.

7. **1** батырмасын басып **Yes (Иә)** таңдаңыз. Басқару панелінің дисплейінде мынадай хабар көрінеді: **Load page: (Қағазды салыңыз:) X Press (X Басу) OK**, батырмасын басыңыз, мұндағы X бет нөмірі.
8. **OK** басыңыз. Бетті сканерлегеннен кейін басқару панелінің дисплейінде мынадай хабар көрінеді: **Another page? (Келесі бет?) 1=Yes (Иә) 2=No (Жоқ)**.
9. Егер сізде сканерлейтін басқа беттер болса, **1** батырмасын басып **Yes (Иә)** таңдаңыз, сонан соң факс тапсырмасының әрбір беті үшін 3-қадамды қайталаңыз.

—немесе—

Егер бітірсеңіз, **2** батырмасын басып **No (Жоқ)** таңдаңыз, сонан соң келесі қадамға өтіңіз.

Құжаттарды автоматты түрде беру құрылғысынан (ADF) факс жіберіңіз


 **ЕСКЕРІМ:** Құжаттарды автоматты түрде беру құрылғысының сыйымдылығы 50 параққа тең, 80 г/м² немесе 20 фунт баспа құралы.

△ **ЕСКЕРТУ:** Өнімнің зақымдалуын болдырмау үшін түпнұсқада түзету лентасы, түзету сұйықтығы, қағаз қыстырғыштар немесе қапсырмалар болмауы тиіс. Сонымен қатар құжаттарды автоматты түрде беру құрылғысына фотосуреттерді, кішкентай түпнұсқаларды немесе сынғыш түпнұсқаларды салмаңыз. Оларды сканерлеу үшін планшетті шыныны пайдаланыңыз.

1. Түпнұсқалар жиынтығының жоғарғы шетін құжаттарды автоматты түрде беру құрылғысының кіру науасына салыңыз, баспа құралдарының беті жоғарыға қарап тұруы тиіс және көшірілетін бірінші бет жиынтықтың жоғарғы жағында болуы тиіс.


Егер баспа құралдары Хат немесе А4 пішімінен ұзынырақ болса, баспа құралдарын ұстап тұру үшін құжаттарды автоматты түрде беру құрылғысының кіру науасының ұзартқышын тартып шығарыңыз.

2. Жиынтықты құжаттарды автоматты түрде беру құрылғысына салып, тірелгенше итеріңіз.



Document loaded (Құжат салынды) хабары басқару панелінің дисплейінде көрінеді.

3. Баспа құралдарының бағдарлаушы құрылғыларын олар баспа құралдарымен толық түйіскенше реттеңіз.



4. Нөмірді теру үшін басқару панеліндегі әріптік-цифрлық батырмаларды пайдаланыңыз.

—немесе—

Егер сіз шақыратын факс нөмірі үшін бір рет басылатын батырма анықталған болса, сол батырманы басыңыз.

—немесе—

Егер сіз шақыратын факс нөмірі үшін нөмірді тез теру немесе нөмірлер тобын теру жазбасы болса, **Phone Book (Телефон кітабы)** батырмасын басыңыз, нөмірді тез теру немесе нөмірлер тобын теру жазбасын көрсету үшін әріптік-цифрлық батырмаларды пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.

5. Басқару панелінде **Start Fax (Факсты бастау)** батырмасын басыңыз. Өнім факс тапсырмасын орындауды бастайды.

Екі жақты түпнұсқаны факспен жіберіңіз


Екі жақты құжатты факспен жіберу үшін сканер шынысын пайдаланыңыз. [Планшетті сканерден факс жіберіңіз 154-бетте](#) қараңыз.

Нөмірді қолмен теру арқылы факс жіберу

Әдетте, өнім сіз **Start Fax (Факсты бастау)** батырмасын басқан соң нөмірді тереді. Дегенмен, кей кездері, сіз әрбір басуыңызда өнімнің әрбір нөмірді теруін қалауыңыз мүмкін. Мысалы, сіз факс шақыруын телефон карточкасы арқылы орындасаңыз, факс нөмірін теру, телефон компаниясының қабылдау сигналын күту, сонан соң телефон карточкасының нөмірін теру қажет болуы мүмкін. Халықаралық нөмірлерді тергенде нөмірдің бір бөлігін теріп, жалғастырудан бұрын байланысқа дайын болу сигналын күту қажет болуы мүмкін.

Құжаттарды автоматты түрде беру құрылғысымен (ADF) нөмірді қолмен теріңіз

1. Құжатты құжаттарды автоматты түрде беру құрылғысының (ADF) кіру науасына салыңыз.
2. Басқару панелінде **Start Fax (Факсты бастау)** батырмасын басыңыз.
3. Нөмір теруді бастаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Сіз әрбір цифрды басу арқылы өнім нөмірді тереді. Мұндай жағдайда нөмір теруді жалғастырудан бұрын сіз үзілістерді, байланысқа дайын болу сигналдарын, халықаралық кіру сигналдарын немесе телефон карточкасын қабылдау сигналдарын күте аласыз.

Планшетті сканермен нөмірді қолмен теріңіз

1. Басқару панелінде **Start Fax (Факсты бастау)** батырмасын басыңыз.
Басқару панелінің дисплейінде мынадай хабар көрінеді: **Send from glass? (Шыныдан жіберу?) 1=Yes (Иә) 2=No (Жоқ)**.
2. **1** батырмасын басып **Yes (Иә)** таңдаңыз. Басқару панелінің дисплейінде мынадай хабар көрінеді: **Load page: (Қағазды салыңыз:) X Press (X Басу) OK**, батырмасын басыңыз, мұндағы X бет нөмірі.
3. Парақтың басып шығару жағын төменге қаратып планшетті сканерге қойып және **OK** батырмасын басып бетті жадқа сканерлеңіз. Бетті сканерлегеннен кейін басқару панелінің дисплейінде мынадай хабар көрінеді: **Another page? (Келесі бет?) 1=Yes (Иә) 2=No (Жоқ)**.
4. Егер сізде сканерлейтін басқа беттер болса, **1** батырмасын басып **Yes (Иә)** таңдаңыз, сонан соң факс тапсырмасының әрбір беті үшін 3-қадамды қайталаңыз.
—немесе—
Егер бітірсеңіз, **2** батырмасын басып **No (Жоқ)** таңдаңыз, сонан соң келесі қадамға өтіңіз.
5. Барлық беттерді жадқа сканерлеп болған соң нөмір теруді бастаңыз. Сіз әрбір цифрды басу арқылы өнім нөмірді тереді. Мұндай жағдайда нөмір теруді жалғастырудан бұрын сіз үзілістерді, байланысқа дайын болу сигналдарын, халықаралық кіру сигналдарын немесе телефон карточкасын қабылдау сигналдарын күте аласыз.

Факсті топқа қолмен жіберіңіз (жоспарланбаған факс жіберу)

Нөмірлер тобын теру жазбасы жоқ қабылдаушылар тобына факс жіберу үшін мына нұсқауларды пайдаланыңыз:

1. Құжатты құжаттарды автоматты түрде беру құрылғысының (ADF) кіру науасына немесе планшетті сканерге салыңыз.
2. Әріптік-цифрлық батырмаларды пайдаланыңыз.

—немесе—

Егер сіз шақырып отырған факс нөмірі үшін нөмірді тез теру жазбасы белгіленген болса, **Phone Book (Телефон кітабы)** батырмасын басыңыз, нөмірді тез теру жазбасын көрсету үшін әріптік-цифрлық батырмаларды пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.

3. **OK** басыңыз.
4. Нөмірлерді теруді жалғастыру үшін 2- және 3-қадамдарды қайталаңыз.

—немесе—

Егер нөмірлерді теруді бітірсеңіз, келесі қадамға өтіңіз.

5. **Start Fax (Факсты бастау)** басыңыз. Егер сіз жібергіңіз келетін беттер құжаттарды автоматты түрде беру құрылғысында (ADF) болса, факс жіберу автоматты түрде басталады.
6. Егер өнімнің ADF датчигі ADF кіру науасында құжат жоқтығын анықтаса, мына хабар шығады: **Send from glass? (Шыныдан жіберу?) 1=Yes (Иә) 2=No (Жоқ)** басқару панелінің дисплейінде пайда болады. Планшетті сканерден факс жіберу үшін **1** батырмасын басып **Yes (Иә)** таңдаңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.

Мына бетті жүктеңіз: X Басқару панелінің дисплейінде «Press OK» (OK басыңыз) деген хабарлама пайда болады.

7. Егер сіз құжатты планшетті сканерге қойған болсаңыз, **OK** батырмасын басыңыз (немесе құжатты планшетті сканерге қойып, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз).

Бетті сканерлеп болған соң, **Another page? (Келесі бет?) 1=Yes (Иә) 2=No (Жоқ)** басқару панелінің дисплейінде пайда болады.

8. Егер сізде сканерлейтін басқа беттер болса, **1** батырмасын басып **Yes (Иә)** таңдаңыз, сонан соң факс тапсырмасының әрбір беті үшін 3-қадамды қайталаңыз.

—немесе—

Егер бітірсеңіз, **2** батырмасын басып **No (Жоқ)** таңдаңыз.

Өнім факсті әрбір факс нөміріне жібереді. Егер топтағы нөмір бос емес болса немесе жауап бермесе, өнім сол нөмірді қайта теру параметріне негізделіп қайта тереді. Егер барлық қайта теру әрекеттері сәтсіз аяқталса, өнім факс жұмыстарын тіркеу журналына қатені қосып жаңартады, сонан соң ол топтағы келесі нөмірге өтеді.

Қолмен нөмірді қайта теріңіз

1. Құжатты құжаттарды автоматты түрде беру құрылғысының (ADF) кіру науасына немесе планшетті сканерге салыңыз.
2. Басқару панелінде **Redial (Нөмірді қайта теру)** батырмасын басыңыз.

3. **Start Fax (Факсты бастау)** басыңыз. Егер сіз жібергіңіз келетін беттер құжаттарды автоматты түрде беру құрылғысында (ADF) болса, факс жіберу автоматты түрде басталады.

4. Егер өнімнің ADF датчигі ADF кіру науасында құжат жоқтығын анықтаса, мына хабар шығады: **Send from glass? (Шыныдан жіберу?) 1=Yes (Иә) 2=No (Жоқ)** басқару панелінің дисплейінде пайда болады. Планшетті сканерден факс жіберу үшін **1** батырмасын басып **Yes (Иә)** таңдаңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.

OK батырмасын басқан соң, **Load page (Бетті салыңыз): X Press (X Басу) OK** басқару панелінің дисплейінде көрінеді.

5. Егер сіз құжатты планшетті сканерге қойған болсаңыз, **OK** батырмасын басыңыз (немесе құжатты планшетті сканерге қойып, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз).

Бетті сканерлеп болған соң, **Another page? (Келесі бет?) 1=Yes (Иә) 2=No (Жоқ)** басқару панелінің дисплейінде пайда болады.

6. Егер сізде сканерлейтін басқа беттер болса, **1** батырмасын басып **Yes (Иә)** таңдаңыз, сонан соң факс тапсырмасының әрбір беті үшін 3-қадамды қайталаңыз.

–немесе–

Егер бітірсеңіз, **2** батырмасын басып **No (Жоқ)** таңдаңыз.

Өнім факсті қайта терілген нөмірге жібереді. Егер нөмір бос емес болса немесе жауап бермесе, өнім нөмірді қайта теру параметріне негізделіп қайта тереді. Егер барлық қайта теру әрекеттері сәтсіз аяқталса, өнім факс жұмыстарын тіркеу журналына қатені қосып жаңартады.

Нөмірді тез теру және нөмірлер тобын теру жазбаларын пайдаланыңыз

Нөмірді тез теру арқылы факс жіберіңіз

1. Құжатты құжаттарды автоматты түрде беру құрылғысының (ADF) кіру науасына немесе планшетті сканерге салыңыз.

2. Нөмірді тез теру үшін бір рет басылатын батырманы басыңыз.

–немесе–

Phone Book (Телефон кітабы) батырмасын басыңыз, нөмірді тез теру жазбасын көрсету үшін әріптік-цифрлық батырмаларды пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.

3. Құжатты құжаттарды автоматты түрде беру құрылғысының (ADF) кіру науасына немесе планшетті сканерге салыңыз.

4. **Start Fax (Факсты бастау)** басыңыз. Егер сіз жібергіңіз келетін беттер құжаттарды автоматты түрде беру құрылғысында (ADF) болса, факс жіберу автоматты түрде басталады.

5. Егер өнімнің ADF датчигі ADF кіру науасында құжат жоқтығын анықтаса, мына хабар шығады: **Send from glass? (Шыныдан жіберу?) 1=Yes (Иә) 2=No (Жоқ)** басқару панелінің дисплейінде пайда болады. Планшетті сканерден факс жіберу үшін **1** батырмасын басып **Yes (Иә)** таңдаңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.

OK батырмасын басқан соң, **Load page (Бетті салыңыз): X Press (X Басу) OK** басқару панелінің дисплейінде көрінеді.

6. Егер сіз құжатты планшетті сканерге қойған болсаңыз, **OK** батырмасын басыңыз (немесе құжатты планшетті сканерге қойып, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз).

Бетті сканерлеп болған соң, **Another page? (Келесі бет?) 1=Yes (Иә) 2=No (Жоқ)** басқару панелінің дисплейінде пайда болады.

- Егер сізде сканерлейтін басқа беттер болса, **1** батырмасын басып **Yes (Иә)** таңдаңыз, сонан соң факс тапсырмасының әрбір беті үшін 3-қадамды қайталаңыз.

–немесе–

Егер бітірсеңіз, **2** батырмасын басып **No (Жоқ)** таңдаңыз.

Факстің соңғы беті өнімнен шыққанда, сіз келесі факсті жіберуді, көшіруді немесе сканерлеуді бастай аласыз.

Сіз жиі пайдаланатын нөмірлер үшін нөмірді тез теру жазбасын белгілей аласыз. [Нөмірді тез терулерді орнату және түзету 133-бетте](#) қараңыз. Егер сізде электрондық телефон кітаптары болса, сіз оларды қабылдаушыларды таңдауға пайдалана аласыз. Электрондық телефон кітаптары үшінші жақтың бағдарламалық құралдарын пайдаланып жасалады.

Нөмірлер тобын теру жазбасын пайдаланып факс жіберіңіз

- Құжатты құжаттарды автоматты түрде беру құрылғысының (ADF) кіру науасына немесе планшетті сканерге салыңыз.
- Нөмірді тез теру үшін бір рет басылатын батырманы басыңыз.

–немесе–

Phone Book (Телефон кітабы) батырмасын басыңыз, нөмірді тез теру жазбасын көрсету үшін әріптік-цифрлық батырмаларды пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.

- Start Fax (Факсты бастау)** басыңыз. Егер сіз жібергіңіз келетін беттер құжаттарды автоматты түрде беру құрылғысында (ADF) болса, факс жіберу автоматты түрде басталады.
- Егер өнімнің ADF датчигі ADF кіру науасында құжат жоқтығын анықтаса, мына хабар шығады: **Send from glass? (Шыныдан жіберу?) 1=Yes (Иә) 2=No (Жоқ)** басқару панелінің дисплейінде пайда болады. Планшетті сканерден факс жіберу үшін **1** батырмасын басып **Yes (Иә)** таңдаңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.

OK батырмасын басқан соң, **Load page (Бетті салыңыз): X Press (X Басу)** басқару панелінің дисплейінде көрінеді.**OK**.

- Егер сіз құжатты планшетті сканерге қойған болсаңыз, **OK** батырмасын басыңыз (немесе құжатты планшетті сканерге қойып, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз).

Бетті сканерлеп болған соң, **Another page? (Келесі бет?) 1=Yes (Иә) 2=No (Жоқ)** басқару панелінің дисплейінде пайда болады.

- Егер сізде сканерлейтін басқа беттер болса, **1** батырмасын басып **Yes (Иә)** таңдаңыз, сонан соң факс тапсырмасының әрбір беті үшін 3-қадамды қайталаңыз.

–немесе–

Егер бітірсеңіз, **2** батырмасын басып **No (Жоқ)** таңдаңыз.

Өнім құжатты жадына сканерлейді және факсті көрсетілген әрбір нөмірге жібереді. Егер топтағы нөмір бос емес болса немесе жауап бермесе, өнім нөмірді қайта теру параметріне негізделіп қайта тереді. Егер барлық қайта теру әрекеттері сәтсіз аяқталса, өнім факс жұмыстарын тіркеу журналына қатені қосып жаңартады, сонан соң ол топтағы келесі нөмірге өтеді.

Бағдарламалық құралдардан факс жіберіңіз

Бұл тарауда өніммен бірге келген бағдарламалық құралдарды пайдаланып факстерді жіберуге арналған негізгі нұсқаулар берілген. Бағдарламалық құралдарға қатысты басқа барлық тақырыптар бағдарламалық құралдардың Көмек бөлімінде қамтылған және оны бағдарламаның **Help** (Көмек) мәзірінен ашуға болады.

Егер сіз мына талаптарға жауап берсеңіз, электрондық құжаттарды компьютерден факс арқылы жібере аласыз:

- Өнім тікелей компьютерге қосылған немесе компьютерге TCP/IP желісі арқылы қосылған.
- Өнімнің бағдарламалық құралдары компьютерде орнатылған.
- Компьютердің операциялық жүйесі Microsoft Windows XP, Windows Vista, Mac OS X v10.3 немесе Mac OS X v10.4.

Факсті бағдарламалық құралдардан жіберіңіз (Windows XP немесе Vista)

Факс жіберу процедурасы сіздің техникалық талаптарыңызға байланысты өзгереді. Ең көп пайдаланылатын әрекеттер.

1. **Start (Бастай)** батырмасын басыңыз, **Programs** (Бағдарламалар) батырмасын басыңыз (немесе Windows XP үшін **All Programs** (Барлық бағдарламалар), сонан соң **Hewlett-Packard** басыңыз).
2. **HP LaserJet product** (HP LaserJet өнімі) батырмасын басыңыз, сонан соң **Send fax** (Факс жіберу) батырмасын басыңыз. Факстің бағдарламалық құралдары көрінеді.
3. Бір немесе бірнеше қабылдаушының факс нөмірін енгізіңіз.
4. Құжатты құжаттарды автоматты түрде беру құрылғысының (ADF) кіру науасына салыңыз.
5. Титул бетін қосыңыз. (Бұл қадамды орындау міндетті емес.)
6. **Send Now** (Қазір жіберу) батырмасын басыңыз.

Факсті бағдарламалық құралдардан жіберіңіз (Mac OS X v10.3)

1. Құжатты құжаттарды автоматты түрде беру құрылғысының (ADF) кіру науасына немесе планшетті сканерге салыңыз.
2. HP Director ашыңыз және **Fax** (Факс) батырмасын басыңыз. Факстің бағдарламалық құралдары көрінеді.
3. **Fax** (Факс) опциясын **Print** (Басып шығару) диалогынан таңдаңыз.
4. Бір немесе бірнеше қабылдаушының факс нөмірін енгізіңіз.
5. Титул бетін қосыңыз (бұл қадамды орындау міндетті емес).
6. **Fax** (Факс) батырмасын басыңыз.

Факсті бағдарламалық құралдардан жіберіңіз (Mac OS X v10.4)

Mac OS X v10.4 пайдаланып, өнімнің бағдарламалық құралдарынан факс жіберудің екі әдісінің бірін таңдауыңызға болады.

HP Director пайдаланып факс жіберу үшін мына қадамдарды орындаңыз:

1. Құжатты құжаттарды автоматты түрде беру құрылғысының (ADF) кіру науасына немесе планшетті сканерге салыңыз.
2. Пиктограмманы басы арқылы HP Director ашыңыз, сонан соң **Fax** (Факс) батырмасын басыңыз. Apple басып шығару диалогы көрінеді.
3. **Fax PDF** (Факс PDF) опциясын **PDF** мәзірінен таңдаңыз.
4. **To** (Қайда) астында бір немесе бірнеше қабылдаушының факс нөмірін енгізіңіз.
5. **Modem** (Модем) астында өнімді таңдаңыз.
6. **Fax** (Факс) батырмасын басыңыз.

Факс драйверіне басып шығару арқылы факс жіберу үшін мына қадамдарды орындаңыз:

1. Факспен жібергіңіз келетін құжатты ашыңыз.
2. **File** (Файл) батырмасын басыңыз, сонан соң **Print** (Басып шығару) батырмасын басыңыз.
3. **Fax PDF** (Факс PDF) опциясын **PDF** мәзірінен таңдаңыз.
4. **To** (Қайда) астында бір немесе бірнеше қабылдаушының факс нөмірін енгізіңіз.
5. **Modem** (Модем) астында өнімді таңдаңыз.
6. **Fax** (Факс) батырмасын басыңыз.

Үшінші жақтың бағдарламалық құралдарынан факс жіберіңіз, мысалы, Microsoft Word (барлық операциялық жүйелер)

1. Үшінші жақтың бағдарламасында құжатты ашыңыз.
2. **File** (Файл) мәзірін басыңыз, сонан соң **Print** (Басып шығару) батырмасын басыңыз.
3. Принтер драйверінің ашылатын тізімінен факс басып шығару драйверін таңдаңыз. Факстің бағдарламалық құралдары көрінеді.
4. Мына процедуралардың бірін орындаңыз:
 - **Windows**
 - a. Бір немесе бірнеше қабылдаушының факс нөмірін енгізіңіз.
 - b. Титул бетін қосыңыз. (Бұл қадамды орындау міндетті емес.)

- c. Өнімге жүктелген кез келген беттерді қосыңыз. (Бұл қадамды орындау міндетті емес.)
- d. **Send Now** (Қазір жіберу) батырмасын басыңыз.
- **Macintosh**
 - a. **Mac OS X v10.3: Fax** (Факс) опциясын **Print** (Басып шығару) диалогынан таңдаңыз.
-немесе-
Mac OS X v10.3: Fax PDF (Факс PDF) опциясын **PDF** мәзірінен таңдаңыз.
 - b. Бір немесе бірнеше қабылдаушының факс нөмірін енгізіңіз.
 - c. **Mac OS X v10.3:** Титул бетін қосыңыз (бұл қадамды орындау міндетті емес).
-немесе-
Mac OS X v10.3: Modem (Модем) астында өнімді таңдаңыз.
 - d. **Fax** (Факс) батырмасын басыңыз.

Төменгі жақтағы телефоннан теру арқылы факс жіберіңіз

Кейде, өнім қосылған желідегі телефоннан факс нөмірін теру қажет болуы мүмкін. Мысалы, егер сіз құрылғысы қолмен қабылдау режимінде тұрған кісіге факс жіберсеңіз, факстің алдында дауыстық шақыру арқылы сіз сол кісіге факс жіберілетінін хабарлай аласыз.



ЕСКЕРІМ: Телефон өнімнің «телефон» портына () қосылған болуы тиіс.

1. Құжатты құжаттарды автоматты түрде беру құрылғысының (ADF) кіру науасына салыңыз.



ЕСКЕРІМ: Қосымша телефоннан нөмір теру арқылы факс жібергенде сіз планшетті сканерді пайдалана алмайсыз.

2. Өнім қосылған желідегі телефон тұтқасын көтеріңіз. Телефон батырматақтасын пайдаланып факс нөмірін теріңіз.
3. Қабылдаушы жауап бергенде одан факс машинасында факс қабылдауды бастауын сұраңыз.
4. Факс сигналдарын естігенде **Start Fax (Факсты бастау)** батырмасын басыңыз, басқару панелінің дисплейінде **Connecting** (Қосуда) хабары шыққанша күтіңіз, сонан соң телефон тұтқасын орнына қойыңыз.

Кейінірек жіберілетін факсты жіберіңіз

Бір немесе бірнеше адамдарға алдағы уақытта автоматты түрде жіберілуі тиіс факсті жоспарлау үшін өнімнің басқару панелін пайдаланыңыз. Бұл процедура біткеннен кейін, өнім құжатты жадына сканерлейді, сонан соң Дайын жағдайына қайта оралады.



ЕСКЕРІМ: Егер өнім факсті жоспарланған уақытта жібере алмаса, сәйкес мәлімет факс қатесі есебінде көрсетіледі (егер сол опция қосылған болса) немесе факс жұмыстарын тіркеу журналына жазылады. Факс жіберу шақыруына жауап болмағандықтан немесе бос емес сигналы нөмірді қайта теру әрекеттерін тоқтатқандықтан берілім басталмауы мүмкін.

Егер факс алдағы уақытта жіберілетін етіп жоспарланса, бірақ оны жаңарту қажет болса, қосымша мәліметті бөлек тапсырма ретінде жіберіңіз. Бір факс нөміріне бір мезгілде жіберілетін етіп жоспарланған барлық факстер жеке факстер түрінде жіберіледі.

1. Құжатты құжаттарды автоматты түрде беру құрылғысының (ADF) кіру науасына немесе планшетті сканерге салыңыз.
2. Басқару панелінде **Setup (Орнату)** батырмасын басыңыз.
3. Бағыт көрсеткіш батырмаларын **Fax (Факс) функциялары** шыққанша басыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
4. Бағыт көрсеткіш батырмаларын **Send fax later (Факсті кейінірек жіберіңіз)** опциясы шыққанша басыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
5. Уақытты енгізу үшін әріптік-цифрлық батырмаларды пайдаланыңыз.
6. Егер өнім 12 сағаттық уақыт режиміне қойылған болса, Түске дейін (Т.Д.) немесе Түстен кейін (Т.К.) орнату үшін курсорды төртінші таңбаның соңына жылжыту үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз. Т.Д. үшін **1** таңдаңыз немесе Т.К. үшін **2** таңдаңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.

—немесе—

Егер өнім 24 сағаттық уақытқа қойылған болса, **OK** батырмасын басыңыз.

7. Күнді енгізу үшін әріптік-цифрлық батырмаларды пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.

—немесе—

Алдын ала берілген күнді **OK** батырмасын басып қабылдаңыз.

8. Факс нөмірін енгізіңіз, нөмірді тез теруді енгізіңіз немесе бір басылатын батырманы басыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Бұл функция анықталмаған (жоспарланбаған) топтарды қолдамайды.

9. **OK** немесе **Start Fax (Факсты бастау)** басыңыз. Өнім құжатты жадқа сканерлейді және оны белгіленген уақытта жібереді.

Кіру кодтарын, несие карточкаларын немесе телефон карточкаларын пайдаланыңыз

Кіру кодтарын, несие карточкаларын немесе телефон карточкаларын пайдалану үшін үзілістерді және нөмір теру кодтарын ескеру үшін нөмірді қолмен теріңіз. [Нөмірді қолмен теру арқылы факс жіберу 157-бетте](#) қараңыз.

Халықаралық факстерді жіберіңіз

Факсті шетелдегі нөмірге жіберу үшін үзілістерді және халықаралық теру кодтарын ескеру үшін нөмірді қолмен теріңіз. [Нөмірді қолмен теру арқылы факс жіберу 157-бетте](#) қараңыз.

Факсті алыңыз

Өнім факс берілімін алғанда, ол факсті басып шығарады (егер факсті құпия түрде қабылдау функциясы қосылмаса) және оны автоматты түрде флэш жадқа сақтайды.

Сақталған факсті басып шығарыңыз (факсті құпия түрде қабылдау функциясы қосылса)

Сақталған факстерді басып шығару үшін жеке идентификациялық кодты (PIN) енгізу қажет. Өнім сақталған факстерді басып шығарғаннан кейін факстер жадтан өшіріледі.


1. Басқару панелінде **Setup (Орнату)** батырмасын басыңыз.
2. **Fax (Факс)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
3. Өнімнің қауіпсіздік PIN-кодын енгізу үшін әріптік-цифрлық батырмаларды пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
4. **Fax Recv. (Факс қабылдау) орнату** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
5. **Private receive (Құпия түрде қабылдау)** опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
6. **Print faxes (Факстерді басып шығару)** опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.


Факсті қайта басып шығарыңыз

Басып шығару картриджі бос болғандықтан немесе факс баспа құралының дұрыс емес түріне басып шығарылғандықтан сіз факсті қайта басып шығарғыңыз келсе, оны қайта басып шығаруға болады. Қайта басып шығару үшін сақталған факстердің нақты саны жарамды жад көлемімен анықталады. Ең соңғы сақталған факс бірінші болып басылып шығарылады; сақталып тұрған ең ескі факс соңында басылып шығарылады.

Бұл факстер тұрақты түрде сақталады. Оларды қайта басып шығарғанда олар жадтан өшірілмейді. Бұл факстерді жадтан жою үшін [Факстерді жадтан өшіріңіз 153-бетте](#) қараңыз.

1. Басқару панелінде **Setup (Орнату)** батырмасын басыңыз.
2. **Fax (Факс) функциялары** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
3. **Reprint last (Соңғысын қайта басып шығару)** опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз. Өнім ең соңғы басып шығарылған факсті қайта басып шығаруды бастайды.


 **ЕСКЕРІМ:** Кез келген уақытта басып шығаруды тоқтату үшін **Cancel (Тоқтату)** батырмасын басыңыз.

 **ЕСКЕРТУ:** Егер **Reprint faxes (Факстерді қайта басып шығару)** параметрі **Off (Ажырату)** қойылған болса, дұрыс емес басылған немесе күңгірттенген факстер қайта басып шығарылмайды.

Факс сигналдары телефон желісінде естілетін жағдайда факстерді қабылдаңыз

Егер сізде факс және телефон қоңырауларын қабылдайтын телефон желісі болса және сіз телефонмен жауап берген кезде факс сигналдарын естісеңіз, сіз екі әдістің бірін пайдаланып факс қабылдауды бастауыңызға болады:

- Егер сіз өнімге жақын тұрсаңыз, басқару панеліндегі **Start Fax (Факсты бастау)** батырмасын басыңыз.
- Егер сіз желіге қосылған кез келген телефонмен жауап берсеңіз (қосымша телефон аппараты) және факс сигналдарын естісеңіз, өнім қоңырауға жауап беруді автоматты түрде бастауы тиіс. Егер олай болмаса, телефон пернетақтасында 1-2-3 сандарын кезекпен басып, факс берілу дыбыстарын тыңдаңыз, сонан соң телефон тұтқасын қойыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Екінші әдісті пайдалану үшін қосымша телефон параметрін **Yes (Иә)** орнату қажет. Параметрді тексеру немесе өзгерту үшін [Факстерді қабылдау үшін қосымша телефонды қамтамасыз етіңіз 150-бетте](#) қараңыз.

Сіздің компьютеріңізге жіберілген факсті көріңіз

Факстерді компьютерде көру үшін өнім факстерді компьютерге алатындай етіп конфигурациялануы қажет. [Компьютерді факс қабылдайтындай етіп реттеңіз 147-бетте](#) қараңыз.

1. HP ToolboxFX ашыңыз.
2. Өнімді таңдаңыз.
3. **Fax** (Факс) батырмасын басыңыз.
4. **Fax Receive Log** (Факс қабылдауды тіркеу журналы) батырмасын басыңыз.
5. **Fax Image** (Факс кескіні) бағанасында көргіңіз келетін факстің «көру» сілтемесін басыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Компьютерді пайдаланып факстерді қабылдау Macintosh үшін қарастырылмаған.

Факс мәселелерін шешіңіз

Факс қатесі туралы хабарлар

Ескерту сигналдары мен хабарлары уақытша көрінеді және жалғастыру үшін пайдаланушы хабарды алғанын **OK** батырмасын басу арқылы растауы тиіс немесе тапсырманы тоқтату үшін **Cancel** (Тоқтату) батырмасын басуы тиіс. Белгілі бір ескертулер шыққанда тапсырма бітпей қалуы мүмкін немесе басып шығару сапасы төмендеуі мүмкін. Егер сигнал немесе ескерту хабары басып шығаруға қатысты болса, және автоматты жалғастыру функциясы қосылған болса, ескерту хабары шығып, оның алынғанын растамай-ақ 10 секунд өткеннен кейін өнім басып шығару тапсырмасын жалғастыруға әрекет жасайды.

Ескерту сигналдары мен хабарларының кестесі

Кесте 10-1 Ескерту сигналдары мен хабарлары

Басқару панелінің хабары	Сипаттамасы	Ұсынылатын әрекет
Comm. error (Байланыс қатесі)	Өнім мен жіберуші немесе қабылдаушы арасында факс байланыс қатесі пайда болды.	Өнімге факсті қайта жіберу мүмкіндігін беріңіз. Өнімнің телефон сымын қабырғадағы ұядан ажыратып, телефонды қосыңыз және қоңырау шалып көріңіз. Өнімнің телефон сымын басқа телефон желісіндегі ұяға қосыңыз. Басқа телефон сымын пайдаланып көріңіз. Егер қате жойылмаса, HP компаниясына хабарласыңыз. Өнім жәшігінде келетін қолдау көрсету құжатын немесе www.hp.com/support/LJM2727 қараңыз.
Fax delayed – Send memory full (Факс кейінге қалдырылды – Жіберу жады толған)	Факс жады толған.	OK немесе Cancel (Тоқтату) батырмасын басып факсті тоқтатыңыз. Факсті қайта жіберіңіз. Егер қате қайта пайда болса, факсті бірнеше бөліктермен жіберу қажет болуы мүмкін.
Fax is busy Canceled send (Факс бос емес, жіберуді тоқтату)	Сіз факс жіберген факс желісі бос емес болған. Өнім факс жіберуді тоқтатты.	Факс машинасының қосылғанын және дайын екендігін тексеру үшін факс қабылдаушыға қоңырау шалыңыз. Дұрыс факс нөмірі терілгенін тексеріңіз. Redial if busy (Бос емес болғанда нөмірді қайта теру) опциясы қосылғанын тексеріңіз. Start Fax (Факсты бастау) батырмасын басу арқылы желінің байланысқа дайын болу сигналын тексеріңіз. Телефонның өнімді ажыратып қосылғанын, телефонның желіге қосылғанын және дауыс қоңырауының барлығын тексеріп көріңіз. Өнімнің телефон сымын басқа телефон желісіндегі ұяға қосыңыз, сонан соң факс жіберуді тағы қайталаңыз.

Кесте 10-1 Ескерту сигналдары мен хабарлары (жалғасы)

Басқару панелінің хабары	Сипаттамасы	Ұсынылатын әрекет
		Басқа телефон сымын пайдаланып көріңіз. Егер қате жойылмаса, HP компаниясына хабарласыңыз. Өнім жәшігінде келетін қолдау көрсету құжатын немесе www.hp.com/support/LJM2727 қараңыз.
Fax is busy Redial pending (Факс бос емес Қайта теруді күту)	Сіз факс жіберген факс желісі бос емес болған. Өнім автоматты түрде бос емес нөмірді қайта тереді. Нөмірді автоматты түрде қайта теру функциясын орнатыңыз 139-бетте қараңыз.	Өнімге факсті қайта жіберу мүмкіндігін беріңіз. Факс машинасының қосылғанын және дайын екендігін тексеру үшін факс қабылдаушыға қоңырау шалыңыз. Дұрыс факс нөмірі терілгенін тексеріңіз. Start Fax (Факсты бастау) батырмасын басу арқылы желінің байланысқа дайын болу сигналын тексеріңіз. Телефонның өнімді ажыратып қосылғанын, телефонның желіге қосылғанын және дауыс қоңырауының барлығын тексеріп көріңіз. Өнімнің телефон сымын басқа телефон желісіндегі ұяға қосыңыз, сонан соң факс жіберуді тағы қайталаңыз. Басқа телефон сымын пайдаланып көріңіз. Егер қате жойылмаса, HP компаниясына хабарласыңыз. Өнім жәшігінде келетін қолдау көрсету құжатын немесе www.hp.com/support/LJM2727 қараңыз.
Fax memory full Canceling recv. (Факс жады толған. Қабылдауды тоқтату.)	Факс берілімі кезінде өнім жады таусылған. Тек қана жад жететін беттер басылып шығады.	Барлық факстерді басып шығарыңыз, сонан соң жіберушіден факсті қайта жіберуді сұраңыз. Қайта жіберуден бұрын жіберуші факс тапсырмасын бірнеше тапсырмаларға бөлуі тиіс. Барлық факс тапсырмаларын тоқтатыңыз немесе факстерді жадтан алып тастаңыз. Факстерді жадтан өшіріңіз 153-бетте қараңыз. Ескерту: DIMM-жад қосу бұл мәселені шешуге көмектеспейді.
Fax memory full Canceling send (Факс жады толған. Жіберуді Тоқтату.)	Факс тапсырмасын орындау кезінде жад толған. Факс тапсырмасы дұрыс орындалуы үшін факстің барлық беттері жадта болуы тиіс. Тек қана жадқа сәйкес келетін беттер жіберілді.	Барлық алынған беттерді басып шығарыңыз немесе барлық күтіп тұрған факстердің жіберілуін күтіңіз. Жіберушіден факсті қайта жіберуді сұраңыз. Барлық факс тапсырмаларын тоқтатыңыз немесе факстерді жадтан алып тастаңыз. Факстерді жадтан өшіріңіз 153-бетте қараңыз.

Кесте 10-1 Ескерту сигналдары мен хабарлары (жалғасы)

Басқару панелінің хабары	Сипаттамасы	Ұсынылатын әрекет
Fax recv. error (Факс қабылдау қатесі)	Факс қабылдау кезінде қате пайда болды.	<p>Жіберушіден факсті қайта жіберуін сұраңыз.</p> <p>Жіберушіге немесе басқа факс машинасына факс жіберіп көріңіз.</p> <p>Start Fax (Факсты бастау) батырмасын басу арқылы желінің байланысқа дайын болу сигналын тексеріңіз.</p> <p>Телефон сымның нық қосылғанын тексеру үшін сымды ажыратып қайта қосыңыз.</p> <p>Өніммен бірге келген телефон сымын пайдаланып отырғаныңызды тексеріңіз.</p> <p>Телефонның өнімді ажыратып қосылғанын, телефонның желіге қосылғанын және дауыс қоңырауының барлығын тексеріп көріңіз.</p> <p>Факс жылдамдығын азайтыңыз. Факс жылдамдығын өзгертіңіз 175-бетте қараңыз. Жіберушіден факсті қайта жіберуін сұраңыз.</p> <p>Қатені түзету режимін ажыратыңыз. Факс қатесін түзету режимін орнатыңыз 175-бетте қараңыз. Жіберушіден факсті қайта жіберуін сұраңыз.</p> <p>Өнімді басқа телефон желісіне қосыңыз.</p> <p>Егер қате жойылмаса, HP компаниясына хабарласыңыз. Өнім жәшігінде келетін қолдау көрсету құжатын немесе www.hp.com/support/LJM2727 қараңыз.</p>
Fax Send error (Факс жіберудегі қате)	Факс жіберу кезінде қате пайда болды.	<p>Факсті қайта жіберіп көріңіз.</p> <p>Басқа факс нөміріне факс жіберіп көріңіз.</p> <p>Start Fax (Факсты бастау) батырмасын басу арқылы желінің байланысқа дайын болу сигналын тексеріңіз.</p> <p>Телефон сымның нық қосылғанын тексеру үшін сымды ажыратып қайта қосыңыз.</p> <p>Өніммен бірге келген телефон сымын пайдаланып отырғаныңызды тексеріңіз.</p> <p>Телефонның өнімді ажыратып қосылғанын, телефонның желіге қосылғанын және дауыс қоңырауының барлығын тексеріп көріңіз.</p> <p>Өнімді басқа телефон желісіне қосыңыз.</p> <p>Факс ажыратымдылығын Standard (Стандарт) мәніне қойып, Fine (Жоғары)</p>

Кесте 10-1 Ескерту сигналдары мен хабарлары (жалғасы)

Басқару панелінің хабары	Сипаттамасы	Ұсынылатын әрекет
		<p>ажыратымдылықты алып тастаңыз. Ажыратымдылық параметрлерін орнатыңыз 141-бетте қараңыз.</p> <p>Егер қате жойылмаса, HP компаниясына хабарласыңыз. Өнім жәшігінде келетін қолдау көрсету құжатын немесе www.hp.com/support/LJM2727 қараңыз.</p>
Group dial not allowed in group (Топта нөмірлер тобын теру рұқсат етілмеген)	Сіз терген нөмірді тез теру коды топ үшін бағдарламаланды. Нөмірлер тобын теруді басқа нөмірлер тобын теруге қосуға болмайды.	Бір рет басылатын батырмаларды (жеке тез теру ретінде бағдарламаланған) немесе нөмірді тез теру кодтарын нөмірлер тобын теруге қосыңыз.
Invalid entry (Жарамсыз жазба)	Жарамсыз мәліметтер немесе жауап.	Жазбаны түзетіңіз.
No Dial Tone (Байланысқа дайын болу сигналы жоқ)	Өнім байланысқа дайын болу сигналын таба алмады.	<p>Start Fax (Факсты бастау) батырмасын басу арқылы желінің байланысқа дайын болу сигналын тексеріңіз.</p> <p>Телефон сымын өнімнен және қабырғадан ажыратып, сымды қайта қосыңыз.</p> <p>Өніммен бірге келген телефон сымын пайдаланып отырғаныңызды тексеріңіз.</p> <p>Өнімнің телефон сымын қабырғадағы ұядан ажыратып, телефонды қосыңыз және дауыстық шақыру жіберіп көріңіз.</p> <p>Өнімнің телефон сымын басқа телефон желісіндегі ұяға қосыңыз. Телефон желісіне қосыңыз 127-бетте қараңыз.</p> <p>Егер қате жойылмаса, HP компаниясына хабарласыңыз. Өнім жәшігінде келетін қолдау көрсету құжатын немесе www.hp.com/support/LJM2727 қараңыз.</p>
No document sent (Жіберілген құжат жоқ)	Өнім беттерді сканерлемеді немесе ол факсті жіберу үшін компьютерден беттерді алмады.	Факсті жіберуді қайталап көріңіз.
No fax answer (Факс жауабы жоқ). Canceled send (Жіберу тоқтатылды)	Байланысу сәтсіз болған факс нөмірін қайта теру немесе «Жауап болмағанда нөмірді қайта теру» опциясы ажыратылған.	<p>Факс машинасының қосылғанын және дайын екендігін тексеру үшін факс қабылдаушыға қоңырау шалыңыз.</p> <p>Дұрыс факс нөмірі терілгенін тексеріңіз.</p> <p>Нөмірді қайта теру опциясы қосылғанын тексеріңіз.</p> <p>Телефон сымын өнімнен және қабырғадан ажыратып, сымды қайта қосыңыз.</p> <p>Өнімнің телефон сымын қабырғадағы ұядан ажыратып, телефонды қосыңыз және дауыстық шақыру жіберіп көріңіз.</p> <p>Өнімнің телефон сымын басқа телефон желісіндегі ұяға қосыңыз.</p> <p>Егер қате жойылмаса, HP компаниясына хабарласыңыз. Өнім жәшігінде келетін</p>

Кесте 10-1 Ескерту сигналдары мен хабарлары (жалғасы)

Басқару панелінің хабары	Сипаттамасы	Ұсынылатын әрекет
No fax answer Redial pending (Факс жауабы жоқ Нөмірді қайта теру күтілуде)	Факс қабылдаушы желі жауап бермеді. Өнім бірнеше минуттардан кейін нөмірді қайта теріп көреді.	<p>қолдау көрсету құжатын немесе www.hp.com/support/LJM2727 қараңыз.</p> <p>Өнімге факсті қайта жіберу мүмкіндігін беріңіз.</p> <p>Факс машинасының қосылғанын және дайын екендігін тексеру үшін факс қабылдаушыға қоңырау шалыңыз.</p> <p>Дұрыс факс нөмірі терілгенін тексеріңіз.</p> <p>Егер өнім нөмірді қайта теруді жалғастырса, өнімнің телефон сымын қабырғадағы ұядан ажыратыңыз, телефонды қосыңыз және дауыстық шақыру жіберіп көріңіз.</p> <p>Өнімнің телефон сымын басқа телефон желісіндегі ұяға қосыңыз.</p> <p>Басқа телефон сымын пайдаланып көріңіз.</p> <p>Егер қате жойылмаса, HP компаниясына хабарласыңыз. Өнім жәшігінде келетін қолдау көрсету құжатын немесе www.hp.com/support/LJM2727 қараңыз.</p>
No fax detected (Факс табылмады)	Өнім кіруші қоңырауға жауап берді, бірақ факс машинасының шақыруын таппады.	<p>Өнімге факсті қайта қабылдау мүмкіндігін беріңіз.</p> <p>Басқа телефон сымын пайдаланып көріңіз.</p> <p>Өнімнің телефон сымын басқа телефон желісіндегі ұяға қосыңыз.</p> <p>Егер қате жойылмаса, HP компаниясына хабарласыңыз. Өнім жәшігінде келетін қолдау көрсету құжатын немесе www.hp.com/support/LJM2727 қараңыз.</p>

Қуат көзі ажыратылғанда факс жады сақталып қалады

HP LaserJet M2727 көп функциялы принтердің флэш-жады қуат көзінен ажыратылғанда мәліметтердің жоғалуын болдырмайды. Басқа факс құрылғылары факс беттерін қалыпты оперативті жадта немесе қысқа мерзімді оперативті жадта сақтайды. Қуат көзінен ажыратылу кезінде қалыпты оперативті жадтағы мәліметтер бірден жоғалады, ал қысқа мерзімді оперативті жадтағы мәліметтер мұндай жағдайда шамамен 60 минуттан кейін жоғалады. Флэш-жадта мәліметтер қуат көзіне қоспай-ақ көп жылдарға сақталады.

Факстің тіркеу журналдары мен есеп берулері

Факстің тіркеу журналдары мен есеп берулерін басып шығару үшін мына нұсқауларды пайдаланыңыз:

Барлық факс есеп берулерін басып шығарыңыз

Бір мезгілде мына есеп берулердің барлығын басып шығару үшін осы процедураны пайдаланыңыз:


- Факс жұмыстарын тіркеу журналы
 - Телефон кітабының есебі
 - Конфигурация есебі
 - Пайдалану беті
 - Бұғатталған факстер тізімі
 - Төлем есебі (егер опция қосылған болса)
1. Басқару панелінде **Setup (Орнату)** батырмасын басыңыз.
 2. **Reports (Есеп берулер)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
 3. **Fax Reports (Факс есеп берулері)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
 4. **All fax reports (Факстің барлық есептері)** опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз. Өнім мәзір параметрлерінен шығып, есептерді басып шығарады.

Факстің жеке есептерін басып шығарыңыз

Факстің мына тіркеу журналдары мен есептерін басып шығару үшін басқару панелін пайдаланыңыз:

- **Fax activity log: (Факс жұмыстарын тіркеу журналы:)** Соңғы уақытта алынған, жіберілген немесе жойылған 40 факстің хронологиялық тарихын көрсетеді және пайда болған кез келген қателерді де көрсетеді.
 - **Phone book report: (Телефон кітабының есебі:)** Телефон кітабының жазбаларына бекітілген факс нөмірлерінің тізімін береді және мұнда нөмірді тез теру және нөмірлер тобын теру жазбалары да қамтылады.
 - **Block-fax list: (Бұғатталған факстер тізімі:)** Өнімге факс жіберу мүмкіндігі бұғатталған факс нөмірлерінің тізімін береді.
 - **Last call report: (Соңғы шақыру туралы есеп беру:)** Өнімнен жіберілген немесе онда алынған соңғы факс туралы мәлімет береді.
1. Басқару панелінде **Setup (Орнату)** батырмасын басыңыз.
 2. **Reports (Есеп берулер)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.

3. **Fax Reports (Факс есеп берулері)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
4. Басып шығарылатын есепті таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз. Өнім мәзір параметрлерінен шығып, есепті басып шығарады.

 **ЕСКЕРІМ:** Егер сіз **Fax Activity log** (Факс жұмыстарын тіркеу журналы) опциясын таңдап, **OK** батырмасын басқан болсаңыз, **OK** батырмасын қайта басып **Print log now** (Тіркеу журналын қазір басу) опциясын таңдаңыз. Өнім мәзір параметрлерінен шығып, тіркеу журналын басып шығарады.

Факс жұмыстарын тіркеу журналын автоматты түрде басып шығару режиміне қойыңыз


Әрбір 40 жазбадан кейін факстің тіркеу журналын автоматты түрде басып шығару қажеттілігін таңдай аласыз. Зауыттық стандартты мән: **On (Қосы)**. Факстің тіркеу журналын автоматты түрде басып шығару режиміне қою үшін мына қадамдарды орындаңыз:

1. Басқару панелінде **Setup (Орнату)** батырмасын басыңыз.
2. **Reports (Есеп берулер)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
3. **Fax Reports (Факс есеп берулері)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
4. **Fax Activity log** (Факс жұмыстарын тіркеу журналы) опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
5. **Auto Log Print** (Факс жұмыстарын тіркеу журналын автоматты түрде басып шығару) опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
6. **On (Қосы)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң таңдауды растау үшін **OK** батырмасын басыңыз.

Факс қатесі туралы есеп беруді орнатыңыз

Факс қатесі туралы есеп - бұл өнімде факс тапсырмасының қатесі пайда болғаны туралы қысқа есеп беру. Оны мынадай оқиғалардан кейін басып шығарылатындай етіп орнатуға болады:

- Әрбір факс қатесі (зауыттық стандартты мән)
- Факс жіберу қатесі
- Факс қабылдау қатесі
- Еш уақытта

 **ЕСКЕРІМ:** Егер сіз **Never** (Еш уақытта) опциясын таңдасаңыз, факс жұмыстарын тіркеу журналын басып шығармасаңыз, факстің сәтсіз берілімі туралы хабарды алмайсыз.

1. Басқару панелінде **Setup (Орнату)** батырмасын басыңыз.
2. **Reports (Есеп берулер)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.

3. **Fax Reports (Факс есеп берулері)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
4. **Fax Error report** (Факс қатесі туралы есеп) опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
5. Факс қатесі туралы есептерді басып шығару опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз.
6. Таңдауды сақтау үшін **OK** батырмасын басыңыз.

Факсті растау туралы есеп беруді орнатыңыз

Факсті растау туралы есеп беру - бұл өнімнің факсті сәтті жібергенін немесе алғанын көрсететін қысқа есеп. Оны мынадай оқиғалардан кейін басып шығарылатындай етіп орнатуға болады:

- Әрбір факс тапсырмасы
 - Факс жіберу
 - Факс қабылдау
 - Еш уақытта (зауыттық стандартты мән)
1. Басқару панелінде **Setup (Орнату)** батырмасын басыңыз.
 2. **Reports (Есеп берулер)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
 3. **Fax Reports (Факс есеп берулері)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
 4. **Fax Confirmation** (Факсті растау) опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
 5. Факс қатесі туралы есептерді басып шығару опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз.
 6. Таңдауды сақтау үшін **OK** батырмасын басыңыз.

Факсті растау, факс қатесі және соңғы шақыру есептеріне әрбір факстің бірінші бетін кіргізіңіз

Егер бұл опция қосылған болса және беттің кескіні өнім жадында әлі сақталған болса, факс конфигурациясы, факс қатесі және соңғы шақыру есептерінде ең соңғы алынған немесе жіберілген факстің бірінші бетінің кішірейтілген кескіні (50% кішірейту) болады. Бұл опция үшін зауыттық стандартты мән мынадай: **On (Қосу)**.

1. Басқару панелінде **Setup (Орнату)** батырмасын басыңыз.
2. **Reports (Есеп берулер)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
3. **Fax Reports (Факс есеп берулері)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.

4. **Include 1st page** (1-бетті қосу) опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
5. **On (Қосу)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң таңдауды растау үшін **OK** батырмасын басыңыз.

Қате түзетуді және факс жылдамдығын өзгертіңіз

Факс қатесін түзету режимін орнатыңыз

Әдетте, өнім факс қабылдау немесе жіберу кезінде телефон желісіндегі сигналдарды бақылап отырады. Егер берілім кезінде өнім қате тапса, және қатені түзету параметрі **On (Қосу)** болса, өнім факстің бөлігін қайта жіберуді сұрауы мүмкін. Қатені түзету үшін зауыттық стандартты мән мынадай: **On (Қосу)**.

Факсті жіберу немесе қабылдау кезінде қиыншылықтарға кездессеңіз немесе берілімдегі қателерді қабылдағыңыз келсе ғана, қатені түзету режимін ажыратуыңыз қажет. Факсті шетелге жіберу немесе шетелден факс қабылдау кезінде немесе сіз телефон байланысын жер серігі арқылы пайдалансаңыз, бұл функцияны ажыратып қою пайдалы болуы мүмкін.

1. Басқару панелінде **Setup (Орнату)** батырмасын басыңыз.
2. **Fax (Факс)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
3. **All faxes** (Барлық факстер) опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
4. **Error correction** (Қатені түзету) опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
5. **On (Қосу)** немесе **Off (Ажырату)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң таңдауды сақтау үшін **OK** батырмасын басыңыз.

Факс жылдамдығын өзгертіңіз

Факс жылдамдығының параметрі бұл өнім факстерді жіберу үшін пайдаланатын модемдік протокол болып табылады. Ол мәліметтерді телефон желілері арқылы 33 600 бит/с жылдамдықпен жіберетін немесе қабылдайтын толық дуплексті модемдерге арналған бүкіл дүние жүзілік стандарт болып табылады. Факс жылдамдығының параметрі үшін зауыттық стандартты мән мынадай: **High (V.34)** (Жоғары (V.34)).

Бұл параметрді нақты бір құрылғыға факс жіберу немесе одан факс қабылдау кезінде қиыншылықтарға кездессеңіз ғана өзгерту қажет. Факсті шетелге жіберу немесе шетелден факс қабылдау кезінде немесе сіз телефон байланысын жер серігі арқылы пайдалансаңыз, факс жылдамдығын азайту пайдалы болуы мүмкін.

1. Басқару панелінде **Setup (Орнату)** батырмасын басыңыз.
2. **Fax (Факс)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
3. **All faxes** (Барлық факстер) опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.

4. **Fax Speed** (Факс жылдамдығы) опциясын таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.
5. Жылдамдық параметрін таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларын пайдаланыңыз, сонан соң **OK** батырмасын басыңыз.

Факс жіберудегі мәселелер

Проблема	Себебі	Шешу
Факс жіберу барысында құжаттың берілуі тоқтайды.	Салуға болатын беттің ұзындығы 381 мм-ден артық болмауы тиіс. Бұдан ұзынырақ бетті факспен жібергенде ол 381 мм-де тоқтайды.	<p>Құжатты қысқарақ баспа құралында басып шығарыңыз.</p> <p>Егер қағаздың кептелуі болмаса және бір минуттан аз уақыт өтсе, Cancel (Тоқтату) батырмасын басудан бұрын кішкене күте тұрыңыз. Егер қағаз кептеліп қалған болса, оны шығарып алыңыз. Сонан соң тапсырманы қайта жіберіңіз.</p>
	Егер құрал тым кішкентай болса, ол құжаттарды автоматты түрде беру құрылғысының (ADF) ішінде кептеліп қалуы мүмкін.	<p>Планшетті сканерді пайдаланыңыз. Құжаттарды автоматты түрде беру құрылғысы үшін ең кішкентай бет өлшемі 127 x 127 мм.</p> <p>Егер қағаз кептеліп қалған болса, оны шығарып алыңыз. Сонан соң тапсырманы қайта жіберіңіз.</p>
Жіберу барысында факстер тоқтайды.	Қабылдаушы факс машинасында ақау болуы мүмкін.	Басқа факс машинасына жіберіп көріңіз.
	Телефон желісі жұмыс істемей тұрған болуы мүмкін.	<p>Мыналардың бірін орындаңыз:</p> <ul style="list-style-type: none"> ● Өнімнің дыбыс деңгейін көтеріңіз, сонан соң басқару панеліндегі Start Fax (Факсты бастау) батырмасын басыңыз. Егер сіз байланысқа дайын болу сигналын естісеңіз, бұл телефон желісінің істеп тұрғанын білдіреді. ● Өнімді қабырғадағы ұядан ажыратыңыз, сонан соң телефонды ұяға қосыңыз. Телефон желісінің жұмыс істеп тұрғанын тексеру үшін телефонмен қоңырау шалып көріңіз.
	Байланыс қатесі факс тапсырмасына кедергі жасауы мүмкін.	Байланыс қатесі болғанда нөмірді қайта теру параметрін On (Қосу) өзгертіңіз.

Проблема	Себебі	Шешу
Өнім факстерді қабылдайды, бірақ оларды жібермейді.	Егер өнім цифрлық жүйеде болса, жүйе өнім таба алмайтын байланысқа дайын болу сигналын беріп тұруы мүмкін.	Байланысқа дайын болу сигналын табу функциясын ажыратыңыз. Егер қате жойылмаса, жүйенің қызмет көрсетушісіне хабарласыңыз.
	Телефон байланысының сапасы төмен болуы мүмкін.	Кейінірек қайталап көріңіз.
	Қабылдаушы факс машинасында ақау болуы мүмкін.	Басқа факс машинасына жіберіп көріңіз.
	Телефон желісі жұмыс істемей тұрған болуы мүмкін.	Мыналардың бірін орындаңыз: <ul style="list-style-type: none"> Өнімнің дыбыс деңгейін көтеріңіз, сонан соң басқару панеліндегі Start Fax (Факсты бастау) батырмасын басыңыз. Егер байланысқа дайын болу сигналы болса, бұл телефон желісінің істеп тұрғанын білдіреді. Өнімді телефон ұясынан ажыратыңыз және телефонды қосыңыз. Телефон желісінің жұмыс істеп тұрғанын тексеру үшін телефонмен қоңырау шалып көріңіз.
Шығушы факс шақыруларының терілуі жалғасады.	Нөмірді қайта теру опциясы On (Қосу) болса, өнім автоматты түрде факс нөмірін қайта тереді.	Өнімнің факс нөмірін қайта теруін тоқтату үшін Cancel (Тоқтату) батырмасын басыңыз. Немесе нөмірді қайта теру параметрін өзгертіңіз.
Жіберілген факстер қабылдаушы факс машинасына бармайды.	Қабылдаушы факс машинасы ажыратылған болуы мүмкін немесе қағаз жоқ сияқты қате жағдайда болуы мүмкін.	Факс машинасының қосылып тұрғанын және факс қабылдауға дайындығын тексеру үшін алушыға қоңырау шалыңыз.
	Түпнұсқалар дұрыс емес салынған болуы мүмкін.	Түпнұсқа құжаттардың автоматты түрде беру құрылғысының кіру науасына немесе планшетті сканерге дұрыс салынғанын тексеріңіз.
	Факс жадта болуы мүмкін, себебі ол бос емес нөмірді қайта теру үшін күтіп тұрған немесе оның алдындағы тапсырмалардың орындалуын күтіп тұр немесе факс кейінге қалдырып жіберу режиміне қойылған.	Егер осы себептердің бірімен факс тапсырмасы жадта болса, тапсырма жазбасы факстің тіркеу журналында көрінеді. Факс жұмыстарын тіркеу журналын басып шығарыңыз және Status (Күй-жай) бағанасын Pending (Күту) белгісі бар тапсырмалар үшін тексеріңіз.
Жіберілген факстер әрбір беттің соңындағы сұр түсті блокты қамтиды.	Шыны-факс өлшемі дұрыс емес орнатылған болуы мүмкін.	Параметрлердің дұрыстығын тексеріңіз.

Проблема	Себебі	Шешу
Жіберілген факстерде әрбір беттің соңында мәліметтер жоғалған.	Шыны-факс өлшемі дұрыс емес орнатылған болуы мүмкін.	Параметрлердің дұрыстығын тексеріңіз.
Басқару панелі жад көлемі жеткіліксіз деген қатені көрсетеді.	Факс тым үлкен немесе ажыратымдылық тым жоғары болуы мүмкін.	Мыналардың бірін орындаңыз: <ul style="list-style-type: none"> • Үлкен факсті кішірек бөліктерге бөліп, оларды бөлек жіберіңіз. • Шығушы факстер үшін көбірек жад қамтамасыз ету үшін сақталған факстерді өшіріңіз. • Шығушы факсті кейінге қалдырылып жіберілетін факс ретінде конфигурациялаңыз, сонан соң оның толық жіберілуін тексеріңіз. • Өнімнің ең төменгі ажыратымдылық параметрін (Standard) (Стандарт) пайдалануын тексеріңіз.

Факс қабылдаудағы мәселелер

Факс қабылдау кезінде пайда болуы мүмкін мәселелерді шешу үшін осы тараудағы кестені пайдаланыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Өнімнің дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін өніммен бірге келген факс сымын пайдаланыңыз.

Проблема	Себебі	Шешу
Өнім қосымша телефоннан факс ала алмайды.	Қосымша телефон функциясы ажыратылған болуы мүмкін.	Қосымша телефон параметрін өзгертіңіз.
	Факс сымы дұрыс қосылмаған болуы мүмкін.	Телефон ұясы мен өнім (немесе өнімге қосылған басқа құрылғы) арасындағы факс сымы дұрыс қосылғанын тексеріңіз. Кезекпен 1-2-3 сандарын басыңыз, үш секунд күтіңіз, сонан соң телефон тұтқасын қойыңыз.
	Өнімнің нөмір теру режимі дұрыс қойылмаған болуы мүмкін немесе қосымша телефон дұрыс орнатылмаған болуы мүмкін.	Өнімнің нөмір теру режимі Tone (Батырмалық теру) опциясына қойылғанын тексеріңіз. Қосымша телефонның да нөмірді батырмамен теру режиміне қойылғанын тексеріңіз.

Проблема	Себебі	Шешу
Өнім кіруші факс шақыруларына жауап бермейді.	Жауап беру режимі Manual (Қолмен орындалатын) етіп қойылған болуы мүмкін.	Егер жауап беру режимі Manual (Қолмен орындалатын) етіп қойылған болса, өнім шақыруларға жауап бермейді. Факс қабылдау процесін қол көмегімен бастаңыз.
	Жауап беру үшін қоңырау саны дұрыс емес қойылған болуы мүмкін.	Жауап беру үшін қоңырау санының дұрыс қойылғанын тексеріңіз.
	Жауап беру-қоңырау үлгісі функциясы қосылған болуы мүмкін, бірақ бұл қызмет сізде жоқ немесе бұл қызмет сізде бар, бірақ бұл функция дұрыс орнатылмаған.	Жауап беру-қоңырау үлгісі функциясының дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.
	Факс сымы дұрыс орнатылмаған болуы мүмкін немесе факс сымы жарамсыз.	Орнатуды тексеру үшін алғашқы іске қосуға арналған нұсқаулықты қараңыз. Өніммен бірге келген факс сымын пайдаланып отырғаныңызды тексеріңіз.
	Өнім кіруші факс сигналдарын таба алмауы мүмкін, себебі жауап беру машинасы дауыстық хабарды беріп тұр.	Хабардың басында ең аз дегенде екі секундтық іркіліс тастап, жауап беру машинасының хабарын қайта жазыңыз.
	Телефон желісіне қосылған құрылғылар саны тым көп болуы мүмкін.	Желіге қосылған құрылғылар саны үштен артық болмауы тиіс. Соңғы қосылған құрылғыны алып тастап, өнімнің жұмыс істеуін тексеріңіз. Егер өнім жұмыс істемесе, құрылғыларды ажыратуды біртіндеп жалғастырыңыз және әрбір құрылғы ажыратылғаннан соң өнімді тексеріп көріңіз.
	Телефон желісі жұмыс істемей тұрған болуы мүмкін.	Мыналардың бірін орындаңыз: <ul style="list-style-type: none"> Өнімнің дыбыс деңгейін көтеріңіз, сонан соң басқару панеліндегі Start Fax (Факсты бастау) батырмасын басыңыз. Егер байланысқа дайын болу сигналы болса, бұл телефон желісінің істеп тұрғанын білдіреді. Өнімді телефон ұясынан ажыратыңыз, сонан соң телефонды қосыңыз. Телефон желісінің жұмыс істеп тұрғанын тексеру үшін телефонмен қоңырау шалып көріңіз.

Проблема	Себебі	Шешу
Өнім кіруші факс шақыруларына жауап бермейді.	Дауыстық хабарларды беру қызметі өнімнің шақыруға жауап беруіне кедергі жасап тұруы мүмкін.	Мыналардың бірін орындаңыз: <ul style="list-style-type: none"> Хабар алмасу қызметін ажыратыңыз. Факс шақыруларына арналған телефон желісін пайдаланыңыз. Өнімнің жауап беру режимін Manual (Қолмен орындалатын) етіп қойыңыз. Қолмен орындау режимінде факс қабылдау процесін өзіңіз бастауыңыз тиіс. Өнімді автоматтық режимде қалдырыңыз, өнімнің жауап беру үшін қоңырау санын дауыс поштасының жауап беру үшін қоңыраулар санынан кіші болатындай етіп азайтыңыз. Өнім барлық кіруші қоңырауларға жауап береді.
	Өнімде қағаз жоқ болуы мүмкін және жад толы.	Кіру науасына баспа құралдарын салыңыз. OK батырмасын басыңыз. Өнім жадында сақтаған барлық факстерді басып шығарады, сонан соң факс шақыруларына жауап беруді жалғастырады.
Факстер басып шығарылмайды.	Баспа құралдарын салатын науа бос.	Баспа құралдарын салыңыз. Кіру науасы бос кезде алынған факстер жадта сақталып, науаға баспа құралдары салынғаннан кейін басылып шығады.
	Компьютерге қабылдау опциясын таңдауға болады және факстер компьютерге қабылданады.	Компьютердің факстерді қабылдауын тексеріңіз.
	Өнімде қате кездесті.	Басқару панелінде қате туралы хабарды тексеріңіз, сонан соң Факс катесі туралы хабарлар 167-бетте қараңыз.
Факстер бір беттің орнына екі бетте басылып шығуда.	Автоматты түрде кішірейту параметрі дұрыс емес болуы мүмкін.	Автоматты түрде кішірейту функциясын қосыңыз.
	Кіруші факстер үлкенірек баспа құралдарында жіберілген болуы мүмкін.	Үлкенірек беттерді бір бетте басып шығару үшін автоматты түрде кішірейту параметрін реттеңіз.
Алынған факстер тым ашық, бос немесе басып шығарылу сапасы төмен.	Факсті басып шығару барысында өнімнің тонері біткен.	Өнім ең соңғы басылып шығарылған факстерді сақтайды. (Қайта басып шығару үшін сақталған факстердің нақты саны жарамды жад көлемімен анықталады.) Тез арада басып шығару картриджін ауыстырыңыз, сонан соң факсті қайта басып шығарыңыз.
	Жіберілген факс тым ашық болған.	Факс жіберушіге хабарласыңыз, одан контраст параметрлерін өзгертіп, факсті қайта жіберуін сұраңыз.

Тапсырманы орындау мәселелері


Мәселе	Себебі	Шешу
Факстердің берілуі немесе қабылдануы өте баяу.	Факс тым күрделі болуы мүмкін, мысалы графикасы көп.	Күрделі факстерді жіберуге немесе қабылдауға ұзағырақ уақыт кетеді. Ұзағырақ факстерді кішірек тапсырмаларға бөлу және ажыратымдылық деңгейін төмендету берілу жылдамдығын арттыруы мүмкін.
	Қабылдаушы факс машинасының модемінің жылдамдығы төмен болуы мүмкін.	Өнім қабылдаушы факс машинасы қабылдай алатын модем жылдамдығымен ғана факс жібере алады.
	Жіберілген немесе алынатын факстің ажыратымдылығы өте жоғары болуы мүмкін.	Факсті қабылдау үшін факс жіберушіге хабарласып, одан ажыратымдылық деңгейін төмендетуді және факсті қайта жіберуді сұраңыз. Факсті жіберу үшін ажыратымдылық деңгейін төмендетіңіз және факсті қайта жіберіңіз.
	Телефон желісінде кедергілер болуы мүмкін.	Телефон тұтқасын қойып, факсті қайта жіберіңіз. Телефон компаниясынан телефон желісін тексеруді сұраңыз. Егер факс цифрлық телефон желісі арқылы жіберілсе, қызмет көрсетушімен хабарласыңыз.
	Факс халықаралық шақыру арқылы жіберілуде.	Мемлекет аралық факс берілімдері үшін көбірек уақыт бөліңіз.
	Бастапқы құжат түрлі түсті фонға ие.	Бастапқы құжатты ақ фонмен басып шығарыңыз, сонан соң факсті қайта жіберіңіз.
Факс жұмыстарын тіркеу журналдары немесе факс шақыруларының есептері дұрыс емес уақыттарда басылып шығарылады.	Факс жұмыстарын тіркеу журналының немесе факстің шақырулар есептерінің параметрлері дұрыс емес.	Конфигурация бетін басып шығарыңыз және есептер басылып шыққанда тексеріңіз.
Өнім дыбыстары тым қатты немесе тым жұмсақ.	Дыбыс деңгейінің параметрі дұрыс реттелмеген болуы мүмкін.	Өнімнің дыбыс деңгейін реттеңіз.

11 Өнімді басқару және күту

- [Ақпараттық беттер](#)
- [HP ToolboxFX](#)
- [Енгізілген веб-сервер](#)
- [HP Web Jetadmin бағдарламалық құралын пайдалану](#)
- [Қауіпсіздік ерекшеліктері](#)
- [Электрлі степлерді пайдаланыңыз \(HP LaserJet M2727nfs көп функциялы құрылғысында ғана\)](#)
- [Жабдықтарды бақылау](#)

Ақпараттық беттер

Ақпараттық беттер өнім жады құрамында. Бұл беттер өнімді диагностикадан өткізуге көмектесіп, ақаулықтарды түзетуге мүмкіндік береді.

 **ЕСКЕРІМ:** Орнату барысында өнім тілі дұрыс орнатылмаса, сіз ақпараттық беттерді қолдаулы тілдердің бірінде басып шығара алатындай тілді қолмен орната аласыз. Тілді басқару панеліндегі **System setup (Жүйені орнату)** мәзірін немесе енгізілген веб-серверін пайдалана отырып ауыстырыңыз. Қараңыз [Басқару панелі 11-бетте](#).

Бет сипаттамасы	Бетті қалай басып шығаруға болады
Конфигурация беті Өнімнің ағымды параметрлері мен қасиеттерін көрсетеді.	<ol style="list-style-type: none">1. Өнімнің басқару панелінде Setup (Орнату) басыңыз.2. Бағыт көрсеткіш батырманы Reports (Есеп берулер) таңдап алу үшін пайдаланып, OK басыңыз.3. Бағыт көрсеткіш батырманы Config report (Параметрлер жөніндегі есеп) таңдап алу үшін пайдаланып, OK басыңыз. <p>Екінші беті қоса басылады. Ол беттегі Fax Settings (Факс параметрлері) тармағында өнімнің факс параметрлері жөніндегі егжей-тегжейлі мәліметтер келтірілген.</p>
Жабдықтар мәртебесінің беті HP басып шығару картриджінің қалған қызмет мерзімін, қалған басып шығарылатын беттердің мөлшерлі санын, басып шығарылған беттердің санын және жабдықтар жөніндегі басқа да ақпаратты көрсетеді.	<ol style="list-style-type: none">1. Өнімнің басқару панелінде Setup (Орнату) басыңыз.2. Бағыт көрсеткіш батырманы Reports (Есеп берулер) таңдап алу үшін пайдаланып, OK басыңыз.3. Бағыт көрсеткіш батырманы Supplies Status (Жабдық статусы) таңдап алу үшін пайдаланып, OK басыңыз.
PCL, PCL 6 немесе PS қаріптер тізімі Құрылғыға қандай ағымдағы қаріп орнатылғандығын көрсетеді.	<ol style="list-style-type: none">1. Өнімнің басқару панелінде Setup (Орнату) басыңыз.2. Бағыт көрсеткіші батырмасын Reports (Есеп берулер) таңдап алу үшін пайдаланып, OK басыңыз.3. Бағыт көрсеткіш батырманы PCL font list (PCL қаріптер тізімі) PS font list (PS қаріптер тізімі) немесе PCL6 font list (PCL 6 қаріптер тізімі) таңдап алу үшін пайдаланып, басыңыз OK.
Таныстыру беті Құрамында мәтіндер мен графикалар үлгілері бар.	<ol style="list-style-type: none">1. Өнімнің басқару панелінде Setup (Орнату) басыңыз.2. Бағыт көрсеткіш батырманы Reports (Есеп берулер) таңдап алу үшін пайдаланып, OK басыңыз.3. Бағыт көрсеткіш батырманы Demo page (Таныстыру беті) таңдап алу үшін пайдаланып, OK басыңыз.
Оқиғалар журналы	Сіз оқиғалар журналын HP ToolboxFX ішінен, енгізілген веб-серверінен немесе HP Web Jetadmin ішінен басып шығара аласыз. Қараңыз HP ToolboxFX 186-бетте , Енгізілген веб-сервер 194-бетте немесе Web Jetadmin Анықтамасынан.

Бет сипаттамасы	Бетті қалай басып шығаруға болады
<p>Бетті пайдалану</p> <p>Әр өлшемді басып шығарылған беттер санын, бір жақты (симплексті) немесе екі жақты (дуплексті) басылған беттер санын және бояудың мөлшерлі пайыздық көрсеткішін көрсетеді.</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Өнімнің басқару панелінде Setup (Орнату) басыңыз. 2. Бағыт көрсеткіш батырманы Reports (Есеп берулер) таңдап алу үшін пайдаланып, OK басыңыз. 3. Бағыт көрсеткіш батырманы Usage page (Бетті пайдалану) таңдап алу үшін пайдаланып, OK басыңыз.
<p>Мәзір картасы</p> <p>Басқару панелінің мәзірлері мен бар параметрлерді көрсетеді.</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Өнімнің басқару панелінде Setup (Орнату) басыңыз. 2. Бағыт көрсеткіш батырманы Reports (Есеп берулер) таңдап алу үшін пайдаланып, OK басыңыз. 3. Бағыт көрсеткіш батырманы Menu structure (Мәзір құрылымы) таңдап алу үшін пайдаланып, OK басыңыз.
<p>Желілік есеп</p> <p>Өнімнің желелік параметрлерін көрсетеді.</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Өнімнің басқару панелінде Setup (Орнату) басыңыз. 2. Бағыт көрсеткіш батырманы Reports (Есеп берулер) таңдап алу үшін пайдаланып, OK басыңыз. 3. Бағыт көрсеткіш батырманы Network report (Желілік есеп) таңдап алу үшін пайдаланып, OK басыңыз.
<p>Факс есептері</p>	<p>Факс тіркемелері мен есептері жөніндегі ақпарат, қараңыз Факстің тіркеу журналдары мен есеп берулері 171-бетте.</p>

HP ToolboxFX

HP ToolboxFX өзіңіз келесі тапсырмаларды орындау үшін пайдалана алатын бағдарлама болып табылады:

- Өнім мәртебесін тексеру.
- Өнім параметрлерін конфигурациялау.
- Ақаулықтарды түзету жөніндегі ақпаратты көру.
- Онлайн құжаттаманы көру.

Сіз HP ToolboxFX өнім тікелей компьютерге немесе желіге қосылған жағдайда көре аласыз. Сіз HP ToolboxFX пайдалану үшін бағдарламалық құралдың ұсынылатын толық орнатылуын жүзеге асыруыңыз тиіс.

HP ToolboxFX Қараңыз

HP ToolboxFX келесі жолдардың бірімен ашуға болады:

- Windows жүйелік науасында немесе өзіңіздің жұмыс столыңызда HP ToolboxFX белгішесін екі рет басыңыз.
- Windows **Start** (Бастау) мәзірінде **Programs** (Бағдарламалар) (немесе Windows XP жүйесінде **All Programs** (Барлық бағдарламалар) батырмасын басып, **HP** белгішесін, одан кейін **HP LaserJet M2727** шертіңіз және ең соңында **HP ToolboxFX** шертіңіз.

Мәртебе

HP ToolboxFX **Status** (Мәртебе) жиекбелгісінде келесі негізгі беттердің сілтемелері бар:

- **Device Status** (Өнім мәртебесі). Өнім мәртебесі жөніндегі ақпаратты көру. Ол бетте өнімнің кептелу немесе бос науа сияқты күйлері көрсетілген. Сіз өнім ақаулығын түзеткеніңізден кейін өнім мәртебесін жаңарту үшін **Refresh status** (мәртебені жаңарту) батырмасын басыңыз.
- **Supplies Status** (Жабдық мәртебесі). Жабдық жөніндегі баспа картриджінің қалған қызмет мерзімінің мөлшерлі пайыздық көрсеткішін, ағымдағы баспа картриджінің көмегімен басылып шығарылған беттер саны сияқты егжей-тегжейлі ақпаратын көріңіз. Оған қоса, бұл бетте жабдықтарға тапсырыс беруге немесе қайта өңдеуге қатысты ақпаратты табу сілтемелері келтірілген.
- **Device Configuration** (Құрылғы конфигурациясы). Өнімнің ағымдағы конфигурациясы жөніндегі, соның ішінде орнатылған жад көлемі мен қандай қосымша науаның орнатылғандығы жөніндегі егжей-тегжейлі сипаттамасын көріңіз.
- **Network Summary** (Желілік аңдатпа). Желінің ағымдағы конфигурациясы жөніндегі, соның ішінде IP адресі мен желі мәртебесі жөніндегі егжей-тегжейлі сипаттамасын көріңіз.
- **Print Info Pages** (Ақпараттық беттерді басып шығару). Конфигурация бетін және жабдық мәртебесінің беті мен таныстыру беті сияқты өнімде бар өзгедей түрлі ақпараттық беттерді басып шығару.
- **Event Log** (Оқиғалар журналы). Өнім қателіктерінің тарихын көріңіз. Ең көп кездесетін қателіктер тізімнің бас жағында келтірілген.

Оқиғалар журналы

Оқиғалар журналы өнімнің кездескен оқиғалары өзіңіздің біліп жүруіңіз үшін тізімделген төрт бағанды кесте болып табылады. Журналда өнімнің басқару панелінің дисплейіне шығарылатын қателіктер хабарларына сәйкес кодтар келтірілген. Беттер есептегіші бағанындағы сан өнім қателік орын алған мезетте жалпы басып шығарған беттер санын білдіреді. Оған қоса, оқиғалар журналында қателіктің қысқаша сипаттамасы беріледі. Қателіктер жөніндегі хабарламалар туралы көбірек білу үшін, [Басқару панелінің хабарлары 213-бетте](#) қараңыз.

Сигналдық хабарлары

HP ToolboxFX **Alerts** (Сигналдық хабарлар) жиекбелгісінде келесі негізгі беттердің сілтемелері бар:

- **Set up Status Alerts** (Мәртебе сигналдық хабарларын баптау). Өнімді өзіңізге тонердің төмен деңгейі сияқты кейбір жағдайларда жайылмалы ескертулерді шығаруға баптаңыз.
- **Set up E-mail Alerts** (Электрондық пошта сигналдық хабарларын баптау). Өнімді өзіңізге тонердің төмен деңгейі сияқты кейбір жағдайларда жайылмалы ескертулерді шығаруға баптаңыз.

Мәртебе сигналдық хабарларын баптау

Өнімді өзіңізге кейбір жағдайларда жайылмалы ескертулерді шығаруға баптау үшін HP ToolboxFX пайдаланыңыз. Символдық хабар жіберетін оқиғалар қатарына кептелулер, HP баспа картриджіндегі тонердің төмен деңгейі, HP емес баспа картриджін пайдалану, кіріс науасының босап қалуы және ерекше қателіктер жөніндегі хабарлар жатады.

Символдық хабар үшін жайылмалы хабар форматын, науа белгішесінің форматын немесе екеуін де таңдаңыз. Жайылмалы хабар тек өнім символдық хабарлар бапталған компьютерден басып шығару барысында ғана шығарылады.



ЕСКЕРІМ: Өзгертулеріңіз күшіне енуі үшін сіз **Apply** (Қолдану) батырмасын басуыңыз тиіс.

Электрондық пошта сигналдық хабарларын баптау

Өнімді өзіңізге кейбір жағдайларда электрондық пошта ескертулерін жіберетін екіге дейін электрондық пошта адресін белгілеу үшін HP ToolboxFX пайдаланыңыз. Сіз әрбір электрондық пошта адресі үшін картридж деңгейінің азаюы немесе қағаздың кептелуі сияқты бөлік оқиғаны белгілей аласыз. Өзіңізге электрондық пошта арқылы өнім жөніндегі символдық хабарын жіберетін электрондық пошта сервері үшін қажетті ақпаратты енгізіңіз.



ЕСКЕРІМ: Өзгертулеріңіз күшіне енуі үшін сіз **Apply** (Қолдану) батырмасын басуыңыз тиіс.

Факс

Компьютеріңізден факспен жұмыс істеуді орындау үшін HP ToolboxFX **Fax** (Факс) жиекбелгісін пайдаланыңыз. **Fax** (Факс) жиекбелгісінде келесі негізгі беттердің сілтемелері бар:

- **Fax Tasks** (Факс тапсырмалары). Факсты жіберу немесе факс жадын тазалау немесе факс қабылдау режимін баптау сияқты тапсырмаларды орындайды.
- **Fax Phone Book** (Факс телефон кітапшасы). Өнімнің телефон кітапшасындағы жазбаларды қосу, түзету немесе жою.
- **Fax Send Log** (Факс жіберу журналы). Құрылғыдан жіберілген барлық факстарды көру.


- **Fax Receive Log** (Факс қабылдау журналы). Құрылғымен қабылданған барлық факстерді көру.
- **Block Faxes** (Факстарды блоктау). Блокталған факс нөмірлерін қосу, жою немесе көру.
- **Fax Data Properties** (Факс деректерінің қасиеттері). Компьютеріңізде факстарды сақтауға бөлінген бос орынды басқару. Бұл баптаулар факстарды компьютеріңізден алыстан жіберу немесе қабылдауды таңдаған жағдайда ғана қолданылады.

Факс тапсырмалары

Факс қабылдау барысында келесі үш опцияның бірін пайдалануға болады:

- Факсты басып шығару. Оған қоса сіз факс басылып шығарылғанда өзіңізге ескерту ретінде хабар шығарылатын опцияны таңдай аласыз.
- Факсты компьютеріңізге қабылдау. Оған қоса сіз факс келіп түскенде өзіңізге ескерту ретінде хабар шығарылатын опцияны таңдай аласыз. Факс аппараты бірнеше компьютерге жалғанған жағдайда тек бір компьютер факстарды қабылдауға тағайындала алады.
- Факсты өзге факс аппаратына жіберу.

Факс тапсырмалары туралы көбірек білу үшін, [Факс 125-бетте](#) қараңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Өзгертулеріңіз күшіне енуі үшін сіз **Apply** (Қолдану) батырмасын басуға тиіссіз.

Факс телефон кітапшасы

Өзіңіздің жылдам теру тізіміңізге жеке адамдарды немесе топтарды енгізу немесе өшіру, түрлі көздерден телефон кітапшаларын импорттау және істес адамдар тізімін жаңарту мен күту үшін HP ToolboxFX факс телефон кітапшасын пайдаланыңыз.

- Өзіңіздің жылдам теру тізіміңізге жеке адамдарды қосу үшін, өзіңіз белгілегіңіз келетін жылдам теру нөмірін таңдаңыз. Істес адам есімін **Contact name** (Істес есімі) терезесінде теріңіз. Факс нөмірін **Fax number** (Факс нөмірі) терезесінде теріңіз. **Add** (Қосу) батырмасын басыңыз.
- Өзіңіздің жылдам теру тізіміңізге топты қосу үшін, өзіңіз белгілегіңіз келетін жылдам теру нөмірін таңдаңыз. **Add Group** (Топты қосу) батырмасын басыңыз. Тізімнің сол жағындағы істес адамды оң жақтағы топ тізіміне ауыстыру үшін оны екі рет шертіңіз немесе сол жақтағы есімді таңдап, оң жақтағы топ тізіміне ауыстыру үшін сәйкес жолды шертіңіз. Оған қоса, сіз есімдерді оңнан солға ауыстырудың екі әдісін таңдай аласыз. Сіз топ құрғаныңызда, есімді **Group name** (Топ атауы) терезесінде теріп, **OK** басыңыз.
- Бар жеке тұлғаның жылдам теру жазбасын түзету мақсатымен есімді таңдау үшін сол есім жазылған жолдың кез келген жерін басып, одан кейін **Update** (Жаңарту) батырмасын басыңыз. Сәйкес терезелерге өзгертулерді енгізіп, одан кейін **OK** басыңыз.
- Бар топтың жылдам теру жазбасын түзету мақсатымен атауды таңдау үшін сол атау жазылған жолдың кез келген жерін басып, одан кейін **Update Group** (Топты Жаңарту) батырмасын басыңыз. Қажетті өзгертулерді енгізіп, одан кейін **OK** басыңыз.
- Жылдам теру тізіміндегі кез келген жазбаны өшіру үшін, тармақты таңдап, одан кейін **Delete** (Жою) батырмасын басыңыз.
- Жылдам теру тізіміндегі жазбаның орнын ауыстыру үшін, жазбаны таңдап, **Move** (Орын ауыстыру) тармағын таңдаңыз, немесе, **Move** (Орын ауыстыру) тармағын таңдап, диалог


терезесіндегі жазбаны белгілеңіз. **Next empty row** (Келесі бос жол) тармағын таңдаңыз немесе өзіңіз жазбаны ауыстырғыңыз келетін жол нөмірін белгілеңіз.

 **ЕСКЕРІМ:** Егер сіз бос емес жолды белгілесеніз, жаңа жазба бар жазбаның орнын басады.

- Lotus Notes, Outlook немесе Outlook Express бағдарламаларындағы істес адамдар телефон кітапшасын импорттау үшін **Import/Export Phone Book** (Телефон кітапшасын Импорттау/Эспорттау) тармағын таңдаңыз. **Import** (Импорттау) опциясын таңдап, **Next** (Келесі) батырмасын басыңыз. Сәйкес бағдарламалық құралды таңдап, сәйкес файлға өтіңіз де, **Finish** (Аяқтау) батырмасын басыңыз. Телефон кітапшасындағы істес адамдарды импорттау үшін **Import/Export Phone Book** (Телефон кітапшасын Импорттау/Эспорттау) тармағын таңдаңыз. **Export** (Экспорттау) опциясын таңдап, **Next** (Келесі) батырмасын басыңыз. Істес адамдарды ауыстырғыңыз келетін файл атауын енгізіңіз немесе шолып, тауып алыңыз да, **Finish** (Аяқтау) батырмасын басыңыз. Оған қоса, сіз телефон кітапшасындағы жазбаны импорттаудың орнына телефон кітапшасындағы жеке жазбаны таңдап ала аласыз.
- Барлық жазбаларды өшіру үшін, **Delete All** (Барлығын өшіру) тармағын таңдап, **Yes (Иә)** басыңыз.

Факс нөмірлерінде сандармен қатар келесі таңбаларды пайдалануға болады:

- (
-)
- +
- -
- *
- #
- R
- W
- .
- ,
- <аралық>

 **ЕСКЕРІМ:** Өзгертулеріңіз күшіне енуі үшін сіз **Apply** (Қолдану) батырмасын басуыңыз тиіс.

Факстар туралы көбірек білу үшін, [Факс 125-бетте](#) қараңыз.

Факс жіберу журналы

HP ToolboxFX факс жіберу журналы барлық жіберілген факстар мен олар жөніндегі ақпарат, соның ішінде жіберу күні мен уақытын, тапсырма нөмірін, факс нөмірін, бет санын және нәтижелер тізімін қалыптастырады.

Бағандағы ақпаратты төменнен жоғары немесе жоғарыдан төмен сұрыптау үшін факстарды жіберу журналының кез келген бағанының тақырыбын басыңыз.

Results (Нәтижелер) бағаны факс мәртебесін көрсетеді. Факс жіберу әрекеті сәтсіз болған жағдайда бұл бағанда факстың жіберілмеу себебі сипатталады.

Факстар туралы көбірек білу үшін, [Факс 125-бетте](#) қараңыз.

Факс қабылдау журналы


HP ToolboxFX факс қабылдау журналы барлық қабылданған факстар мен олар жөніндегі ақпарат, соның ішінде қабылдау күні мен уақытын, тапсырма нөмірін, факс нөмірін, бет санын және нәтижелер тізімін қалыптастырады.

Факстарды қабылдау журналы болашақ факстарды блоктау үшін қолданыла алады. Журналдағы тізімі келтірілген қабылданған факстан кейінгі **Block Fax** (Факсты блоктау) тармағын таңдаңыз.

Компьютер факс қабылдап отырған құрылғыға жалғанған жағдайда факста **View** (Көру) сілтемесі болады. Бұл сілтеме факс жөніндегі ақпарат келтірілген жаңа бетті ашады.

Бағандағы ақпаратты төменнен жоғары немесе жоғарыдан төмен сұрыптау үшін факстарды қабылдау журналының кез келген бағанының тақырыбын басыңыз.

Results (Нәтижелер) бағаны факс мәртебесін көрсетеді. Факс қабылдау әрекеті сәтсіз болған жағдайда бұл бағанда факстың қабылданбау себебі сипатталады.

 **ЕСКЕРІМ:** Өзгертулеріңіз күшіне енуі үшін сіз **Apply** (Қолдану) батырмасын басыңыз тиіс.

Факстар туралы көбірек білу үшін, [Факс 125-бетте](#) қараңыз.

Факстарды блоктау

Block Faxes (Факстарды блоктау) тармағы блокталған барлық факс нөмірлерін көрсетеді. Блокталған факс нөмірлерін осы жиекбелгіде қосыңыз, өзгертіңіз немесе өшіріңіз.

Анықтама

HP ToolboxFX **Documentation** (Құжаттама) жиекбелгісінде келесі негізгі беттердің сілтемелері бар:

- **Troubleshooting** (Ақаулықтарды түзету)
- **Animated demonstrations** (Жандандырылған көрсетілім)
- **User Guide** (Пайдаланушы нұсқаулығы). Өнімді пайдалану, кепілдік, ерекшеліктері және қолдау жөніндегі ақпаратты көріңіз. Пайдаланушы нұсқаулығы HTML және PDF форматтарының екеуінде де бар.

Жүйе Параметрлері


HP ToolboxFX **System Settings** (Жүйе Параметрлері) жиекбелгісінде келесі негізгі беттердің сілтемелері бар:

- **Device Information** (Құрылғы туралы ақпарат). Өнім сипаттамасы және істес адамдар туралы ақпарат сияқты өнім туралы мәліметтерді көріңіз.
- **Paper Handling** (Қағаз салу). Өнімнің стандартты қағаз өлшемі және стандартты қағаз түрі сияқты қағаз салу параметрлерін өзгерту.
- **Print Quality** (Баспа сапасы). Өнімнің баспа сапасы параметрлерін өзгерту.
- **Paper Types** (Қағаз түрлері). Өнімнің бланк, алдын ала тесілген немесе жылтыр қағаз сияқты әр баспа құралы түрі режимдерінің параметрлерін өзгерту.

- **System Setup** (Жүйе орнатпасы). Өнімнің тілі мен кептелу орнын басу сияқты параметрлерін өзгерту.
- **Service** (Қызмет көрсету). Өнім күтімі барысында қажет етілетін түрлі процедураларға қол жеткізу.
- **Device Polling** (Құрылғының сұранымдық параметрлері). Өнімнің HP ToolboxFX құрылғыдан деректерді жинақтау жиілігін анықтайтын сұранымдық параметрлерін өзгерту.
- **Save/Restore Settings** (Параметрлерді Сақтау/Қайтару). Өнімнің ағымды параметрлерін компьютердегі файлға сақтау. Осы файлды ұқсас параметрлерді өзге құрылғыға жүктеу үшін немесе бұл параметрлерді өнімнің өзіне кешірек қайтару үшін пайдаланыңыз.
- **Password** (Кілтсөз). Өнімнің қауіпсіздік кілтсөзін орнату, өзгерту немесе өшіру (қараңыз [Кілтсөзбен қорғау функциясын қосыңыз 136-бетте](#)).

Құрылғы туралы ақпарат

HP ToolboxFX құрылғы туралы ақпарат бетінде болашақта біліп жүру үшін өнім туралы ақпарат сақталған. Бұл жолаққа теріп енгізген ақпаратыңыз Конфигурация бетінде көрсетіледі. Сіз бұл жолақтардың әр қайсысында кез-келгенін таңбаларды тере аласыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Өзгертулеріңіз күшіне енуі үшін сіз **Apply** (Қолдану) батырмасын басуға тиіссіз.

Қағаз салу

Стандартты параметрлерді конфигурациялау үшін HP ToolboxFX қағаз салу опциясын пайдаланыңыз. Бұл өнімнің басқару панелінен қол жеткізуге болатын ұқсас опциялар болып табылады. Көбірек білу үшін, қараңыз [Басқару панелі 11-бетте](#).

Құрылғыда баспа құралдары болмаған жағдайда баспа тапсырмасын орындаудың үш опциясын пайдалануға болады:

- **Wait for paper to be loaded** (Қағаз салынғанша күтіңіз) опциясын таңдаңыз.
- Баспа тапсырмасын тоқтату үшін **Paper out action** (Қағаз болмағандағы әрекет) жайылмалы мәзірінде **Cancel** (Бас тарту) батырмасын таңдаңыз.
- Баспа тапсырмасын өзге қағаз науасына жіберу үшін тоқтату үшін **Paper out time** (Қағаз болмау уақыты) жайылмалы мәзірінде **Override** (Орнын басу) батырмасын таңдаңыз.

Paper out time (Қағаз болмау уақыты) жолағында өнім әрекет таңдалғанша қанша күтетіндігі анықталады. Сіз 0-3 600 секунд аралығындағы уақыт мерзімін белгілей аласыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Өзгертулеріңіз күшіне енуі үшін сіз **Apply** (Қолдану) батырмасын басуыңыз тиіс.

Баспа сапасы

Баспа тапсырмаларының орындалуын жақсарту үшін HP ToolboxFX баспа сапасы опциясын пайдаланыңыз. Бұл өнімнің басқару панелінен қол жеткізуге болатын ұқсас опциялар болып табылады. Көбірек білу үшін, қараңыз [Басқару панелі 11-бетте](#).

Баспа құралын басқаруға арналған төрт опция болып ажыратымдылық, REt (Resolution Enhancement technology (Ажыратымдылықты Жақсарту технологиясы), баспа тығыздығы және EconoMode (Үнемдеу режимі) табылады.

- **Resolution** (Ажыратымдылық). Орташа баспа тапсырмалары үшін 600 ажыратымдылығын және жоғары сапалы баспа тапсырмалары үшін 1200 жылдам ажыратымдылығын таңдаңыз. Ең жоғары сапалы баспа тапсырмасы үшін 1200 арақатынасты ажыратымдылығын таңдаңыз.
- **REt** (Ажыратымдылықты Жақсарту технологиясы). Сіз HP компаниясымен жақсартылған баспа сапасы үшін әзірленген REt (Ажыратымдылықты Жақсарту технологиясы) опциясын қоса аласыз.
- **Print density** (Баспа тығыздығы). Ұлғайтылған баспа тығыздығы үшін көбірек мәнді санды таңдаңыз. Төмендетілген баспа тығыздығы үшін азырақ мәнді санды таңдаңыз.
- **EconoMode** (Үнемдеу режимі). Үнемдеу режимін баспа жобаларын басып шығарғанда қосыңыз. EconoMode (Үнемдеу режимі) құрылғыға әр бетке азырақ тонерді пайдалану мүмкіндігін беретін функция болып табылады. Бұл опцияны пайдалану тонер жабдығының қызмет мерзімін арттырып, әр беттің өзіндік құнын төмендете алады. Дегенмен, ол баспа сапасын да төмендетеді. Басып шығарылған бейнелер ашықтау, бірақ баспа жобалары мен үлгілер үшін жарамды. HP Үнемдеу режимін үздіксіз қолдануды ұсынбайды. Үнемдеу режимі үздіксіз қолданылу жағдайында тонер мөлшері баспа картриджінің механикалық бөліктерінің қызмет ету мерзімінен асып кетуі мүмкін. Баспа сапасы осы себептерге байланысты төмендей бастау жағдайында сізге баспа картриджінде тонердің қалуына қарамастан жаңа баспа картриджін орнату қажет болады.

 **ЕСКЕРІМ:** Өзгертулеріңіз күшіне енуі үшін сіз **Apply** (Қолдану) батырмасын басыңыз тиіс.


Қағаз түрлері

Түрлі баспа құралдарының түрлеріне сәйкес келетін баспа режимдерін конфигурациялау үшін HP ToolboxFX **Paper types** (Қағаз түрлері) опциясын пайдаланыңыз. Барлық режимдерді зауыттық мәндерге қайтару үшін **Restore Modes** (Режимдерді қайтару) опциясын таңдаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Өзгертулеріңіз күшіне енуі үшін сіз **Apply** (Қолдану) батырмасын басыңыз тиіс.

Жүйе орнатпасы

Көшіру, факс жіберу, сканерлеу және басып шығарудың кептелу орнын басу және автоматты жалғастыру сияқты жалпы параметрлерін конфигурациялау үшін HP ToolboxFX жүйелік параметрлері опциясын пайдаланыңыз.


 **ЕСКЕРІМ:** Өзгертулеріңіз күшіне енуі үшін сіз **Apply** (Қолдану) батырмасын басыңыз тиіс.

Қызмет көрсету

Басып шығару барысында өнім ішінде қағаз, тонер және шаң түйіршіктері жиналып қалуы мүмкін. Уақыт өтісімен ол жиналып қалулар тонердің дақ түсіруі немесе жағылуы сияқты баспа ақаулықтарының себебіне айналуы мүмкін. HP ToolboxFX қағаз өту жолын тазартудың жеңіл әдісін қамтамасыз етеді. Көбірек білу үшін, қараңыз [Қағаз жолын тазалаңыз HP ToolboxFX 204-бетте](#).

Өнімнің сұранымдық параметрлері

Желі трафигін азайту үшін сіз HP ToolboxFX өнім сұранымдылығын өшіре аласыз, бірақ соның салдарынан HP ToolboxFX кейбір төмендегідей мүмкіншіліктері де өшіріледі: жайылмалы ескертулер, факс журналын жаңарту, осы компьютердің факстерді қабылдау мүмкіндігі және [Scan To \(Сканерлеу\)](#) батырмасын пайдалана отырып сканерлеу.

 **ЕСКЕРІМ:** Өзгертулеріңіз күшіне енуі үшін сіз **Apply** (Қолдану) батырмасын басуыңыз тиіс.


Баспа параметрлері

HP ToolboxFX **Print Settings** (Баспа параметрлері) жиекбелгісінде келесі негізгі беттердің сілтемелері бар:

- **Printing** (Басып шығару). Өнімнің нұсқалар саны мен қағаздың бағытталуы сияқты стандартты параметрлерін өзгерту.
- **PCL5e**. PCL5 параметрлерін көру және өзгерту.
- **PostScript**. PS параметрлерін көру және өзгерту.

Басып шығару

Барлық баспа функцияларының параметрлерін конфигурациялау үшін HP ToolboxFX баспа параметрлерін пайдалану. Бұл өнімнің басқару панелінен қол жеткізуге болатын ұқсас опциялар болып табылады. Көбірек білу үшін, қараңыз [Басқару панелі 11-бетте](#).

 **ЕСКЕРІМ:** Өзгертулеріңіз күшіне енуі үшін сіз **Apply** (Қолдану) батырмасын басуыңыз тиіс.


PCL 5e

PCL5 баспа ерекшелігін пайдаланғаныңызда параметрлерді конфигурациялау үшін PCL 5 опцияларын пайдаланыңыз. Бұлар басқару панелінің **PCL5** мәзірінен қолданылатын сол опциялар болып табылады.

 **ЕСКЕРІМ:** Өзгертулеріңіз күшіне енуі үшін сіз **Apply** (Қолдану) батырмасын басуға тиіссіз.

PostScript.

PostScript опциясын HP postscript 3 деңгейлі эмуляция баспасы қасиеттерін пайдалану барысында қолданыңыз. **Print PostScript error** (Баспа PostScript қателігі) опциясы қосылған жағдайда HP postscript 3 деңгейлі эмуляция қателігі орын алғанда PostScript қателігінің беті автоматты түрде басылып шығады.

 **ЕСКЕРІМ:** Өзгертулеріңіз күшіне енуі үшін сіз **Apply** (Қолдану) батырмасын басуға тиіссіз.

Желі параметрлері


Желі администраторы өнімнің IP-негізделген желіге қосылу жағдайында HP ToolboxFX **Network Settings** (Желі параметрлері) жиекбелгісін оның желіге қатысты параметрлерін басқару үшін пайдалана алады.

Енгiзiлген веб-сервер

Бұл өнiм өзi және желiдегi қызметтер жөнiндегi ақпаратпен қамтамасыз ететiн енгiзiлген веб-сервермен жабдықталған. Веб-сервер веб-бағдарламалар көп жағдайда бағдарламаларға компьютерге iске қосылу ортасын қамтамасыз ететiн Windows сияқты операциялық жүйемен бiр әдiстi қолдана отырып, iске қосыла алатын ортаны қамтамасыз етедi. Бұл бағдарламалардан шыққан деректер Microsoft Internet Explorer, Safari немесе Netscape Navigator сияқты веб-браузерiнiң көмегiмен көрсетiле алады.

«Енгiзiлген» веб-сервер аспаптық құралда (HP LaserJet құрылғысы сияқты) немесе енгiзiлген бағдарламалық құралға орналастырылады, жүктелген бағдарламалық құралдан артықшылығы бар.


ЕВС артықшылығы болып желiге қосылған құрылғысы мен компьютерi бар әркiм пайдалана алатын өнiм интерфейсi болып табылады. Ол орнатуды немесе конфигурациялауды қажет ететiн арнайы бағдарламалық құрал болып табылмайды, дегенмен, компьютерiңiзде қолдауы бар веб-браузерi болуы тиiс. ЕВС мүмкiндiгiне қол жеткiзу үшiн браузердiң адрес жолағына өнiмнiң IP адресiн терiңiз. (IP адресiн тауып алу үшiн конфигурациялау бетiн басып шығарыңыз. Конфигурациялау бетiн басып шығару жөнiнде көбiрек бiлу үшiн, қараңыз [Ақпараттық беттер 184-бетте.](#))

 **ЕСКЕРИМ:** Macintosh операциялық жүйесiнде сiз ЕВС мүмкiндiгiн құрылғымен бiрге жеткiзiлетiн Macintosh бағдарламалық құралын орнатқаннан кейiн USB қосылысының көмегiмен пайдалана аласыз.

Ерекшелiктер

ЕВС мүмкiндiктерi сiзге өнiм және желi мәртебесiн көрiп, басу қызметтерiн компьютерден басқару мүмкiндiгiн бередi. ЕВС мүмкiндiгiнiң көмегiмен сiз келесiдей тапсырмаларды орындай аласыз:

- Өнiм мәртебесi жөнiндегi ақпаратты көру.
- Барлық жабдықтардың қызмет мерзiмiн анықтап, жаңаларына тапсырыс беру
- Өнiм конфигурациясының бiр бөлiгiн көру және өзгерту
- Кейбiр iшкi беттердi көру және басып шығару
- ЕВС беттерi шығарылатын тiлдi таңдау
- Желi конфигурациясын көру және өзгерту
- Өнiмнiң қауiпсiздiк кiлтсөзiн орнату, өзгерту немесе өшiру (қараңыз [Кiлтсөзбен қорғау функциясын қосыңыз 136-бетте.](#))


 **ЕСКЕРИМ:** ЕВС қызметiнде желi параметрлерiн өзгерту өнiмнiң кейбiр бағдарламалық құралдарын немесе мүмкiндiктерiн өшiруi мүмкiн.

HP Web Jetadmin бағдарламалық құралын пайдалану

HP Web Jetadmin желі арқылы қосылатын шалғай құрылғыларды алыстан орнату, бақылау және жөндеуге арналған интернет технологияларына негізделген бағдарламалық шешім болып табылады. Қолайлы браузер интерфейсі бірқатар құрылғылардың, соның ішінде HP шығарған және HP шығармаған құрылғылардың платформааралық басқаруын жеңілдетеді. Басқару белсенді түрде жүргізіліп, желі администраторларының мәселелерді пайдаланушыларға еш ықпалы тиместен шешуіне мүмкіндік береді. Бұл тегін, басқарылуы жетілдірілген бағдарламалық құралды www.hp.com/go/webjetadmin_software сайт бетінен жүктеп алыңыз.

HP Web Jetadmin үшін қосымша бағдарламалар алу үшін **plug-ins** (қосымша бағдарламалар) басып, содан кейін сізге керекті қосымша бағдарлама атауының жанындағы **download** (жүктеу) сілтемесін басыңыз. HP Web Jetadmin бағдарламасы жаңа қосымша бағдарламалар пайда болған кезде сізге автоматты түрде хабар береді. HP веб-сайтына автоматты түрде қосылу үшін **Product Update** (Өнімді жаңарту) бетіндегі нұсқауларды орындаңыз.

Егер хост-серверге орнатылған болса, HP Web Jetadmin бағдарламасын Windows жүйесіне арналған Microsoft Internet Explorer 6.0 немесе Linux жүйесіне арналған Netscape Navigator 7.1 сияқты қолдау көрсетілетін веб-браузері арқылы кез келген клиент пайдалана алады. HP Web Jetadmin хостын қараңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Браузерлерде Java мүмкіндігі қосулы болуға тиіс. Apple компьютері арқылы браузермен қарауға қолдау көрсетілмейді.

Қауіпсіздік ерекшеліктері

Енгізілген веб-серверді қауіпсіздендіру

ЕВС мүмкіндіктерін кілтсізді орнату үшін пайдаланыңыз.

1. ЕВС ашып, **System** (Жүйе) жиекелгісін таңдаңыз.
2. **Password** (Кілтсөз) батырмасын басыңыз.
3. **Password** (Кілтсөз) жолағына орнатқыңыз келетін кілтсөзді теріп, **Confirm password** (Кілтсөзді растау) жолағында таңдауыңызды растау үшін сол сөзді қайта теріңіз.
4. Кілтсөзді сақтау үшін **Apply** (Қолдану) батырмасын басыңыз.

Басқару панелінің мәзірін блоктау

Құрылғыда мәзір тармақтарының көбін блоктау мүмкіндігін беретін кілтсөзбен қорғау ерекшелігі бар. Кілтсөзбен қорғау жөнінде көбірек білу үшін, қараңыз [Кілтсөзбен қорғау функциясын қосыңыз 136-бетте](#).

Құпия қабылдау

Құпия қабылдау ерекшелігі сізге факстарды өнім қасына келіп, факсты басып шығару үшін PIN кодты термейінше, басып шығармай, жадқа сақтау мүмкіндігін береді. Көбірек білу үшін, [Құпия түрде қабылдау функциясын қосыңыз 136-бетте](#) қараңыз.


Электрлі степлерді пайдаланыңыз (HP LaserJet M2727nfs көп функциялы құрылғысында ғана)

Құжаттарды қапсырмалау

Қапсырмалау механизмін баспа құралын электрлі степлерге салу арқылы іске қосыңыз.


1. Баспа құралының 20 дейінгі парағын (80 г/м²) степлер есігіндегі ойыққа салыңыз. Баспа құралының салмағы 80 г/м² ауырырақ жағдайда қапсырмалау үшін бірнеше парақты салыңыз.

△ **ЕСКЕРТУ:** Пластмассаны, қатырма қағазды немесе ағашты қапсырмалау үшін степлерді пайдаланбаңыз. Степлердің зақымдалуы осы материалдарды қапсырмалау үшін пайдалану әрекеті салдарынан болады.




📄 **ЕСКЕРІМ:** Ұсынылатын сыйымдылықты асыру кептелу немесе зақымдалуға әкеп соғуы мүмкін.

2. Степлердің парақтарды қапсырмалағанынша күтіңіз. Степлердің ойығына салынғаннан кейін баспа құралы степлер механизмін іске қосуі тиіс.



3. Қапсырмаланған баспа құралын ойықтан алып шығыңыз.




📄 **ЕСКЕРІМ:** Қапсырмалағаннан кейін оны алып шыға алмасаңыз, степлердің есігін абайлап ашып, құжаттарыңызды тартып алыңыз.

Қапсырмаларды салу

Әр қапсырмалар кассетасында 1 500 қапсырма әзірлемесі бар.


1. Стептердің есігін ашыңыз.




 **ЕСКЕРІМ:** Стептердің есігін ашу стептерді ажыратады.

Ауыстыру нұсқаулығы мен қосалқы бөлшектердің нөмірлері стептердің есігінде көрсетілген.


2. Егер сіз қапсырмалар кассетасын ауыстыратын болсаңыз (мысалы, қапсырмалар кассетасында қапсырмалар біткендіктен), қапсырмалар кассетасын құрылғыдан алып шығыңыз.



3. Жаңа қапсырмалар кассетасын стептердің есігі ішіндегі аспаға орналастырыңыз.



4. Стептердің есігін жабыңыз.




Жабдықтарды бақылау

Жабдықтарды тексеру және тапсырыс беру

Сіз жабдықтар мәртебесін өнімнің басқару панелінің көмегімен, жабдықтар мәртебесі бетін басып шығарып немесе HP ToolboxFX көріп тексере аласыз. Hewlett-Packard компаниясы баспа картридждеріне тапсырыс беруді баспа картридждерінің Төмен деңгейі жөніндегі хабар шығарыла салысымыен жүзеге асыруды ұсынады. Жаңа, шынайы HP баспа картридждерін жабдықтар жөніндегі келесідей ақпарат түрін алу үшін пайдаланыңыз:

- Картридждің қалған қызмет мерзімі жөнінде
- Қалған басылып шығарылатын беттердің мөлшерлі саны жөнінде
- Басып шығарылған беттер саны жөнінде
- Өзгедей жабдықтар жөнінде ақпаратты

 **ЕСКЕРІМ:** Өнім желіге қосылған жағдайда сіз HP ToolboxFX өзіңізді электрондық пошта арқылы баспа картридждерінің төмен деңгейі жөнінде ескертуге баптай аласыз. Өнім тікелей компьютерге жалғанған жағдайда, сіз HP ToolboxFX өзіңіздің баспа картридждерінің төмен деңгейі жөнінде ескертуге баптай аласыз.

Жабдықтар мәртебесін басқару панелінің көмегімен тексеріңіз

Келесілердің бірін орындаңыз:

- Өнімнің баспа картридждері деңгейінің төмен немесе таусылғандығын көрсететін басқару панелін тексеріңіз. Оған қоса, басқару панелінде алғашқы рет HP емес баспа картридждері орнатылғандығы көрсетіледі.
- Жадықтар мәртебесі бетін басып шығарып, бетте көрсетілген жадықтар деңгейін тексеріңіз.

Жадықтар деңгейі төмен болған жағдайда, сіз жергілікті HP дилерімен телефон арқылы немесе онлайн режимінде хабарласып, жадықтарға тапсырыс бере аласыз. Бөлшектер нөмірлерін [Керек-жарақтар және тапсырыс беру туралы ақпарат 261-бетте](#) ішінен қараңыз. Онлайнда тапсырыс бері үшін www.hp.com/go/ljsupplies сайтына өтіңіз.

Жадықтар мәртебесін келесінің көмегімен тексеріңіз: HP ToolboxFX

Сіз HP ToolboxFX өзіңізді баспа картридждерінің төмен деңгейі жөнінде ескертуге конфигурациялай аласыз. Электрондық пошта арқылы немесе жайылмалы хабар немесе тапсырмалар панелі белгішесі арқылы ескертуді таңдаңыз.

Жадықтарды сақтау

Баспа картридждерін сақтау үшін осы нұсқауларды орындаңыз:

- Баспа картридждерін пайдаланбайынша орауышынан шығармаңыз.

△ **ЕСКЕРТУ:** Зақымдалудан сақтау үшін баспа картридждерін бірнеше минуттан артық жарықта қалдырмаңыз.

- Жұмыс істеу және сақтаудың температуралық талаптарды [Қоршаған орта ерекшеліктері 279-бетте](#) ішінен қараңыз.

- Жабдықты жатқызып сақтаңыз.
- Жабдықты қараңғы, құрғақ жерде, жылу және электрмагниттік сәуле шашу көздерінен аулақ сақтаңыз.

HP компаниясының HP -емес жадықтарға қатысты саясаты

Hewlett-Packard Компаниясы жаңа немесе қайта өңделген HP -емес жадықтарды пайдаланбауды ұсынады. Олар HP -емес жадықтар болып табылғандықтан, HP компаниясы олардың жасалуына әсер етіп, сапасын бақылай алмайды. HP -емес жадықтарды пайдалану салдарынан қажет етілген қызмет немесе жөндеу жұмыстары кепілдікпен қамтылмайды.

Алдау оқиғасы жөнінде хабарлау үшін HP жедел байланыс желісі

Өнім немесе HP ToolboxFX баспа картриджінің HP -емес баспа картриджі екендігін көрсетсе және сіз оның шынайы екендігіне сенімді болған жағдайда алдау оқиғасы жөнінде хабарлау үшін HP жедел байланыс желісі бойынша хабарласыңыз. HP компаниясы өнімнің шынайы екендігін анықтауға және мәселені шешу қадамдарын сілтеуде көмектеседі.

Баспа картриджі төмендегідей мәселелерге тап болған жағдайларда шынайы HP өнімі болмауы мүмкін:

- Сіз баспа картриджін пайдалану барысында көптеген қиыншылықтарға тап болдыңыз.
- Баспа картриджі түрі үйреншікті түрінен өзгеше (мысалы, тартып алынатын жапсырмасы немесе қорабы өзгеше).

Америка Құрама Штаттарында, тегін хабарласыңыз: 1-877-219-3183.

Америка Құрама Штаттарынан тыс жерде, сіз ақылы абонент ретінде хабарласа аласыз. Оператормен байланысып, келесі телефон нөміріне абонент есебінен хабарласыңыз: 1-770-263-4745. Егер сіз ағылшынша сөйлемесеңіз, сізге алдау оқиғасы жөнінде хабарлау үшін HP жедел байланыс желісінің сіздің тіліңізде сөйлейтін өкілі көмектеседі. Немесе, сіздің тіліңізде сөйлейтін ешкім болмай қалған жағдайда, тіл желісінің аудармашысы қоңырау шалғаннан кейін мөлшермен бір минут ішінде сізбен байланысқа шығады. Тіл желісінің аудармашысы сізбен алдау оқиғасы жөнінде хабарласу үшін HP жедел байланыс желісінің өкілі арасында аударма жасайтын қызмет болып табылады.

Жадықтарды қайта пайдалану

Жаңа HP баспа картриджін орнату үшін жаңа жабдық жеткізілетін қорап ішіндегі нұсқауларды орындаңыз немесе алғашқы іске қосу жөніндегі нұсқаулықты қараңыз.

Жадықтарды қайта пайдалану үшін, пайдаланылған жабдықты жаңа жабдық жеткізілетін қорап ішіне салыңыз. Пайдаланылған жабдықты HP компаниясына қайта пайдалану мақсатымен жіберу үшін қоса жіберілетін қайтару жапсырмасын пайдаланыңыз. Толығырақ ақпаратты әрбір жаңа HP жабдығымен бірге жеткізілетін қайта пайдалану жөніндегі нұсқаулықтан қараңыз. HP компаниясының қайта пайдалану бағдарламасы жөніндегі көбірек ақпарат алу үшін [HP LaserJet баспаға арналған қамсыздандыру құралдары 284-бетте](#) қараңыз.

Қайта тарату тонері

Егер басып шығарылған бетте көлеңкелі немесе ақ аумақтар пайда болса, басып шығару сапасын тонерді қайта тарату арқылы уақытша жақсарту алуыңыз мүмкін.

1. Баспа картридждерін принтерден шығарып алыңыз.
2. Тонерді қайта тарату үшін баспа картридждерін алдыға- артқа ақырын сілкіңіз.


△ **ЕСКЕРТУ:** Егер тонер киіміңізге тисе, құрғақ шүберекпен сүртіп, салқын сумен жуыңыз. *Ыстық су тисе, киімде дақ қалып қояды.*

3. Баспа картридждерін принтерге қайта орнатып, баспа картридждерінің қақпағын жабыңыз. Егер баспа ашық немесе жарамсыз болса, жаңа баспа картридждерін орнатыңыз.


Жабдықтарды ауыстыру

Баспа картридждері


1. Баспа картридждерінің есігін ашыңыз.




2. Баспа картридждерінің құлақтарынан мықтап ұстап, картриджді шығарып алу үшін оны тіке тартып алыңыз. Баспа картридждерінің қораптарындағы қайта пайдалану жөніндегі ақпаратты қараңыз.




3. Жаңа баспа картриджін орауышынан алып шығып, баспа картриджіндегі қызғылт түсті жапсырманы шешіп алыңыз да, тартып алынатын жапсырманы шешіп алу үшін, қызғылт түсті ілмекті тартыңыз.



4. Картриджді орнына *берік қонғанша* құрылғыға итеріңіз.



5. Баспа картридждерінің есігін жабыңыз.



△ **ЕСКЕРТУ:** Киімге тонер шашылған жағдайда оны құрғақ шүберекпен сүртіп, суық суға жуыңыз. *Ыстық су тонерді матаға қондырады.*

DIMM жад модульдері


Ақпарат

Өнім 64 МБ RAM жадымен жеткізіледі және өнімнің сол жағынан қол жеткізуге болатын DIMM слотын пайдалану жолымен 320 МБ дейін жетілдірілуі мүмкін.


DIMM жад модулін орнату

△ **ЕСКЕРТУ:** DIMM жад модулінің жерге қосылмауынан антистатикалық құрылғы DIMM жад модулін зақымдауы мүмкін. DIMM жад модуліне тиіспей тұрып, өнімнің қандай да бір металл бөлігін немесе өзгедей жерге қосылмаған металл затты ұстаңыз.


1. Өнімді өшіру үшін қоректі ажыратқышты пайдаланып, одан кейін құрылғыға жалғанған барлық кабельдер мен сымдарды ажыратыңыз.





2. DIMM модулінің есігін ашыңыз.




3. DIMM модулінің жоғарғы жиегінен ұстап, антистатикалық пакеттің ішінен DIMM модулін шығарыңыз.



4. Алтын түстес байланыстарын жоғары қаратып, DIMM модулін DIMM модулінің ұясына салыңыз да металды ұстауыш сұққылары тық еткенше, DIMM корпусын басыңыз.



5. DIMM модулінің есігін жабыңыз.




6. Барлық кабельдер мен сымдарды қайта жалғаңыз, содан кейін өнімді қосу үшін қоректік қосқышты пайдаланыңыз.
7. Кескіндеме бетті басып шығарыңыз, содан кейін жад бөлімінің жаңа жад көлемін көрсетіп тұрғанын тексеріңіз. [Ақпараттық беттер 184-бетте](#) қараңыз.

Өнімді тазалаңыз


Қағаз жолын тазалаңыз.

Басып шығару кезінде принтердің ішінде қағаз, тонер және шаң жиналып қалуы мүмкін. Уақыт өте жиналған қалдықтар тонердің дақтануы немесе ластануы сияқты баспа сапасына проблема туғызуы мүмкін. Бұл өнімнің тазалау режимі осындай проблемаларды түзетіп, алдын алуы мүмкін.

Дақтар



Ластау



Қағаз жолын тазалаңыз HP ToolboxFX

Қағаз жолын тазалауға HP ToolboxFX пайдаланыңыз. Бұл ұсынылған тазалау әдісі болып табылады. Егер сіздің HP ToolboxFX рұқсатыңыз болмаса, [Өнімнің басқару панелінен қағаз жолын тазалаңыз 205-бетте](#) әдісін қолданыңыз.

1. Өнімнің қосылғанына және Дайын күйде екеніне және баспа құралының 1-науаға немесе 2-науаға салынғанына көз жеткізіңіз.
2. Ашыңыз HP ToolboxFX, өнімді таңдаңыз, содан кейін **System Settings** (Жүйе Параметрлері) жиекбелгісін таңдаңыз.
3. **Service** (Қызмет) жиекбелгісін таңдаңыз, содан кейін **Start** (Іске қосу) таңдаңыз.

Бір бет өнімге ақырын енеді. Процесс аяқталғанда, бетті шығарыңыз.

Өнімнің басқару панелінен қағаз жолын тазалаңыз

Егер сіздің HP ToolboxFX рұқсатыңыз болмаса, сіз өнімнің басқару панелінен басып шығара және тазалағыш бетті қолдана аласыз.


1. **Setup (Орнату)** басыңыз.
2. Менюді **Service (Қызмет)** іздеу үшін бағыт көрсеткіш батырмаларды пайдаланыңыз, содан кейін **OK** басыңыз.
3. **Cleaning Mode** (Тазалау режимі) іздеу үшін бағыт көрсеткіш батырмаларды пайдаланыңыз, содан кейін **OK** басыңыз.
4. Сізге сұрау салғанда, хат немесе А4 пішімді қағазын салыңыз.
5. Тазалау процесін растау және бастау үшін **OK** қайта басыңыз.

Бір бет өнімге ақырын енеді. Процесс аяқталғанда, бетті шығарыңыз.


Құжатты автоматты беру құрылғысының (ADF) желімді білік жинағын тазалаңыз

Егер құжаттарды беру кезінде ADF ақау шықса, ADF желімді білік жинағын тазалаңыз.


1. Өнімді өшіріп, электр сымын ажыратыңыз.




2. ADF қақпағын жабыңыз.



3. Жинақты жоғары қарай айналдырыңыз. Оны тазалап сүртіңіз, содан кейін жинақ тазарғанша, біліктерді айналдырыңыз.




4. Жасыл тұтқалы жинақты төмен түсіріп, ADF қақпағын жабыңыз.



ЕСКЕРІМ: Егер ADF құрылғысында қағаз кептеліп қалса, HP орталығымен хабарласыңыз. www.hp.com/support/LJM2727 немесе өнімнің қорабында келетін көмекші анықтамалықты қараңыз.


5. Өнімді қуат көзіне жалғаңыз, содан кейін өнімді қосыңыз.



Қақпақасты қабатты тазалаңыз

Кішкентай сынықтардың өнім қақпағының астында орналасқан ақ бетті қақпақасты қабаттына жиналуы мүмкін.

1. Өнімді өшіріп, электр сымын суырыңыз да қақпақты көтеріңіз.
2. Жылы сабын сумен суланған жұмсақ шүберекпен немесе губкамен ақ бетті қақпақасты қабатты тазалаңыз. Сынықтардан тазарту үшін қабатты ақырындап жуыңыз; негізді қырмаңыз.



3. Сондай-ақ, ADF құрылғысының сканер шынысының жанындағы сканерлеуші жолды тазалаңыз.
4. Қабатты күдерімен немесе жұмсақ шүберекпен құрғатыңыз.

△ **ЕСКЕРТУ:** Қағаздан жасалған орамалдарды пайдаланбаңыз, себебі олар қабатты сызып кетуі мүмкін.

5. Егер бұл қабатты жақсы тазаламаса, алдыңғы қадамдарды қайталап, шүберекті немесе губканы сулауға изопропилді спиртті пайдаланыңыз, содан кейін қалған спиртті кетіру үшін дымқыл шүберекпен қабатты сүртіңіз.

Сыртқы бетін тазалаңыз

Өнімнің сыртқы бетінің шаңын, кірін және дағын тазарту үшін жұмсақ, дымқыл, тегіс шүберекті пайдаланыңыз.

Енгізілген бағдарламаны жаңарту

Мына өнімге арналған енгізілген бағдарламаны жаңарту және орнату нұсқаулары www.hp.com/support/LJM2727 берілген. **Downloads and drivers** (Жүктеулер мен драйверлер) таңдаңыз, операциялық жүйені таңдаңыз, содан кейін өнімге арналған ішке орнатылған бағдарламаны жүктеуді таңдаңыз.

12 Мәселелерді шешу

- [Мәселелерді шешу тізімі](#)
- [Зауыттық баптаулы мәндерді қалпына келтіріңіз.](#)
- [Басқару панелінің хабарлары](#)
- [Басқару панелінің дисплейіндегі мәселелер](#)
- [Кептелулерден тазалаңыз](#)
- [Бейне сапасына қатысты мәселелерді шешу](#)
- [Электрлі степлерге қатысты мәселелерді шешіңіз.](#)
- [Жалғауға қатысты мәселелер](#)
- [Бағдарламалық құралға қатысты мәселелерді шешіңіз.](#)

Мәселелерді шешу тізімі

Өнімге қатысты мәселені шешер кезде мына қадамдарды орындаңыз.

Қадам нөмірі	Тексеріс қадамы	Ықтимал мәселелер	Шешу жолдары
1	Қосылған ба?	Ақаулы қуат көзі, кабель, қосқыш немесе сақтандырғыш салдарынан қуат жоқ.	<ol style="list-style-type: none">1. Өнімнің жалғанғанын тексеріңіз.2. Қорек кабелінің істеп тұрғанын және қоректік қосқыштың қосылғанын тексеріңіз.3. Өнімді қабырғадағы розеткаға немесе басқа қуат көзіне жалғау арқылы қуат көзін тексеріңіз.
2	Өнімнің басқару панелінде Ready (Дайын) жазуы пайда бола ма? Қателік туралы хабарларсыз басқару панелінің жұмыс істеуі керек.	Басқару панелі қатені көрсетіп тұр.	Қатені түзетуге көмектесетін жалпы хабарлар тізіміне арналған Басқару панелінің хабарлары 213-бетте қараңыз.
3	Ақпараттық беттер басылып шыға ма? Конфигурация бетін басып шығарыңыз. Ақпараттық беттер 184-бетте қараңыз.	Қателік туралы хабар басқару панелінің дисплейіне шығады. Басып шығару кезінде қағаздардың кептелуі.	Қатені түзетуге көмектесетін жалпы хабарлар тізіміне арналған Басқару панелінің хабарлары 213-бетте қараңыз. HP өнімінің техникалық сипаттамасына баспа құралының жауап беретініне көз жеткізіңіз. Қағаз және баспа құралдары 59-бетте қараңыз. Қағаз жолын тазалаңыз. Қағаз жолын тазалаңыз. 204-бетте қараңыз.
4	Өнім көшіре ме? Конфигурация бетін ADF құрылғысына салып, көшірмесін жасаңыз. Есептің ADF құрылғысы арқылы біртегіс берілуі керек және көшірмелердің баспа сапасына қатысты мәселелерсіз басылып шығуы керек. Сонымен бірге көрме үстелінен көшірме жасаңыз.	ADF құрылғысынан алынған сапасы нашар көшірме. Басып шығару кезінде қағаздардың кептелуі. Көрме үстелінен алынған сапасы нашар көшірме.	Егер ішкі сынақтардағы баспа сапасы мен көрме үстеліндегі көшірме қабылданса, ADF құрылғысының сканерлеуші жолын тазалаңыз. Сканер шынысын тазалау 120-бетте қараңыз. HP құрылғысының техникалық сипаттамасына баспа құралының жауап беретініне көз жеткізіңіз. Қағаз және баспа құралдары 59-бетте қараңыз. Қағаз жолын тазалаңыз. Қағаз жолын тазалаңыз. 204-бетте қараңыз. <ol style="list-style-type: none">1. Егер ішкі сынақтардағы баспа сапасы мен ADF құрылғысындағы көшірме қабылданса, планшетті шыныны тазалаңыз. Сканер шынысын тазалау 120-бетте қараңыз.2. Егер жөндеуден кейін мәселе шешілмесе, Көшірмеге қатысты мәселелер 243-бетте қараңыз.

Қадам нөмірі	Тексеріс қадамы	Ықтимал мәселелер	Шешу жолдары
5	<p>Өнім факс жібере ме?</p> <p>Тональді теру режимінің бар екенін (қажет болса, тұтқа арқылы) тексеру үшін Start Fax (Факсты бастау) басыңыз. Факс жіберіп көріңіз.</p>	<p>Телефон желісі істемейді немесе өнім телефон желісіне жалғанбаған.</p> <p>Телефон сымы бүлінген немесе басқа ағытпаға жалғанған.</p>	<p>Өнімнің өзіңіз істеп тұрғанын білетін телефон желісіне жалғанғанын тексеріңіз.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Телефон сымын басқа ағытпаға жалғап көріңіз. 2. Жаңа телефон сымын байқап көріңіз.
6	<p>Өнім факс жібере ме?</p> <p>Егер мүмкін болса, осы өнімге факс жіберу үшін басқа факсимильді аппаратты пайдаланыңыз.</p>	<p>Тым көп телефон құрылғылары жалғанған немесе телефон құрылғылары дұрыс ретпен жалғанбаған.</p> <p>Өнімнің факс параметрлері дұрыс қойылмаған.</p>	<p>HP LaserJet M2727 көп функциялы принтерінің телефон желісіндегі жалғыз екеніне көз жеткізіңіз, содан кейін факсты тағы қабылдап көріңіз.</p> <p>Өнімнің факс параметрлерін қайта қараңыз да зауыттық мәндерін қалпына келтіріңіз. Факс параметрлерін өзгертіңіз 138-бетте қараңыз.</p>
7	<p>Өнім компьютер арқылы басып шығара ма?</p> <p>Баспа тапсырмасын өнімге жіберу үшін мәтіндерді өңдеу бағдарламасын пайдаланыңыз.</p>	<p>Бағдарламалық құрал дұрыс орнатылмаған немесе бағдарламалық құралды орнатар кезде қате пайда болған.</p> <p>Кабель дұрыс жалғанбаған.</p> <p>Дұрыс драйвер таңдалмаған.</p> <p>Microsoft Windows жүйесінде порт драйверіне қатысты мәселе туындаған.</p>	<p>Өнімнің бағдарламалық құралын жойыңыз, содан кейін қайта орнатыңыз. Дұрыс орнату процедурасын және дұрыс порт параметрін қолданып отырғаныңызды тексеріңіз.</p> <p>Кабельді қайта жалғаңыз.</p> <p>Дұрыс драйверді таңдаңыз.</p> <p>Өнімнің бағдарламалық құралын жойыңыз, содан кейін қайта орнатыңыз. Дұрыс орнату процедурасын және дұрыс порт параметрін қолданып отырғаныңызды тексеріңіз.</p>
8	<p>Өнім материалды компьютерге сканерлей ме?</p> <p>Компьютеріңіздегі негізгі жұмыс үстелі бағдарламасынан сканерлеуді бастаңыз.</p>	<p>Кабель дұрыс жалғанбаған.</p> <p>Бағдарламалық құрал дұрыс орнатылмаған немесе бағдарламалық құралды орнатар кезде қате пайда болған.</p> <p>Егер қате жойылмаса, өнімді өшіріңіз, содан кейін өнімді қосыңыз.</p>	<p>Кабельді қайта жалғаңыз.</p> <p>Өнімнің бағдарламалық құралын жойыңыз, содан кейін қайта орнатыңыз. Дұрыс орнату процедурасын және дұрыс порт параметрін қолданып отырғаныңызды тексеріңіз.</p>

Зауыттық баптаулы мәндерді қалпына келтіріңіз.

Зауыттық баптаулы мәндерді қалпына келтіру барлық параметрлерді зауыттық баптаулы мәндерге қайтарады, сонымен бірге ол өнімнің жадындағы факс тақырыбының атын, телефон нөмірін, жылдам терілетін нөмірлерді және кез келген сақтаулы факс нөмірлерін өшіреді.

△ **ЕСКЕРТУ:** Бұл процедура да жылдам теретін батырмалардағы барлық факс нөмірлері мен аттарды және жылдам терілетін кодтарды өшіреді және жадқа сақталған беттердің кез келгенін өшіреді. Содан кейін процедура өнімді автоматты түрде қайта іске қосады.

1. Өнімнің басқару панеліндегі **Setup (Орнату)** басыңыз.
2. **Service (Қызмет)** таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларды пайдаланыңыз, содан кейін **OK** басыңыз.
3. **Restore defaults** (Стандартты мәндерді қайтару) таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларды пайдаланыңыз, содан кейін **OK** басыңыз.

Өнім автоматты түрде қайта іске қосады.

Басқару панелінің хабарлары

Басқару панелінің хабарларының көпшілігі қолданушыға әдеттегі операция арқылы нұсқау беруге арналған. Басқару панелінің хабарлары ағымдағы операцияның мәртебесін көрсетеді және сәйкесінше дисплейдің екінші жолағындағы беттерді санауды қамтиды. Өнім факс туралы мәліметтерді, баспа туралы мәліметтерді немесе сканерлеу бұйрықтарын қабылдағанда, басқару панелінің хабарлары осы мәртебені көрсетеді. Қосымша ретте сигналдық хабарлар, ескерту хабарлары және төтенше қате туралы хабарлар кейбір әрекетті қажеті етуі мүмкін жағдайларды көрсетеді.

Сигналдық және ескерту хабарлары

Сигналдық және ескерту хабарлары уақытша шығады және қолданушыдан тапсырманы қалпына келтіру үшін **OK** басу арқылы немесе бас тарту үшін **Cancel (Тоқтату)** басу арқылы хабарды растауды талап етуі мүмкін. Белгілі бір ескертулер шыққанда тапсырма бітпей қалуы мүмкін немесе басып шығару сапасы төмендеуі мүмкін. Егер сигналдық немесе ескерту хабары басып шығаруға қатысты болса, және автоматты жалғастыру функциясы қосылған болса, ескерту хабары 10 секундқа шыққаннан кейін өнім басып шығару тапсырмасын растаусыз жалғастыруға әрекет жасайды.

Сигналдық және ескерту хабарламалары кестелері

Факсқа қатысты мәселелерді шешу үшін [Факс мәселелерін шешіңіз 167-бетте](#) қараңыз.

Кесте 12-1 Сигналдық және ескерту хабарлары

Басқару панелінің хабары	Сипаттамасы	Ұсынылатын әрекет
(Аймақтағы) Қағаз кептелу, Есікті ашыңыз да кептелуден тазалаңыз	Мына аймақтардың біреуінде қағаз кептелген: барабан аймағы, термофиксатор аймағы, дуплексті құжат беру аймағы, және дуплексті желімді білік аймағы.	Өнімнің басқару панелінде көрсетілген аймақты кептелуден тазалаңыз, содан кейін басқару панеліндегі нұсқауларды орындаңыз. Кептелулерден тазалаңыз 221-бетте қараңыз.
10 0000 Жабдықтың Жад Қатесі	Ерекше баспа картриджінің Е-белгідегі қатесі бар.	Баспа картриджін қайта орнатыңыз. Өнімді өшіріңіз, содан кейін қосыңыз. Мәселе шешілмесе, картриджді ауыстырыңыз.
10 0000 Жабдықтың Жад Қатесі	Белгілі бір баспа картриджінің Е-белгісі жоқ.	Баспа картриджін қайта орнатыңыз. Өнімді өшіріңіз, содан кейін қосыңыз. Мәселе шешілмесе, картриджді ауыстырыңыз.
1-науаға қағаз салыңыз, <ӘДЕТТЕГІ> <ӨЛШЕМ> / Тазалау режимі, іске қосу үшін OK	Тазалау режимінде қағаз сұрау.	Тазалау процедураларын бастау үшін OK басыңыз.
ADF есігі ашық	ADF қақпағы ашық немесе сенсор дұрыс істемей тұр.	ADF қақпағының жабық екеніне көз жеткізіңіз. ADF құрылғысын шешіп, оны қайта орнатыңыз. Егер мәселе шешілмесе, қоректік қосқыш арқылы қуат көзінен өшіріңіз, 30 секунд күтіңіз, содан кейін қуат көзіне қосып, өнімнің іске қосылуын күтіңіз.

Кесте 12-1 Сигналдық және ескерту хабарлары (жалғасы)

Басқару панелінің хабары	Сипаттамасы	Ұсынылатын әрекет
		Егер қате жойылмаса, HP орталығына хабарласыңыз. www.hp.com/support/LJM2727 немесе өнімнің қорабында келетін көмекші анықтамалықты қараңыз.
HP емес бағдарлама орнатылған	HP компаниясы жасамаған жаңа бағдарлама орнатылған. Мына хабар бірнеше секундқа пайда болады, содан кейін өнім Дайын күйіне оралады.	Егер сіз HP бағдарламасын сатып алғаныңызға сенімді болсаңыз, HP жедел байланыс желісіндегі 1-877-219-3183 нөміріне қоңырау шалыңыз. HP емес бағдарламаларды қолдану нәтижесінен қажет етілетін сервистік қызмет көрсету немесе жөндеу жұмыстары HP кепілдігінде қамтылмайды.
Байланыс қатесі [CSID жіберушісі]	Өнім мен қабылдағыштың арасында факс байланысына қатысты қате орын алған.	Өнімге факсты қайта жіберу мүмкіндігін беріңіз. Өнімнің телефон сымын қабырғадағы ұядан ажыратып, телефонды қосыңыз да қоңырау шалып көріңіз. Өнімнің телефон сымын басқа телефон желісіндегі ұяға қосыңыз. Басқа телефон сымын пайдаланып көріңіз. Егер қате жойылмаса, HP орталығына хабарласыңыз. www.hp.com/support/LJM2727 немесе өнімнің қорабында келетін көмекші анықтамалықты қараңыз.
Байланыс қатесі [CSID қабылдағышы]	Өнім мен қабылдағыштың арасында факс байланысына қатысты қате орын алған.	Өнімге факсты қайта жіберу мүмкіндігін беріңіз. Өнімнің телефон сымын қабырғадағы ұядан ажыратып, телефонды қосыңыз да қоңырау шалып көріңіз. Өнімнің телефон сымын басқа телефон желісіндегі ұяға қосыңыз. Басқа телефон сымын пайдаланып көріңіз. Егер қате жойылмаса, HP орталығына хабарласыңыз. www.hp.com/support/LJM2727 немесе өнімнің қорабында келетін көмекші анықтамалықты қараңыз.
Бет тым күрделі, ОК басыңыз	Күрделілігіне байланысты өнім ағымдағы бетті басып шығара алмады.	Хабарды өшіру үшін Setup (Орнату) басыңыз. Өнімге тапсырманы аяқтауға мүмкіндік беріңіз, немесе тапсырмадан бас тарту үшін Cancel (Тоқтату) басыңыз.
Бетті көрме үстеліне ғана сәйкестендіріңіз	Көшірмені кішірейту/үлкейту («Бетке сәйкестендіру» деп аталатын) функциясы планшетті сканермен жасалған көшірмелерге ғана қолданылады.	Көрме үстелін пайдаланыңыз немесе басқа кішірейту/үлкейту параметрін таңдаңыз.
ДК арқылы сканерлеу үшін сканер сақталған	Сканерлеу үшін компьютер өнімді пайдалануда.	Компьютер сканерлеуін аяқтағанша күтіңіз, немесе компьютерлік бағдарлама арқылы сканерлеуден бас тартыңыз, немесе Cancel (Тоқтату) басыңыз.
Дұрыс басып шығармадыңыз, ОК басыңыз	Құжатты кідіріспен дұрыс басып шығармау.	Қайта қағаз салыңыз.

Кесте 12-1 Сигналдық және ескерту хабарлары (жалғасы)

Басқару панелінің хабары	Сипаттамасы	Ұсынылатын әрекет
Дұрыс емес драйвер ОК басыңыз	Сіз принтердің дұрыс емес драйверін қолданып отырсыз.	Өніміңізге лайықты принтер драйверін таңдаңыз.
Есік ашық	Баспа картриджінің есігі ашық.	Баспа картриджінің есігін жабыңыз.
Ешқандай қағаз алынбады, ОК басыңыз	Өнім баспа құралын ала алмады.	Баспа құралының кіріс науасына алыс салынғанын тексеріңіз. 2-науада қағаз өлшемдерін реттегіштің пайдаланып отырған баспа құралының көлеміне сәйкес тұрғанын тексеріңіз. Баспа құралын кіріс науасына қайта салыңыз, содан кейін тапсырманы орындауды жалғастыру үшін Setup (Орнату) басыңыз. Егер қате жойылмаса, HP орталығына хабарласыңыз. www.hp.com/support/LJM2727 немесе өнімнің қорабында келетін көмекші анықтамалықты қараңыз.
Жад көлемі 1 көшірмеден аз. ОК басыңыз	Өнім бір көшірмені жасауды аяқтады. Жад көлемінің жеткіліксіздігінен қалған көшірмелерден бас тартылды.	Қатені өшіру үшін Cancel (Тоқтату) басыңыз. Тапсырманы беттері аз кішкентай тапсырмаларға бөліңіз.
Жад көлемі жеткіліксіз. ОК басыңыз	Өнімнің жады толып тұр.	Өнімге тапсырманы аяқтауға мүмкіндік беріңіз, немесе тапсырмадан бас тарту үшін Setup (Орнату) басыңыз.
Жад көлемі жеткіліксіз Кейінірек қайта көріңіз	Жаңа тапсырманы бастауға өнімнің жад көлемі жеткіліксіз.	Жаңа тапсырманы бастамастан бұрын ағымдағы жұмыстың аяқталуын күтіңіз.
Жад көлемі жеткіліксіз Тек 1 көшірме жасалды	Жиналған көшірме тапсырмасын орындауға өнімнің жад көлемі жеткіліксіз.	Тапсырманы беттері аз кішкентай тапсырмаларға бөліңіз.
Жіберуден бас тартылған. Құжатты алыңыз	ADF құрылғысынан беттер беріліп жатқанда, ағымдағы тапсырмадан бас тарту үшін Cancel (Тоқтату) батырмасы басылды. Бас тарту процесі ADF құрылғысын автоматты түрде тазаламайды.	Кептелген нәрсені шығарыңыз. ADF құрылғысын кептелуден тазалаңыз. 221-бетте қараңыз. Содан кейін ADF құрылғысың науасындағы қағаздарды тазалаңыз да қайта қосыңыз.
Көшірмеден бас тартылған. Құжатты өшіріңіз	ADF құрылғысынан беттер беріліп жатқанда, ағымдағы тапсырмадан бас тарту үшін Cancel (Тоқтату) батырмасы басылды. Бас тарту процесі ADF құрылғысын автоматты түрде тазаламайды.	Кептелген нәрсені шығарыңыз. ADF құрылғысын кептелуден тазалаңыз. 221-бетте қараңыз. Содан кейін ADF құрылғысың науасындағы қағаздарды тазалаңыз да қайта қосыңыз.
Қағаздың жолда кептелуі. Есікті ашыңыз/2-науаны шығарыңыз, жасыл тұтқаны басыңыз	Қағаздың дуплексерде кептелуі	Аймақтан кептелуді тазалаңыз, содан кейін басқару панеліндегі нұсқауларды орындаңыз.
Қағаз салу	Барлық рұқсат науаларда қағаз таусылған.	Науаларға қағаз салыңыз.
Қара сиялы картриджге тапсырыс беру	Баспа картриджінің сиясы аз.	Жаңа баспа картриджіне тапсырыс беріңіз.
Қара сиялы картриджді орнатыңыз	Есік жабық болғанымен картридж орнатылмаған.	Баспа картриджін салыңыз.
Қате мәлімет енгізу	Жарамсыз мәліметтер немесе жауап.	Енгізілгенді түзетіңіз.

Кесте 12-1 Сигналдық және ескерту хабарлары (жалғасы)

Басқару панелінің хабары	Сипаттамасы	Ұсынылатын әрекет
Қолмен беру <ӨЛШЕМ> <ТҮР>, рұқсат баспа құралын пайдалану үшін ОК басыңыз	Баспаны Қолмен Беру режимі.	Қағазды 1-науаға салыңыз.
Құжат беру құрылғысында қағаздың кептелуі, КҮНІ/УАҚЫТЫ	ADF құрылғысы кептелуден тазаланған жоқ.	Кептелуден тазалаңыз.
Құжат беру құрылғысын кептелуден Тазалау, Қайта салу	Баспа құралы ADF науасында кептеліп қалған.	<p>Құжатты босататын есікті ашыңыз, кептелгенді шығарыңыз, құжатты босататын есікті жабыңыз да қағазды ADF науасына қайта салыңыз.</p> <p>Егер қате жойылмаса, HP орталығына хабарласыңыз. www.hp.com/support/LJM2727 немесе өнімнің қорабында келетін көмекші анықтамалықты қараңыз.</p>
Құжат беру құрылғысының тұтылуы. Қайта салу	ADF науасындағы баспа құралы алынған жоқ.	<p>ADF науасындағы баспа құралын алыңыз, содан кейін оны қайта салыңыз.</p> <p>ADF құрылғысының желімді білігін тазалаңыз. Құжатты автоматты беру құрылғысының (ADF) желімді білік жинағын тазалаңыз 205-бетте қараңыз.</p> <p>Егер қате жойылмаса, HP орталығына хабарласыңыз. www.hp.com/support/LJM2727 немесе өнімнің қорабында келетін көмекші анықтамалыққа қараңыз.</p>
Механизмдік байланыс қатесі	Өнімде басып шығару механизмдік байланыс қатесі орын алды.	Бұл ескерту хабары ғана. Тапсырманы шығаруға әсер беруі мүмкін.
Механизмдік қате, ОК басыңыз	Өнімде басып шығару механизмдік байланыс қатесі орын алды.	Бұл ескерту хабары ғана. Тапсырманы шығаруға әсер беруі мүмкін.
Өнім бос емес. Кейінірек қайталап көріңіз	Өнім қазір пайдаланылуда.	Өнімнің ағымдағы тапсырманы аяқтауын күтіңіз.
Өнім қатесі, ОК басыңыз	Жалпы механизм қатесі.	Бұл ескерту хабары ғана. Тапсырманы шығаруға әсер беруі мүмкін.
Пайдаланылып қойған қара сиялы картридж пайдаланылуда	Қолданылып қойған принтердің картриджі орнатылған немесе қозғалған.	Дайын күйіне оралу үшін ОК басыңыз.
ауыстыру		
қабылдау үшін, басыңыз ОК		
Параметрлер өшірілді, КҮНІ/УАҚЫТЫ	Өнім тапсырма параметрлерін өшірді.	Кез келген лайықты тапсырма параметрлерін қайта енгізіңіз.
Сканерлеуден бас тартылған. Құжатты өшіріңіз	ADF құрылғысынан беттер беріліп жатқанда, ағымдағы тапсырмадан бас тарту үшін Cancel (Тоқтату) батырмасы басылды. Бас тарту процесі ADF құрылғысын автоматты түрде тазаламайды.	Кептелген нәрсені шығарыңыз. ADF құрылғысын кептелуден тазалаңыз. 221-бетте қараңыз. Содан кейін ADF құрылғысың науасындағы қағаздарды тазалаңыз да қайта қосыңыз.
Сканерлеу қатесі Жалғанбайды	Өнім сканерленген ақпаратты компьютерге бере алмайды.	Жалғау кабелінің тартылып тұрмағанын немесе бүлінбегенін тексеріңіз. Қажет болса, кабельді ауыстырыңыз да қайта сканерлеп көріңіз.

Кесте 12-1 Сигналдық және ескерту хабарлары (жалғасы)

Басқару панелінің хабары	Сипаттамасы	Ұсынылатын әрекет
№ науадағы кептелу, Кептелуден тазалаңыз, содан кейін ОК басыңыз	Өнім мына аймақтардың біреуінен қағаздың кептелуін анықтады: 1-науа, 2-науа, немесе 3-науа.	Өнімнің басқару панелінде көрсетілген аймақты кептелуден тазалаңыз, содан кейін басқару панеліндегі нұсқауларды орындаңыз. Кептелулерден тазалаңыз 221-бетте қараңыз.
№ науасына қағаз салыңыз, ОК басыңыз	Қолмен дуплекстеу режимі. «#» тапсырмалардың бірінші жартысы басып шығарылған науа нөмірі.	Қағазды дұрыс науаға салыңыз.
№ науасына қағаз салыңыз <ТҮР> <ӨЛШЕМ>, рұқсат баспа құралдарын пайдалану үшін ОК басыңыз	Өнім тапсырманы өңдеуде, бірақ лайықты науа бос.	Бар рұқсат етілген баспа құралын пайдалану үшін ОК басыңыз.
№ науасына қағаз салыңыз <ТҮР> <ӨЛШЕМ>, рұқсат баспа құралдарын пайдалану үшін ОК басыңыз	Өнім тапсырманы өңдеуде, бірақ ешқандай науа сәйкес келмейді.	Бар науа параметрлерін пайдалану үшін ОК басыңыз.

Төтенше қателер туралы хабарлар

Төтенше қателер туралы хабарлар ақаудың кейбір түрін көрсете алады. Қуат көзінен өшіру және қосу мәселені анықтауы мүмкін. Егер төтенше қателер жойылмаса, өнімге жөндеу қажет етілуі мүмкін.

Төтенше қателер туралы хабарлар кестелері

Кесте 12-2 Төтенше қателер туралы хабарлар

Басқару панелінің хабары	Сипаттамасы	Ұсынылатын әрекет
49 Қате, Өшіріп қосыңыз	Өнімде ішкі енгізілген бағдарламалық құралға қатысты қате пайда болды.	<p>Егер мәселе шешілмесе, қоректік қосқыш арқылы қуат көзінен өшіріңіз, 30 секунд күтіңіз, содан кейін қуат көзіне қосып, өнімнің іске қосылуын күтіңіз.</p> <p>Егер қате жойылмаса, HP орталығына хабарласыңыз. www.hp.com/support/LJM2727 немесе өнімнің қорабында келетін көмекші анықтамалыққа қараңыз.</p>
50.x Термофиксатор қатесі	Өнімде ішкі енгізілген бағдарламалық құралға қатысты қате пайда болды.	<ol style="list-style-type: none">1. Қоректік қосқыш арқылы қуат көзінен өшіріңіз, содан кейін кем дегенде 30 секунд күтіңіз.2. Егер ток ауытқуларынан қорғағыш пайдаланылса, оны алып тастаңыз. Өнімді қабырғадағы розеткаға тікелей қосыңыз.3. Қуат көзіне қосыңыз да өнімнің іске қосылуын күтіңіз. <p>Егер қате жойылмаса, HP орталығына хабарласыңыз. www.hp.com/support/LJM2727 немесе өнімнің қорабында келетін көмекші анықтамалыққа қараңыз.</p>
52 Сканер қатесі	Өнімде ішкі енгізілген бағдарламалық құралға қатысты қате пайда болды.	Егер мәселе шешілмесе, қоректік қосқыш арқылы қуат көзінен өшіріңіз, 30 секунд күтіңіз, содан кейін қуат көзіне қосып, өнімнің іске қосылуын күтіңіз.

Кесте 12-2 Төтенше қателер туралы хабарлар (жалғасы)

Басқару панелінің хабары	Сипаттамасы	Ұсынылатын әрекет
		<p>Егер ток ауытқуларынан қорғағыш пайдаланылса, оны алып тастаңыз. Өнімді қабырғадағы розеткаға тікелей қосыңыз. Өнімді қосу үшін қоректік қосқышты пайдаланыңыз.</p> <p>Егер қате жойылмаса, HP орталығына хабарласыңыз. www.hp.com/support/LJM2727 немесе өнімнің қорабында келетін көмекші анықтамалықты қараңыз.</p>
55.4 Қате, Өшіріп қосыңыз	Өнімде механизмдік байланыстағы күту уақытының өту қатесі пайда болды.	<p>Егер мәселе шешілмесе, қоректік қосқыш арқылы қуат көзінен өшіріңіз, 30 секунд күтіңіз, содан кейін қуат көзіне қосып, өнімнің іске қосылуын күтіңіз.</p> <p>Егер ток ауытқуларынан қорғағыш пайдаланылса, оны алып тастаңыз. Өнімді қабырғадағы розеткаға тікелей қосыңыз. Өнімді қосу үшін қоректік қосқышты пайдаланыңыз.</p> <p>Егер қате жойылмаса, HP орталығына хабарласыңыз. www.hp.com/support/LJM2727 немесе өнімнің қорабында келетін көмекші анықтамалықты қараңыз.</p>
57 Желдеткіш қатесі, Өшіріп қосыңыз	Өнімде ішкі желдеткішіне қатысты мәселе пайда болды.	<p>Егер мәселе шешілмесе, қоректік қосқыш арқылы қуат көзінен өшіріңіз, 30 секунд күтіңіз, содан кейін қуат көзіне қосып, өнімнің іске қосылуын күтіңіз.</p> <p>Егер қате жойылмаса, HP орталығына хабарласыңыз. www.hp.com/support/LJM2727 немесе өнімнің қорабында келетін көмекші анықтамалыққа қараңыз.</p>
79 Жөндеу қатесі, Өшіріп қосыңыз	Өнімде DIMM слотына қатысты мәселе пайда болды.	<p>Егер мәселе шешілмесе, қоректік қосқыш арқылы қуат көзінен өшіріңіз, 30 секунд күтіңіз, содан кейін қуат көзіне қосып, өнімнің іске қосылуын күтіңіз.</p> <p>Егер сіз өнімге DIMM жад модулін жақында орнатсаңыз, оның дұрыс тұрғанын тексеру үшін DIMM жад модулін шығарыңыз да DIMM модулін қайта орнатыңыз, содан кейін өнімді қосыңыз.</p> <p>Егер ток ауытқуларынан қорғағыш пайдаланылса, оны алып тастаңыз. Өнімді қабырғадағы розеткаға тікелей қосыңыз. Өнімді қосу үшін қоректік қосқышты пайдаланыңыз.</p> <p>Егер қате жойылмаса, HP орталығына хабарласыңыз. www.hp.com/support/LJM2727 немесе өнімнің қорабында келетін көмекші анықтамалықты қараңыз.</p>
79 Қате, Өшіріп қосыңыз	Өнімде ішкі енгізілген бағдарламалық құралға қатысты қате пайда болды.	<p>Егер мәселе шешілмесе, қоректік қосқыш арқылы қуат көзінен өшіріңіз, 30 секунд күтіңіз, содан кейін қуат көзіне қосып, өнімнің іске қосылуын күтіңіз.</p>

Кесте 12-2 Төтенше қателер туралы хабарлар (жалғасы)

Басқару панелінің хабары	Сипаттамасы	Ұсынылатын әрекет
№ Сканер қатесі, Өшіріп қосыңыз	Өнімде сканердің қосымша жинақ аймағындағы қате пайда болды.	<p>Егер сіз өнімге DIMM жад модулін жақында орнатсаңыз, оның дұрыс тұрғанын тексеру үшін DIMM жад модулін шығарыңыз да DIMM модулін қайта орнатыңыз, содан кейін өнімді қосыңыз.</p> <p>Егер ток ауытқуларынан қорғағыш пайдаланылса, оны алып тастаңыз. Өнімді қабырғадағы розеткаға тікелей қосыңыз. Өнімді қосу үшін қоректік қосқышты пайдаланыңыз.</p> <p>Егер қате жойылмаса, HP орталығына хабарласыңыз. www.hp.com/support/LJM2727 немесе өнімнің қорабында келетін көмекші анықтамалықты қараңыз.</p>
		<p>Егер мәселе шешілмесе, қоректік қосқыш арқылы қуат көзінен өшіріңіз, 30 секунд күтіңіз, содан кейін қуат көзіне қосып, өнімнің іске қосылуын күтіңіз.</p> <p>Егер ток ауытқуларынан қорғағыш пайдаланылса, оны алып тастаңыз. Өнімді қабырғадағы розеткаға тікелей қосыңыз. Өнімді қосу үшін қоректік қосқышты пайдаланыңыз.</p> <p>Егер қате жойылмаса, HP орталығына хабарласыңыз. www.hp.com/support/LJM2727 немесе өнімнің қорабында келетін көмекші анықтамалықты қараңыз.</p>

Басқару панелінің дисплейіндегі мәселелер

△ **ЕСКЕРТУ:** Өнімнің басқару панелінің дисплейіне шығару үшін статикалық электр қуаты күтпеген қара сызықтардың немесе нүктелердің пайда болуына себепші болуы мүмкін. Егер сіздің статикалық электр зарядын (мысалы, ылғалдылығы төмен ортада кілемде жүру арқылы) жинап алуыңызға мүмкіндік болса, өнімнің басқару панелінің дисплейіне тиіспеңіз.

Күтпеген сызықтар немесе нүктелер өнімнің басқару панелінің дисплейіне шығуы мүмкін, немесе өнім электр немесе магнит өрісінде болса, дисплейдің бос болуы мүмкін. Бұл мәселені шешу үшін мына процедураларды орындаңыз:

1. Өнімді өшіріңіз.
2. Өнімді электр немесе магнит өрісінен алыңыз.
3. Өнімді қайтадан қосыңыз.

Кептелулерден тазалаңыз

Кептелу себептері

Байқаусызда, басып шығару тапсырмасы кезінде қағаздың немесе басқа баспа құралының кептеліп қалуы мүмкін. Кейбір себептер мына жағдайларды қамтиды:

- Кіріс науаларына дұрыс салынбаған немесе толып кеткен, немесе баспа құралын реттегіштер дұрыс қойылмаған.
- Баспа тапсырмасы кезінде кіріс науасына баспа құралы қосылды немесе одан алынды немесе баспа тапсырмасы кезінде өнімнен кіріс науасы шешілді.
- Баспа тапсырмасы кезінде картридждің есігі ашылды.
- Шығатын жерде қағаз тым көп жиналған, немесе шығатын жерде қағаздар кедергі жасап тұр.
- Пайдалынылып отырған баспа құралы HP техникалық сипаттамасына сай келмейді. [Қағаз және баспа құралдары 59-бетте](#) қараңыз.
- Баспа құралы бүлінген немесе оған қапсырмалар немесе қысқыштар секілді бөтен заттар қыстырылған.
- Баспа құралы сақталған орта тым ылғалды немесе тым құрғақ. [Қағаз және баспа құралдары 59-бетте](#) қараңыз.

Кептелуді қайдан іздеу керек

Қағаз мына орындарда кептелуі мүмкін:

- Құжатты автоматты беру құрылғысында (ADF)
- Кіріс аймақтарында
- Автоматты дуплексерде
- Шығыс аймақтарында
- Өнімнің ішінде

Мына беттердегі нұсқауларды қолдана отырып кептелуді тауып шығарыңыз. Егер кептелу орны анықталмаса, алдымен өнімнің ішін қараңыз.


Кептелуден кейін тонердің босап қалуы мүмкін. Біраз қағаз басылып шыққаннан кейін бұл мәселе өздігінен шешіледі.


ADF құрылғысын кептелуден тазалаңыз.

Байқаусызда тапсырманы факспен жіберу, көшіру немесе сканерлеу кезінде баспа құралының кептеліп қалуы мүмкін.


Өнімнің басқару панелінің дисплейіне шығатын **Doc feeder jam Clear, Reload** (Құжат беру құрылғысындағы кептелуді Тазалау, Қайта салу) хабары сізге баспа құралының кептелгені жайлы хабарлайды.

- ADF құрылғысының кіріс науасына қағаз дұрыс салынбаған немесе тым толып кеткен. Толық ақпарат алу үшін [Қағаз және баспа құралдарын салыңыз 65-бетте](#) қараңыз.
 - Баспа құралы көлемі немесе түрі бойынша HP техникалық сипаттамасына сай келмейді. Толық ақпарат алу үшін [Қағаз және баспа құралдары 59-бетте](#) қараңыз.
1. ADF құрылғысының қақпағын ашыңыз.




 **ЕСКЕРІМ:** ADF құрылғысының ішіндегі тасымал таспасының алынып тасталғанын тексеріңіз.


2. Тазалайтын бөліктен кептелуді алыңыз. Бөлік қысқыштардан босағанша, екі қолыңызбен екі тұтқадан көтеріңіз. Тазалайтын бөлікті бұрап, көтеріп алыңыз да бір шетке қойыңыз.




3. Жасыл тұтқаны көтеру арқылы ашық қалғанша, көтергіш механизмді бұраңыз.




4. Бетті жыртпай, ақырын шығарып көріңіз. Егер сізге қарсылық көрсетсе, келесі қадамға өтіңіз.




5. ADF құрылғысының қақпағын ашып, екі қолыңызбен баспа құралын ақырын босатыңыз.




6. Баспа құралы босағанда, көрсетілген бағытпен оны ақырын тартыңыз.




7. Қақпақты планшетті сканерге жабыңыз.




8. Жасыл тұтқаны төмен басыңыз.



9. Суретте көрсетілген ретпен кигізу арқылы тазалайтын бөлікті орнына салыңыз. Бөлік орнына кигізілгенше, екі құлақшадан басыңыз. Тазалайтын бөлікті дұрыстап кигізіңіз, себебі тазалайтын бөлік дұрыс салынбаса, алдағы уақытта қағаздың тағы кептелуі мүмкін.




10. ADF құрылғысының қақпағын жабыңыз.




Кіріс науасының аймақтарын кептелуден тазалаңыз.

- △ **ЕСКЕРТУ:** Кептелуді алу үшін пинцет немесе үшкір басты кемпірауыз секілді үшкір заттарды пайдаланбаңыз. Үшкір заттардан пайда болған зақым кепілдікте қамтылмаған.


Кептелген баспа құралын алғанда, кептелген баспа құралын өнімнен тіке тартыңыз. Кептелген баспа құралын қандай да бір бұрышпен тартудан өнімге зақым келуі мүмкін.

 **ЕСКЕРІМ:** Қағаздың кептелген орнына байланысты мына қадамдардың кейбірі қажетсіз болуы мүмкін.


1. Артқы шығыс есігін ашыңыз.




2. Қысым босататын жасыл рычагтарды төмен қарай бұраңыз.




3. Баспа картриджінің есігін ашыңыз.




4. Екі қолыңызбен баспа құралының көрініп тұрған жерінен (ортасынан да) ұстап, өнімнен абайлап еркін тартыңыз.




5. Баспа картриджінің есігін жабыңыз.




6. 2-науаны және 3-науаны ашыңыз.



7. Екі қолыңызбен баспа құралының көрініп тұрған жерінен (ортасынан да) ұстап, өнімнен абайлап еркін тартыңыз.



8. Егер баспа құралы көрінбесе, баспа картриджінің есігін ашыңыз, баспа картриджін алыңыз да баспа құралына арналған жоғарғы реттегішті бұраңыз. Баспа құралын өнімнен абайлап жоғары тартыңыз.



9. 2-науаны және and 3-қосымша науаны жабыңыз.

10. Артқы шығыс есігін жабыңыз.


Дуплексерді кептелуден тазалаңыз.

- △ **ЕСКЕРТУ:** Кептелуді алу үшін пинцет немесе үшкір басты кемпірауыз секілді үшкір заттарды пайдаланбаңыз. Үшкір заттардан пайда болған зақым кепілдікте қамтылмаған.


Кептелген баспа құралын алғанда, кептелген баспа құралын өнімнен тіке тартыңыз. Кептелген баспа құралын қандай да бір бұрышпен тартудан өнімге зақым келуі мүмкін.

- 📝 **ЕСКЕРІМ:** Қағаздың кептелген орнына байланысты мына қадамдардың кейбірі қажетсіз болуы мүмкін.


1. Артқы шығыс есігін ашыңыз.




2. Қысым босататын жасыл рычагтарды төмен қарай бұраңыз.




3. 2-науаны шығарыңыз.




4. Өнімнің алдындағы автоматты баспа жолы есігіндегі жасыл рычагты басыңыз.




5. Екі қолыңызбен баспа құралының көрініп тұрған жерінен (ортасынан да) ұстап, өнімнен абайлап еркін тартыңыз.




 **ЕСКЕРІМ:** Егер баспа құралын екі қолыңызбен ұстай алмасаңыз, [Баспа картриджінің аймағын кептелуден тазалаңыз 231-бетте](#) процедураны орындаңыз.


6. Автоматты екі жақты баспа жолының есігін жабыңыз.




7. 2-науаны орнына салыңыз.




8. Артқы шығыс қалтасын жабыңыз, содан кейін өнімнің артындағы автоматты екі жақты баспа жолының есігін ашыңыз.



9. Екі қолыңызбен баспа құралының көрініп тұрған жерінен (ортасынан да) ұстап, өнімнен абайлап еркін тартыңыз.



10. Автоматты екі жақты баспа жолының есігін жабыңыз.




Шығыс қалтасы аймақтарын кептелуден тазалаңыз

Жоғарғы (беті төмен қараған) шығыс қалтасы

- △ **ЕСКЕРТУ:** Кептелуді алу үшін пинцет немесе үшкір басты кемпірауыз секілді үшкір заттарды пайдаланбаңыз. Үшкір заттардан пайда болған зақым кепілдікте қамтылмаған.


Екі қолыңызбен баспа құралының көрініп тұрған жерінен (ортасынан да) ұстап, өнімнен абайлап еркін тартыңыз.




Артқы (беті жоғары қараған) шығыс қалтасы

△ **ЕСКЕРТУ:** Кептелуді алу үшін пинцет немесе үшкір басты кемпірауыз секілді үшкір заттарды пайдаланбаңыз. Үшкір заттардан пайда болған зақым кепілдікте қамтылмаған.


1. Тікелей шығыс есігін ашыңыз



2. Қысым босататын жасыл рычагтарды төмен қарай тартыңыз.




3. Екі қолыңызбен баспа құралының көрініп тұрған жерінен (ортасынан да) ұстап, өнімнен абайлап еркін тартыңыз.



📄 **ЕСКЕРІМ:** Егер баспа құралын екі қолыңызбен ұстай алмасаңыз, [Баспа картриджінің аймағын кептелуден тазалаңыз 231-бетте](#) процедураны орындаңыз.

4. Тікелей шығыс есігін жабыңыз.




Баспа картриджінің аймағын кептелуден тазалаңыз

- △ **ЕСКЕРТУ:** Кептелуді алу үшін пинцет немесе үшкір басты кемпірауыз секілді үшкір заттарды пайдаланбаңыз. Үшкір заттардан пайда болған зақым кепілдікте қамтылмаған.


Кептелген баспа құралын алғанда, кептелген баспа құралын өнімнен тіке тартыңыз. Кептелген баспа құралын қандай да бір бұрышпен тартудан өнімге зақым келуі мүмкін.

1. Баспа картриджінің есігін ашыңыз да баспа картриджді шығарыңыз.




- △ **ЕСКЕРТУ:** Баспа картриджіне зақым келтіріп алмау үшін оны жарық көзіне сирек шығарыңыз.


2. Құрылғыдағы артқы шығыс есігін ашыңыз, содан кейін қысым босататын жасыл рычагтарды төмен қарай бұраңыз.



3. Екі қолыңызбен баспа құралының көрініп тұрған жерінен (ортасынан да) ұстап, өнімнен абайлап еркін тартыңыз.



4. Баспа картриджін орнына салып, картридж есігін жабыңыз.





5. Артқы шығыс есігін жабыңыз.

Электрлі қапсырмалаушты (HP LaserJet M2727nfs көп функциялы принтері ғана) кептелуден тазалаңыз


Қапсырмалы баспа құралдарының кептелу қаупін азайту үшін бір уақытта баспа құралының 20 не одан аз бетін (80 г/м² не 20 фунт) қапсырмалағаныңызға көз жеткізіңіз.

1. HP LaserJet M2727nfs көп функциялы принтерді өшіріңіз, содан кейін степлер есігін ашыңыз.




 **ЕСКЕРІМ:** Степлер есігін ашқаннан степлер істен шығады.


2. Құрылғыдан қапсырмалар кассетасын шешіңіз.




3. Степлер мен қапсырмалар кассетасындағы бос қапсырмаларды алып тастаңыз.



4. Қапсырмалар кассетасын ауыстырыңыз.



5. Степлер есігін жабыңыз, содан кейін өнімді қосыңыз.



6. Электрлі степлер тексеру үшін баспа құралын салыңыз. Қажет болса, 1-ден 6-ға дейінгі қадамдарды қайталаңыз.

Қағаздардың қайталап кептелуіне жол бермеңіз


- Кіріс науасының толмағанын тексеріңіз. Кіріс науасының сыйымдылығы қолданып отырған баспа құралының түріне қарай өзгереді.
- Баспа құралын реттегіштердің дұрыс қойылғанын тексеріңіз.
- Кіріс науасының орнында нық тұрғанын тексеріңіз.
- Өнім басып шығарып жатқанда кіріс науасына баспа құралын қоспаңыз.
- Тек HP компаниясы ұсынған баспа құралдарының түрлері мен өлшемдерін пайдаланыңыз. Баспа құралдарының түрлері туралы толық ақпарат алу үшін [Қағаз және баспа құралдары 59-бетте](#) қараңыз.
- Науаға салғанша баспа құралдарын парақтамаңыз. Бума қағаздың арасын ашу үшін екі қолыңызбен мықтап ұстаңыз да қолдарыңызбен кері бағытқа қарай бұрау арқылы қайырыңыз.
- Баспа құралдарының шығыс қалтасында бірінен кейін бірі орналасуына мүмкіндік бермеңіз. Қолданылатын баспа құралының түрі және тонердің мөлшері шығыс қалтасының сыйымдылығына әсер етеді.
- Қуат көзіне жалғанғанын тексеріңіз. Электр сымның өнім мен қуат көзіне берік жалғанғанына көз жеткізіңіз. Электр сымын жерге қосылған электр розеткасына жалғаңыз.

Бейне сапасына қатысты мәселелерді шешу

Баспаға қатысты мәселелер



Баспа сапасына қатысты мәселелер




Кей жағдайларда сіз баспа сапасына қатысты мәселелерге тап болуыңыз мүмкін. Келесі бөлімдердегі ақпарат бұл мәселелерді анықтап, шешімін табуға көмектеседі.

 **ЕСКЕРІМ:** Егер сізде көшірмеге қатысты мәселелер туындаса, [Көшірмеге қатысты мәселелер 243-бетте](#) қараңыз.




Баспа сапасына қатысты негізгі мәселелер




Төмендегі үлгілерде өнімнің қысқа жиегімен бірінші өтетін хат қағаз бейнеленеді. Мына үлгілер басып шығаратын барлық беттерге әсер ететін мәселелерді бейнелейді. Артынан келетін тақырыптардың тізіміне осы мәселелердің әрқайсысының әдеттегі себебі мен шешімі кіреді.


Мәселе	Себебі	Шешу
Баспа ақшыл немесе түсі әлсіреген.	Баспа құралы HP техникалық сипаттамасына сай келмейді.	HP техникалық сипаттамасына сай келетін баспа құралын пайдаланыңыз. Қағаз және баспа құралдары 59-бетте қараңыз.
	Баспа картриджі ақаулы болуы мүмкін. Егер сіз HP емес баспа картриджін пайдалансаңыз, өнімнің басқару панеліне немесе HP ToolboxFX ешқандай хабар шықпайды.	Баспа картриджін ауыстырыңыз. Баспа картридждері 201-бетте қараңыз. Егер баспа картриджінің сиясы аз немесе бос болса, біліктің бүлінген-бүлінбегенін көру үшін тонердің білігін тексеріңіз. Егер солай болса, баспа картриджін ауыстырыңыз.
	Егер бүкіл бет ақшыл түсті болып шықса, баспа тығыздығы тым ақшыл болып белгіленген немесе EcoMode (Үнемдеу режимі) қосылып қалған болуы мүмкін.	Баспа тығыздығын реттеңіз де өнімнің Қасиеттеріндегі EcoMode (Үнемдеу режимін) өшіріңіз.
Тонер дақтары пайда болуда.	Баспа құралы HP техникалық сипаттамасына сай келмейді.	HP техникалық сипаттамасына сай келетін баспа құралын пайдаланыңыз. Қағаз және баспа құралдары 59-бетте қараңыз.
	Қағаз жолы тазалауды қажет етуі мүмкін.	Қағаз жолын тазалаңыз. Қағаз жолын тазалаңыз. 204-бетте қараңыз, немесе онлайн анықтамасына HP ToolboxFX қараңыз.

Мәселе	Себебі	Шешу
<p>Қалып қойған жерлер пайда болуда.</p> 	<p>Баспа құралының бір парағы ақаулы болуы мүмкін.</p> <p>Қағаздың ылғалдылығы біркелкі емес немесе қағаздың бетінде ылғал дақтар бар.</p> <p>Қағаздың беті бүлінген. Технологиялық үрдістердің салдарынан кейбір аймақтар тонерді қабылдамауы мүмкін.</p> <p>Баспа картриджі ақаулы болуы мүмкін.</p>	<p>Тапсырманы қайта басып көріңіз.</p> <p>Лазер принтерлеріне арналған жоғары сапалы қағаз сияқты басқа қағазды көріңіз. Қағаз және баспа құралдары 59-бетте қараңыз.</p> <p>Баспа картридждің ауыстырыңыз. Баспа картридждері 201-бетте қараңыз.</p> <p>Егер қате жойылмаса, HP орталығына хабарласыңыз. www.hp.com/support/LJM2727 немесе өнімнің қорабында келетін көмекші анықтамалыққа қараңыз.</p>
<p>Бетте тік сызықтар немесе жолақтар пайда болады.</p> 	<p>Баспа картриджі ақаулы болуы мүмкін. Егер сіз HP емес баспа картриджді пайдалансаңыз, өнімнің басқару панеліне немесе HP ToolboxFX ешқандай хабар шықпайды.</p>	<p>Баспа картридждің ауыстырыңыз. Баспа картридждері 201-бетте қараңыз.</p>
<p>Фондағы тонер көлеңкелеуінің мөлшері жарамсыз болып келеді.</p> 	<p>Баспа құралы HP техникалық сипаттамасына сай келмейді.</p> <p>Бір парақтан беруге арналған негізгі кіріс науасы дұрыс орнатылмаған болар.</p> <p>Баспа тығыздығы өте жоғары мәнге қойылған.</p> <p>Тым құрғақ (ылғалдылығы төмен) жағдайлар фондағы көлеңкелеу мөлшерін арттыруы мүмкін.</p> <p>Баспа картриджі ақаулы болуы мүмкін. Егер сіз HP емес баспа картриджді пайдалансаңыз, өнімнің басқару панеліне немесе HP ToolboxFX ешқандай хабар шықпайды.</p>	<p>Салмағы жеңілрек басқа қағазды пайдаланыңыз. Қағаз және баспа құралдары 59-бетте қараңыз.</p> <p>Бір парақтан беруге арналған негізгі кіріс науасының орнында екеніне көз жеткізіңіз.</p> <p>Баспа тығыздығының параметрін HP ToolboxFX немесе енгізілген веб-сервер арқылы төмендетіңіз. Бұл фондағы көлеңкелеудің мөлшерін төмендетеді.</p> <p>Өнім қоршаған ортасын тексеріңіз.</p> <p>Баспа картридждің ауыстырыңыз. Баспа картридждері 201-бетте қараңыз.</p>

Мәселе	Себебі	Шешу
<p>Баспа құралында тонердің жұғындылары пайда болуда.</p> 	<p>Баспа құралы HP техникалық сипаттамасына сай келмейді.</p> <p>Егер тонер жұғындылары қағаздың жоғарғы жиегінде пайда болса, баспа құралын реттегіштер кірлеген, немесе баспа жолына сынықтар жиналған.</p> <p>Баспа картриджі ақаулы болуы мүмкін. Егер сіз HP емес баспа картриджін пайдалансаңыз, өнімнің басқару панеліне немесе HP ToolboxFX ешқандай хабар шықпайды.</p> <p>Термофиксатордың температурасы тым төмендеп кетуі мүмкін.</p>	<p>HP техникалық сипаттамасына сай келетін баспа құралын пайдаланыңыз. Қағаз және баспа құралдары 59-бетте қараңыз.</p> <p>Баспа құралын реттегіштер мен қағаз жолын тазалаңыз. Қағаз жолын тазалаңыз. 204-бетте қараңыз.</p> <p>Баспа картриджін ауыстырыңыз. Баспа картридждері 201-бетте қараңыз.</p> <p>Принтер драйверінде лайықты баспа құралының түрі таңдалғанына көз жеткізіңіз.</p> <p>Тонердің бекітпесін жақсарту үшін мұрағатталған баспа функциясын пайдаланыңыз. Архивтік баспа 91-бетте қараңыз.</p>
<p>Тонер қол тигізгенде аздап жағылады.</p> 	<p>Өнім басып шығарғыңыз келетін баспа құралы түріне басып шығаруға бапталмаған.</p> <p>Баспа құралы HP техникалық сипаттамасына сай келмейді.</p> <p>Қағаз жолы тазалауды қажет етуі мүмкін.</p> <p>Қуат көзі ақаулы болуы мүмкін.</p> <p>Термофиксатордың температурасы тым төмендеп кетуі мүмкін.</p>	<p>Принтер драйверінде Paper/Quality (Қағаз/Сапа) жиекбелгісін таңдаңыз және Paper Type (Қағаз Түрі) басып шығарып отырған баспа құралыңыздың түріне сәйкестендіріңіз. Сіз ауыр қағазды пайдаланатын болсаңыз, баспа жылдамдығының төмендеуі мүмкін.</p> <p>HP техникалық сипаттамасына сай келетін баспа құралын пайдаланыңыз. Қағаз және баспа құралдары 59-бетте қараңыз.</p> <p>Өнімді тазалаңыз. Қағаз жолын тазалаңыз. 204-бетте қараңыз.</p> <p>Өнімді ұзартқышсыз айнаымалы ток көзіне тіке жалғаңыз.</p> <p>Тонердің бекітпесін жақсарту үшін мұрағатталған баспа функциясын пайдаланыңыз. Архивтік баспа 91-бетте қараңыз.</p>

Мәселе	Сөбебі	Шешу
<p>Таңбалар бетте тең аралықтармен қайталап пайда бола береді.</p>	<p>Өнім басып шығарғыңыз келетін баспа құралы түріне басып шығаруға бапталмаған.</p>	<p>Принтер драйверінде лайықты баспа құралының түрі таңдалғанына көз жеткізіңіз. Сіз ауыр қағазды пайдаланатын болсаңыз, баспа жылдамдығының төмендеуі мүмкін.</p>
	<p>Олардың ішкі бөлшектерінде тонер болуы мүмкін.</p>	<p>Мәселе әдетте бірнеше бет шығарылғаннан кейін өздігінен жоғалады.</p>
	<p>Қағаз жолы тазалауды қажет етуі мүмкін.</p>	<p>Өнімді тазалаңыз. Қағаз жолын тазалаңыз. 204-бетте қараңыз.</p>
<p>Басып шығарылған бетте дұрыс қалыптаспаған таңбалар болуы мүмкін.</p>	<p>Баспа құралы HP техникалық сипаттамасына сай келмейді.</p>	<p>Лазер принтерлеріне арналған жоғары сапалы қағаз секілді басқа қағазды көріңіз. Қағаз және баспа құралдары 59-бетте қараңыз.</p>
	<p>Таңбалар толқынды көрініске ие болатындай дұрыс қалыптаспаған болса, лазер сканерін жөндеу қажет болуы мүмкін.</p>	<p>Ақаулық конфигурация бетінде де орын алатындығын тексеріңіз. Солай болса, HP орталығына хабарласыңыз. www.hp.com/support/LJM2727 немесе өнімнің қорабында келетін көмекші анықтамалықты қараңыз.</p>
<p>Басылған бет бұралып қалған немесе толқын іспеттес.</p>	<p>Өнім басып шығарғыңыз келетін баспа құралы түріне басып шығаруға бапталмаған.</p>	<p>Принтер драйверінде лайықты баспа құралының түрі таңдалғанына көз жеткізіңіз.</p>
	<p>Баспа құралдары кіріс науасында тым ұзақ тұрған болуы мүмкін.</p>	<p>Егер мәселе шешілмесе, мөлдір үлдір не жеңіл баспа құралдары сияқты төмендеу термофиксатор температурасын қолданатын баспа құралының түрін таңдаңыз.</p>
<p>Қағаз жолында баспа құралы бұрала береді.</p>	<p>Баспа құралы HP техникалық сипаттамасына сай келмейді.</p>	<p>Науадағы баспа құралдарының жинағын аударып салыңыз. Сондай-ақ, баспа құралдарын 180°-қа айналдырып салып көріңіз.</p>
	<p>Жоғары температура мен ылғалдылық қағаздың бұралып қалуына себепші болуы мүмкін.</p>	<p>Тікелей шығыс жолына басып шығару үшін артқы шығыс есігін ашыңыз.</p> <p>Лазер принтерлеріне арналған жоғары сапалы қағаз сияқты басқа қағазды көріңіз. Қағаз және баспа құралдары 59-бетте қараңыз.</p>
		<p>Өнім қоршаған ортасын тексеріңіз.</p>

Мәселе	Себебі	Шешу
<p>Басылған бетте мәтін немесе графика қисық орналасқан.</p> 	<p>Баспа құралы дұрыс салынбаған болар немесе кіріс науасы толып кеткен болар.</p> <hr/> <p>Баспа құралы HP техникалық сипаттамасына сай келмейді.</p>	<p>Баспа құралының дұрыс салынғанын және баспа құралын реттегіштердің жинақты тым тығыз немесе тым бос ұстап тұрмағандығын тексеріңіз. Қағаз және баспа құралдарын салыңыз 65-бетте қараңыз.</p> <hr/> <p>Лазер принтерлеріне арналған жоғары сапалы қағаз секілді басқа қағазды көріңіз. Қағаз және баспа құралдары 59-бетте қараңыз.</p>
<p>Басылған беттер мыжылған немесе бүктеліп қалған.</p> 	<p>Баспа құралы дұрыс салынбаған болар немесе кіріс науасы толып кеткен болар.</p> <hr/> <p>Баспа құралы HP техникалық сипаттамасына сай келмейді.</p> <hr/> <p>Қағаз жолында баспа құралы бұрала береді.</p> <hr/> <p>Конверттердің ішіндегі ауа қапшығы олардың мыжылуына себепші болуы мүмкін.</p>	<p>Кіріс науасындағы қағаздар жинағын аударып салыңыз, немесе кіріс науасындағы қағазды 180°-қа айналдырып салып көріңіз.</p> <hr/> <p>Баспа құралының дұрыс салынғанын және баспа құралын реттегіштердің жинақты тым тығыз немесе тым бос ұстап тұрмағандығын тексеріңіз. Қағаз және баспа құралдарын салыңыз 65-бетте қараңыз.</p> <hr/> <p>Лазер принтерлеріне арналған жоғары сапалы қағаз секілді басқа қағазды көріңіз. Қағаз және баспа құралдары 59-бетте қараңыз.</p> <hr/> <p>Тікелей шығыс жолына басып шығару үшін артқы шығыс есігін ашыңыз.</p> <hr/> <p>Конвертті шығарып, оны тегістеніз, содан кейін қайтадан басып көріңіз.</p>
<p>Тонер басылған таңбалардың айналасына қонып қала береді.</p> 	<p>Баспа құралы дұрыс салынбаған болар.</p> <hr/> <p>Егер тонердің үлкен мөлшері таңбалардың айналасына шашырап кетсе, қағаздың қаттылана түсуі мүмкін.</p>	<p>Науадағы қағаздар жинағын аударып салыңыз.</p> <hr/> <p>Лазер принтерлеріне арналған жоғары сапалы қағаз сияқты басқа қағазды көріңіз. Қағаз және баспа құралдары 59-бетте қараңыз.</p>

Мәселе	Себебі	Шешу
<p>Беттің жоғарғы жағына шығатын (қою кара) бейне беттің төменгі жағында (сұр фонда) қайталаңады.</p> 	<p>Бағдарламалық құрал параметрлері бейненің басылып шығуына әсер етуі мүмкін.</p>	<p>Бағдарламалық құралыңызда қайталанбалы бейнелер шығатын өрістің түс реңкін (қоюлығын) өзгертіңіз.</p> <p>Бағдарламалық құралыңызда ашықтау бейнені бірінші басып шығару үшін тұтас бетті 180°-қа айналдырыңыз.</p>
	<p>Басылған беттердің реті баспаға әсер етуі мүмкін.</p>	<p>Бейнелер басылып шығатын ретті өзгертіңіз. Мысалы, ашықтау бейнені беттің жоғарғы жағына, ал қоюлау бейнені беттің төменгі жағына орналастырыңыз.</p>
	<p>Электр қуатының ауытқуы өнімге әсер еткен болар.</p>	<p>Егер ақаулық баспа тапсырмасында кейінірек орын алса, өнімді 10 минутқа өшіріңіз, содан кейін баспа тапсырмасын қайта іске қосу үшін өнімді қосыңыз.</p>

Баспа құралын қолдануға қатысты мәселелер

Өнімде баспа құралын қолдануға қатысты мәселелер пайда болғанда, осы бөлімдегі ақпаратты пайдаланыңыз.

Баспа құралына қатысты нұсқаулар

- Жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін қағаз сапасының жақсы екендігіне және кесілмегеніне, керткі салынбағанына, жыртылмағанына, өте жұқа, шаң еместігіне, мыжылмағанына, жарамсыз еместігіне, қапсырмалардың жоқтығына және шеттерінің бұралып немесе бүктеліп қалмағанына көз жеткізіңіз.
- Жақсы сапалы баспа үшін жылтыр бетті қағазды пайдаланыңыз. Негізінен, жылтыр баспа құралдары жақсы нәтиже береді. .
- Егер сіз қағаздың қандай түрін (жоғары сортты немесе екінші сортты) салып жатқаныңызға сенімсіз болсаңыз, қағаз қорабындағы жапсырманы тексеріңіз.
- Сиялы принтерлерге ғана арналған баспа құралдарын пайдаланыңыз. Лазер принтерлеріне арналған баспа құралдарын пайдаланыңыз.
- Термографияның кейбір түрлеріне қолданылатын қағаздар сияқты төмен температуралы сиямен басылып шығатын бланкты пайдаланбаңыз.
- Бедерлі немесе бұдырлы бланкты пайдаланбаңыз.
- Өнім тонерді қағазға ерітіп жұққызу үшін қызу мен қысым қолданады. Кез келген түрлі түсті қағаздың немесе басылған бланктардың термофиксатордың температурасымен (0,1 секундына 200 °C) үйлесетін сияларды қолданатынына көз жеткізіңіз.

△ **ЕСКЕРТУ:** Бұл нұсқауларды орындамау салдарынан кептелудің орын алуы немесе өнімге зақым келуі мүмкін.

Баспа құралына қатысты мәселелерді шешіңіз.

Баспа құралына қатысты төмендегі мәселелер баспа сапасының ауытқуына, қағаздың кептелуіне немесе өнімнің біртіндеп бұзылуына себепші болады.

Мәселе	Себебі	Шешу
Баспа сапасы немесе тонердің жұғуы нашар	Қағаз тым ылғалды, тегіс емес, тым ауыр немесе тым жылтыр немесе ол бұдырлы не бүлінген қағаздар жинағынан алынған.	100-250 Sheffield аралығындағы, ылғалдылық дәрежесі 4-6% болатын басқа қағаз түрін көріңіз.
Түсіп қалу, кептелу немесе бұралу	Қағаз дұрыс сақталмаған.	Қағазды өзінің ылғалға төзімді қорабында жазық күйде сақтаңыз.
	Қағаздың бір жағы мен екінші жағында айырмашылық бар.	Қағазды аударып салыңыз.
Өте қатты бұралу	Қағаз тым ылғалды, талшықтарының бағыты дұрыс емес немесе құрылымы қысқа талшықтардан жасалған.	Артқы шығыс қалтасын ашыңыз немесе талшықтары ұзын қағазды пайдаланыңыз.
	Қағаздың екі жағы екі түрлі.	Қағазды аударып салыңыз.
	Термофиксатордың жоғары температурасынан қағаз бұралып қалуда.	Less paper curl (Қағаз бұралуын азайту) параметрін қосыңыз. Басқару панелінде Setup (Орнату) басыңыз, Service (Қызмет) таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларды пайдаланыңыз, содан кейін OK басыңыз. Less paper curl (Қағаз бұралуын азайту) таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларды пайдаланыңыз, OK басыңыз, On (Қосы) таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларды пайдаланыңыз, содан кейін OK басыңыз.
Кептелу, өнімді зақымдау	Қағаз кесілген немесе тесілген.	Кесілмеген немесе тесілмеген қағазды пайдаланыңыз.
Беруге қатысты мәселелер	Қағаздың шеттері тегіс емес.	Лазер принтерлері үшін жасалған жоғары сапалы қағазды пайдаланыңыз.
	Қағаздың екі жағы екі түрлі.	Қағазды аударып салыңыз.
	Қағаз тым ылғалды, талшықтарының бағыты дұрыс емес немесе құрылымы қысқа талшықтардан жасалған немесе ол бұдырлы не бүлінген қағаздар жинағынан алынған.	100-250 Sheffield аралығындағы, ылғалдылық дәрежесі 4-6% болатын басқа қағаз түрін көріңіз. Артқы шығыс қалтасын ашыңыз немесе талшықтары ұзын қағазды пайдаланыңыз.
Баспа қисық.	Баспа құралын реттегіштер дұрыс қойылмаған.	Барлық баспа құралын кіріс науасынан шығарып, жинақты түзетіп алыңыз, содан кейін баспа құралдарын кіріс науасына қайтадан салыңыз. Баспа құралын реттегіштерді қолданып отырған баспа құралдарыңыздың ені мен ұзындығына туралаңыз да қайтадан басып шығарып көріңіз.

Мәселе	Себебі	Шешу
Бірден бірнеше бет беріледі.	Баспа құралы салынатын науа толып кеткен болар.	Барлық баспа құралын науадан шығарыңыз, содан кейін баспа құралының біразын науаға қайта салыңыз. Қағаз және баспа құралдарын салыңыз 65-бетте қараңыз.
	Баспа құралы мыжылған, бүктелген немесе бүлінген болар.	Баспа құралының мыжылмағанын, бүктелмегенін немесе бүлінбегенін тексеріңіз. Жаңа немесе басқа қораптағы баспа құралына басып көріңіз.
	Баспа құралы салынбай тұрып, парақталған болар.	Парақталмаған баспа құралын салыңыз. Қағаздар жинағын қайыру арқылы буманы босатыңыз.
	Баспа құралы тым құрғақ болуы мүмкін.	Дұрыс сақталған жаңа қағазды салыңыз.
Өнім баспа құралы салынған кіріс науасынан баспа құралын тартпайды.	Өнім қолмен беру режимінде болуы мүмкін.	<ul style="list-style-type: none"> Егер өнімнің басқару панелінің дисплейінде Manual feed (Қолмен беру) пайда болса, тапсырманы басып шығару үшін OK басыңыз. Принтер қолмен беру режимінде еместігін тексеріп, тапсырманы қайтадан басып шығарыңыз.
	Желімді білік кірлеуі немесе бүлінуі мүмкін.	HP орталығына хабарласыңыз. www.hp.com/support/LJM2727 немесе өнімнің қорабында келетін көмекші анықтамалықты қараңыз.
	2-науадағы немесе 3-қосымша науадағы қағаз ұзындығын реттегіш тұтқа баспа құралының өлшемінен ұзынырақ мәнге қойылған.	Қағаз ұзындығын реттегіш тұтқаны лайықты ұзындыққа қойыңыз.

Тапсырманы орындауға қатысты мәселелер

Егер беттер өнімнен шыққанмен, оларға ештеңе басылмаса немесе өнім ешқандай бетті басып шығармаса, осы бөлімдегі кеңестерді қарап шығыңыз.

Мәселе	Себебі	Шешу
Беттер басылып шығады, бірақ тап-таза.	Орауыш таспа әлі де баспа картридждіңде болуы мүмкін.	Орауыш таспаның баспа картридждіңнен толықтай алынып тасталғандығын тексеріңіз.
	Құжаттың арасында таза беттер болуы мүмкін.	Мазмұнның барлық беттерде шығып жатқанын көру үшін басып отырған құжатыңызды тексеріңіз.
	Өнім ақаулы болуы мүмкін.	Өнімді тексеру үшін конфигурация бетін басып шығарыңыз. Ақпараттық беттер 184-бетте қараңыз.
	Белгілі бір баспа құралдары баспа тапсырмасын баяулатуы мүмкін.	Баспа құралының баспа түріне басып шығарыңыз.


Мәселе	Себебі	Шешу
Беттер басылып шықпады.	Өнім баспа құралын дұрыс тартпай жатуы мүмкін.	Баспа құралын қолдануға қатысты мәселелер 239-бетте қараңыз.
	Баспа құралы өнімде кептеліп қалуы мүмкін.	Кептелуді алып тастаңыз. Кептелулерден тазалаңыз 221-бетте қараңыз.
	USB кабелі немесе желілік кабель ақаулы болуы немесе дұрыс жалғанбауы мүмкін.	<ul style="list-style-type: none"> Кабельді екі жағынан да ажыратып, қайта жалғаңыз. Басылып қойған тапсырманы басып шығарып көріңіз. Басқа USB кабелін немесе желілік кабельді қолданып көріңіз.
	Өнімнің IP адресі өзгерген болар.	Басқару панелінен конфигурация бетін басып шығарыңыз. IP адресін Properties (Қасиеттер) диалог терезесінде берілгендер арқылы растаңыз.
	Өнім стандартты принтер етіп орнатылмаған болар.	Printers (Принтерлер) немесе Printers and Faxes (Принтерлер және Факстар) диалог терезесін ашыңыз, оң жақ батырмамен өнімді таңдаңыз, содан кейін Set as Default Printer (Стандартты Принтер етіп Орнату) таңдаңыз.
	Өнімде қате пайда болуы мүмкін.	Қате туралы хабарды анықтауға басқару панелін тексеріңіз. Басқару панелінің хабарлары 213-бетте қараңыз.
	Өнім паузада немесе өшірулі болуы мүмкін.	Printers (Принтерлер) немесе Printers and Faxes (Принтерлер және Факстар) диалог терезесін ашып, өнім мәртебесінің Дайын екенін тексеріңіз. Егер Паузада болса, оң жақ батырмамен өнімді таңдаңыз және Resume Printing (Баспаны Қалпына Келтіру) таңдаңыз.
	Өнім электр қуатын қабылдамай тұруы мүмкін.	Қорек сымын тексеріңіз және өнімнің қосулы екенін тексеріңіз.
	Компьютеріңізде басқа құрылғылар қосылған.	Өнім USB портын ортақ пайдаланбауы мүмкін. Егер сіздің сыртқы қатты дискіңіз немесе құрылғымен бір портқа жалғанған желілік меңзерлі бақылағышыңыз болса, басқа құрылғы кедергі жасап тұруы мүмкін. Өнімді жалғау және пайдалану үшін басқа өнімді ажыратыңыз немесе компьютердегі екі USB портын пайдаланыңыз.

Көшірмеге қатысты мәселелер

Көшірмеге қатысты мәселелерге жол бермеңіз.



Төмендегілер көшірме сапасын жақсартуға қолданылатын біраз қарапайым қадамдарыңыз болып табылады:

- Планшетті сканерден көшіріңіз. Бұл құжатты автоматты беру құрылғысынан (ADF) көшіруге қарағанда көшірме сапасын жоғарылатады.
- Сапалы түпнұсқаларды пайдаланыңыз.
- Баспа құралын дұрыс салыңыз. Егер баспа құралы дұрыс салынбаса, ол қисайып, түсініксіз бейнелердің және OCR бағдарламасына қатысты мәселелердің пайда болуына себепші болуы мүмкін. Нұсқауларды [Қағаз және баспа құралдарын салыңыз 65-бетте](#) ішінен қараңыз.
- Түпнұсқаларыңызды қорғау үшін тасымал парағын пайдаланыңыз немесе жасап алыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Баспа құралының HP техникалық сипаттамасына сай келетінін тексеріңіз. Егер баспа құралы HP техникалық сипаттамасына сай келсе, беруге қатысты қайталана беретін мәселелер желімді біліктің немесе ажыратқыш қабаттың жыртылғанын көрсетеді. HP орталығына хабарласыңыз. www.hp.com/support/LJM2727 немесе өнімнің қорабында келетін көмекші анықтамалықты қараңыз.

Бейнеге қатысты мәселелер

Мәселе	Себебі	Шешу
Бейнелер жоқ немесе түсі әлсіреген.	Баспа картриджі ақаулы болуы мүмкін.	Баспа картриджін ауыстырыңыз. Баспа картридждері 201-бетте қараңыз.
	Түпнұсқаның сапасы нашар болуы мүмкін.	Егер түпнұсқаңыз тым ашық немесе бүлінген болса, қарама-қарсылығын реттегеніңіздің өзінде көшірме орнын толтыра алмайды. Мүмкін болса, күйі жақсылау түпнұсқа құжатты табыңыз.
	Қарама-қарсылық параметрлері дұрыс қойылмауы мүмкін.	Қарама-қарсылық параметрлерін өзгерту үшін басқару панеліндегі Lighter/Darker (Ашықтау/Қоюлау) батырмасын пайдаланыңыз.
	Түпнұсқаның фоны түрлі түсті болуы мүмкін.	Түрлі түсті фондар алдыңғы қатардағы бейнелердің фонмен бірігіп кетуіне себепші болуы мүмкін немесе фонның әр түрлі көлеңкемен берілуі мүмкін. Мүмкін болса, түрлі түсті фонсыз түпнұсқа құжатты пайдаланыңыз.

Мәселе	Себебі	Шешу
<p>Ақ тік немесе түсі әлсіз жолақтар көшірмеде пайда болуда.</p> 	<p>Баспа құралы HP техникалық сипаттамасына сай келмеуі мүмкін.</p> <p>Баспа картриджі ақаулы болуы мүмкін.</p>	<p>HP техникалық сипаттамасына сай келетін баспа құралын пайдаланыңыз. Қағаз және баспа құралдары 59-бетте қараңыз.</p> <p>Баспа картриджін ауыстырыңыз. Баспа картридждері 201-бетте қараңыз.</p>
<p>Көшірмеде керексіз сызықтар пайда болуда.</p> 	<p>Планшетті сканер немесе ADF құрылғысының шынысы лас болуы мүмкін.</p> <p>Баспа картриджінің ішіндегі фотосезгіш барабан сызылып кеткен болар.</p>	<p>Планшетті сканерді немесе ADF құрылғысының шынысын тазалаңыз. Өнімді тазалаңыз 204-бетте қараңыз.</p> <p>Жаңа HP баспа картриджін орнатыңыз. Баспа картридждері 201-бетте қараңыз.</p>
<p>Көшірмеде қара нүктелер немесе сызықтар пайда болуда.</p>	<p>Құжатты автоматты беру (ADF) құрылғысында немесе планшетті сканерде сия, желім, түзеткіш сұйықтық немесе керексіз зат болуы мүмкін.</p> <p>Электр қуаты құрылғыға тұрақсыз берілген болар.</p>	<p>Өнімді тазалаңыз. Өнімді тазалаңыз 204-бетте қараңыз.</p> <p>Тапсырманы қайта басып шығарыңыз.</p>
<p>Көшірмелер тым ашық немесе қою.</p>	<p>Принтер драйвері немесе өнімнің бағдарламалық құралы дұрыс қойылмауы мүмкін.</p>	<p>Сапа параметрлерінің дұрыс екенін тексеріңіз.</p> <p>Параметрлерді өзгерту туралы толық ақпарат алу үшін өнімнің бағдарламалық құралының Анықтамасына қараңыз.</p>
<p>Мәтін анық емес.</p>	<p>Принтер драйвері немесе өнімнің бағдарламалық құралы дұрыс қойылмауы мүмкін.</p>	<p>Сапа параметрлерінің дұрыс екенін тексеріңіз.</p> <p>EconoMode (Үнемдеу Режимі) параметрі өшірулі екенін тексеріңіз.</p> <p>Параметрлерді өзгерту туралы толық ақпарат алу үшін өнімнің бағдарламалық құралының Анықтамасына қараңыз.</p>

Баспа құралын қолдануға қатысты мәселелер

Мәселе	Себебі	Шешу
<p>Баспа сапасы немесе тонердің жұғуы нашар</p>	<p>Қағаз тым ылғалды, тегіс емес, тым ауыр немесе тым жылтыр немесе ол бұдырлы не бүлінген қағаздар жинағынан алынған.</p>	<p>100-250 Sheffield аралығындағы, ылғалдылық дәрежесі 4-6% болатын басқа қағаз түрін көріңіз.</p>

Мәселе	Себебі	Шешу
Түсіп қалу, кептелу немесе бұралу	Қағаз дұрыс сақталмаған.	Қағазды өзінің ылғалға төзімді қорабында жазық күйде сақтаңыз.
	Қағаздың бір жағы мен екінші жағында айырмашылық бар.	Қағазды аударып салыңыз.
Өте қатты бұралу	Қағаз тым ылғалды, талшықтарының бағыты дұрыс емес немесе құрылымы қысқа талшықтардан жасалған	Артқы шығыс қалтасын ашыңыз немесе талшықтары ұзын қағазды пайдаланыңыз.
	Қағаздың екі жағы екі түрлі.	Қағазды аударып салыңыз.
Кептелу, қағазды бүлдіру	Қағаз кесілген немесе тесілген.	Кесілмеген немесе тесілмеген қағазды пайдаланыңыз.
Беруге қатысты мәселелер	Қағаздың шеттері тегіс емес.	Лазер принтерлеріне арналған жоғары сапалы қағазды пайдаланыңыз.
	Қағаздың екі жағы екі түрлі.	Қағазды аударып салыңыз.
	Қағаз тым ылғалды, талшықтарының бағыты дұрыс емес немесе құрылымы қысқа талшықтардан жасалған немесе ол бұдырлы не бүлінген қағаздар жинағынан алынған.	100-250 Sheffield аралығындағы, ылғалдылық дәрежесі 4-6% болатын басқа қағаз түрін көріңіз. Артқы шығыс қалтасын ашыңыз немесе талшықтары ұзын қағазды пайдаланыңыз.
Баспа қисық.	Баспа құралын реттегіштер дұрыс қойылмаған.	Барлық баспа құралын кіріс науасынан шығарып, жинақты түзетіп алыңыз, содан кейін баспа құралдарын кіріс науасына қайтадан салыңыз. Баспа құралын реттегіштерді қолданып отырған баспа құралдарыңыздың ені мен ұзындығына туралап, қайтадан басып шығарып көріңіз.
Бірден бірнеше бет беріледі.	Баспа құралы салынатын науа толып кеткен болар.	Науадан баспа құралдарының біразын алыңыз. Қағаз және баспа құралдарын салыңыз 65-бетте қараңыз.
	Баспа құралы мыжылған, бүктелген немесе бүлінген болар.	Баспа құралының мыжылмағанын, бүктелмегенін немесе бүлінбегенін тексеріңіз. Жаңа немесе басқа қораптағы баспа құралына басып көріңіз.
Өнім баспа құралы салынған кіріс науасынан баспа құралын тартпайды.	Өнім қолмен беру режимінде болуы мүмкін.	<ul style="list-style-type: none"> Егер өнімнің басқару панелінің дисплейінде Manual (Қолмен орындалатын) пайда болса, тапсырманы басып шығару үшін OK басыңыз. Принтер қолмен беру режимінде еместігін тексеріп, тапсырманы қайтадан басып шығарыңыз.
	Желімді білік кірлеуі немесе бүлінуі мүмкін.	HP орталығына хабарласыңыз. www.hp.com/support/LJM2727 немесе өнімнің қорабында келетін көмекші анықтамалыққа қараңыз.
	2-науадағы немесе 3-қосымша науадағы қағаз ұзындығын реттегіш тұтқа баспа құралының өлшемінен ұзынырақ мәнге қойылған.	Қағаз ұзындығын реттегіш тұтқаны лайықты ұзындыққа қойыңыз.

Тапсырманы орындауға қатысты мәселелер

Мәселе	Себебі	Шешу
Көшірме шықпайды.	Кіріс науасы бос болуы мүмкін.	Құрылғыға баспа құралдарын салыңыз. Толық ақпарат алу үшін Қағаз және баспа құралдарын салыңыз 65-бетте қараңыз.
	Түпнұсқа дұрыс салынбаған болар.	Құжатты автоматты беру (ADF) құрылғысына түпнұсқаның жіңішке жағына алдына және сканерленетін бетті жоғары қаратып салыңыз. Планшетті сканерге түпнұсқа құжаттың бет жағын төмен қаратып салыңыз, құжаттың жоғарғы сол жақ бұрышы шынының төменгі оң жақ бұрышында болуы тиіс.
Көшірмелер таза.	Орауыш таспа баспа картриджінен алынбаған болар.	Құрылғыдан баспа картриджін шығарып, орауыш таспаны шешіңіз де баспа картриджін орнына салыңыз.
	Түпнұсқа дұрыс салынбаған болар.	ADF құрылғысына түпнұсқаның жіңішке жағын ADF құрылғысына және сканерленетін бетін жоғары қаратып салыңыз. Планшетті сканерге түпнұсқа құжаттың бет жағын төмен қаратып салыңыз, құжаттың жоғарғы сол жақ бұрышы шынының төменгі оң жақ бұрышында болуы тиіс.
	Баспа құралы HP техникалық сипаттамасына сай келмеуі мүмкін.	HP техникалық сипаттамасына сай келетін баспа құралын пайдаланыңыз. Қағаз және баспа құралдары 59-бетте қараңыз.
	Баспа картриджі ақаулы болуы мүмкін.	Баспа картриджін ауыстырыңыз. Баспа картридждері 201-бетте қараңыз.
Басқа түпнұсқаның көшірмесі жасалған.	ADF құрылғысына салынған.	ADF құрылғысының бос екеніне көз жеткізіңіз.
Көшірмелер өлшемі жағынан кішірейген.	Өнімнің параметрлері сканерленген бейнені кішірейтуге қойылуы мүмкін.	Басқару панелінде Reduce/Enlarge (Кішірейту/Үлкейту) басыңыз және оның Original=100% (Түпнұсқа=100%) мәніне қойылғанын тексеріңіз.

Сканерлеуге қатысты мәселелер

Сканерленген бейнеге қатысты мәселелерді шешіңіз.

Мәселе	Себебі	Шешу
Сканерленген бейненің сапасы нашар.	Түпнұсқа бірінші көшірме фотосуреті немесе суреті болуы мүмкін.	<ul style="list-style-type: none">• Үлгілерді жою үшін сканерленгеннен кейін бейненің өлшемін кішірейтіп көріңіз.• Сапасының жақсы екенін көру үшін сканерленген бейнені басып шығарыңыз.• Ажыратымдылық параметрлерінің орындап отырған сканерлеу тапсырмаңыздың түріне лайықты екенін тексеріңіз. Сканер ажыратымдылығы мен түстері 119-бетте қараңыз.• Жақсы нәтижелер алу үшін сканерлеуге құжатты автоматты беру (ADF) құрылғысына қарағанда планшетті сканерді қолданыңыз.
	Экранға шығатын бейне сканерлеу сапасын нақты бейнелемеуі мүмкін.	<ul style="list-style-type: none">• Түстерді молырақ (немесе сұр түстің деңгейлерін) қолдану үшін компьютеріңіздің монитор параметрлерін реттеп көріңіз. Әдетте Windows Басқару Панеліндегі Display (Дисплей) ашу арқылы осы реттеуді жүзеге асырасыз.• Сканердің бағдарламалық құралындағы ажыратымдылық параметрлерін реттеп көріңіз. Сканер ажыратымдылығы мен түстері 119-бетте қараңыз.
	Түпнұсқа дұрыс салынбаған болар.	Түпнұсқаларыңызды ADF құрылғысына салғаныңызда баспа құралдарын реттегіштерді пайдаланыңыз. Қағаз және баспа құралдарын салыңыз 65-бетте қараңыз.
	Сканер лас болуы мүмкін.	Сканерді тазалаңыз. Сканер шынысын тазалау 120-бетте қараңыз.
	Графикалық параметрлер орындап отырған сканерлеу тапсырмаңыздың түріне лайықты болмауы мүмкін.	Графикалық параметрлерді өзгертіп көріңіз. Сканер ажыратымдылығы мен түстері 119-бетте қараңыз.

Мәселе	Себебі	Шешу
Бейненің бір бөлігі сканерленбеген.	Түпнұсқа дұрыс салынбаған болар.	Түпнұсқаларыңызды ADF құрылғысына салғаныңызда баспа құралдарын реттегіштерді пайдаланыңыз. Түпнұсқаларды сканерлеу үшін салу 112-бетте қараңыз.
	Түрлі түсті фон алдыңғы қатардағы бейнелердің фонмен араласуына себепші болуы мүмкін.	Түпнұсқаны сканерлемей тұрып параметрлерді реттеп немесе түпнұсқаны сканерлегеннен кейін бейнені үлкейтіп көріңіз.
	Түпнұсқа 381 мм-денұзындау.	Құжатты автоматты беру (ADF) құрылғысының кіріс науасын қолданғаныңызда, ең көп сканерленетін ұзындық 381 ммқұрайды. Егер бет ең көп ұзындықтан асса, сканер жұмысын тоқтатады. (Көшірмелердің ұзын болуы мүмкін.) ЕСКЕРТУ: Түпнұсқаның ADF құрылғысынан тартуға талпынбаңыз; сіз сканерді немесе түпнұсқаңызды бүлдіріп алуыңыз мүмкін. ADF құрылғысын кептелуден тазалаңыз. 221-бетте қараңыз.
	Түпнұсқа тым кішкентай.	Планшетті сканер қолдайтын ең көп өлшем 25 x 25 ммқұрайды. ADF құрылғысы қолдайтын ең аз өлшем 127 x 127 ммқұрайды. Түпнұсқаның кептелуі мүмкін. ADF құрылғысын кептелуден тазалаңыз. 221-бетте қараңыз.
	Баспа құралының өлшемі дұрыс емес.	Scan (Сканерлеу) параметрлерінде салынатын баспа құралының өлшемі сканерлеп отырған құжатыңыздан үлкен екеніне көз жеткізіңіз. .
Сканерлеу ұзақ уақыт алады.	Ажыратымдылық немесе түс деңгейі тым жоғары мәнге қойылған.	Ажыратымдылық пен түс параметрлерін тапсырмаңызға лайықты параметрлерге өзгертіңіз. Сканер ажыратымдылығы мен түстері 119-бетте қараңыз.
	Бағдарламалық құрал түрлі түспен сканерлеуге қойылған.	Жүйенің стандартты мәні монохромды түпнұсқаны сканерлегеннің өзінде сканерлеуге ұзағырақ уақыт кетіретін түсте тұр. Егер сіз бейнені TWAIN немесе WIA арқылы алсаңыз, сіз түпнұсқаның сұр түсті шкалада немесе қара және ақ түспен сканерленуі үшін параметрлерді өзгерте аласыз. Толық мәлімет алу үшін өнімнің бағдарламалық құралының Анықтамалығын қараңыз.
	Баспа тапсырмасы немесе көшірме тапсырмасы сіз сканерлемей тұрып жіберілген.	Егер сіз сканерлемей тұрып, біреу баспа тапсырмасын немесе көшірме тапсырмасын жіберген болса, сканер бос болған жағдайда сканерлеу іске қосылады. Дегенмен, өнім мен сканер жад көлемін бірге пайдаланатындықтан, сканерлеу баяу жүруі мүмкін.

Сканерлеу сапасына қатысты мәселелер

Сканерлеу сапасына қатысты мәселелерге жол бермеңіз.

Төмендегілер көшіру сапасын жақсартуға қолданылатын біраз қарапайым қадамдарыңыз болып табылады:

- Сканерлеу үшін құжатты автоматты беру (ADF) құрылғысының кіріс науасына қарағанда планшетті сканерді пайдаланыңыз.
- Жоғары сапалы түпнұсқаларды пайдаланыңыз.
- Баспа құралын дұрыс салыңыз. Егер баспа құралы дұрыс салынбаса, оның қисайып, түсініксіз бейнелердің шығуына себепші болуы мүмкін. Нұсқауларды [Қағаз және баспа құралдарын салыңыз 65-бетте](#) ішінен қараңыз.
- Сканерленген бетті қолдануды қалай жоспалауыңызға қарай бағдарламалық құралдың параметрлерін реттеңіз. Толық ақпарат алу үшін [Сканер ажыратымдылығы мен түстері 119-бетте](#) қараңыз.
- Егер құрылғыңыз бірден бірнеше бетті берсе, ажыратқыш қабатты ауыстыру қажет етілуі мүмкін. HP орталығына хабарласыңыз. www.hp.com/support/LJM2727 немесе өнімнің қорабында келетін көмекші анықтамалықты қараңыз.
- Түпнұсқаларыңызды қорғау үшін тасымал парағын пайдаланыңыз немесе жасап алыңыз.

Сканерлеу сапасына қатысты мәселелерді шешіңіз.

Мәселе	Себебі	Шешу
Таза беттер	Түпнұсқаның жоғарғы жағы төмен қарап салынған болар.	Құжатты автоматты беру (ADF) құрылғысында баспа құралдарының жинағын ADF құрылғысының кіріс науасына салыңыз, баспа құралдарының беті жоғары қарауы және сканерленетін бірінші бетті жинақтың үстіне қою керек. Планшетті сканерге түпнұсқа құжаттың бет жағын төмен қаратып салыңыз, құжаттың жоғарғы сол жақ бұрышы шынының төменгі оң жақ бұрышында болуы тиіс.
Тым ашық немесе қою	Ажыратымдылық пен түс деңгейлері дұрыс қойылмауы мүмкін.	Ажыратымдылық пен түс параметрлерін дұрыс қойғаныңызды тексеріңіз. Сканер ажыратымдылығы мен түстері 119-бетте қараңыз.
Керексіз сызықтар	Шыныда сия, желім, түзеткіш сұйықтық немесе керексіз зат болуы мүмкін.	Планшетті сканердің үстіңгі бетін тазалаңыз. Сканер шынысын тазалау 120-бетте қараңыз.
	ADF құрылғысының шынысы лас болуы мүмкін.	Сканер үстелін тазалаңыз. Сканер шынысын тазалау 120-бетте (3-қадамға) қараңыз.

Мәселе	Себебі	Шешу
Қара нүктелер немесе жолақтар	Шыныда сия, желім, түзеткіш сұйықтық немесе керексіз зат болуы мүмкін.	Планшетті сканердің үстіңгі бетін тазалаңыз. Сканер шынысын тазалау 120-бетте қараңыз.
	Электр қуаты құрылғыға тұрақсыз берілген болар.	Тапсырманы қайта басып шығарыңыз.
Анық емес мәтін	Ажыратымдылық мәндері дұрыс қойылмауы мүмкін.	Ажыратымдылық параметрінің дұрыс қойылғанын тексеріңіз. Сканер ажыратымдылығы мен түстері 119-бетте қараңыз.

Факсқа қатысты мәселелер

Факсқа қатысты мәселелерді шешу үшін [Факс мәселелерін шешіңіз 167-бетте](#) қараңыз.

Бейненің сапасын оңтайландырыңыз және жақсартыңыз

Баспа сапасына қатысты мәселелерді бақылау кестесі

Баспа сапасына қатысты негізгі мәселелер төмендегі бақылау кестесі арқылы шешілуі мүмкін:

1. Пайдаланып отырған қағазыңыз немесе баспа құралыңыз техникалық сипаттамаға сай келетініне көз жеткізіңіз. [Қағаз және баспа құралдары 59-бетте](#) қараңыз. Жалпы, жылтыр қағаз жақсы нәтиже береді.
2. Егер сіз жапсырма, мөлдір үлдір, жылтыр қағаз немесе бланк сияқты арнайы баспа құралдарын қолдансаңыз, түрі бойынша басып шығарғаныңызға көз жеткізіңіз. [Баспа құралының түрі мен өлшеміне сәйкестендіру үшін басып шығару драйверін өзгерту 70-бетте](#) қараңыз.
3. Өнімнің басқару панелінен конфигурация беті мен жабдықтың мәртебелік бетін басып шығарыңыз. [Ақпараттық беттер 184-бетте](#) қараңыз.
 - Жабдықтың аз немесе бос екендігін көру үшін жабдықтың мәртебелік бетін тексеріңіз. HP емес баспа картриджіне арналған ешқандай ақпарат жоқ.
 - Беттер дұрыс басылмаса, мәселе аппараттық құралға қатысты болып отыр. HP орталығына хабарласыңыз. www.hp.com/support/LJM2727 немесе өнімнің қорабында келетін көмекші анықтамалықты қараңыз.
4. HP ToolboxFX ішінен таныстыру бетін басып шығарыңыз. Бет басылып шықса, мәселе принтердің драйверіне қатысты болып отыр. Басқа принтердің драйверінен басып шығарып көріңіз. Мысалы, сіз PCL 6 принтер драйверін қолданып отырсаңыз, PS принтер драйверінен басып шығарыңыз.
 - PS драйверін орнату үшін **Printers** (Принтерлер) (немесе Windows XP жүйесіндегі **Printers and Faxes** (Принтерлер және Факстар) диалог терезесіндегі Принтер Қосу Шеберін пайдаланыңыз.
5. Басқа бағдарламадан басып шығарып көріңіз. Бет дұрыс басылып шықпаса, мәселе басып шығарып отырған бағдарламаңызға қатысты болып отыр.
6. Компьютер мен өнімді қайта қосыңыз және қайтадан басып шығарып көріңіз. Егер мәселе шешілмесе, [Баспа сапасына қатысты негізгі мәселелер 234-бетте](#) қараңыз.

Принтер драйверлерін басқарыңыз және конфигурациялаңыз.

Баспа сапасының параметрлері баспаның қаншалықты ашық немесе қою екеніне және басылып шыққан графиканың стиліне әсер етеді. Сіз баспа сапасына ерекше баспа құралының түріне оңтайландыру үшін де баспа сапасының параметрлерін пайдалана аласыз.

Сіз басып отырған тапсырмаларыңыздың түрлерін орналастыру үшін өнімнің қасиеттеріндегі параметрлерді өзгерте аласыз. Қолданып отырған принтер драйверіңізге байланысты төмендегі параметрлер берілген:

- **600 dpi (600 нүкте/дюйм)**
- **Custom: (Таңдамалы:)** Бұл параметр стандартты параметрмен бірдей ажыратымдылықты қамтамасыз етеді, бірақ сіз масштаб үлгілерін өзгерте аласыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Ажыратымдылықты өзгерткеннен мәтініздің форматы өзгеруі мүмкін.

Баспа сапасының параметрлерінің уақытша өзгертіңіз.

Ағымдағы бағдарламалық құралға ғана арналған баспа сапасының параметрлерін өзгерту үшін басып шығаруға қолданып отырған бағдарламаңыздағы **Print Setup** (Баспа параметрлерін баптау) мәзірі арқылы қасиеттерді ашыңыз.

Барлық алдағы тапсырмалар үшін баспа сапасының параметрлерін өзгертіңіз

 **ЕСКЕРІМ:** Macintosh нұсқаулары үшін [Macintosh үшін принтер драйверінің параметрлерін өзгертіңіз 39-бетте](#) қараңыз.

Windows 2000 үшін:

1. Windows жүйелік науасында **Start** (Іске қосу) таңдаңыз, **Settings** (Параметрлер) таңдаңыз, содан кейін **Printers** (Принтерлер) таңдаңыз.
2. Оң жақ батырмамен өнім белгішесін таңдаңыз.
3. **Properties** (Қасиеттер) немесе **Printing Preferences** (Баспа Артықшылықтары) таңдаңыз.
4. Параметрлерді өзгертіңіз де **OK** басыңыз.

Windows XP үшін:

1. Windows жүйелік науасында **Start** (Іске қосу) таңдаңыз, **Control Panel** (Басқару Панелі) таңдаңыз, содан кейін **Printers and Faxes** (Принтерлер және Факстар) таңдаңыз.
2. Оң жақ батырмамен өнім белгішесін таңдаңыз.
3. **Properties** (Қасиеттер) немесе **Printing Preferences** (Баспа Артықшылықтары) таңдаңыз.
4. Параметрлерді өзгертіңіз де **OK** басыңыз.

Windows Vista үшін:

1. Windows жүйелік науасында **Start** (Іске қосу) таңдаңыз, **Control Panel** (Басқару Панелі) таңдаңыз, содан кейін **Hardware and Sound** (Аппараттық құрал және Дыбыс) астындағы **Printer** (Принтер) таңдаңыз.
2. Оң жақ батырмамен өнім белгішесін таңдаңыз.

3. **Properties** (Қасиеттер) немесе **Printing Preferences** (Баспа Артықшылықтары) таңдаңыз.
4. Параметрлерді өзгертіңіз де **OK** басыңыз.

Электрлі степлерге қатысты мәселелерді шешіңіз.

Электрлі степлер қапсырманың кептелуін болдырмайтын етіп жасалған. Қапсырманың кептелу қаупін азайту үшін бір уақытта 20 не одан аз беттерді (80 г/м² немесе 20 фунт) қапсырмалайтыныңызға көз жеткізіңіз.

Мәселе	Себебі	Шешу
Электрлі степлер беттерді қапсырмаламайды.	Степлердің есігі толық жабылмаған. Степлер есігінің толық жабылғанына көз жеткізіңіз.	Электрлі степлерде қапсырма кептеліп қалады. Кептеулі қапсырманы алып тастаңыз. Электрлі қапсырмалаушты (HP LaserJet M2727nfs көп функциялы принтері ғана) кептелуден тазалаңыз 232-бетте қараңыз.

Жалғауға қатысты мәселелер

Тікелей жалғауға қатысты мәселелерді шешіңіз.

Компьютерге тікелей жалғанған құрылғыда жалғауға қатысты мәселелерге пайда болса, төмендегі қадамдарды аяқтаңыз:

1. USB кабелінің 2 метрден (6 футтан) ұзын еместігіне көз жеткізіңіз.
2. USB кабелінің екі ұшының жалғанғанына көз жеткізіңіз.
3. Кабельдің USB 2.0 Жоғары Жылдамдықты сертифицирталған кабель екеніне көз жеткізіңіз.
4. Егер қате жойылмаса, басқа USB кабелін пайдаланыңыз.

Желіге қатысты мәселелер

Өнімнің қосылғанын және онлайн режимінде екенін тексеріңіз.

Өнімнің басып шығаруға дайын екеніне көз жеткізу үшін төмендегі тармақтарды тексеріңіз.

1. Өнім жалғанған және қосылған ба?

Өнімнің жалғанғанына және қосылғанына көз жеткізіңіз. Егер қате жойылмаса, сіздегі қорек кабелі, қуат көзі немесе өнім ақаулы болуы мүмкін.

2. Өнімнің **Ready** (Дайын) шамы жанып тұр ма?

Егер шам жыпылықтап тұрса, ағымдағы тапсырма аяқталғанша, сізге күте тұру қажет болуы мүмкін.

3. Өнімнің басқару панелінің дисплейінде ештеңе жоқ па?

- Өнімнің қосылғанына көз жеткізіңіз.
- Өнімнің дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз.

4. Өнімнің басқару панелінің дисплейіне **Ready** (Дайын) басқа хабар шыға ма?

- Басқару панеліндегі хабарлар мен түзету әрекеттеріне арналған өнімнің құжаттамасын қарап шығыңыз.

Желімен байланыс мәселелерін шешіңіз

Өнімнің желімен байланысып тұрғанына көз жеткізу үшін төмендегі тармақтарды тексеріңіз. Бұл ақпарат сіздің желі конфигурациясына арналған бетті басып шығарғаныңызды мәлімдейді ([Ақпараттық беттер 184-бетте](#) қараңыз).

1. Жұмыс станциясы немесе файл сервері мен өнімнің арасында физикалық жалғауға қатысты мәселелер бар ма?

Желі кабелінің, жалғаудың және маршрутизатор конфигурацияларының дұрыс екенін тексеріңіз. Желі кабелі ұзындықтарының желінің ерекшеліктеріне сай келетінін тексеріңіз.

2. Желі кабельдері дұрыс жалғанған ба?

Өнімнің желіге сәйкес келетін порт және кабель арқылы жалғанғанына көз жеткізіңіз. Қауіпсіз және дұрыс орында екеніне көз жеткізу үшін әрбір кабельдің жалғауын тексеріңіз. Егер мәселе шешілмесе, хабтағы немесе трансивердегі басқа кабельді немесе порттарды көріңіз. Өнімнің артындағы порт ұясының жанындағы сары түсті жұмыс индикаторы мен жасыл түсті байланыс мәртебесінің шамы жану керек.

3. Өнімнің байланыс жылдамдығы мен екі жақты байланыс параметрлері дұрыс қойылған ба?

Hewlett-Packard бұл параметрді автоматты режимде қалдыруды ұсынады (стандартты параметр).

4. Сіз өнімнің IP адресіне ақпаратты жібере аласыз ба?

Компьютердегі ақпаратты өнімге жіберу үшін команда енгізетін шақыруды пайдаланыңыз. Мысалы:

```
192.168.45.39 ақпарат жіберу
```

Ақпарат жіберудің айналым кезеңін көрсететініне көз жеткізіңіз.

Егер сіз ақпаратты өнімге жібере алсаңыз, өнімге арналған IP адресінің конфигурациясы компьютерде дұрыс екенін тексеріңіз. Егер дұрыс болса, жойыңыз, содан кейін өнімді қайтадан қосыңыз.

Егер ақпарат жіберу командасы орындалмаса, желілік хабтардың қосулы екенін тексеріңіз, содан кейін желі параметрлерінің, өнімнің және компьютердің бір желіге конфигурацияланғанын тексеріңіз.

5. Қандай да бір бағдарламалық құрал желіге қосылды ма?

Олардың үйлесетініне және олардың тиісті принтер драйверлерінің көмегімен дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз.

6. Басқа қолданушылар басып шығара ала ма?

Ақаулық жұмыс станциясына қатысты болуы мүмкін. Жұмыс станциясының желілік драйверлерін, принтер драйверлерін және басқа жаққа бағыттауды тексеріңіз.

7. Басқа қолданушылар басып шығара алмаса, олар сол желінің операциялық жүйесін пайдаланып отыр ма?

Желінің операциялық жүйесін орнату үшін жүйеңізді тексеріңіз.

8. Протоколыңыз қосылған ба?

Желі конфигурациясына арналған беттегі протоколыңызды тексеріңіз. [Ақпараттық беттер 184-бетте](#) қараңыз. Сонымен қатар басқа протоколдардың мәртебесін тексеру үшін сіз енгізілген веб-серверді немесе HP ToolboxFX пайдалана аласыз. [HP ToolboxFX 186-бетте](#) қараңыз.

Бағдарламалық құралға қатысты мәселелерді шешіңіз.

Жалпы кездесетін Windows жүйесіндегі мәселелер

Қателік туралы хабарлама:

"General Protection FaultException OE" («Жалпы қорғаныстың бұзылуыЕрекшелік OE»)

«Spool32»

"Illegal Operation" («Заңсыз операция»)

Себеп	Шешім
	Барлық бағдарламаларды жауып, Windows қайтадан қосып, әрекетті қайталаңыз.
	Басқа бір принтер драйверін таңдаңыз. Егер құрылғының PCL 6 принтер драйвері таңдалған болса, бағдарламаның ішінде PCL 5 немесе HP postscript 3-саты эмуляциясы принтер драйверіне ауысыңыз.
	Temp шағын каталогындағы барлық уақытша файлдарды жойыңыз. AUTOEXEC.BAT файлын ашып, «Set Temp =» операторын іздеу арқылы каталогтың атауын анықтаңыз. Осы оператордан кейінгі атау Temp каталогы болып табылады. Ол әдепкі мән бойынша C:\TEMP болады, бірақ қайтадан анықталуы мүмкін.
	Windows қателік туралы хабарламалар жайлы қосымша ақпарат алу үшін компьютермен бірге келген Microsoft Windows құжаттамасын қараңыз.

Macintosh жүйесінде жиі кездесетін мәселелерді шешіңіз.

Кесте 12-3 Mac OS X v10.3 және Mac OS X v10.4 қатысты мәселелер

Принтер драйвері Принтер Баптау Утилитта тізімінде берілмеген.

Себеп	Шешім
Өнімнің бағдарламалық құралы орнатылмаған болар немесе дұрыс орнатылмаған.	PPD файлының төмендегі қатты диск папкасында екеніне көз жеткізіңіз. Library/Printers/PPDs/Contents/Resources/<lang>.lproj (Кітапхана/Принтерлер/PPD файлдары/Ресурстар/<тіл>.жжоба), мұндағы «<тіл>» - пайдаланып отырған тіліңіздің екі әріпті тілдік коды. Қажет болса, бағдарламалық құралды қайта орнатыңыз. Нұсқауларды алғашқы іске қосу жөніндегі нұсқаулықтан қараңыз.
Postscript Printer Description (PPD) (PostScript принтер сипаттамалары) файлы бүлінген.	PPD файлын төмендегі қатты диск папкасынан жойыңыз: Library/Printers/PPDs/Contents/Resources/<lang>.lproj (Кітапхана/Принтерлер/PPD файлдары/Ресурстар/<тіл>.жжоба), мұндағы «<тіл>» - пайдаланып отырған тіліңіздің екі әріпті тілдік коды. Бағдарламалық құралды қайта орнатыңыз. Нұсқауларды алғашқы іске қосу жөніндегі нұсқаулықтан қараңыз.

Кесте 12-3 Mac OS X v10.3 және Mac OS X v10.4 қатысты мәселелер (жалғасы)

Өнім аты, IP адресі немесе Rendezvous не Bonjour хост аты Принтер Баптау Утилитасындағы принтерлер тізіміне шықпайды.

Себеп	Шешім
Өнім дайын болмауы мүмкін.	Кабельдердің дұрыс жалғанғанына, өнімнің қосулы және дайын шамының қосулы екендігіне көз жеткізіңіз. Егер сіз USB немесе Ethernet хабы арқылы жалғасаңыз, компьютерге тікелей жалғап көріңіз немесе басқа портты пайдаланыңыз.
Қате өнім аты, IP адресі немесе Rendezvous немесе Bonjour хост аты пайдаланылуда.	Өнім атын, IP адресін немесе Rendezvous не Bonjour хост атын конфигурация бетін басып шығару арқылы тексеріңіз Ақпараттық беттер 184-бетте қараңыз. Конфигурация бетіндегі аттың, IP адресінің немесе Rendezvous не Bonjour хост атының Принтер Баптау Утилитасындағы өнім атына, IP адресіне немесе Rendezvous не Bonjour хост атына сәйкес келетінін тексеріңіз.
Интерфейс кабелі ақаулы немесе сапасы төмен болуы мүмкін.	Интерфейс кабелін ауыстырыңыз. Жоғары сапалы кабельді пайдалануды ұмытпаңыз.

Баспа тапсырмасы сізге керекті принтерге жіберілмеді.

Себеп	Шешім
Баспа кезегі тоқтатылған болуы мүмкін.	Баспа кезегін ашыңыз, содан кейін Start Jobs (Тапсырмаларды бастау) таңдаңыз.
Қате өнім аты немесе IP адресі пайдаланылуда. Аты, IP адресі немесе Rendezvous не Bonjour хост аты бір немесе ұқсас басқа өнім баспа тапсырмаңызды қабылдап қойған болар.	Өнім атын, IP адресін немесе Rendezvous не Bonjour хост атын конфигурация бетін басып шығару арқылы тексеріңіз Ақпараттық беттер 184-бетте қараңыз. Конфигурация бетіндегі аттың, IP адресінің немесе Rendezvous не Bonjour хост атының Принтер Баптау Утилитасындағы өнім атына, IP адресіне немесе Rendezvous не Bonjour хост атына сәйкес келетінін тексеріңіз.

Капсуладағы PostScript (EPS) файлы дұрыс қаріптермен басылып шықпайды.

Себеп	Шешім
Бұл ақаулық кейбір бағдарламаларда пайда болады.	<ul style="list-style-type: none">Басып шығарардың алдында EPS файлындағы қаріптерді өнімге жүктеп көріңіз.Қосарланған кодтың орнына ASCII форматындағы файлды жіберіңіз.

Сіз үшінші тараптың USB картасынан басып шығара алмайсыз.

Себеп	Шешім
Бұл қате USB принтерлерінің бағдарламалық құралы орнатылмаған кезде пайда болады.	Үшінші тараптың USB картасын қосқан кезде сіз USB адаптері картасына қолдау көрсететін Apple бағдарламалық құралын қажет етуіңіз мүмкін. Бұл бағдарламалық құралдың ең жаңа нұсқасын Apple веб-сайтынан алуға болады.


Кесте 12-3 Mac OS X v10.3 және Mac OS X v10.4 қатысты мәселелер (жалғасы)

USB кабелі арқылы жалғанған кезде драйвер таңдалған соң, өнім Macintosh Принтерін Баптау Утилитасына шықпайды.

Себеп	Шешім
Бұл ақаулыққа бағдарламалық құрал немесе аппараттық құрал себепші.	Бағдарламалық құралға қатысты ақаулықтарды түзету <ul style="list-style-type: none">Macintosh жүйеңіздің USB қолдайтынын тексеріңіз.Macintosh операциялық жүйеңіз Mac OS X v10.3 немесе Mac OS X v10.4 болып табылатынын тексеріңіз.Macintosh жүйеңізде Apple компаниясының тиісті USB бағдарламалық құралы бар екеніне көз жеткізіңіз. Аппараттық құралға қатысты ақаулықтарды түзету <ul style="list-style-type: none">Өнімнің қосулы екенін тексеріңіз.USB кабелінің дұрыс жалғанғанын тексеріңіз.Лайықты жоғары жылдамдықты USB кабелін пайдаланып отырғаныңызды тексеріңіз.Тізбектен қуат алатын USB құрылғыларының тым көп болмауын қамтамасыз етіңіз. Барлық құрылғыларды тізбектен ажыратып, кабельді тікелей хост компьютеріндегі USB портына қосыңыз.Екеуден артық қуатсыз USB хабының тізбекке ретпен жалғанғанын тексеріңіз. Барлық құрылғыларды тізбектен ажыратып, кабельді тікелей хост компьютеріндегі USB портына қосыңыз. <p>ЕСКЕРІМ: iMac пернетақтасы қуатсыз USB хабы болып табылады.</p>

PostScript (PS) қателерін шешіңіз.

Төмендегі жағдайлар PS тіліне қатысты және бірнеше өнім тілдері пайдаланылғанда шығуы мүмкін.

 **ЕСКЕРІМ:** PS қателері шыққан кезде басылған немесе экранға шыққан хабарды қабылдау үшін **Print Options** (Баспа Опциялары) диалог терезесін ашып, PS Қателер бөлімінің жанындағы таңдауды таңдаңыз. Сіз енгізілген веб-серверін де пайдалана аласыз.

Кесте 12-4 PS қателері

Мәселе	Себебі	Шешу
Тапсырма Курьерде (өнімнің стандартты гарнитурасында) сіз сұратқан гарнитураның орнына басылып шығады.	Сұратқан гарнитура жүктелмеген. Жекелік қосқыш PS тапсырмасы қабылданардың алдында ғана PCL тапсырмасын басып шығаруға кірісіп кеткен болар.	Қажетті қаріпті жүктеп, баспа тапсырмасын қайтадан жіберіңіз. Қаріптің түрі мен орнын тексеріңіз. Қолданымды болса, өнімді жүктеңіз. Бағдарламалық құрал құжаттамасымен тексеріңіз.
Legal өлшемді бет жиектеріндегі қыстырғыштармен басылып шығады.	Баспа тапсырмасы тым күрделі.	Сізге дюйміне 600 нүктесі бар тапсырмаңызды басып шығару, беттің күрделілігін азайту немесе көлемі молырақ жадты орнату қажет болуы мүмкін.

Кесте 12-4 PS қателері (жалғасы)

Мәселе	Себебі	Шешу
PS қатесі бар бет басылып шығуда.	Баспа тапсырмасы PS болмауы мүмкін.	Баспа тапсырмасының PS тапсырмасы екеніне көз жеткізіңіз. Орнатуды күткен бағдарламалық құралдың немесе PS тақырып файлының құрылғыға жіберілгенін тексеріңіз.
Шектеулі Тексеріс Қатесі	Баспа тапсырмасы тым күрделі.	Сізге дюйміне 600 нүктесі бар тапсырмаңызды басып шығару, беттің күрделілігін азайту немесе көлемі молырақ жадты орнату қажет болуы мүмкін.
VM Қатесі	Қаріп Қатесі	Принтер драйверінен шексіз жүктелмелі қаріптерді таңдаңыз.
Интервал Қатесі	Қаріп Қатесі	Принтер драйверінен шексіз жүктелмелі қаріптерді таңдаңыз.

А Керек-жарақтар және тапсырыс беру туралы ақпарат

- АҚШ аумағында жабдықтарға тапсырыс беру үшін www.hp.com/sbso/product/supplies өтіңіз.
- Дүние жүзі бойынша жабдықтарға тапсырыс беру үшін www.hp.com/ghp/buyonline.html өтіңіз.
- Канадада жабдықтарға тапсырыс беру үшін www.hp.ca/catalog/supplies өтіңіз.
- Еуропада жабдықтарға тапсырыс беру үшін www.hp.com/go/ljsupplies өтіңіз.
- Азия-Тынық мұхиты елдерінде жабдықтарға тапсырыс беру үшін www.hp.com/paper/ өтіңіз.
- Керек-жарақтарға тапсырыс беру үшін www.hp.com/go/accessories өтіңіз.

Жабдықтар

Өнім аты	Сипаттама	Бөлшек нөмірі
Қара баспа картриджі	Стандартты баспа картриджінің орташа өнімділігі шамамен 3 000 бетті құрайды. Ұзақ мерзімді баспа картриджінің орташа өнімділігі шамамен 7 000 бетті құрайды. Іс жүзіндегі өнімділігі пайдаланылуына байланысты.	Стандартты: Стандартты Q7553A Ұзартылған пайдалану мерзімі: Ұзартылған пайдалану мерзімі: Q7553X

Жад

Өнім аты	Сипаттама	Бөлшек нөмірі
Қосымша жад құралдары (DIMMs)	64 МБ	CB421A
	128 МБ	CB422A
	256 МБ	CB423A

Кабель және интерфейстік керек-жарақтар

Өнім аты	Сипаттама	Бөлшек нөмірі
USB кабелі	2 метрлік стандартты USB үйлесімді құрылғы ағытпасы	C6518A
	2 метрлік стандартты USB үйлесімді құрылғы ағытпасы	C6520A
Факс кабелі	Екі сымды телефон кабелінің адаптері	8121-0811
HP Сымсыз баспаны кеңейту жинағы	Сымсыз екі нүктелі баспаға арналған принтер адаптері.	Q6259A

Қағазды беру және дұрыстау керек-жарақтары

Өнім аты	Сипаттама	Бөлшек нөмірі
3-қосымша науа	Стандартты өлшемдегі 250 парақтық кіріс науасы.	Q7556A
Степлер картриджінің қорабы	сыйымдылығы 1 500 қапсырма	Q7432A

Пайдаланушы алмастыратын бөлшектер

Өнім аты	Сипаттама	Бөлшек нөмірі
Ажыратқыш қабат және желімді біліктер	Өнім көп парақты немесе ешқандай парақты алмаған кезде ауыстырыңыз. Басқа қағазды пайдалану мәселені шешпеді.	Бөлшектерге тапсырыс беру үшін HP Тұтынушыларды Қолдау қызметіне хабарласыңыз.
Құжатты автоматты беру құрылғысы (ADF)	ADF құрылғысы бұзылған немесе дұрыс істемей тұрған кезде ауыстырыңыз.	Бөлшектерге тапсырыс беру үшін HP Тұтынушыларды Қолдау қызметіне хабарласыңыз.

В Қызмет көрсету және қолдау

Hewlett-Packard компаниясының шектеулі кепілдік туралы мәлімдемесі

HP ӨНІМІ

HP LaserJet M2727nf және M2727nfs

ШЕКТЕУЛІ КЕПІЛДІКТІҢ ӨРЕКЕТ МЕРЗІМІ

Бір жылдық шектеулі кепілдік

HP компаниясы сізге, соңғы пайдаланушыға сатып алынған күннен бастап жоғарыда көрсетілген мерзім ішінде HP аппараттық құралдары мен керек-жарақтарының материалдары мен дайындалу сапасы жағынан ақаулы еместігіне кепілдік береді. Егер HP компаниясы кепілдік мерзімі ішінде осындай ақаулықтар туралы хабар алса, HP ақаулы болып шыққан өнімдерді өз ұйғарымына сәйкес жөндеп немесе ауыстырып береді. Ауыстырылған өнімдер жаңа немесе жаңа өнімдер сияқты жұмыс істейтін болуы мүмкін.

HP компаниясы сізге сатып алынған күннен бастап жоғарыда көрсетілген мерзім ішінде HP бағдарламалық құралының дұрыс орнатылған немесе пайдаланылған кезде материалдары мен дайындалу сапасындағы ақаулықтарға байланысты бағдарламалау нұсқауларын орындамай қоймайтынына кепілдік береді. Егер HP компаниясы кепілдік мерзімі ішінде осындай ақаулықтар туралы хабар алса, HP компаниясы осындай ақаулықтардың салдарынан бағдарламалау нұсқауларын орындамаған бағдарламалық құралды ауыстырып береді.

HP компаниясы HP өнімдерінің үздіксіз және қатесіз жұмыс істейтініне кепілдік бермейді. Егер HP компаниясы қажетті мерзімде кепілдіктегі шартқа байланысты өнімін жөндеп немесе ауыстырып бере алмаса, сіз өнімді қайтарысымен оның құнын қайтарып алуға құқылысыз.

HP өнімдерінің құрамында жұмысы жағынан жаңасымен тең зауытта қалпына келтірілген бөлшектердің болуы мүмкін немесе олар қосымша пайдаланған болуы мүмкін.

Кепілдік (а) дұрыс немесе талаптарға сәйкес жөндемеу немесе тексеру, (ә) HP компаниясының бағдарламалық құралын, интерфейсін немесе қосалқы бөлшектерін пайдаланбау, (б) рұқсатсыз өзгерту немесе дұрыс пайдаланбау, (в) өнімді қоршаған орта талаптарына сәйкес пайдаланбау немесе (г) тиісті орында дайындамау немесе жөндемеу нәтижесінде туындаған ақаулықтарды қамтымайды.

ЖЕРГІЛІКТІ ЗАҢМЕН РҰҚСАТ БЕРІЛГЕН ШАРАЛАР БОЙЫНША ЖОҒАРЫДА АЙТЫЛҒАН КЕПІЛДІКТЕР ЕРЕКШЕ БОЛЫП САНАЛАДЫ ЖӘНЕ ЕШБІР ЖАЗБАША НЕМЕСЕ АУЫЗША КЕПІЛДІК НЕМЕСЕ ШАРТ ТҮСІНІКТІ НЕМЕСЕ ТҰСПАЛДЫ ТҮРДЕ АЙТЫЛМАЙДЫ. HP КОМПАНИЯСЫ ТАУАРДЫҢ ЖАРАМДЫЛЫҒЫ, ҚАНАФАТТАНАРЛЫҚ САПА МЕН БЕЛГІЛІ БІР МАҚСАТҚА ЖАРАМДЫЛЫҚ ТУРАЛЫ КЕЗ КЕЛГЕН ТҰСПАЛДЫ КЕПІЛДІКТЕРДЕН НЕМЕСЕ ШАРТТАРДАН НАҚТЫ ТҮРДЕ БАС ТАРТАДЫ. Кейбір елдер/аймақтар, штаттар немесе облыстар тұспалды кепілдіктің ұзақтығын шектеуге рұқсат бермейді, сондықтан жоғарыда айтылған шектеу немесе ерекшелік сізге қатысты болмауы мүмкін. Бұл кепілдік сізге нақты заңды құқықтар береді және елге/аймаққа, штатқа немесе облысқа қарай сіздің басқа да құқықтарыңыздың болуы мүмкін. HP компаниясының шектеулі кепілдігі HP компаниясының осы өнімге қолдау көрсететін және HP компаниясы осы өнімді сататын кез келген елде/аймақта немесе мекенде жарамды. Сіздегі кепілдік

қызметінің деңгейі жергілікті стандарттарға сәйкес өзгеруі мүмкін. НР компаниясы заңдық немесе реттеуші себептері бойынша жұмыс істеуге қабілетсіз елде/аймақта өнімді пайдалану үшін оның пішінін, мақсатын немесе функциясын өзгертпейді.

ЖЕРГІЛІКТІ ЗАҢМЕН РҰҚСАТ БЕРІЛГЕН ШАРАЛАР БОЙЫНША БҰЛ КЕПІЛДІК МӘЛІМДЕМЕСІНДЕ АТАЛҒАН ӨТЕМАҚЫЛАР ТЕК СІЗГЕ ТӨЛЕНЕТІН ӨТЕМАҚЫЛАР БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. ЖОҒАРЫДА АЙТЫЛҒАН ЖАҒДАЙЛАРДАН БӨЛЕК ЕШҚАНДАЙ ЖАҒДАЙДА НР КОМПАНИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖЕТКІЗУШІЛЕРІ КЕЛІСІМ ШАРТТЫ, АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ БҰЗЫЛУЫН НЕМЕСЕ БАСҚАЛАРДЫ НЕГІЗГЕ АЛА ОТЫРЫП, ЖОҒАЛҒАН МӘЛІМЕТТЕР ҮШІН НЕМЕСЕ ТІКЕЛЕЙ, ӨДЕЙІ, БАЙҚАУСЫЗДА, ЖАНАМА ЗАҚЫМ (СОНЫҢ ІШІНДЕ ЖОҒАЛҒАН ПАЙДА НЕМЕСЕ МӘЛІМЕТ) НЕМЕСЕ БАСҚА ЗАҚЫМ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК АРТПАЙДЫ. Кейбір елдер/аймақтар, штаттар немесе облыстар тұспалды кепілдіктің ұзақтығын шектеуге рұқсат бермейді, сондықтан жоғарыда айтылған шектеу немесе ерекшелік сізге қатысты болмауы мүмкін.

БҰЛ МӘЛІМДЕМЕДЕ БЕРІЛГЕН КЕПІЛДІК ШАРТТАРЫ, ЗАҢМЕН РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН ШАРАЛАРДАН БӨЛЕК, БҰЛ ӨНІМДІ СІЗГЕ САТУҒА ҚАТЫСТЫ МІНДЕТТІ, ЗАҢМЕН БЕЛГІЛЕНГЕН ҚҰҚЫҚТАРЫҢЫЗҒА ТЫЙЫМ САЛМАЙДЫ, ОЛАРДЫ ШЕКТЕМЕЙДІ НЕМЕСЕ ӨЗГЕРТПЕЙДІ ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРЫП ТҰРАДЫ.

Тұтынушылардың өзі жөндеуіне кепілдік беру қызметі

HP өнімдері жөндеу уақытын азайту және ақаулы бөлшектерді ауыстыру кезінде икемділікті арттыру үшін көптеген тұтынушылардың өздері жөндей алатын (CSR) бөлшектермен жабдықталған. Диагностика кезеңінде HP компаниясы жөндеуді CSR бөлшегінің көмегімен орындауға болатынын анықтаған жағдайда HP бұл бөлшекті ауыстыру үшін тікелей сізге жолдайды. CSR бөлшектерінің екі түрлі санаты бар: 1) Тұтынушылардың өздері ауыстыруы міндетті бөлшектер. Егер HP компаниясынан осы бөлшектерді ауыстыруын сұрасаңыз, сізден тасымалдау және осы қызметті көрсету кезінде істелген жұмыс үшін ақы алынады. 1) Тұтынушылардың өздері ауыстыруы міндетті емес бөлшектер. Бұл бөлшектер тұтынушылардың өздерінің жөндеуіне арнаған. Алайда, HP компаниясынан оларды сіз үшін ауыстырып талап етсеңіз, бұл өніміңізге арналған кепілді қызмет түрі ретінде ешбір қосымша ақысыз орындалуы мүмкін.

Қолда бар болуы мен географиялық мүмкіндіктерге қарай, CSR бөлшектері келесі жұмыс күні жөнелтіледі. Бір күнде немесе төрт сағатта жеткізу географиялық мүмкіндіктерге қарай қосымша ақы үшін ұсынылуы мүмкін. Жәрдем қажет болса, HP Техникалық қолдау орталығына хабарласып, техникалық маманнан телефон арқылы көмек алуыңызға болады. HP ауыстырылатын CSR бөлшегімен бірге жеткізілген материалдарда ақаулы бөлшектің HP компаниясына қайтарылатынын не қайтарылмайтынын көрсетеді. Ақаулы бөлшекті HP компаниясына қайтару қажет болған жағдайда, ақаулы бөлшекті HP компаниясына белгілі бір мерзім ішінде, әдетте бес (5) жұмыс күні ішінде жіберуіңіз керек. Ақаулы бөлшек берілген тасымалдау материалының ішіндегі ілеспе құжаттармен бірге қайтарылуға тиіс. Ақаулы бөлшекті қайтармаған жағдайда HP сізден ауыстырып бергені үшін ақы алуы мүмкін. Тұтынушылардың өздері жөндеуі қызметі аясында HP барлық тасымалдау және бөлшекті қайтару ақысын төлейді және пайдаланылатын курьерді/тасымалдаушыны анықтайды.

Баспа картриджі шектеулі кепілдік мәлімдемесі

Бұл HP өнімінде материал және өндіріс кемшіліктері жоқ екендігіне кепілдік беріледі.

Осы кепілдік (а) қайта толықтырылған, жаңартылған, қайта жасалған немесе қандай да бір жолмен қолдан жасалған, (ә) дұрыс пайдаланбау, сақтамау немесе құрылғының жарияланған қоршаған ортаға қойылатын шарттарынан тыс жағдайларда жұмыс істету нәтижесінде бұзылған немесе (б) әдеттегі пайдаланудан тозған өнімдерге қолданылмайды.

Кепілдік бойынша қызмет алу үшін өнімді сатып алған жерге қайтарыңыз (мәселенің жазбаша сипаттасымен және баспа үлгілерімен бірге) немесе HP тұтынушыларға қолдау көрсету қызметіне хабарласыңыз. HP ұйғарымы бойынша, HP не кемшілік шыққан өнімдерді ауыстырып береді, не сатып алған құнын қайтарып береді.

ЖЕРГІЛІКТІ ЗАҢ БОЙЫНША РҰҚСАТ ЕТІЛЕТІН ДӘРЕЖЕДЕ, ЖОҒАРЫДА БЕРІЛГЕН КЕПІЛДІК ЕРЕКШЕ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ ЖӘНЕ ЕШҚАНДАЙ БАСҚА АУЫЗША НЕ ЖАЗБАША КЕПІЛДІК БЕРІЛМЕЙДІ НЕМЕСЕ МЕНЗЕЛМЕЙДІ, СОНДАЙ-АҚ, ӘСІРЕСЕ, HP ҚАНДАЙ ДА БІР САТУҒА ЖАРАМДЫЛЫҚ, ҚАНАФАТТАНАРЛЫҚ САПА ЖӘНЕ ҚАНДАЙ ДА БІР МАҚСАТҚА ЖАРАМДЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ЖАНАМА КЕПІЛДІКТЕР МЕН ШАРТТАРДАН БАС ТАРТАДЫ.

ЖЕРГІЛІКТІ ЗАҢ БОЙЫНША РҰҚСАТ ЕТІЛЕТІН ДӘРЕЖЕДЕ, HP НЕМЕСЕ ОНЫҢ ЖАБДЫҚТАУШЫЛАРЫ ЕШБІР ЖАҒДАЙДА ДА КЕЛІСІМ-ШАРТҚА, АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚҚА НЕМЕСЕ БАСҚАҒА НЕГІЗДЕЛГЕНІНЕ ҚАРАМАСТАН ТІКЕЛЕЙ, НАҚТЫ, ЖАНАМА, ТІКЕЛЕЙ ЕМЕС (СОНЫҢ ІШІНДЕ ЖОҒАЛҒАН ПАЙДА МЕН ДЕРЕКТЕР) НЕМЕСЕ БАСҚА ДА ЗИЯН ҮШІН ЖАУАПТЫ БОЛМАЙДЫ.

ОСЫ МӘЛІМДЕМЕДЕГІ КЕПІЛДІК ШАРТТАРЫ, ЗАҢ БОЙЫНША РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН ДӘРЕЖЕДЕН БАСҚА РЕТТЕРДЕ, ОСЫ БҰЙЫМНЫҢ СІЗГЕ САТЫЛУЫНА ҚОЛДАНЫЛАТЫН МІНДЕТТІ ЗАҢДЫ ҚҰҚЫҚТАРДЫ ЖОҚҚА ШЫҒАРМАЙДЫ, ШЕКТЕМЕЙДІ НЕМЕСЕ ӨЗГЕРТПЕЙДІ ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРМАЙДЫ.

HP Тұтынушыларды қолдау қызметі

Онлайн режиміндегі қызметтер

Интернет байланысы арқылы жаңартылған HP құрылғысына қатысты бағдарламалық құралға, өнім туралы ақпаратқа және қолдау туралы ақпаратқа 24 сағат бойы өту үшін веб-сайтқа кіріңіз: www.hp.com/support/LJM2727.

HP Instant Support Professional Edition (ISPE) үстел компьютері мен баспа өнімдеріне арналған интернет-технологияны қолданатын ақаулықтарды түзету тәсілдерінің жиынтығы болып табылады. instantsupport.hp.com өтіңіз.

Телефон арқылы қолдау көрсету

HP компаниясы кепілдік мерзімінде ақысыз телефон арқылы қолдау көрсетеді. Еліңізге/ аймағыңызға арналған телефон нөмірін құрылғымен бірге жеткізілетін анықтамалықтан қараңыз немесе www.hp.com/support/ кіріңіз. HP орталығына қоңырау шалмас бұрын мына ақпаратты дайындап алыңыз: өнім аты мен сериялық нөмірі, сатып алу күні және ақаулық сипаттамасы.

Бағдарламалық құрал утилиталары, драйверлер және электрондық ақпарат

www.hp.com/go/LJM2727_software

Драйверлердің веб-беті ағылшын тілінде, бірақ сіз драйверлердің өздерін бірнеше тілде жүктей аласыз.

Керек-жарақтар немесе жабдықтарды HP тікелей тапсырыс беру

- Америка Құрама Штаттары: www.hp.com/sbso/product/supplies.
- Канада: www.hp.ca/catalog/supplies
- Еуропа: www.hp.com/go/ljsupplies
- Азия-Тынық мұхиты www.hp.com/paper/

Шынайы HP бөлшектеріне немесе керек жарақтарына тапсырыс беру үшін, HP Қосалқы бөлшектер дүкеніне www.hp.com/buy/parts адресі бойынша кіріңіз (тек АҚШ және Канада үшін) немесе 1-800-538-8787 (АҚШ) немесе 1-800-387-3154 (Канада) телефондарына хабарласыңыз.

HP қызметі жөніндегі ақпарат

HP Өкілетті дилерлерінің орналасқан жерін білу үшін 1-800-243-9816 (АҚШ) немесе 1-800-387-3867 (Канада) телефондарына хабарласыңыз.

Америка Құрама Штаттары мен Канададан тыс жерлерде өз еліңіз/аймағыңыздағы тұтынушыларға қолдау көрсету нөмірлеріне хабарласыңыз. Құрылғы қорабында жеткізілетін анықтамалықты қараңыз.

HP қызмет көрсету жөніндегі келісімдер

1-800-HPINVENT (1-800-474-6836 (АҚШ) немесе 1-800-268-1221 (Канада) телефондарына хабарласыңыз. Немесе, www.hpexpress-services.com/10467a адресіндегі HP SupportPack and Carepaq™ Services веб-сайтына кіріңіз.

Жедел қызмет көрсету үшін 1-800-446-0522 телефонына хабарласыңыз.

HP ToolboxFX

Құрылғының мәртебесі мен параметрлерін тексеру және ақаулықтарды түзету туралы ақпарат пен онлайн құжаттамасын көру үшін HP ToolboxFX пайдаланыңыз. HP ToolboxFX пайдалану үшін сіздің бағдарламалық құралды толықтай орнатуыңыз тиіс. [HP ToolboxFX 186-бетте](#) қараңыз.

Macintosh компьютерлеріне арналған HP компаниясының қолдауы және ақпараты

Macintosh OS X қолдау көрсету ақпараты үшін www.hp.com/go/macosex сайтына немесе драйверді жаңарту үшін HP редакция қызметіне барыңыз.

Macintosh қолданушысы арнап ерекше дайындалған өнімдері үшін www.hp.com/go/mac-connect кіріңіз.

HP техникалық қызмет көрсету келісімдері

HP компаниясында қолдау қажеттіліктерінің кең ауқымына сай техникалық қызмет көрсету келісімдерінің бірнеше түрі бар. Техникалық қызмет көрсету келісімдері стандартты кепілдіктің бөлігін құрамайды. Қолдау қызметтері аймақтарға қарай әр түрлі болуы мүмкін. Сізге көрсетілетін қызметтердің бар-жоғын анықтау үшін HP дилерінен сұраңыз.

Жүйе ішілік қызмет көрсету келісімдері

Сізді қажеттіліктеріңізге мейлінше толық сай келетін қолдау деңгейімен қамтамасыз ету үшін HP компаниясында жауап уақыттары таңдалатын жүйе ішілік қызмет көрсету келісімдері бар.

Келесі күнгі жүйе ішілік қызмет көрсету

Бұл келісім қызмет көрсету туралы сұрау алынғаннан кейін ертесі күні қолдау көрсетілуін қамтамасыз етеді. HP компаниясының арнаулы қызмет көрсету аймақтарынан тыс қосымша жөндеу сағаттары мен қосымша жол жүру жүйе ішілік қызмет көрсету келісімдерінің көпшілігінде қарастырылады (қосымша ақы үшін).

Апталық (көлемді) жүйе ішілік қызмет көрсету

Бұл келісім апта сайын жоспарлы түрде көп HP өнімдерімен жабдықталған ұйымдарға барып жүйе ішілік қызмет көрсетілуін қамтамасыз етеді. Бұл келісім 25 не одан да көп автоматты жұмыс орнымен, соның ішінде құрылғылармен, плоттерлермен, компьютерлермен және диск жетектерімен жабдықталған жұмыс орындарына арналған.

Құрылғыны қайтадан қорабына салу

Егер HP Тұтынушыларды қорғау қызметі құрылғы жөндеу үшін HP компаниясына қайтарылуы керек деп ұйғарса, құрылғыны тасымалдар алдында оны қайтадан қорабына салу үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

- △ **ЕСКЕРТУ:** Дұрыс буып-түймеу нәтижесінде болған тасымалдау зақымдары үшін жауапкершілікті тұтынушы көтереді.

Құрылғыны қайтадан қорабына салу үшін

1. Өзіңіз сатып алып, құрылғыға салған барлық DIMM карталарын шығарып алыңыз. Құрылғымен бірге келген DIMM карталарын шығармаңыз.

- △ **ЕСКЕРТУ:** Статикалық электр DIMM карталарын зақымдауы мүмкін. DIMM карталарын ұстаған кезде, статикаға қарсы білезік тағып алыңыз, не болмаса жиі-жиі DIMM картасының статикаға қарсы орауышын ұстап, содан кейін құрылғыдағы жалаң металды ұстап тұрыңыз. DIMM карталарын шығарып алу үшін [DIMM жад модульдері 202-бетте](#) қараңыз.

2. Баспа картриджін шығарып алып, сақтап қойыңыз.

- △ **ЕСКЕРТУ:** Құрылғыны жіберер алдында баспа картриджін шығарып алудың *маңызы аса зор*. Құрылғының ішінде қалып қойған баспа картриджі тасымалдау кезінде ағып, құрылғының механизміне және басқа бөлшектерге түгел тонер жағылуы мүмкін.

Баспа картриджі зақымданбауы үшін оның ролигіне тиюден сақ болыңыз және баспа картриджін өзінің орауыш материалында немесе оған жарық түспейтіндей етіп сақтаңыз.

3. Қуат кабелін, интерфейстік кабельді және қосымша керек-жарақтарды ажыратып алып, сақтап қойыңыз.

4. Мүмкін болса, жинақпен бірге баспа үлгілерін және дұрыс басылмаған 50-100 парақ қағаз немесе басқа баспа материалын жіберіңіз.
5. АҚШ-та, жаңа орауыш материал алу үшін HP Тұтынушыларды қорғау қызметіне хабарласыңыз. Басқа аймақтарда, мүмкін болса, өзінің орауыш материалын пайдаланыңыз. Hewlett-Packard тасымалдау үшін жабдықты сақтандаруды ұсынады.

Кеңейтілген кепілдік

HP Қолдау қызметі HP аппараттық өнімі мен беретін барлық ішкі компоненттерді сақтандырумен қамтамасыз етеді. Аппараттық құралдарға қызмет көрсету HP өнімі сатып алынған күннен бастап 1-3 жыл мерзімді қамтиды. Тұтынушы HP Қолдау қызметін белгіленген зауыттық кепілдік мерзімі ішінде сатып алуға тиіс. Қосымша ақпарат алу үшін HP Тұтынушыларды қорғау қызметі мен Қолдау тобына хабарласыңыз.

С Техникалық сипаттама

Бұл бөлімде өнім туралы мынадай ақпарат бар:

- [Физикалық ерекшеліктері](#)
- [Электрлік ерекшеліктер](#)
- [Тұтынылатын қуат](#)
- [Қоршаған орта ерекшеліктері](#)
- [Акустикалық қуаты](#)

Физикалық ерекшеліктері

Кесте С-1 Физикалық ерекшеліктері

Өнім	Биіктігі	Қалыңдығы	Ені	Салмағы
HP LaserJet M2727nf	690мм	650мм	500мм	17,2кг
HP LaserJet M2727nfs	780мм	650мм	500мм	20,5кг

Электрлік ерекшеліктер

△ **ЕСКЕРТУ:** Электр қуатына қатысты талаптар өнім сатылған елге/аймаққа негізделген. Жұмыс кернеуін ауыстырмаңыз. Бұл өнімді бұзып, өнімнің кепілдігін жарамсыз етеді.

Кесте С-2 Электрлік ерекшеліктер

Тармақ	110 вольттық модельдер	230 вольттық модельдер
Электр қуатына қатысты талаптар	110-127 В (+/- 10%)	220-240 В (+/- 10%)
	50 / 60 Гц (+/- 2 Гц)	50 / 60 Гц (+/- 2 Гц)
Атаулы ток	4,9 А	2,9 А

Тұтынылатын қуат

Кесте С-3 Қуат тұтыну (орташа, ватт)¹

Өнім моделі	Басып шығару ²	Көшіру ²	Дайын/Ұйқы ³	Өшірулі
HP LaserJet M2727nf	410 Вт	410 Вт	13 Вт	<0,1 Вт
HP LaserJet M2727nfs	410 Вт	410 Вт	13 Вт	<0,1 Вт

¹ Мәндер алдын ала алынған деректерге негізделген. Ағымды ақпаратты www.hp.com/support/LJM2727 қараңыз.

² Есептегі қуат барлық стандартты кернеулер арқылы өлшенген жоғарғы мән болып табылады.

³ Термофиксатор технологиясындағы уақыт мезеті

⁴ Дайын/Ұйқы режимінен басып шығару іске қосылғанға дейінгі қалпына келу уақыты = 8,5 секунд.

⁵ Дайын режиміндегі барлық модельдер үшін ең көп жылудың сейілуі = 45 БЖБ/сағ

Қоршаған орта ерекшеліктері

Кесте С-4 Қоршаған орта ерекшеліктері¹

	Ұсынылған	Жұмыс	Сақтау
Температура	15-32,5 °C	15-32,5 °C	-20-40 °C
Қатынасты ылғалдылық	10-80%	10-80%	95% не кем

¹ Мәндер өзгеруге тән.

Акустикалық қуаты

Кесте С-5 Акустикалық қуаты

Дыбыстық қуат деңгейі	ISO 9296 сәйкес жарияланған ¹
Басып шығару (26 бет/мин)	$L_{wAd} = 6,4$ Бел (А) [64 дБ (А)]
Дайын	Естілмейтін
Дыбыстық қысым деңгейі - Бақылаушы күйі	ISO 9296 сәйкес жарияланған ¹
Басып шығару (26 бет/мин)	$L_{pAm} =$ дБ (А)
Дайын	Естілмейтін

¹ Мәндер алдын ала алынған деректерге негізделген. Ағымды ақпаратты www.hp.com/support/LJM2727 қараңыз.

² Конфигурация сынақтан өтті: HP LaserJet M2727nf бет/мин А4 қолдану арқылы 26 баспаның симплексті байланысы.

D Реттеуші ақпарат


Бұл бөлімде мынадай реттеуші ақпарат бар:

- [FCC талаптарына сәйкестік](#)
- [Қоршаған ортада өнімдерді басқару бағдарламасы](#)
- [Телефон тұтынушыларын қорғау туралы заң \(Америка Құрама Штаттары\)](#)
- [IC CS-03 талаптары](#)
- [Алыс байланыс операциясына арналған ЕО мәлімдемесі](#)
- [Жаңа Зеландияның алыс байланыс туралы мәлімдемелері](#)
- [Сәйкестік декларациясы](#)
- [Қауіпсіздік жөніндегі мәлімдемелер](#)

FCC талаптарына сәйкестік

Бұл жабдық сынақтан өтті және FCC ережелерінің 15-бөліміне сәйкес В класындағы сандық құрылғыға арналған шектеулерге сәйкес келеді деп танылды. Бұл шектеулер жеке орнатудағы зиянды кедергілерден қажетті қорғауды қамтамасыз етуге арналған. Бұл жабдық радио жиілігіндегі энергияны өндіреді, пайдаланады және тарата алады. Егер ол нұсқауларға сәйкес орнатылмаса және қолданылмаса, ол радио байланысқа зиянды кедергі келтіруі мүмкін. Дегенмен, нақты бір орнатуда кедергінің болмайтынына кепілдік берілмейді. Егер бұл жабдық өшкенде немесе қосылғанда радио немесе телеарналар сигналын қабылдауға зиянды кедергі келтірсе, пайдаланушы төмендегі шаралардың біреуі немесе бірнешеуі арқылы кедергіні жоюға талпынады:

- Қабылдау антеннасының бағытын өзгертіңіз немесе орнын ауыстырыңыз.
- Жабдық пен қабылдағышты бір-бірінен алыстау қойыңыз.
- Қабылдағыш орналасқан жердегі розеткадан басқа тізбектегі розеткаға жабдықты жалғаңыз.
- Дилеріңізбен немесе тәжірибелі техникпен ақылдасыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Hewlett-Packard тарапынан нақты мақұлданбай енгізілген кез келген өзгерістер мен түрлендірулер пайдаланушыны осы жабдықты қолдану құқығынан айыруы мүмкін.

Қорғалған интерфейстік кабельді FCC ережелерінің 15-бөлімнің В класындағы шектеулерге сәйкес қолдану талап етіледі.

Бұл жабдық FCC ережелерінің 68-бөліміне сәйкес келеді. Бұл жабдықтың артында жапсырмада басқа ақпаратпен бірге осы жабдыққа арналған FCC тіркеу нөмірі мен қоңыраулы құрылғылардың баламалы саны (REN) бар. Талап етілген жағдайда бұл ақпарат телефон компаниясына берілуге тиіс. REN телефон желісіне қосуға болатын құрылғылар санын айқындау үшін пайдаланылады. Телефон желісіндегі REN саны тым артып кетсе, құрылғылар кіретін қоңырауға жауап ретінде шырылдамауы мүмкін. Көпшілік аймақтарда, бірақ барлығында емес, REN саны бесеуден (5.0) аспауға тиіс. REN жалпы санын анықтау бойынша желіге жалғауға болатын құрылғылардың санын нақты білу үшін қоңырау шалуға болатын аймаққа арналған ең көп REN санын анықтау мақсатымен телефон компаниясына хабарласыңыз.

Бұл жабдық төмендегі USOC ұяларын пайдаланады: RJ11C.

FCC икемді телефон кабелі мен модульді аша осы жабдықпен бірге беріледі. Бұл жабдық 68-бөлімге сәйкес келетін үйлесімді модульді ұя арқылы телефон желісіне немесе ғимараттардың жалғау схемаларына жалғауға арналған. Бұл жабдық телефон компанияларының таксофондық қызметіне қолданылмайды. Ұжымдық пайдалану желісі қызметіне қосылу тарифтерге сәйкес жүзеге асады. Егер бұл жабдық телефон желісіне зиян келтірсе, телефон компаниясы сізге қызмет көрсетуді уақытша тоқтату қажет етілетіні туралы алдын ала хабарлайды. Егер алдын ала ескерту тәжірибеде болмаса, телефон компаниясы тұтынушыға мүмкіндігінше тезірек хабарлауға тырысыады. Сонымен бірге сіз егер қажет деп тапсаңыз, FCC қызметіне шағым беруге құқығыңыз бар екені туралы кеңес аласыз. Телефон компаниясы оның мүмкіндіктеріне, жабдығына, жұмыс істеуіне немесе жабдықтың жұмысына әсер ететін процедураларға өзгеріс енгізуі мүмкін. Егер осы жағдай орын алса, телефон компаниясы үздіксіз қызмет көрсетуді қамтамасыз ету үшін қажетті өзгерістерді енгізу туралы сізге алдын ала ескертеді. Егер бұл жабдықта ақау пайда болса, жөндеу және (немесе) кепілдік туралы ақпарат алу үшін мына нұсқаулықтың бас жағында келтірілген сандарды қараңыз. Егер ақаулықтар телефон желісіне зиян келтірсе, телефон компаниясы мәселе шешілгенше сізден жабдықты желіден ажыта тұруды өтінуі мүмкін. Мына жөндеу жұмыстарын тұтынушы өзі орындай алады: Құрылғымен бірге келетін түпнұсқа жабдықтың кез келген бөлшегін ауыстырыңыз. Олардың қатарына баспа картриджі, науалар мен

қалталардың тіреуіштері, қорек сымы мен телефон кабелі кіреді. Құрылғы жалғанатын айнымалы токтың розеткасына айнымалы токтың желілік сүзгісін жалғау ұсынылады. Бұл найзағай разрядының немесе басқа да электр разрядтарының салдарынан құрылғының зақымдануына жол бермейді.

Қоршаған ортада өнімдерді басқару бағдарламасы

Қоршаған ортаны қорғау

Hewlett-Packard компаниясы қоршаған ортаға зиян тигізбейтін жолмен сапалы өнімдерді шығаруды ұстанады. Бұл өнім қоршаған ортаға зиянды азайтатын бірнеше белгілермен жобаланған.

Озон өндіру

Бұл өнім ешбір елеулі озон газын өндірмейді (O₃).

Тұтынылатын қуат

Дайын/Ұйқы режимінде қуаттың тұтынылуы айтарлықтай азайып, бұл бұйымның жоғары өнімділігіне әсер етпестен табиғи ресурстар мен қаражатты үнемдейді. Бұл өнімнің ENERGY STAR® квалификациялық жағдайын анықтау үшін Өнім Спецификациясын немесе Спецификациялар парағын қараңыз. Жарамды өнімдердің тізімі келесілерде де берілген:

<http://www.hp.com/hpinfo/globalcitizenship/environment/productdesign/ecolabels.html>

Тонерді пайдалану

EconoMode (Үнемдеу режимі) тонерді аз пайдаланып, баспа картрижінің пайдалану мерзімін ұзартуы мүмкін.

Қағаз пайдалану

Бұл құрылғының қолмен таңдалатын/автоматты дуплексті функциясы (екі жақты баспа) және N-дейін басып шығару (бір бетке бірнеше бет басылған) мүмкіндігі қағазды пайдалануды және табиғи қорларға деген сұранысты азайта алады.


Пластмасса

Ауырлығы 25 граммнан асатын пластмасса бөлшектер бұйымның пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін пластмассаның қайта пайдалануға жарамдылығын күшейтетін халықаралық стандарттар бойынша белгіленген.

HP LaserJet баспаға арналған қамсыздандыру құралдары

HP Planet Partners-пен бос HP LaserJet баспа картридждерін қайтару мен қайта пайдалану оңай болады. Әрбір жаңа HP LaserJet баспа картриджі мен жеткізу пакеті ішінде көп тілді бағдарламалық ақпарат пен нұсқаулар бар. Бірнеше картриджді бөлек тапсырмай, бірге тапсыру арқылы қоршаған ортаға келетін зиянды азайтуға көмектесесіз.

HP компаниясы өнімді жобалау мен өндіруден бастап, тарату, тұтынушының пайдалануы және қайта пайдалануға дейінгі кезең ішінде қоршаған ортаға зиян келтірмейтін тапқыр, жоғары сапалы өнімдер мен қызметтер ұсыну қағидасын ұстанады. HP компаниясының Planet Partners (Ғаламшар Өріптестері) бағдарламасына қатысқанға, біз HP LaserJet принтеріңіздің баспа картриджінің дұрыс қайта пайдаланылуын қамтамасыз етіп, оларды жаңа өнімдер шығаруға арналған пластмасса мен металл етіп қалпына келтіру үшін өңдейміз және миллиондаған тонна қалдықтарды қоқыс тастайтын жерге жеткізбейміз. Картридж қайта пайдаланылып, жаңа материалдарда қолданылатындықтан, ол сізге қайтарылмайды. Қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарағаныңыз үшін рахмет!

 **ЕСКЕРІМ:** Қайтару затбелгісін тек нағыз HP LaserJet баспа картриждерін қайтару үшін пайдаланыңыз. Осы затбелгіні HP компаниясының сия картриждері, басқа компаниялардың картриждері, қайта толтырылған не қалпына келтірілген картриждер немесе кепілдікке сәйкес қайтару үшін пайдаланбауыңыз сұралады. HP компаниясының сия картриждерін қайта пайдалану туралы ақпарат алу үшін <http://www.hp.com/recycle> сайтына кіріңіз.

Қайтару және қайта пайдалану туралы ақпарат

Америка Құрама Штаттары мен Пуэрто-Рико

HP LaserJet тонерлі картриждің қорабына салынған затбелгі бір немесе бірнеше пайдаланылған HP LaserJet баспа картриждерін қайтаруға және қайта пайдалануға арналған. Төменгі нұсқауларды орындаңыз.

Бірнеше картрижді қайтару (екіден сегіз картриджге дейін)

1. Әрбір HP LaserJet баспа картриджін өзінің қорабына және қапшығына салыңыз.
2. Сегіз қорапқа дейін (32 кг дейін) біріктіріп таспамен байлап қойыңыз.
3. Бір алдын ала төленген тасымалдау затбелгісін қолданыңыз.

НЕМЕСЕ

1. Жарамды қорабыңызды қолданыңыз, немесе <http://www.hp.com/recycle> адресі не 1-800-340-2445 нөмірі бойынша хабарласып, тегін көлемді қорап (қорапқа сегіз HP LaserJet картриджі сыяды) сұраңыз.
2. Бір алдын ала төленген тасымалдау затбелгісін қолданыңыз.

Бір ғана картрижді қайтару

1. HP LaserJet баспа картриджін өзінің қабына және қорабына салыңыз.
2. Тасымалдау затбелгісін қораптың алдыңғы жағына жабыстырыңыз.

Тасымалдау

Барлық HP LaserJet баспа картриждерді қайта пайдалануға қайтару үшін UPS пошталық компаниясының қызметкері хат хабарларды әкелуге немесе алуға келгенде қорапты оған тапсырыңыз, немесе UPS компаниясының қабылдау орталығына апарып беріңіз. Жергілікті UPS қабылдау орталығының мекен-жайын біліп алу үшін 1-800-PICKUPS нөміріне хабарласыңыз немесе <http://www.ups.com> сайтына кіріңіз. Егер картрижді USPS (Америка Құрама Штаттарының Пошта Қызметіне) арналған затбелгісімен қайтарсаңыз, қорапты USPS қызметкеріне тапсырыңыз немесе USPS пошта кеңсесінде қалдырып кетіңіз. Қосымша ақпарат алу үшін немесе қосымша затбелгілермен көлемді қораптарға тапсырыс беру үшін <http://www.hp.com/recycle> сайтына кіріңіз немесе 1-800-340-2445 нөміріне хабарласыңыз. UPS компаниясы қорапты алып кету үшін өзінің қалыпты алу кету ақысын талап етеді. Бұл ақпарат ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Картриждерді АҚШ-тан басқа елдерде/аймақтарда қайтару

HP компаниясының Planet Partners (Ғаламшар Әріптестері) қайтару және қайта пайдалану бағдарламасында қатысу үшін қайта істеу туралы нұсқаулықта берілген қарапайым нұсқауларды орындаңыз (оны жаңа принтердің қорабында табасыз) немесе <http://www.hp.com/recycle> сайтына кіріңіз. HP LaserJet баспа материалдар мен бөлшектерді қайтару туралы ақпарат алу үшін өзіңізді/аймағыңызды таңдаңыз.

Қағаз

Бұл құрылғы *HP LaserJet Printer Family Print Media Guide* (HP Laserjet принтерлер сериясы үшін жазылған баспа құралдары туралы) нұсқаулықта берілген талаптарға сәйкес болған жағдайда қайта пайдаланылған қағаздарды қолдана алады. EN12281:2002 стандартына сай осы құрылғы қайта пайдаланылған қағазды қолдануға жарамды.

Материалдық шектеулер

Бұл HP бұйымының құрамында сынап қосындысы жоқ.

Бұл HP бұйымындағы батарея пайдалану мерзімі біткеннен кейін арнайы қатынасты қажет етуі мүмкін. Осы бұйымға арналған немесе Hewlett-Packard компаниясы қамтамасыз ететін батареялар төмендегілерді қамтиды:


HP LaserJet M2727	
Түрі	Көміртегі монофлуоридті литий
Салмағы	0.8 г
Орны	Форматталған басып шығару платасында
Пайдаланушы ауыстыратын	No (Жоқ)



廢電池請回收

Қалдықтарды өңдеу туралы ақпаратты алу үшін www.hp.com/recycle сайтына кіріңіз немесе жергілік органдарға немесе Электроникалық Өнеркәсіп Одағына хабарласыңыз. www.eiae.org.

Еуропа Одағы аумағындағы жеке үйлерде тұратын пайдаланушылардың жабдық қалдықтарын тастауы



Өнімде немесе оның орауышында тұрған осы рәміз бұл өнімді басқа тұрмыстық қоқыспен бірге лақтыруға болмайтындығын білдіреді. Сіз қалдық болып қалған жабдықты электрондық және электр жабдықтарды қайта пайдалануға арналған жинау орнына әкелу үшін жауапты боласыз. Ескірген жабдықтарды лақтыру кезіндегі бөлек жинау табиғи ресурстарды сақтауға және оларды адам денсаулығы мен қоршаған ортаға зиян келтірмейтін түрде қайта пайдалануға көмектеседі. Ескірген жабдықтарды қайта пайдалану үшін қай жерге тастау керектігі туралы қосымша ақпарат алу үшін қала әкімшілік кеңсесімен, үй қалдықтарын лақтыру қызметімен немесе бұл өнімді Сізге сатқан дүкенмен хабарласыңыз.

Материалдардың қауіпсіздігі туралы мәліметтер парағы (MSDS)

Құрамында химиялық заттар бар материалдар мен бөлшектер (мәселен, тонер) туралы материалдардың қауіпсіздігі туралы мәліметтер парағын (MSDS) алу үшін www.hp.com/go/msds немесе www.hp.com/hpinfo/globalcitizenship/environment адресінде орналасқан HP компаниясының Веб сайтына кіріңіз.

Қосымша ақпарат алу үшін

Мынадай қоршаған ортаны қорғауға байланысты тақырыптар туралы ақпарат алу үшін:

- Осы өнім және HP компаниясының көптеген байланысты өнімдері үшін қоршаған ортаны қорғауына қатысты ақпарат парағы
- HP компаниясының қоршаған ортаны қорғау туралы ұстанымы
- HP компаниясының қоршаған ортаны қорғау қатысты мәселелерді басқару жүйесі
- HP компаниясының қызмет ету мерзімі біткен өнімдерді қайтару және қайта пайдалану бағдарламасы
- Материалдардың қауіпсіздігі туралы мәліметтер парақтары

www.hp.com/go/environment немесе www.hp.com/hpinfo/globalcitizenship/environment/index.html сайтына кіріңіз.

Телефон тұтынушыларын қорғау туралы заң (Америка Құрама Штаттары)

1991 жылғы Телефон тұтынушыларын қорғау туралы заң кез келген тұлға үшін компьютерді немесе электрондық құрылғыны, соның ішінде факс аппаратын пайдалану, хабардың мазмұнында, әрбір жіберілген беттің жоғарғы және төменгі жиегінде немесе бірінші бетінде жіберілген күні мен уақыты және хабар жіберуші мекеменің, басқа субъектінің немесе жеке тұлғаның аты және жіберуші аппараттың немесе мекеменің, басқа субъектінің немесе жеке тұлғаның телефон нөмірі нақты көрсетілмейінше кез келген хабарды жіберу заңсыз болып табылады. (Берілген телефон нөмірі құрамында 900 бар нөмір немесе ақысы жергілікті немесе алыс байланыс ақыларынан асып кететін нөмір бола алмайды.)

IC CS-03 талаптары

Ескерту: Канаданың өнеркәсіп жапсырмасы жабдықтың сертификатталғанын айғақтайды. Бұл сертификат жабдықтың Терминалды жабдықтың техникалық талаптары туралы тиісті құжатта (тарда) көрсетілгендей белгілі бір телекоммуникация желісінің қорғаушы, жұмыс және қауіпсіздік талаптарына сәйкес келетінін білдіреді. Департамент жабдықтың пайдаланушы қанағатына жұмыс істейтініне кепілдік бермейді. Бұл жабдықты орнатардан бұрын, пайдаланушылар жабдықтың жергілікті телекоммуникациялық компанияның жабдығына жалғауға рұқсат екенін біліп алуы керек. Сонымен қатар жабдық рұқсат етілген жалғау әдісі арқылы орнатылуға тиіс. Тұтынушы жоғарыда айтылған шарттармен келісу кейбір жағдайларда қызмет көрсету деңгейінің төмендеуіне жол бермейтіндігін білуі керек. Сертификатталған жабдықты жөндеу жұмыстарына жеткізуші белгілеген өкіл келісім беруі керек. Бұл жабдыққа пайдаланушы жасаған кез келген жөндеу жұмыстары немесе өзгертулер немесе жабдықтың ақаулықтары телекоммуникациялық компанияның пайдаланушыдан жабдықты ажыратуды өтінуіне себепші болуы мүмкін. Пайдаланушылар жеке қорғанышы үшін қуат көзінің жерге қосылатын сымдарының, телефон желілерінің және, егер бар болса, ішкі металды су түтіктері жүйесінің бірге жалғануын қамтамасыз етуі керек. Бұл сақтандыру қалалық аймақтарда өте маңызды болады.

- △ **ЕСКЕРТУ:** Пайдаланушылар мұндай жалғауларды өздерінше жасауға талпынбауы керек, қажетінше тиісті электр желілерін бақылау мекемесіне немесе электр маманына хабарласуы керек. Бұл құрылғының қоңыраулы құрылғыларының баламалы саны (REN) 0.7 болып келеді.

Ескерту: Әрбір терминалды құрылғыға берілген қоңыраулы құрылғылардың баламалы саны (REN) телефон интерфейсіне жалғауға мүмкіндік беретін терминалдардың ең көп санын көрсетеді. Интерфейстің соңғы нүктесі барлық құрылғылардың қоңыраулы құрылғыының баламалы саны бестен (5.0) аспайды деген талапқа ғана тән құрылғылардың қосылуынан құралуы мүмкін. Телефон желісіне тікелей жалғанатын жабдыққа арналған стандартты жалғауды реттеу коды (телефон ұясы түрі) CA11A болып келеді.

Алыс байланыс операциясына арналған ЕО мәлімдемесі

Бұл өнімді Еуропалық Экономикалық Аумақ (ЕЭА) елдерінің/аймақтарының аналогтық Жалпы пайдаланудағы телефон желісіне (PSTN) жалғауға арналған. Ол EU R&TTE Directive 1999/5/EC (Annex II) талаптарына сәйкес келеді және онда CE тиісті сәйкестілік белгісі бар. Толық мәлімет алу үшін бұл нұсқаулықтың басқа бөлімінде өндіруші жазған Сәйкестік декларациясын қараңыз. Дегенмен, жеке ұлттық PSTN желілерінің арасындағы айырмашылықтарға байланысты өнім әрбір PSTN желісінің соңғы нүктесінде сәтті жұмыс істеуіне шартта қамтылмаған кепілдік бере алмайды. Желінің үйлесімділігі PSTN желісіне жалғауын дайындау кезінде тұтынушы таңдаған лайықты параметрге байланысты болады. Пайдаланушы нұсқаулығында берілген нұсқауларды орындаңыз. Егер сізде желілердің үйлесімділігіне қатысты ақаулықтар кездесе, жабдығыңызды жеткізушіге немесе қолданушы елдегі/аймақтағы Hewlett-Packard компаниясының көмек қызметіне хабарласыңыз. PSTN соңғы нүктеге жалғау жергілікті PSTN операторы бекіткен қосымша талаптарға тән болуы мүмкін.

Жаңа Зеландияның алыс байланыс туралы мәлімдемелері

Терминалды жабдықтың кез келген бөлшегіне телекоммуникациялық компанияның рұқсатын беру телекоммуникациялық компания сол бөлшектің желіге жалғауға арналған ең аз шарттарға сәйкес келетінін ғана қабылдағанын көрсетеді. Бұл телекоммуникациялық компанияның өнімді растамайтынын және кез келген кепілдікте қамтылмағанын көрсетеді. Ең бастысы, бұл кез келген бөлшектің басқаша жасалған немесе модельдегі телекоммуникациялық компания рұқсат берген жабдықтың басқа бөлшегіне қатысты дұрыс істейтініне кепілдік бермейді және кез келген өнімнің телекоммуникациялық компанияның барлық желі қызметтеріне үйлесетінін тұспалды түрде мәлімдемейді.

Бұл жабдық бір желіге жалғанған басқа құрылғыға қоңырауды тиімді өткізбеуі мүмкін.

Бұл жабдық телекоммуникациялық компанияның 111 жедел қызметіне автоматты қоңырау шалуға қойылмауы керек.

Бұл өнім Жаңа Зеландия үшін FaxAbility (Факс қабілеттілігі) ерекше қоңырау шалу қызметімен үйлесімділігін қамтамасыз ететін сынақтан өтпеген.

Сәйкестік декларациясы

Сәйкестік декларациясы

ISO/IEC 17050-1 and EN 17050-1 сәйкес

Өндірушінің аты: Hewlett-Packard Компаниясы DoC#: BOISB-0602-01-rel.1.0
Өндірушінің мекенжайы: 11311 Chinden Boulevard,
Бойсе, Айдахо 83714-1021, АҚШ

өнімді, жариялайды

Өнім аты HP LaserJet M2727 nf және M2727nfs
Реттеуші модель нөмірі²⁾ BOISB-0602-01

Өнім опциялары: Қамтиды: Q7556A—Қосымша 250 парақтық кіріс науасы
Баспа картридждері: БАРЛЫҒЫ
Q7553A / Q7553X

Төмендегідей өнім ерекшеліктеріне сәйкес келеді:

ҚАУІПСІЗДІК: IEC 60950-1:2001 / EN60950-1: 2001 +A11
IEC 60825-1:1993 +A1 +A2 / EN 60825-1:1994 +A1 +A2 (1 класы лазер/ЖД өнім)
GB4943-2001

EMC: CISPR22:2005 / EN55022:2006 – В Класы¹⁾
EN 61000-3-2:2000 +A2
EN 61000-3-3:1995 +A1
EN 55024:1998 +A1 +A2
FCC 47-тарау CFR, 15-бөлім В класы¹⁾ / ICES-003, 4-басылым
GB9254-1998, GB17625.1-2003

АЛЫС БАЙЛАНЫС: ES 203 021; FCC 47-тарау CFR, 68-бөлім³⁾

Қосымша ақпарат:

Өнім осымен EMC Directive 2004/108/EC (электромагниттік үйлесімділік туралы нұсқау) және Low Voltage Directive 2006/95/EC (төмен кернеу туралы нұсқау), R&TTE Directive 1999/5/EC (Annex II) талаптарына сәйкес келеді және сәйкесінше CE белгісімен таңбаланған.

Бұл өнім FCC Ережелерінің 15-Бөліміне сәйкес келеді. Жұмыс істеуі екі шартқа бағынышты: (1) бұл құрылғы зиянды кедергі тудырмауы керек және (2) бұл құрылғы кез келген кедергіні, соның ішінде керексіз әрекеттің тууына себепші болатын кедергіні де қабылдауы керек.

1) Бұл өнім Hewlett-Packard компаниясының дербес компьютерлер жүйесі арқылы әдеттегі конфигурацияда сынақтан өткен.

2) Реттеуші мақсаттар үшін бұл өнімге реттеуші модель нөмірі беріледі. Ол нөмірді өнім атауымен немесе өнім нөмірімен(лерімен) шатастырмау керек.

3) Мақсатты елдерге арналған телекоммуникациялық компанияның бекітулері мен стандарттары жоғарыда берілгендерден басқа осы өнімге қолданылды.

Бойсе, Айдахо , АҚШ

2007 ж. маусым

Тек реттеуші тақырыптарға арналған:

Еуропамен Жергілікті Hewlett-Packard компаниясының сату және қызмет көрсету орталығы немесе Hewlett-Packard GmbH, хабарласу үшін: HQ-TRE Департаменті/ Еуропалық стандарттар,, Херренбергер көшесі 140, , D-71034, Бёблинген, (ФАКС: +49-7031-14-3143)

АҚШ хабарласу үшін: Өнімді реттеу жөніндегі менеджер, Hewlett-Packard Компаниясы,, Абаненттік жәшік 15, Пошта жәшігі 160, Бойсе, ID 83707-0015, , (Телефон: 208-396-6000)

Қауіпсіздік жөніндегі мәлімдемелер

Лазерлік қауіпсіздік

Америка Құрама Штаттарының азық-түлік пен дәрі-дәрмекті бақылау жөніндегі Басқармасының құрылғыларды және радиологиялық қауіпсіздікті бақылау Орталығы 1976 жылдың 1-тамызынан бастап шығарылған лазерлік өнімдер үшін ережелер енгізді. Америка Құрама Штаттарында сатылатын өнімдер міндетті түрде осы ережелерге сәйкес болуы тиіс. Денсаулықты сақтау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі 1968 жылы қабылданған Заңға сәйкес АҚШ Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету Министрлігінің радиациялық қауіпсіздік жөніндегі стандартына сәйкес құрылғы «1-кластық» лазерлік өнім ретінде бекітілді. Құрылғы ішінде шығатын радиация қорғаныш қаптамалары және сыртқы жабындар көмегімен толық шектелгендіктен, қалыпты пайдаланудың кез-келген кезеңінде лазер сәулесі сыртқа шыға алмайды.

△ **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Осы пайдаланушыға арналған нұсқаулықта көрсетілмеген басқару құралдарын пайдалану, реттеулер немесе процедураларды орындау радиациялық қауіптің пайда болуына алып келуі мүмкін.

Канада Сауда Министрлігінің ережелері

Complies with Canadian EMC Class B requirements.

« Conforme à la classe B des normes canadiennes de compatibilité électromagnétique. « CEM ». »

Электромагниттік кедергілер жөніндегі мәлімдеме (Корея)

B급 기기 (가정용 정보통신기기)

이 기기는 가정용으로 전자파적합등록을 한 기기로서
주거지역에서는 물론 모든지역에서 사용할 수 있습니다.

Финляндия үшін лазерлік қауіпсіздік жөніндегі мәлімдеме

Luokan 1 laserlaite

Klass 1 Laser Apparat

HP LaserJet M2727nf, M2727nfs, laserkirjoitin on käyttäjän kannalta turvallinen luokan 1 laserlaite. Normaalisissa käytössä kirjoittimen suojakotelointi estää lasersäteiden pääsyn laitteen ulkopuolelle. Laitteen turvallisuusluokka on määritetty standardin EN 60825-1 (1994) mukaisesti.

VAROITUS !

Laitteen käyttäminen muulla kuin käyttöohjeessa mainitulla tavalla saattaa altistaa käyttäjän turvallisuusluokan 1 ylittävälle näkymättömälle lasersäteilylle.

WARNING !

Om apparaten används på annat sätt än i bruksanvisning specificerats, kan användaren utsättas för osynlig laserstrålning, som överskrider gränsen för laserklass 1.

HUOLTO

HP LaserJet M2727nf, M2727nfs - kirjoittimen sisällä ei ole käyttäjän huollettavissa olevia kohteita. Laitteen saa avata ja huoltaa ainoastaan sen huoltamiseen koulutettu henkilö. Tällaiseksi huoltotoimenpiteeksi ei katsota väriainekasetin vaihtamista, paperiradan puhdistusta tai muita käyttäjän käsikirjassa lueteltuja, käyttäjän tehtäväksi tarkoitettuja ylläpitotoimia, jotka voidaan suorittaa ilman erikoistyökaluja.

VARO !

Mikäli kirjoittimen suojakotelo avataan, olet alttiina näkymättömälle lasersäteilylle laitteen ollessa toiminnassa. Älä katso säteeseen.

VARNING !

Om laserprinterns skyddshölje öppnas då apparaten är i funktion, utsätts användaren för osynlig laserstrålning. Betrakta ej strålen. Tiedot laitteessa käytettävän laserdiodin säteilyominaisuuksista: Aallonpituus 775-795 nm Teho 5 m W Luokan 3B laser.

Материалдар кестесі (Қытай)


根据中国电子信息产品污染控制管理办法的要求而出台

Кесте D-1 有毒有害物质表

部件名称	有毒有害物质和元素					
	铅 (Pb)	汞 (Hg)	镉 (Cd)	六价铬 (Cr(VI))	多溴联苯 (PBB)	多溴二苯醚 (PBDE)
打印引擎	X	O	X	X	O	O
复印机组件	X	O	O	O	O	O
控制面板	O	O	O	O	O	O
塑料外壳	O	O	O	O	O	O
格式化板组件	X	O	O	O	O	O
碳粉盒	X	O	O	O	O	O

O:表示在此部件所用的所有同类材料中, 所含的此有毒或有害物质均低于 SJ/T11363-2006 的限制要求。

X:表示在此部件所用的所有同类材料中, 至少一种所含的此有毒或有害物质高于 SJ/T11363-2006 的限制要求。

 **ЕККЕПІМ:** 引用的“环保使用期限”是根据在正常温度和湿度条件下操作使用产品而确定的。

Глоссарий

ADF құрылғысы Құжатты автоматты беру құрылғысы. ADF құрылғысы көшіру, сканерлеу немесе факспен жіберу үшін түпнұсқаларды автоматты түрде өнімге беруге пайдаланылады.

DIMM модулі Қос желілі жад модулі, жадты ұстап тұратын кішкентай баспа платасы. DIMM модулінің 64 битті жолы болса, жалғыз желілі жад модулінің (SIMM) жадқа сақтауға арналған 32 битті жолы бар.

DSL Сандық абонеттік желі, жоғары жылдамдықты қосатын технология, телефон желілері арқылы интернетке тікелей жалғау.

HP ToolboxFX HP ToolboxFX - өнімді басқару және ақаулықтарды түзету саймандарына, енгізілген веб-серверге және өнімнің құжаттамасына өтуді қамтамасыз ететін бағдарлама. HP ToolboxFX Macintosh операциялық жүйесіне қолдау көрсетпейді.

HP Анықтамалығы Құжаттармен жұмыс істеген кезде пайдаланылатын бағдарламалық экран. Құжатты автоматты беру (ADF) құрылғысына құжат салынғанда және компьютер өнімге тікелей жалғанғанда, факспен жіберуді, көшіруді немесе сканерлеуді іске қосу үшін компьютердің экранына HP Анықтамалығы шығады.

ISDN Integrated Services Digital Network (ISDN) (Тұтас қызметтері бар сандық желі) - жалпы пайдаланудағы телефон желісі арқылы тура сандық байланысқа арналған халықаралық деңгейде қабылданған стандарттар жиынтығы.

Readiris I.R.I.S. жетілдірген символдарды оптикалық тану (OCR) және өнімнің бағдарламалық құралымен бірге қамтылатын.

TWAIN Сканерлер мен бағдарламалық құралға арналған өнеркәсіптік стандарт. TWAIN икемді бағдарламасымен TWAIN икемді сканерді қолдана отырып, сканерлеуді бағдарламадан бастауға болады.

URL Ақпаратты ресурсты бірыңғай көрсеткіш, интернеттегі құжаттар мен ресурстардың желілік адресі. Адресінің бірінші бөлігі қандай протоколды пайдалану керектігін көрсетеді, екінші бөлігі ресурс орналасқан жердегі IP адресін немесе домен атын білдіреді.

USB Universal serial bus (USB) (Әмбебап бірізді шинасы) - компьютерлер мен перифериялық құрылғыларды жалғауға арналған USB Implementers Forum, Inc., жетілдірген стандарт. USB перифериялық құрылғыларды көбейту үшін жалғыз компьютердің USB портына келісе отырып жалғауға арналған.

WIA Windows Imaging Architecture (WIA) (Windows жүйесіндегі бейненің құрылысы) - Windows Me және Windows XP жүйесінде қолданылатын бейненің құрылысы. Сканерлеуді WIA икемді сканері арқылы осы операциялық жүйелерде бастауға болады.

ажыратымдылық Бейненің айқындығы, нүкте/дюйммен (нүк/дюйм) өлшенген. Нүк/дюйм артқан сайын, ажыратымдылық мәні артады.

байланыс Ақпаратты өнімнен электрондық пошта, электрондық факс және OCR байланыстары секілді басқа бағдарламаларға жіберу үшін қолдануға болатын бағдарламаға немесе құрылғыға жалғау.

браузер Веб-браузеріне қысқа, орнын анықтау үшін қолданылатын бағдарламалық құрал және веб-беттерді ашыңыз.

дюймдегі нүкте (нүкте/дюйм) Басып шығаруға қолданылатын ажыратымдылық өлшемі. Жалпы, әр дюймдегі көп нүкте ажыратымдылықтың мәнінің артуына, бейнедегі көрінетін элементтердің көбеюіне және файл өлшемінің артуына нәтиже береді.

дюймдегі пиксел (пиксел/дюйм) Сканерлеуге қолданылатын ажыратымдылық өлшемі. Жалпы, әр дюймдегі көп нүкте ажыратымдылықтың мәнінің артуына, бейнедегі көрінетін элементтердің көбеюіне және файл өлшемінің артуына нәтиже береді.

ерекше қоңырау Кейбір елдерде/аймақтарда телефон компаниялары ұсынатын қызмет бір телефон желісінде екі не үш телефон нөмірлерін қондыруға мүмкіндік береді. Әрбір телефон нөмірінің әр түрлі шырылдау үлгісі бар және факс аппаратын факс нөмірінің ерекше қоңырауын тануға конфигурациялауға болады.

ерекшеленген желі Дауыстық қоңауларға немесе факс қоңырауларына қолданылатын жалғыз телефон желісі.

жалпы пайдаланудағы телефон желісі (PSTN) Дүниежүзілік коммутациялы телефон желісі немесе сол желінің бір бөлігі. Пайдаланушыларға телефон торабындағы жергілікті компаниялар арқылы PSTN желісіне жалғауға мүмкіндік беретін бірегей телефон нөмірлерін орнатады. Көбінесе, мәліметтерге жүгінгенде немесе басқа телефонға қатыссыз қызмет орындары бастапқыда негізі салынған жолмен қалыпты телефон сигналдарын және қарапайым коммутациялы алыс байланыс телефондық тізбегін қолдана отырып өткізгенде, осы айналым қолданылады.

жартылай реңк Нүктелердің санын өзгерту арқылы сұр шәкілдегіні көрсететін бейне. Ашықтау жерлер нүктелердің аз санынан тұрса, түрлі түсі айқын жерлер нүктелердің көп санынан тұрады.

жеке пайдалануға арналған телефон жүйесі (PBX) Үлкен мекемелер мен университеттердің ұйымдағы барлық қосымша телефондарды жалғауға пайдаланатын кішкентай телефонды қосу жүйесі. Сонымен бірге PBX жүйесі жалпы пайдаланудағы телефон желісіне (PSTN) жалғайды және кіретін және шығатын қоңырауларды анықтау үшін қосымша телефондар арқылы пайдаланылатын әдіске байланысты қолмен немесе автоматты терілуі мүмкін. Әдетте жабдыққа жалға берген телефон компаниясына қарағанда тұтынушы иелік етеді.

кернеу ауытқуынан қорғағыш Қуат көзін және байланыс желілерін электр разрядынан қорғайтын құрылғы.

қарама-қарсылық Бейненің қою және ашық жерлерінің арасындағы айырмашылық. Санның мәні неғұрлым кем болған сайын, көлеңкелер бір-біріне соғұрлым ұқсас болады. Санның мәні неғұрлым артқан сайын, көлеңкелер бір-бірінен соғұрлым алшақтай түседі.

ортақ желі Дауыстық және факс қоңырауларына қолданылатын жалғыз телефон желісі.

принтер драйвері Принтер драйвері бағдарламалардың өнім функцияларына өтуге қолданатын бағдарламасы болып табылады. Принтер драйвері (беттің үзілуі және қаріпті таңдау секілді) бағдарламалардың пішімдеу командаларын (PostScript немесе PCL секілді) принтер тіліне аударады, содан кейін басып шығарылатын файлды өнімге жібереді.

салыстыру Жинақтағы көп көшірме жасау тапсырмасын басып шығару процесі. Салыстыру таңдалғанда, өнім қосымша көшірмелерді басып шығарар алдында жинақты толығымен басып шығарады. Немесе, өнім келесі беттерді басып шығарар алдында бір беттің білгіленген сандағы көшірмелерін басып шығарады.

Символдарды оптикалық тану (OCR) бағдарламалық құралы OCR бағдарламалық құралы сканерленген құжат секілді мәтіннің электрондық бейнесін мәтіндік процессор, ірі пішімді кесте және дерекқор бағдарламалары қолдана алатын пішінге өзгертеді.

су таңбалары Су таңбасы фондық мәтінді басып шығарылып жатқан құжатқа қосады. Мысалы, құжаттың құпия екенін көрсету үшін «Құпия» белгісі құжаттың фондық мәтініне басылып шығады. Таңдау алдын ала анықталған су таңбалары жинағынан жасалады және қаріпі, өлшемі, бұрышы және стилі өзгеруі мүмкін. Өнім бірінші бетке ғана немесе барлық беттерге су белгісін қоя алады.

сұр шәкілі Түрлі түсті бейнелер сұр шәкілдегіге ауысқандағы бейненің ашық және қою бөліктерін көрсететін сұр түсті көлеңкелер; түстер әр түрлі сұр түс көлеңкелері арқылы берілген.

үтір (,) Факс батырмаларын теру ретіндегі үтір өнімнің сол теру ретінде паузаға түсетінін көрсетеді.

файл форматы Файл мазмұнының бағдарлама немесе бағдарламалар тобы арқылы құрылу жолы.

факс Факсты қысқарту. Телефон желісі арқылы басылған бетті электрондық кодтау және электрондық бетті жіберу. Өнімнің бағдарламалық құралы модем мен факс бағдарламалық құралын қажет ететін электрондық факс бағдарламаларына тармақтарды жібере алады.

факс параметрлері Қойылғанда немесе өзгертілгенде, қайтадан өзгергенше жасалған таңдауды қолдана беретін факсқа қатысты тапсырмалар. Үлгі ретінде өнімнің бос емес нөмірді қанша рет қайта тергені алынады. Бұл функциялар басқару панелінің мәзіріндегі жеке бөлімінде тұрады.

факс функциялары Басқару панелінен немесе бағдарламалық құрал арқылы жүзеге асатын факсқа қатысты тапсырмалар ағымды тапсырмаға ғана әсер етеді немесе Дайын күйіне оралмастан бұрын жадты тазалау секілді тапсырманы бір-ақ рет орындайды. Бұл функциялар басқару панелінің мәзіріндегі жеке бөлімінде тұрады.

эл. пошта (электрондық пошта) Электрондық поштаны қысқарту. Байланыс желісі арқылы тармақтарды электрондық жолмен беруге қолданылатын бағдарламалық құрал.

Индекс

Таңбалар/Сандар

- 1-науа
 - кептелулер, тазалау 224
 - орны 5
 - салу 65
- 2-науа
 - кептелулер, тазалау 224
 - орны 5
 - салу 65
- 3-науа
 - бөлшек нөмірі 265
 - кептелулер, тазалау 224
 - орны 5
 - салу 65

А

- абдықтар
 - мәртебе беті, басып шығару 184
- автоматты түрде жауап беру машиналары, қосу факс параметрлері 144
- автоматты түрде кішірейту параметрлері, факс 148
- ажыратқыш, орны 5
- ажыратқыш қабат, тапсырыс беру 266
- ажыратымдылық сканерлеу 119
- техникалық сипаттама 3
- факс 141, 142
- Акустикалық қуаты 280
- ақауларды табу және жою жылдамдық, факспен жіберу 181
- нөмірді теру 177
- факс есептері 181
- факс қатесін түзетуді орнату 175
- факстерді жіберу 176
- факстерді қабылдау 178
- ақаулықтарды түзету тізімі 210
- ақаулықтарды түзету
 - EPS файлдары 258
 - USB кабельдері 242
 - әлсіреген баспа 234
 - басқару панелінің дисплейі 220
 - басқару панелінің хабарлары 213
 - баспа сапасы 234
 - бекітілмеген тонер 236
 - беруге қатысты мәселелер 241
 - беттер басылып шықпайды 242
 - беттер тым ашық 244
 - беттер тым қою 244
 - бұралып қалған баспа құралы 237
 - желі 254
 - желінің конфигурациялық беті, басып шығару 55
 - кептелулер 221
 - конфигурациялық бет, басып шығару 55
 - көшірменің өлшемі 246
 - көшірме сапасы 243
 - көшіру 246
 - қағаз 239
 - қайталанбалы ақаулықтар 239
 - қапсырма 253
 - қапсырмалы кептелулер 232
 - қисық беттер 238, 240
 - мәтін 237
 - мыжылу 238
 - сканерлеу сапасы 247, 249
 - сызықтар, басылған беттер 235
 - сызықтар, көшірмелер 244
 - сызықтар, сканерлеу 249
 - таза беттер 241
 - таза сканерлеу 249
 - тонер дақтары 234
 - тонер жұғындысы 236
 - тонер шашырандысы 238
 - төтенше қателер туралы хабарлар 217
 - ақ-қара сканерлеу 120
 - ақ немесе түсі әлсіз жолақтар, ақаулықтарды түзету 244
 - ақпараттық беттер
 - желі конфигурациясы 55
 - конфигурация 55
 - ақ тік немесе түсі әлсіз жолақтар 244
 - ақшыл баспа, ақаулықтарды түзету 234
 - ақшылдық
 - түсі әлсіреген баспа, ақаулықтарды түзету 234
 - Алдау оқиғасы жөнінде хабарлау үшін HP жедел байланыс желісі 200
 - Алдау оқиғасы жөнінде хабарлау үшін жедел байланыс желісі 200
 - алдын ала орнатпалар (Macintosh) 42
 - Алыс байланыс операциясына арналған ЕО мәлімдемесі 290
 - Анықтама жиекбелгісі, HP ToolboxFX 190
 - апталық жүйе ішілік қызмет көрсету 273

- арнайы арқау ұсынымдар 63
- арнайы қағаз ұсынымдар 63
- арнаулы қоңырау параметрлері 146
- ашық көшіру 244
- ашықтық көшіру қарама-қарсылығы 101
- факс контрасты 141

- Ә**
- әдеттегі парақ өлшемі параметрлері Macintosh 42
- әр беттік сканерлеу (Macintosh) 46

- Б**
- бағдарламалық құрал
 - HP ToolboxFX 33, 186
 - HP Web Jetadmin 33
 - Linux 35
 - Macintosh жою 40
 - Macintosh конфигурациялық құрылғысы 41
 - Readiris OCR 116
 - Solaris 35
 - TWAIN немесе WIA ішінен сканерлеу 115
 - UNIX 35
 - Windows 34
 - Windows компоненттері 25
- баптаулары 38
- енгізілген Веб сервер 33, 40
- жылдам орнату 8
- компоненттер 8
- қолдау көрсетілетін операциялық жүйелер 7, 26
- тарапынан қолдаулы операциялық жүйелер 38
- ұсынылған орнату 8
- бағдарламалық құралдар параметрлер 29
- факстерді жіберу 161
- факстерді қабылдау 147
- бағдарламалық құралды жою
 - Windows 32
- бағдарламалық құралды жылдам орнату 8
- бағдарламалық құралдың желіге орнатылуы, Macintosh 40
- тікелей байланысын орнату, Macintosh 39
- бағдарламаны жою
 - Windows бағдарламалық құралы 32
- бағыт, орнату 84
- байланыс жылдамдығының параметрлері 57
- байланысқа дайын болу сигналын табу параметрлері 139
- баптау
 - драйверлерінің алдын ала орнатпаларын (Macintosh) 42
- баптаулар
 - басымдылығы 38
 - драйверлері 30
- басқару панелі
 - HP ToolboxFX жүйесінің параметрлері 192
 - ақаулықтарды түзетуге қатысты дисплейдегі мәселелер 220
 - мәзірлер 13
 - параметрлер 29
 - сканерлеу (Macintosh) 46
 - тазалағыш бет, басып шығару 204
- басқару панелінің баптаулары 38
- хабарлары, ақаулықтарды түзету 213
- баспа картридждері
 - алдау оқиғасы жөнінде хабарлау үшін HP жедел байланыс желісі 200
 - ауыстыру 201
 - бөлшек нөмерлері 262
 - есікті ашу, орны 5
 - кепілдік 270
 - қайта пайдалану 200, 284
 - мәртебе, көмегімен көру HP ToolboxFX 186
 - мәртебе, тексеру 199
 - сақтау 199
- баспа картридждерін ауыстыру 201
- баспа картриджі аймағындағы кептелу, тазалау 231
- баспа катридждерді қайта пайдалану 201
- баспа құралдары
 - ADF, сәйкес келетін өлшемдер 176
 - арнайы баспа құралдарында басып шығару 77
 - бағыт, орнату 84
 - бет/парақ, Windows 90
 - көз, таңдау 82
 - көшіру параметрлері 102
 - қолдау көрсетілетін 61
 - қолдау көрсетілетін өлшемдер 61
 - құжат өлшемі, таңдау 80
 - науа үшін стандартты өлшем 67
 - өлшем, таңдау 81
 - өлшемін және түрін таңдау 70
 - түр, таңдау 83
 - факстің автоматты түрде кішірейту параметрлері 148
- баспа құралдарын салу
 - 1-науа 65
 - 2-науа 65
 - қосымша 3-науа 65
- баспа құралы
 - HP ToolboxFX параметрлері 192
 - ақаулықтарды түзету 239
 - бұралып қалған, ақаулықтарды түзету 237
 - кептелулер 221
 - қапсырмалау 197, 198
 - мыжылған 238
 - өлшемі, өзгерту 103
 - түрі, өзгерту 104
- Баспа параметрлері жиекбелгісі, HP ToolboxFX 193

баспа сапасы
HP ToolboxFX
параметрлері 191
ақаулықтарды түзету 234,
250
баспа тапсырмасы
тоқтату 73
баспа тығыздығы
параметрлерді өзгерту 76
басымдық, параметрлер 29
басымдылық, баптаулар 38
басып шығару
Macintosh 42
USB байланыс 50
ақаулықтарды түзету 242
бетті пайдалану 185
екі жағына (дуплексті),
Macintosh 44
екі жағында, Windows 88
жабдықтар мәртебесінің
беті 184
желіге қосылу 54
желілік есеп 185
жиектен жиекке 102
компьютерге тікелей қосу 50
конфигурация беті 184
қаріптер тізімдері 184
мәзір картасы 185
өзгеше өлшемдегі қағазда
басып шығару 80
сілтемелер 87
таныстыру беті 184
басып шығару картриджері
Macintosh мәртебесі 45
баяу жылдамдық, ақауларды
табу және жою
факспен жіберу 181
бейненің сапасы
көшірме, ақаулықтарды
түзету 243
сканерлеу, ақаулықтарды
түзету 247, 249
бейне сапасы
баспа, ақаулықтарды
түзету 234, 250
бекітілмеген тонер,
ақаулықтарды түзету 236
беруге қатысты мәселелер,
ақаулықтарды түзету 241

беру құрылғысының
кепілдігі 270
бет/парақ
Windows 90
Бет өлшемдері бойынша
масштабтау опциясын орнату,
факс 148
бет параққа 43
беттер
басылып шықпайды 242
бермеу 240
қисық 238, 240
өте қатты бұралу 240
таза 241
бетті пайдалану, басып
шығару 185
бос емес сигналдары, нөмірді
қайта теру опциялары 139
бөлшек нөмірлері
жабдықтар 262
жад 263
кабельдер 264
науалар 265
пайдаланушы алмастыратын
бөлшектер 266
бөлшектер, пайдаланушы
алмастыратын 266
буклет параметрлері
Windows 74
бұралып қалған баспа
құралы 237
бүктелу, ақаулықтарды
түзету 238
біліктер, тапсырыс беру 266
бір параққа көп бет 43
бір парақта бірнеше беттер 90
бірінші бет
таза 79
түрлі қағазды пайдалану 43,
78
В
Веб-сайттар
HP Web Jetadmin,
жүктеу 195
Материалдардың қауіпсіздігі
туралы мәліметтер парағы
(MSDS) 287
веб-сайттар
тұтынушыларды қолдау 271

Веб-сайттары
Macintosh тұтынушыларын
қолдау 272

Д
дақтар, ақаулықтарды
түзету 234
драйверлер
Macintosh, ақаулықтарды
түзету 257
Windows параметрлері 87
қолдау көрсетілетін
операциялық жүйелер 9
қолдаулы 27
параметрлер 29, 39
сілтемелер (Windows) 87
техникалық сипаттама 3
драйверлердің
Macintosh алдын ала
орнатпалары 42
алдын ала орнатпалары
(Macintosh) 42
баптаулары 30, 38
дуплексер
кептелулер, тазалау 227
дуплексті басып шығару
автоматты, Windows 88
қолмен, Windows 88
дыбыс деңгейі
параметрлер 22
дыбыс деңгейі, реттеу 138

Е
екі жағына басып шығару
қолмен, Windows 88
екі жақты баспа 45
екі жақты көшіру 108
енгізілген бағдарламаны
жаңарту 207
енгізілген Веб сервер 33, 40
енгізілген веб-сервер (ЕВС)
ерекшеліктер 194
ерекшеліктер
акустикалық қуаты 280
қоршаған орта 279
физикалық 276
электрлік 277, 278

- есеп берулер, факс
 - барлығын басып шығару 172
 - қате 173
- есептер
 - PCL 6 қаріптер тізімі 17
 - PCL қаріптер тізімі 17
 - PS қаріптер тізімі 17
 - бетті пайдалану 17, 185
 - жабдықтар мәртебесінің беті 17, 184
 - желілік есеп 17, 185
 - конфигурация беті 16, 184
 - қызмет беті 17
 - мәзір картасы 16, 185
 - таныстыру беті 15, 184
 - факс 16
- есептер, өнім
 - желінің конфигурациялық беті 55
 - конфигурациялық бет 55
- есептер, факс
 - ақауларды табу және жою 181
- ескерту хабарлары 213
- Еуропа Одағы, қалдықтарды тастау 287
- Ж**
- жабдық
 - мәртебе, көмегімен көру HP ToolboxFX 186
- жабдықтар
 - алдау оқиғасы жөнінде хабарлау үшін HP жедел байланыс желісі 200
 - баспа картридждерін ауыстыру 201
 - мәртебе, тексеру 199
 - сақтау 199
- жабдықтар мен керек-жарақтарға тапсырыс беру 262
- жабдықтау құралдарын қайта пайдалану 201
- жад
 - бөлшек нөмірлері 263
 - орнату 202
 - факстерді қайта басып шығару 165
 - факстерді өшіру 153
- жад көлемі
 - қате туралы хабарлар 215
- жадықтар
 - қайта пайдалану 200
- жадықтарды қайта пайдалану 200
- Жалпы қорғаныстың бұзылуы Ерекшелік OE 257
- жауап беру режимі, орнату 145
- жауап беру үшін қоңырау саны параметрі 144
- Жаңа Зеландияның алыс байланыс туралы мәлімдемелері 291
- желі
 - IP адресін конфигурациялау 56
 - ақаулықтарды түзету 254
 - байланыс жылдамдығының параметрлері 57
 - конфигурациялау 23, 49
 - қолдау көрсетілетін операциялық жүйелер 52
 - қолдау көрсетілетін протоколдар 53
 - өнімді табу 53
 - өнімнің сұранымдылығы 193
- желіде құрылғы табу 53
- Желі конфигурациясының мәзірі 23
- желілер
 - HP Web Jetadmin 195
- желілік
 - Macintosh орнатылуы 40
- желілік есеп, басып шығару 185
- желілік порт
 - баптау 54
 - орны 6
- желімді біліктер, тапсырыс беру 266
- желінің конфигурациялық беті 55
- Желі параметрлері жиекбелгісі, HP ToolboxFX 193
- жиектен жиекке басып шығару 102
- жолақтар мен сызықтар, ақаулықтарды түзету 235
- жоспарланбаған топтар, факстерді жіберу (қайда) 158
- жөндеу
 - төтенше қателер туралы хабарлар 217
- жұқтырған тонер, ақаулықтарды түзету 236
- жұмыс ортасы, ерекшеліктер 279
- жұмыстарды тіркеу журналы, факс
 - ақауларды табу және жою 181
- Жүйені орнату мәзірі 20
- Жүйе Параметрлері жиекбелгісі, 190
- жүйе ішілік қызмет көрсету келісімдері 273
- жүктеу
 - қапсырмаларды 198
- жылдамдық
 - сканерлеу, ақаулықтарды түзету 248
 - факс, ақауларды табу және жою 181
- З**
- зауыттық баптаулы мәндер, қалпына келтіру 212
- зауыттық баптаулы мәндерді қалпына келтіру 212
- Заңсыз операция қателіктері 257
- И**
- интерфейстік порттар
 - кабельдер, тапсырыс беру 264
 - орны 6
 - түрлер қамтылған 3
- К**
- кабельдер
 - USB, ақаулықтарды түзету 242
 - бөлшек нөмірлері 264
- Канада Сауда Министрлігінің ережелері 293

- картридждер
 - алдау оқиғасы жөнінде хабарлау үшін HP жедел байланыс желісі 200
 - ауыстыру 201
 - бөлшек нөмірлері 262
 - қайта өңдеу 284
 - қайта пайдалану 200
 - мәртебе, көмегімен көру HP ToolboxFX 186
 - мәртебе, тексеру 199
 - сақтау 199
- картридждерді қайта пайдалану 201
- картриджер
 - кепілдік 270
- картриджер, басып шығару Macintosh мәртебесі 45
- картридж есігін ашу, орны 5
- келесі күнгі жүйе ішілік қызмет көрсету 273
- кептелулер
 - ADF құрылғысы, тазалау 221
 - баспа картриджі аймағы, тазалау 231
 - дуплексер, тазалау 227
 - жол бермеу 233
 - науалар, тазалау 224
 - орны 221
 - себептері 221
 - степлер, тазалау 232
 - факс, тазалау 221
 - шығыс қалтасы, тазалау 229
- кепілдік
 - баспа картриджі 270
 - беру құрылғысы мен термобекіткіш 270
 - кеңейтілген 274
 - өнім 267
 - Тұтынушылардың өзі жөндеуі 269
- керек-жарақтар
 - бөлшек нөмірлері 262
- кернеуге қатысты талаптар 277
- кеңейтілген кепілдік 274
- контраст параметрлері
 - факс 141
- конфигурация беті
 - басып шығару 184
- конфигурациялық бет 55
- көшірме
 - жинақтау 98
- көшірмелерді жинақтау 98
- көшірмелер саны, өзгерту 96
- көшіру
 - 2 жақты параметрлері, өзгерту 109
 - ADF құрылғысына салу 94
 - ақаулықтарды түзету 246
 - ашықтық/қоюлық параметрлері 101
 - баспа құралдарының өлшемдері 103
 - баспа құралдарының параметрлері 102
 - баспа құралдарының түрлері 103
 - баспа құралы, ақаулықтарды түзету 244
 - бір жақтыдан екі жақтыға 108
 - бірнеше көшірме 96
 - бір рет басу 96
 - екі жақты 108
 - екі жақты, қолмен 109
 - екі жақтыдан екі жақтыға 108
 - жиектен жиекке 102
 - жоба параметрлері 102
 - кітаптар 105
 - кішірейту 97
 - қарама-қарсылық, реттеу 101
 - науа таңдау 68
 - орнату мәзірі 14
 - өлшем, ақаулықтарды түзету 246
 - планшетті сканерге салу 94
 - сапа, ақаулықтарды түзету 243
 - сапасы, реттеу 100
 - стандартты мәндерді қайтару 104
 - стандартты санды өзгерту 96
 - тоқтату 96
 - түрлі өлшемді түпнұсқалар 107
- үлкейту 97
- фотосуреттер 106
- күй
 - факс тапсырмасы 13
- кілтсөзбен қорғау 136
- кіріс науасы
 - баспа құралдарын салу 65
- кітаптар
 - көшіру 105
 - сканерлеу 122
- Қ**
- қағаз
 - ADF, сәйкес келетін өлшемдер 176
 - HP ToolboxFX параметрлері 192
 - ақаулықтарды түзету 239
 - бет параққа 43
 - бұралып қалған, ақаулықтарды түзету 237
 - бірінші бет 43, 78
 - кептелулер 221
 - көз, таңдау 82
 - көшіру параметрлері 102
 - қапсырмалау 197
 - қолдау көрсетілетін өлшемдер 61
 - қолдау көрсетілетін түрлері 70
 - құжат өлшемі, таңдау 80
 - мыжылған 238
 - өлшем, таңдау 81
 - өлшемі, өзгерту 103
 - түр, таңдау 83
 - түрі, өзгерту 104
 - факстің автоматты түрде кішірейту параметрлері 148
 - қағаздың екі жағына басып шығару автоматты, Windows 88
 - қағаз салынатын кіріс науалары беруге қатысты мәселелер, ақаулықтарды түзету 241
 - қайталанбалы ақаулықтар, ақаулықтарды түзету 239
 - қайта пайдалану HP компаниясының шығыс материалдарын қайтару

- және қоршаған ортаны
қорғау бағдарламасы 285
- қайта тарату тонері 201
- қақпақ, тазалау 206
- қалталар, шығыс
кептелулер, тазалау 229
орны 5
- қамсыздандыру құралдары
қайта пайдалану 284
- қамтамасыз ету мәртебесі,
Қызметтер жиекбелгісі
Macintosh 45
- қапсырма
ақаулықтарды түзету 253
- қапсырма кассетасы
техникалық сипаттама 3
- қапсырмалар, салу 198
- қапсырмалар кассетасы
салу 198
- қапсырмалар кассетасы, бөлшек
нөмірі 265
- қапсырмалау 197, 198
- қапсырмалаушы. Көріңіз электрлі
степлер
- қарама-қарсылық параметрлері
көшіру 101
- қараңғылық, контраст
параметрлері
факс 141
- қаріптер
қаріптер тізімдерін басып
шығару 184
таңдау 92
- қателер, PostScript 259
- қате туралы есеп беру, факс
басып шығару 173
- қате туралы хабарлар
басқару панелі 213
төтенше 217
- қате туралы хабарлар,
факс 167
- қате түзетуді орнату, факс 175
- қауіпсіздік жөніндегі
мәлімдемелер 293
- қисық беттер 238, 240
- қолданушы алмастыратын
бөлшектер 266
- қолдау
құрылғыны қайтадан
қорабына салу 273
онлайн 271
- қолдау көрсетілетін баспа
құралдары 61
- қолдау көрсетілетін операциялық
жүйелер 7, 9, 26
- қолдаулы операциялық
жүйелер 38
- Қолдау пакеті, HP 274
- Қол жетімділік ерекшеліктері 4
- қолмен нөмірді қайта теру 158
- қоршаған ортада басқару
бағдарламасы 284
- қоршаған орта
ерекшеліктері 279
- қосу
сканерлеу орындары
(Windows) 116
- қосу/өшіру ажыратқышы,
орны 5
- қосымша телефондар
факстерді жіберу
(қайдан) 163
факстерді қабылдау
(қайдан) 150
- қою көшіру 244
- қоюлық, қарама-қарсылық
параметрлері
көшіру 101
- қоңырау дыбыстары
арнаулы 146
- қоңырау үлгілері 146
- қуат
талаптар 277, 278
- Құжаттама жиекбелгісі,
HP ToolboxFX 190
- құжаттарды автоматты беру
құрылғысы
сканерлеу үшін жүктеу 112
- құжаттарды автоматты беру
құрылғысы (ADF)
көшіру үшін салу 94
орны 5
- сыйымдылық 94
- құжаттарды автоматты түрде
беру құрылғысы (ADF)
сәйкес келетін бет
өлшемдері 176
- құжаттарды кеңейту 80
- құжаттарды кішірейту
көшіру 97
- құжаттарды масштабтау
Macintosh 42
- құжаттарды үлкейту
көшіру 97
- құжаттардың масштабын өзгерту
көшіру 97
- құжаттардың өлшемдерін өзгерту
көшіру 97
- құжаттардың өлшемін өзгерту
Macintosh 42
- құжаттар өлшемдерін
өзгерту 80
- құжатты автоматты беру
құрылғысы (ADF)
бөлшек нөмірі 266
кептелулер 221
- құпия түрде қабылдау 136
- Құралдар жинағы. Көріңіз
HP ToolboxFX
- құрал мәртебесі
Macintosh Қызметтер
жиекбелгісі 45
- құрамындағы батареялар 286
- құрылғыны қайтадан қорабына
салу 273
- құрылғыны орау 273
- құрылғыны тасымалдау 273
- қызмет
HP Өкілетті дилерлері 271
бөлшек нөмірлері 262
құрылғыны қайтадан
қорабына салу 273
- қызмет көрсет
HP ToolboxFX
параметрлері 192
- қызмет көрсету келісімдері 273
- Қызмет мәзірі 22
- Қызметтер жиекбелгісі
Macintosh 45
- Л**
лазерлік қауіпсіздік жөніндегі
мәлімдемелер 293
- ландшафт бағыты, орнату 84
- М**
майысқан беттер 238, 240

Материалдардың қауіпсіздігі туралы мәліметтер парағы (MSDS) 287
 материалдық шектеулер 286
 мәзір
 басқару панелі, рұқсат 13
 Есептер 15
 Желі конфигурациясы 23
 Жүйені орнату 20
 Көшіруді орнату 14
 Қызмет 22
 Факс орнату 17
 Факс тапсырмасының күйі 13
 Факс функциялары 14
 мәзір картасы
 басып шығару 185
 мәндер, қалпына келтіру 212
 мәртебе
 Macintosh Қызметтер жиекбелгісі 45
 жабдықтар, тексеру 199
 көмегімен көру
 HP ToolboxFX 186
 сигналдық хабарлар, HP ToolboxFX 186
 Мәртебе жиекбелгісі, HP ToolboxFX 186
 мәселелерді шешу
 Windows мәселелері 257
 мәселені шешу
 Macintosh мәселелері 257
 PostScript қателері 259
 мәтін, ақаулықтарды түзету 237
 медиа
 өдеттегі өлшемі, Macintosh параметрлері 42
 бет параққа 43
 бірінші бет 43, 78
 модель
 нөмір, орны 6
 салыстыру 1
 модемдер, қосу 128
 мұқаба беттері 43, 78
 мүмкіндіктері
 өнім 3
 мыжылу, ақаулықтарды түзету 238

Н
 н/д (нүкте/дюйм)
 канерлеу 119
 техникалық сипаттама 3
 н/д (нүкте/дюйм)
 факспен жіберу 18
 науалар
 баспа құралдарының стандартты өлшемі 67
 беруге қатысты мәселелер, ақаулықтарды түзету 241
 бөлшек нөмірлері 265
 екі жағына басып шығару, Windows 88
 екі жақты баспа 45
 кептелулер, тазалау 224
 көшіру, таңдауды өзгерту 68
 орны 5
 сыйымдылық 70
 нөмірді батырмамен теру 142
 нөмірді импульстік теру 142
 нөмірді қайта теру
 автоматты түрде, параметрлер 139
 қолмен нөмірді қайта теріңіз 158
 нөмірді қайта теріңіз
 қолмен 158
 нөмірді қолмен теру 157
 нөмірді тез терулер
 бағдарламалау 159
 барлығын жою 132
 жою 134
 орнату 133
 түзету 133
 нөмірді теру
 ақауларды табу және жою 177
 қолмен 157
 телефоннан 163
 факс 18
 нөмірлер тобын теру жазбалары
 жою 135
 орнату 134
 түзету 134
 факстерді жіберу (қайда) 160
 нөмір теру
 автоматты түрде нөмірді қайта теру, параметрлер 139

 префикстер, енгізу 138
 үзілістер, енгізу 132
 нүкте/дюйм (dpi)
 факс 141, 142
 нүкте/дюйм (н/д)
 техникалық сипаттама 3
 нүктелер, ақаулықтарды түзету 234
О
 оқиғалар журналы 187
 онлайн режимінде қолдау 271
 операциялық жүйелер, желілер 52
 оптикалық таңба тану
 бағдарламалық құралы 116
 орнату
 Macintosh бағдарламалық құралын желіге 40
 Macintosh бағдарламалық құралын тікелей байланыс үшін 39
 Windows бағдарламалық құралы 8, 31
 орнату, бағдарламалық құрал жылдам 8
 түрлер (Windows) 31
 ұсынылған 8
 орындар, сканерлеуді қосу
 Windows 116
Ө
 өкілетті дилерлер 271
 өлшем 276
 өлшем, баспа құралдары
 науа таңдау 70
 өлшем, көшірме
 ақаулықтарды түзету 246
 өлшем, көшіру
 кішірейту немесе үлкейту 97
 өлшемдер
 баспа құралдары 61
 өлшемдер, баспа құралдары
 Бет өлшемдері бойынша масштабтау опциясын орнату, факспен жіберу 148
 өлшемдері 276

- өнім
 - модель салыстыру 1
 - сериялық нөмір, орны 6
- өнімнің сұранымдық параметрлері 193
- П**
 - п/д (пиксель/дюйм), сканерлеу ажыратымдылығы 119
 - пайдаға асыру, пайдалану мерзімі біткеннен кейін 286
 - пайдалану мерзімі біткеннен кейін пайдаға асыру 286
 - папка, ішіне сканерлеу 117
 - парақ
 - әдеттегі өлшемі, Macintosh параметрлері 42
 - параметр
 - басымдық 29
 - параметрлер
 - HP ToolboxFX 190
 - драйверлер 39
 - желілік басып шығару 54
 - желінің конфигурациялық беті 55
 - зауыттық баптаулы мәндер, қалпына келтіру 212
 - конфигурациялық бет 55
 - нөмірді теру батырмалық немесе импульстік 142
 - сілтемелер (Windows) 87
 - пиксель/дюйм (п/д), сканерлеу ажыратымдылығы 119
 - планшетті сканер
 - стандартты шыны өлшемі, орнату 142
 - портрет бағыты, орнату 84
 - порттар
 - ақаулықтарды түзету Macintosh 258
 - кабель, тапсырыс беру 264
 - орны 6
 - түрлер қамтылған 3
 - префикстер, нөмір теру 138
 - принтер драйверлер
 - Macintosh, ақаулықтарды түзету 257
 - принтер драйверлері
 - техникалық сипаттама 3
 - протоколдар, желілер 53
 - протокол параметрлері, факс 175
 - Р**
 - Реттеуші ақпарат 282
 - С**
 - сақтау
 - баспа картридждері 199
 - қоршаған орта ерекшеліктері 279
 - салмағы 276
 - салыстыру, өнім модельдері 1
 - сапа
 - HP ToolboxFX параметрлері 191
 - баспа, ақаулықтарды түзету 234, 250
 - баспа параметрлері (Macintosh) 42
 - баспа параметрлері (Windows) 251
 - көшірме, ақаулықтарды түзету 243
 - көшіру параметрлері 100
 - сканерлеу, ақаулықтарды түзету 247, 249
 - сериялық нөмір, орны 6
 - сигналдық хабарлар 213
 - сигналдық хабарлар, баптау 186
 - сканер
 - жолы, тазалау 101
 - көшіру үшін салу 94
 - сканерлеу үшін жүктеу 112
 - шынысы, тазалау 100
 - шыны тазалау 120
 - сканерлеу
 - ADF жүктеу 112
 - HP LaserJet Scan (Windows) ішінен 114
 - OCR бағдарламалық құралы 116
 - TWAIN-үйлесімді бағдарламалық құрал 115
 - WIA-үйлесімді бағдарламалық құрал 115
 - ажыратымдылық 119
 - ақ-қара 120
 - әдістері 114
 - әр беттік (Macintosh) 46
 - бағдарламаға (Windows) 117
 - басқару панелінен 114
 - басқару панелінен (Macintosh) 46
 - жылдамдық, ақаулықтарды түзету 248
 - кітаптар 122
 - папкаға (Windows) 117
 - планшетті сканерді жүктеу 112
 - сапа, ақаулықтарды түзету 247, 249
 - сұр шәкілі 120
 - таза беттер, ақаулықтарды түзету 249
 - тоқтату 118
 - түс 119
 - файлға (Macintosh) 46
 - файлға (Windows) 117
 - файл форматтары 119
 - фотосуреттер 123
 - электрондық поштаға (Macintosh) 46
 - электрондық поштаға (Windows) 117
 - степлер
 - жабдықтар, бөлшек нөмірлері 265
 - кептелулер, тазалау 232
 - қапсырмаларды салу 198
 - орны 5
 - субелгілер 43
 - сурет сапасы
 - HP ToolboxFX параметрлері 191
 - су таңбалары 85
 - сұранымдық параметрлері, құрылғы 193
 - сұр фон, ақаулықтарды түзету 235
 - сұр шәкілді сканерлеу 120
 - сызықтар, ақаулықтарды түзету
 - басылған беттер 235
 - көшірмелер 244
 - сканерлеу 249
 - сынапсыз бұйым 286
 - сыртқы желілер
 - нөмір теру префикстері 138
 - үзілістер, енгізу 132

сілтемелер 87
сілтемелер, басып шығару 87

T

таза беттер
ақаулықтарды түзету 241
таза беттерді
басып шығару 79
таза көшірмелер, ақаулықтарды
түзету 246
тазалау
қағаз жолы 204
қақпақасты қабат 206
құжатты автоматты беру
құрылғысы 205
сканер жолы 101, 206
сканер шынысы 100
сыртқы беті 207
шыны 120, 207
таза сканерлеу, ақаулықтарды
түзету 249
таныстыру беті, басып
шығару 184
таңбалар, ақаулықтарды
түзету 237
таңдаулы өлшемдегі
көшірмелер 97
телефондар
факстерді қабылдау
(қайдан) 150
факстерді қабылдау
(қайдан) 150, 166
телефондар, қосымша
қосу 129
телефондар, төменгі жақ
факстерді жіберу
(қайдан) 163
телефондар, төменгі жақтағы
факстерді жіберу
(қайдан) 163
телефон карточкалары 157
телефон кітабы, факс
барлық жазбаларды
жою 132
жазбалар қосу 159
импорттау 131
телефон кітапшасы, факс
HP ToolboxFX
жиекбелгісі 188

телефон нөмірі
алдау оқиғасы жөнінде
хабарлау үшін HP жедел
байланыс желісі 200
Телефон тұтынушыларын қорғау
туралы заң 288
температура ерекшеліктер і
қоршаған орта 279
терминдер глоссарийі 295
терминология 295
термобекіткіш
кепілдік 270
термофиксатор
баспа құралдары жөніндегі
нұсқаулар 77
қате 217
техникалық қолдау
құрылғыны қайтадан
қорабына салу 273
онлайн 271
техникалық қызмет көрсету
келісімдері 273
техникалық сипаттама
өнім мүмкіндіктері 3
тең құқықты құрылғыларда басып
шығару
жауапкершіліктен бас
тарту 51
тоқтату
баспа тапсырмасы 73
көшіру тапсырмалары 96
сканерлеу
тапсырмалары 118
факстер 152
толқын іспеттес қағаз,
ақаулықтарды түзету 237
тонер
бекітілмеген, ақаулықтарды
түзету 236
дақтары, ақаулықтарды
түзету 234
жұғады, ақаулықтарды
түзету 236
үнемдеу 86
шашыранды, ақаулықтарды
түзету 238
төлем кодтары, факс
пайдалану 143

төмен жылдамдық,
ақаулықтарды түзету
сканерлеу 248
тұтынушыларды қолдау
құрылғыны қайтадан
қорабына салу 273
онлайн 271
Тұтынылатын қуат 278
түрлер, баспа құралдары
науа таңдау 70
түрлер, баспа құралы
HP ToolboxFX
параметрлері 192
түрлі қағаз/мұқабаларды
пайдалану 78
түс, сканерлеу
параметрлері 119
түсті
сканерлеу параметрлері 120
түсі әлсіреген баспа 234
тығыздық, баспа
параметрлерді өзгерту 76
тік сызықтар, ақаулықтарды
түзету 235
тіркеу журналдары, факс
ақауларды табу және
жою 181
барлығын басып
шығару 172
қате 173

Ұ

ұсынылған бағдарламалық
құралды орнату 8

Ү

үзілістер, енгізу 132

Ф

файл, сканерлеу
Macintosh 46
факс
V.34 параметр 175
автоматты түрде
кішірейту 148
ажыратымдылық 141, 142
ақауларды табу және жою
жіберу 176
бағдарламалық құралдардан
жіберу 161

бағдарламалық құралдардан қабылдау 147
бұғаттау 150
дыбыс деңгейінің параметрлері 138
есеп берулері, барлығын басып шығару 172
есептер 16
есептер, ақауларды табу және жою 181
жадтан қайта басып шығару 165
жадтан өшіру 153
жауап беру режимі 19, 145
жауап беру үшін қоңырау саны 144
жоспарланбаған топтар 158
жіберу 146
жіберуді кейінге қалдыру 163
жіберу журналы 189
зауыттық баптаулы мәндер, қалпына келтіру 212
кептелулер, ақаулықтарды түзету 221
контраст параметрі 141
қабылданған факстерге штамп басу 149
қабылдау ақауларды табу және жою 178
қабылдау журналы 190
қабылдау сіз факс сигналдарын естігенде 166
қатені түзету 175
қате туралы есеп беру, басып шығару 173
қате туралы хабарлар 167
қауіпсіздік, кілтсөзбен қорғау 136
қолмен нөмірді қайта теріңіз 158
қосымша телефон қабылдау 150
қоңырау түрі 19
қоңырау үлгілері 146
нөмірді қайта теру параметрлері 139
нөмірді қолмен теру 157
нөмірді тез теруді пайдаланып жіберу 159

нөмірді тез терулер 159
нөмірді теру, батырмалік немесе импульстік 142
нөмірлер тобын теру жазбалары 160
нөмір теру префикстері 138
сұрау 136
табу-байланысқа дайын болу сигналы параметрлері 139
телефоннан жіберу 163
тоқтату 152
төлем кодтары 143
үзілістер, енгізу 132
факс шақыруын табу режимі 148
шыны өлшем параметрі 142
факс есептері, басып шығару 16
Факс жиекбелгісі, HP ToolboxFX 187
факс жіберу журналы, HP ToolboxFX 189
факс жіберуді кейінге қалдыру 163
факс күні, орнату HP факс орнату шеберін пайдаланыңыз 130
басқару панелін пайдаланыңыз 129
факс қабылдау журналы, HP ToolboxFX 190
факсқауіпсіздігі , құпия түрде қабылдау 136
факс нөмірлері үшін бұғаттауды жою 150
факспен жіберу компьютерден (Macintosh) 47
факс порттары, орны 6
факс тақырыбы, орнату HP факс орнату шеберін пайдаланыңыз 130
басқару панелін пайдаланыңыз 129
факстерге сұрақ жіберу 136
факстерді бұғаттау 150
факстерді жадтан өшіру 153
факстерді жіберу ақауларды табу және жою 176

бағдарламалық құралдардан 161
жоспарланбаған топтар 158
жіберу 146
кейінге қалдыру 163
қате туралы есеп беру, басып шығару 173
нөмірді қолмен теру 157
нөмірді тез теру 159
нөмірлер тобын теру жазбалары 160
тоқтату 152
төлем кодтары 143
төменгі жақтағы телефоннан 163
факстерді қабылдау автоматты түрде кішірейту параметрлері 148
ақауларды табу және жою 178
бағдарламалық құралдардан 147
бұғаттау 150
қабылданған факстерге штамп басу параметрі 149
қайта басып шығару 165
қате туралы есеп беру, басып шығару 173
қосымша телефоннан 150
қоңырау үлгілері, параметрлер 146
сұрау 136
сіз факс сигналдарын естігенде 166
факс шақыруын табу режимі 148
факстерді қайта басып шығару 165
факстер қабылдау жауап беру режимі, орнату 145
жауап беру үшін қоңырау саны параметрлері 144
факс уақыты, орнату HP факс орнату шеберін пайдаланыңыз 130
басқару панелін пайдаланыңыз 129
факс шақыруын табу режимі 148

физикалық ерекшеліктері 276
Финляндиялық лазерлік қауіпсіздік жөніндегі мәлімдеме 293
фондағы көлеңкелеу, ақаулықтарды түзету 235
фотосуреттер
көшіру 106
сканерлеу 123
сканерлеу, ақаулықтарды түзету 247

X

хабарлар
басқару панелі 213
төтенше 217
халықаралық нөмірді теру 157

Ш

шақырулар есебі, факс ақауларды табу және жою 181
шақырушы абоненттің идентификаторы блоктары, қосу 128
шашыранды, ақаулықтарды түзету 238
шуыл ерекшеліктері 280
шығару сапасы
HP ToolboxFX параметрлері 191
баспа, ақаулықтарды түзету 234, 250
шығарылым сапасы
көшірме, ақаулықтарды түзету 243
сканерлеу, ақаулықтарды түзету 247, 249
шығыс қалталары орны 5
шыны, тазалау 120, 207
шыны өлшем орнату 142

Ы

ылғалдылық ерекшеліктері і қоршаған орта 279

I

Ішіне сканерлеу батырмасы, баптау 116

Э

электрлік ерекшеліктер 277, 278
электрлі степлер
жабдықтар, бөлшек нөмірлері 265
кептелулер, тазалау 232
техникалық сипаттама 3
Электромагниттік кедергілер жөніндегі корейлық мәлімдеме 293
электрондық пошта
HP ToolboxFX ішіндегі символдық хабарларды баптау 187
электрондық пошта, сканерлеу
Macintosh 46
Windows жүйесіне 117
ажыратымдылық параметрлері 120
электрондық пошта сигналдық хабарлары, баптау 186
электрондық факстер жіберу 161
электронды факстер қабылдау 147

A

ADF
бөлшек нөмірі 266
орны 5
сәйкес келетін бет өлшемдері 176
ADF құрылғысы
кептелулер 221

C

control panel
жадықтар мәртебесі, ішінен тексеру 199

D

DIMM модульдері
бөлшек нөмірлері 263
қосу 202
dpi (нүкте/дюйм)
факс 141, 142

E

EconoMode (Үнемдеу режимін) параметрі 86

EPS файлдары, ақаулықтарды түзету 258

F

FCC талаптарына сәйкестік 282

H

HP Instant Support Professional Edition (ISPE) 271
HP LaserJet Scan (Windows) 114
HP ToolboxFX
Анықтама жиекбелгісі 190
ашылуы 186
Баспа параметрлері жиекбелгісі 193
жадықтар мәртебесі, ішінен тексеру 199
Желі параметрлері жиекбелгісі 193
Жүйе Параметрлері жиекбелгісі 190
Құжаттама жиекбелгісі 190
құрылғы туралы ақпарат 191
Мәртебе жиекбелгісі 186
Факс жиекбелгісі 187
HP-UX бағдарламалық құралы 35
HP Web Jetadmin 33, 195
HP Қолдау пакеті 274
HP орталығына хабарласу 271
HP Өкілетті дилерлері 271
HP Тұтынушыларды қолдау қызметі 271

I

IC CS-03 талаптары 289
Instant Support Professional Edition (ISPE) 271
IP адресі
Macintosh, ақаулықтарды түзету 258
автоматты түрде конфигурациялау 56
қолдау көрсетілетін протоколдар 53
қолмен конфигурациялау 56

J

Jetadmin, HP Web 33, 195

- L**
 LaserJet Scan (Windows) 114
 Linux 35
 Linux бағдарламалық құралы 35
 Linux драйверлері 9
- M**
 Macintosh
 Intel Core Processor 7
 PPC 7
 TWAIN-үйлесімді бағдарламалық құрал ішінен сканерлеу 115
 USB картасы, ақаулықтарды түзету 258
 әр беттік сканерлеу 46
 бағдарламалық құралды жою 40
 басқару панелінен сканерлеу 46
 баспа параметрлері 39
 драйверлер, ақаулықтарды түзету 257
 драйверлерінің баптаулары 42
 драйвер параметрлері 39
 желілік баспа жүйесін орнатуда 40
 Конфигурациялық құрылғы 41
 қолдау 272
 қолдау көрсетілетін драйверлер 9
 қолдау көрсетілетін операциялық жүйелер 7
 құжаттардың өлшемін өзгерту 42
 мәселелер, шешу 257
 тарапынан қолдаулы операциялық жүйелер 38
 тікелей байланыс үшін баспа жүйесін орнатуда 39
 файлға сканерлеу 46
 факс жіберу (қайдан) 161
 факспен жіберу 47
 электрондық поштаға сканерлеу 46
 Macintosh бағдарламалық құралын жою 40
 Macintosh драйверлерінің параметрлері
 Қызметтер жиекбелгісі 45
 Macintosh драйвер параметрлері әдеттегі өлшемді парақ 42
 субелгілері 43
 Macintosh конфигурациялық құрылғысы 41
 Microsoft Word, факс жіберу (қайдан) 162
- N**
 n-up басып шығару 43
 n-нен жоғары басып шығару Windows 90
- O**
 OCR бағдарламалық құралы 116
- P**
 PCL драйверлері қолдау көрсетілетін операциялық жүйелер 9
 PostScript, қателер 259
 PostScript драйвері, HP ToolboxFX параметрлері 193
 PPD файлдары, Macintosh 257
 PS Эмуляциялау драйверлері 27
- R**
 Readiris OCR бағдарламалық құралы 116
- S**
 Solaris бағдарламалық құралы 35
 Spool32 қателіктері 257
- T**
 TCP/IP қолдау көрсетілетін операциялық жүйелер 52
 қолдау көрсетілетін протоколдар 53
 TWAIN-үйлесімді бағдарламалық құрал, ішінен сканерлеу 115
- U**
 UNIX 35
- UNIX бағдарламалық құралы 35
 USB порт түр қамтылған 3
 USB порты Macintosh орнатуы 39
 ақаулықтарды түзету 242
 ақаулықтарды түзету Macintosh 258
 орны 6
- V**
 V.34 параметр 175
- W**
 WIA-үйлесімді бағдарламалық құрал, ішінен сканерлеу 115
 Windows
 TWAIN немесе WIA ішінен сканерлеу 115
 бағдарламалық құралдың компоненттері 25
 бағдарламалық құрал құрам бөліктері 34
 бет/парақ 90
 драйверлерінің баптаулары 30
 драйвер параметрлері 87
 қолдау көрсетілетін драйверлер 9
 қолдау көрсетілетін операциялық жүйелер 7, 26
 қолдаулы драйверлері 27
 мәселелерді шешу 257
 папкаға сканерлеу 117
 сканерлеуді арнаулы орындарға қосу 116
 факсті жіберу (қайдан) 161
 электрондық поштаға сканерлеу 117
 Windows драйвер параметрлері буклеттер 74
 Word, факс жіберу (қайдан) 162

© 2007 Hewlett-Packard Development Company, L.P.

www.hp.com



CB532-90966